

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 070”1991/2016”(043)

Қолжазба құқығында

ДАНАЕВА НУРЛЫАЙЫМ ТУРСЫНБАЙКЫЗЫ

**Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық
(1991-2016 ж.ж.)**

6D050400-Журналистика

PhD философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған
ДИССЕРТАЦИЯ

Отандық жетекші:
ф.ғ.к., доцент С. Медеубек

Шетелдік жетекші:
ф.ғ.д., профессор İbrahim Dilek
Түркия, Анкара

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025 ж.

МАЗМҰНЫ:

АНЫҚТАМА	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	6
КІРІСПЕ	7
1 ЭТНОКӨСЕМСӨЗДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	18
1.1 Этнокөсемсөздегі дәстүр мен жаңашылдық: тарихи тамыры мен табиғаты.....	18
1.2 Этнокөсемсөздің жанрлық түрленуі	37
1.3 Этникалық баспасөздің мазмұндық-пішіндік ерекшеліктері	47
1-бөлім бойынша қорытынды.....	57
 2 ЭТНОКӨСЕМСӨЗДЕГІ ҰЛТТАНУ МЕН ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ	61
2.1 Қазақстандағы ұлттану және оның этнокөсемсөздегі сипаты	61
2.2 1991-2016 жылдардағы ұлтаралық қарым-қатынас және этнокөсемсөз	73
2.3 Этнокөсемсөздегі ұлт зияты, инклюзиясы мәселелері	121
2-бөлім бойынша қорытынды	133
 3 ЭТНОКӨСЕМСӨЗДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ «ЭТНОКӨСЕМСӨЗ» ПЛАТФОРМАСЫ	139
3.1 Ұлттық бірегейлік пен этномәдениеттің жаһандануы	139
3.2 Этнокөсемсөздердің жаңа сипатта жариялануы және цифрландырылуы	169
3.3 «Этнокөсемсөз» платформасы: дәстүр сабақтастығы және жаңашылдық	179
3-бөлім бойынша қорытынды	183
 ҚОРЫТЫНДЫ	186
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	196
Қосымша әдебиеттер тізімі	204
Қосымша 1	209
Қосымша 2	227

АНЫҚТАМА

Диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

Менталитет (діл) – этнос қабылдаған көзқарастар, пікірлер, стереотиптер, жүріс-тұрыс формалары мен әдістері осы этностың қауымға тән өмір сүру стилі, мәдениеті.

Ұлттық мінез-құлық – өмір сүрудің нақты жағдай барысында және адамдардың үйреншікті жүріс-тұрысын, өмір сүру типін, олардың еңбекке, басқа халықтарға, өз мәдениетіне қарым-қатынасын белгілейтін тарихи қалыптасқан мінезінің этносқа тән психологиялық қасиеттерін анықтайтын жиынтықтары.

Ұлттық-психологиялық ерекшеліктер – этнопсихологиялық ғылымның ұлттық психиканың негізгі мағынасын ұлттық сипатын, сондай-ақ оның құраушы элементтерді білдіретін негізін қалаушы категория.

Этнос – бір халықты екіншісінен ажыратуға мүмкіндік беретін ортақ белгілері бар қауымдастық. Кең мағынада, «этнос» ұғымын көпшілік зерттеушілердің пайымдауы бойынша барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт және т.б.). Тар мағынада алғашқылардың бірі болып «этнос» ұғымына анықтама берген М. Вебер: «Этнос мүшелері – бұл сыртқы бейнелері мен әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылдық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ». Этнос, біріншіден мәдени-тілдік қауымдастықты құрайды. Этностың пайда болуында аумақ және әлеуметтік қарым-қатынас тілінің ортақтығы шешуші фактор болып саналады. Мұнда саяси кеңістік пен халықтың әлеуметтік және шаруашылық әдістерінің ортақтығы да маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Этнобірегейлік – этнос пен оның өкілінің өзіндік сана-сезімінің негізі. Этнос – өзінің бірегейлігін сезінген халық. Этникалық бірегейлік негізіне келесі белгілер жатады: «жер қыртысы» (табиғи орта, Атамекен, Жер Ана); «қан» (антропологиялық белгілер: нәсілі, көз қиығы, бет әлпеті және т.б.); тіл (бірдей ойлап, әлемдік құндылықтарды біркелкі түйсініп, пікір білдіру құралы ретінде); діл (мәдени-психологиялық стереотиптер және мінез-құлық, әдет-ғұрып ұқсастығы); көркем мәдениет (өнер, мейрамдар); тұрмыс (ұлттық тағам, киім, тұрмыс-салт ерекшеліктері); мифология (бірегейліктің негізін құрайтын құндылықтар жүйесі).

Этнология – (грек. *ethos* – тайпа, халық және *logos* – ғылым, ілім, сөз) қоғамдық ғылымдардың тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Этнология қазіргі халықтарды және ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, қонысын, олардың өзіндік ерекшеліктері мен бәріне бірдей ортақ жайларды, тарихи және мәдени қарым-қатынастарын, күнделікті тұрмысын, кәсібін, қоғамдық және

отбасылық қарым-қатынастарын, рухани мәдениетін жан-жақты ғылыми негізде зерттейді.

«Этнология» атауы «этнос» терминіне байланысты қалыптасқан. Антикалық заманда эллиндіктер «этнос» терминін грек емес халықтарға қолданған болатын. «Этнология» термині ХІХ ғасырға дейін кеңінен қолданыла қойған жоқ. Этнографиялық үрдістер мен құбылыстарды баяндау кезінде ғана қолданысқа еніп отырды. 1830 жылы антропологиялық ғылымдардың жалпы классификациясын жасап, оның ішінде этнологияны алғаш рет бөліп көрсеткен француз ғалымы Жан Жак Ампер еді. Осыдан кейін еуропалық ғылыми орта осы терминді кеңінен қолдана бастады.

Конструктивизм – (лат. constructio – құру) адамды қоршаған материалдық ортаны жобалаудың жаңа әлеуметтік-функционалдық міндеттерін айқындайтын Кеңес дәуірінің 1920-30 жылдардағы бағыттарының бірі. Конструктивизмнің басты принциптері: жоспарланған шешімдері мен конструкциялардың көзделген мақсатқа барынша сәйкестігі, салынатын құрылыстың тиімділігі, жаңа әлеуметтік тұрмысқа үйлесетін, әрі жергілікті жағдайлар мен ұлттық дәстүрлерді жете бағаламайтын тұрпайы формаларды асыра мәлімдеу.

Ұлттардың ассимиляциялануы – (лат. assimilatio – ұқсасу, сіңісу, сіңу, т.б.) саны аз, саяси-әлеуметтік ахуалы төмен халықтың өзінен саны да, қуаты да көп халықтың басыңқы ықпалы нәтижесінде сол халық құрамына біртіндеп сіңіп, жұтылып кету құбылысы. Ассимиляция барысында бір халық өзінен үлкен екінші доминант халыққа сіңіп кетіп, ана тілін, әдет-ғұрпын, дінін, мәдениетін, өзіндік сана-сезімін, т.б. ұлттық ерекшеліктерін жоғалтады. Ассимиляция екі жолмен, яғни күштеу арқылы немесе табиғи жолмен жүреді.

Көптеген елдерде ұлттық езгі және діни қысым жағдайында күштеп ассимиляция жасау орын алады.

Көсемсөз – «шешенсөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешенсөзден мұның айырылатын жері – шешенсөз ауызша айтылады, көсемсөз жазумен айтылады. Көсемсөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсемсөз деп аталады» (А. Байтұрсынұлы.).

Ұлтаралық келісім – саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық факторлардың құрамдас бөлігі.

Диаспора – диаспора (гр. διασπορά – шашыраңқы) әлеуметтік ғылымдарда ұлттың атажұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін халықтың бір бөлігі. Диаспора күштеп көшірудің, геноцид қатерінің, экономикалық және географиялық факторлардың әсері салдарынан пайда болды. Диаспора термині алғаш рет еврейлердің Палестинадан тысқары жерлерде тұруына қатысты, әсіресе, оларды б.з.б. VI ғасырдың басында Вавилон патшасы II Навиходоносардың, одан соң б.з.б. I-II ғасырларда римдіктердің қудалауына байланысты қоныс аударуынан кейін қолданыла бастаған. Кейінірек диаспора термині басқа этностық және діни

қауымдастықтарға да қатысты қолданылатын болды. Диаспора өзі тұрып жатқан елде аз этностық топ болып табылады да, әрдайым өзінің тегі шыққан елмен рухани және шаруашылық байланыста болуға тырысады. Бүгінгі таңда 40 мемлекетте 5 миллионға жуық қазақ диаспорасы тұрып жатыр.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ЖОО – Жоғары оқу орны

БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ҚХА – Қазақстан халықтары Ассамблеясы

КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

АҚШ – Америка Құрама Штаттары

ҚХР – Қытай Халық Республикасы

ҰҚК – Ұлттық Корей Қауымдастығы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі әлемдік мәдениеттің жаһандануы және мультимәдени ортаның пайда болуы жағдайында қазіргі қоғамның алдында тұрған ғылыми-танымдық, әрі әлеуметтік-практикалық міндеттермен байланысты болады. Сонымен қатар жоғарыда аталған «этножурналистика», «этникалық БАҚ» тағы басқа терминдермен қоса бұқаралық ақпарат құралының бір түрі саналатын «этнокөсемсөз» саласының ұғым-түсінігін, жанрлық табиғатын, мақсаты мен міндетін, қарастыратын мәселесін де іргелі зерттеу еңбегіне арқау боларлық, ғылыми жаңалығы бар, тың, өзекті проблема деп санаймыз.

Диссертациялық жұмыста қазіргі жаһандану заманында ұлттық мүдде мен ұлттық ерекшеліктерге қайшы келетін ағымдар мен үрдістердің ықпалдылығына назар аудара отырып, этнокөсемсөз саласының маңыздылығын ашып көрсетуге баса көңіл бөлінді. Зерттеу жұмысында сондай-ақ этнокөсемсөздің мәдени, тарихи, экономикалық байланыстармен сабақтастығын және қоғамдық санаға қозғау салу өнеріндегі дәстүрлік мәнін зерделей отырып, өз тарапымыздан ғылыми көзқарас тұрғысынан талдаулар жасалды.

Зерттеу жұмысының нысаны ретінде қарастырылып отырған мәселенің көкейкестілігін айқындау үшін, алдымен этнокөсемсөздің айқын тұстары мен бүгінгі таңға дейінгі зерттелу деңгейіне айырықша тоқтала отырып, пайымдаған жөн деп шештік. Этнокөсемсөз саласына байланысты докторлық, кандидаттық жұмыстар жоқтың қасы. Дегенмен де, бұл мәселе төңірегінде жазылып жатқан басқа да ғылыми мақалалар, түрлі деңгейдегі зерттеу еңбектер этнокөсемсөзді танып, білудің маңыздылығын көрсетеді. Көсемсөз жанрларын, түрлерін, ерекшеліктерін зерттеген, сарапқа салған отандық және шетелдік ғалымдарымыздың еңбектерінің өзіндік бағасы, маңыздылығы мен мәні, бүгінге дейін жеткен ғылыми дәйектемелерінің келешек ұрпақ үшін өте маңызды екендігіне көз жеткізу – зерттеу тақырыбының өзектілігін аша түседі.

Зерттеу барысында қарастырылған еңбектерде, ғылыми әдебиеттерде этнокөсемсөз ұғым-түсінігін жеке сала ретінде қарастыру, оның ғылыми негіздемесі және практикалық мәні мәселесі арнайы зерттелмегендігі айқындалды. Осындай мәселелердің шешімін табу мақсатында зерттеу проблемасын анықтап, тақырыпты «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» деп таңдауымызға себеп болды.

Зерттеу мәселелерінің ғылыми мән-жайы. Өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми ортада мульти-мәдени танымға, яғни мәдени көптүрлілікті сақтауға және дербес мемлекеттер аясында ғана емес, халықаралық кеңістіктегі түрлі ұлттық, мәдени, діни дәстүр ұстанушылардың бейбіт өмір кешуін қамтамасыз етуге бағытталған саясатқа деген тұрақты мүдделілік пайда болды. Бұған белгілі бір дәрежеде әлемнің көптеген

елдерінде «мульти-мәдени қоғам» құру тәжірибесі себеп болды. Аталған тәжірибенің айтарлықтай табыстары болуымен қатар ол бірқатар күрделі мәселелерді де туындатты. Атап айтқанда, әлемдік мәдениетті «бұқараландыру» және сәйкестендіру жағдайында тұтас бір халықтардың ұлттық және мәдени ерекшеліктерінің жоғалып кетуі, жеке тұлғаларды бейтаныс мәдени ортаға біріктірудегі сәтсіздіктер, әртүрлі этникалық топтар арасында диалогтың болмауы, ұлттық және конфессиялық салдарынан қақтығыстардың орын алуы және тағы да басқа көптеген мәселелер.

Бүгінгі жаһандану жағдайында миллиондаған адамдар үшін этникалық бірегейлік мәселесі аса өзекті болып отыр. Бұл үрдістің пайда болуы түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті мен дәстүрлері арасындағы шекараның жойылып кетуімен байланысты болып отыр. Ақиқатына жүгінсек, жалпы аз ұлттар мен диаспоралар өзге мәдени ортаға толық ассимиляцияға түсуден өздерін аулақ ұстап, оның орнына мәдени ерекшеліктерін құрайтын құндылықтар мен ғұрыптарды, салт-дәстүрлер мен заңдарды сақтауға тырысады.

Этникалық бірдейлік – бұл географиялық фактор, тілдік сипат, әлеуметтік мәртебесі және конфессионалды ерекшеліктеріне қарамастан жалпы тарихы мен мәдени мұрасын біріктіретін әрбір әлеуметтік топтың болмысы. Бұл жағдайда көпұлтты республикалар аумағында тұрып жатқан әртүрлі этностар белгілі бір топпен, өмір сүру салтымен, құндылықтарымен сәйкестендіретін ұқсастықтарды іріктей отырып, нақты өмір сүру салтына саналы түрде бағыттала бастайды.

Қазіргі кезеңде бірегейлік мәселесінің тек қоғамдық мүдденің құралы ғана болып қоймай әрі өзекті болып отырғандығын жоғарыда айтып өттік. Осы тұста этнос екінші дәрежедегі мәселе ретінде қаралады. Себебі саяси және мәдени тұрғыдан өзін тең санаушылық индивид үшін алдыңғы орынға шығады.

Бірдейлік белгі-сипаттарының таралуының басты арналары бұқаралық ақпарат құралдары десек, этникалық топтардың өзін өзі танытуының басты объектісі – этникалық БАҚ болып табылады. Еліміздегі түрлі ұлт және диаспора өкілдерінің этникалық басылымдарын сирек кездесетін құбылыс дей алмаймыз. Олар еліміздегі мәдени сантүрлілікті сақтай отырып, отандық журналистиканың және замансөздің, яки публицистиканың ажырамас бір бөлігіне айналған.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамның барлық салаларына араласуы, ықпалының артуы уақыт өткен сайын айқын сезіледі. Қазіргі БАҚ бұқаралық талқылау форумы, ақпараттандыру көзі ғана емес, сонымен қатар насихаттау, қарсы тұру немесе біріктіру, тіпті қорғаныс құралына айналды деуге болады. Яғни медиақауымдастық бұқаралық ортаға да, әлеуметтік коммуникацияға да айтарлықтай ықпал ете алады. Бұл тұрғыдан келгенде бұқаралық ақпарат құралдары этносаралық қарым-қатынастың негізі болып табылатын бірдейліктің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ақпараттық алаң арқылы біз өзіміздің этникалық, діни, идеологиялық, әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан кім екенімізді анықтай аламыз.

Бұдан шығатын қорытынды, біз жалпы бұқаралық және қоғамның басқа да салаларында әрбір адамның бірегейлігін қалыптастыратын немесе қолдайтын қажетті ақпаратты алуға құқы бар екендігін бағамдай аламыз. Жаһандану үдерісі де БАҚ-тың ақпараттық ағын толқынында көрініс табатыны сөзсіз. Сондықтан мұндай ақиқат шындықта медиа жалпы түсінікті қалыптастыруға бағытталады. Мұндай ортада, ең бірінші кезекте, этноконвергенция жүйесі қалыптасады. Адамдардың белгілі бір топтары әлеуметтік этномәдени бірегейлікті сақтау, әрі этникааралық қатынастарды қолдау мақсатында бір жағынан оларды біріктіретін, ал екінші жағынан ақпараттық агрессиядан қорғайтын жеке коммуникативтік және ақпараттық алаңды қажетсінеді.

Этномәдени өзара ықпалдастық жайын зерделейтін журналистика теориясында және осыған қатысты зерттеулерде осы сала мамандары этнологияның ақпараттық тұжырымдамасына ерекше ден қояды. Белгілі орыс ғалымдары С.А.Арутюнов және Н.Н.Чебоксаровтардың пікірінше, оның көмегімен дәстүрлер мен мәдени ерекшеліктер жаңғырып түрленетін этномәдени байланыстар ақпараттық ағынға теңестіріледі [1, 94 б.]. Бұған қоса этностың ақпараттық тұжырымдамасы қоғамдағы адамзат тіршілігінің мәселелеріне баса назар аударады. Мұндай жағдайда этнос адамды ақпараттық қиындықтардан, тұрақсыздық пен жауапсыздықтан қорғау міндетін атқарады. Осылайша этнос дүниенің тұтас картинасын, құндылықтар, ұғымдар мен таңбалар жүйесін қалыптастырады. Демек, ақпараттық қысым мен шиеленіс әрбір адамның ұлттық ерекшелігінің күшеюіне септігін тигізеді. Міне осы себептен «әлеуметтік нормаларды реттеу қызметін атқаратын этникалық журналистиканың рөлі» арта бастайды [1, 94 б.].

«Этникалық журналистика» терминінің ғылыми айналымға енгеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Бұл арада И.Н.Блохиннің пікірімен толық келісуге болады. Ғалым «этникалық журналистика» ұғымына біржақты қарауға болмайтынын алға тартады. Этникалық журналистика туралы сөз еткенде біздің оны бірден белгілі бір мемлекет халықтарының журналистикасы немесе бұқаралық ақпарат құралдарында сол мемлекеттің тілінде, не өз ана тілінде шығатын диаспоралардың журналистикасы деп ұғынатынымыз белгілі. Алайда бұдан өзге әлем халықтарының мәдени ерекшеліктері тақырыбын, сондай-ақ ұлтаралық байланыс мәселелерін көтеретін журналистика туралы да естен шығармауымыз керек. Бірінші жағдайда өзге мәдениеттердің көптүрлілігі туралы ақпараттандыру туралы болса, екінші жағдайда «ұлттардың бірігуі, олардың ұлтаралық байланыстардың жүйесіне енуі, ұлттық мәдениеттің сақталуы мен дамуы» туралы болмақ [2, 305 б.]. Бірақ осы екі бағытта да бұқаралық ақпарат құралдарына тән ортақ өлшемдер бар. Ол – ұлттық-мәдени тақырып.

Өз кезегінде зерттеуші О.А.Богатова «этникалық басылымды этникалық мәселелерді жариялап отыратын немесе этникалық топтардың этномәдени қажеттіліктерін жүзеге асыру басты міндеті болып табылатын

бұқаралық ақпарат құралдары» деп санаған болатын [3, 149 б.]. Алайда зерттеуші А.Н.Кондакова ресейлік этникалық баспасөзге орыс ұлтынан басқа этностардың тілдерінде шығатын барлық басылымдарды жатқызуды ұсынады [4, 149 б.] .

И.Н.Блохин журналистік қызметтің осы түрлерін ажырату үшін этникалық журналистика және этножурналистика ұғымдарының ара-жігін ашып көрсетеді. Этникалық журналистика – «халықтың өз этникалық болмысын тану, этностың бірігуі мен нығаюы, мәдени ерекшеліктерін сақтау мен дамыту міндеттерін орындайтын журналистика» [2, 302-303 бб.]. Зерттеушінің пікірінше, этникалық журналистиканың оқырманы, ең алдымен, жеке этнос өкілі болып табылады. Сол себептен БАҚ жарияланымдары этнос тілінде таратылады. Медианың бұл түрі ұлттық аймақтарда, көп ұлтты республикаларда, нақтырақ айтқанда ұлт тілінде сөйлейтіндердің саны көп мекендерде және тілдік ерекшеліктеріне, мектептер, діни және қауымдастық орталықтарына, ұлттық тілдегі БАҚ пен тұрмыстық қатынастарға қолдау білдіріп жағдай жасайтын елдерде кездеседі.

И.Н.Блохин этникалық мәдениеттер туралы баян ететін, ұлттық және ұлтаралық мәселелерді көтеретін, этникалық қатыстылығына қарамастан ұлттық өзара ықпалдастықты көрсететін журналистиканың саласын этножурналистикаға жатқызуды ұсынады. Зерттеушілер журналистиканың бұл екі саласын мазмұны және аудиториясы жағынан алғанда бір-бірінен ажыратылатындығын көрсетсе, медиа зерттеуші С.И.Августевич осы екі ұғымды бөліп қарастыру ғылыми тәжірибеде терминологиялық сәйкессіздікке ұшырататындығын айтады. Сондықтан ол «шындық болмысты бейнелеудің бұл түрінің мәдениеттанымдық бағыттылығын ескеріп, этномәдениеттанымдық немесе этномәдени журналистика» деп атау қажеттігін жеткізеді [5].

Жалпы журналистік салада «этникалық журналистика», «этникалық БАҚ», «этномәдени журналистика» және «этномәдени БАҚ» терминдері синонимдік ұғымдар ретінде қолданылып жүр. Терминологиялық аппарат құрылымының бұлай болуы алыс шетелдерді айтпағанда, таяу ТМД елдерінің ғылымында осы журналистік бағыттың бірыңғай, әрі жалпыға ортақ анықтамасының жоқтығын, оған нақты ғылыми тұжырым жасалмағандығын көрсетеді.

Журналистиканың басты саласы болып табылатын замансөз (публицистика) бүгінгі қоғамның ғана емес, гуманитарлық ғылымның, керек десек, жаратылыстану ілімінің де зәру қажеттілігіне айналып отыр десек қателеспейміз. Замансөз қоғамдағы мемлекет мүддесі, ұлт тағдыры секілді маңызды мәселелермен қатар күнделікті оқиғаларға байланысты көзқарастарды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ел назарына ұсынып жатады. Қай саладағы болмасын ойға алған жобанды жетер жеріне жеткізу үшін, қалың жұртшылыққа ойынды орайлы өткізе білу үшін де қоғамдық санаға қозғау салар машық-мәнерің болуы қажет. Журналистика саласының бүгінде төртінші билік дәрежесіне жетуіне осы себеп болуы мүмкін.

Күні бүгінге дейін қоғамдағы аса зәру, маңызды, өзекті мәселелер туралы газет-журнал беттеріндегі жарияланымдарды жалпылама «публицистика» деп атап жүргеніміз шындық. Алайда, біздің отандық ғалымдарымыз Б.Жақып [7], К.Қамзин [11], С.Медеубекұлы [6] және т.б. ғалымдардың қоғамдық пікір туғызу, қоғамдық ой қалыптастыру амалдары газет, журнал, телевизия өмірге келмей тұрып болғандығына дәйекті дәлелдер келтірілген зерттеулері бар екендігін осы арада атап өткен жөн.

Басқаларын айтпағанда, өз елімізде замансөз саласын зерттеуге қатысты қаншама іргелі зерттеулер жасалды, еңбектер жазылды. Әсіресе, көсемсөздің жанрлық тектері, қалыптасу жолдары мен даму жүйелері, өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары әр кезеңдегі қоғамдық ойдың тарихымен үйлестіріле зерттелді, әлі де зерттелу үстінде. Мұның барлығы шешенсөздің және көсемсөздің көтерер жүгінің салмақтылығын, міндетінің маңыздылығын ғана көрсетіп қоймай, қоғамдық санаға ақпаратты дыбыстаумен (дыбыссөз), қыймылдаумен (қыймылсөз), бейнелеумен (бейнесөз), айтумен (шешенсөз), жазумен (көсемсөз) жеткізу арқылы қозғау салу түрлерін жеке ғылым саласы ретінде қарастырудың уақыты мен қажеттілік кезеңі жеткендігін айқындайды. Өйткені «заманның сөзін сөйлеп, қоғамның асқақ мақсаттарын, ұлттың ұлы армандарын күйттесе ғана БАҚ-тың бағы ашылады. Ал заманның сөзін сөйлеу шешенсөз бен көсемсөздің міндетінде» [6].

Этникалық басылымдардағы көсемсөз жанрының сүбелі орны мен даму жолдарын айқындау – қазақ журналистикасының тарихы мен теориясы үшін өзекті тақырып болады. Этникалық баспасөздегі көсемсөз жанрының мазмұны мен сипатын, эволюциясын, перспективасын, тұжырымдамалық болмысын зерттеп, зерделеудің ғылыми мәні зор.

Зерттеу мақсаты: Қазіргі кезде қоғамдық санаға қозғау салудың басты салаларының бірі болып табылатын көсемсөздің мазмұны, қолданбалық тәжірибесі (баспасөз, теледидар, радио), тақырыптық жағынан ғылыми-тұжырымдамалық қырлары біршама зерттелді деуге болады. Ал аталмыш жанрдың жекелеген формасы болып табылатын этнокөсемсөз ғылыми айналымға алғаш рет түсіп отырғандығымен құнды деп тұжырым жасауға болады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысында этнокөсемсөз ұғымына тұңғыш рет ғылыми-теориялық тұрғыдан анықтама беріледі.

Зерттеу нысаны: Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңі, яғни 1991 жылдан бастап жарыққа шыққан этникалық басылымдар – «Ахыска», «Коре ильбо», «Уйғур авази» атты отандық этникалық баспасөз және республикалық «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын», «Жас алаш», «Казахстанская правда», «Экспресс К» газеттері. және олардағы түрлі тақырыптарда, әр түрлі жанрларда жарық көрген журналистік жариаланымдар зерттеу нысанына алынды.

Зерттеу пәні: Ақпарат тарату арқылы қоғамдық санаға қозғау салу саласы, яғни журналистика мен көсемсөз, сондай ақ қоғамтану, саясаттану, әлеуметтану пәндері де қажетіне қарай қарастырылды.

Зерттеу мақсаты, нысаны, пәніне сәйкес келесі міндеттер қойылды:

- этнокөсемсөзге ғылыми-теориялық таным биігінен баға беріп, нақты айқындамасын жасау;
- бұқаралық ақпарат құралдарындағы этнокөсемсөздің мазмұндық-пішіндік сипаттарын анықтап, баға беру;
- этнокөсемсөздің бүгінгі таңда өзекті екенін қазіргі ғылымның талап-талғамы тұрғысынан бағалап, дәлелдеу;
- Қазақстанның қазіргі жағдайында ұлттық саясатты жүзеге асыру бағыттарындағы этнокөсемсөздің мүмкіндіктерін, орны мен маңызын анықтау;
- Этнокөсемсөздерді, ғылыми ізденістерді, басылымдарды цифрландыру.

Зерттеудің кезеңдері: Бірінші кезеңде бүгінгі қоғамда (1991-2016 жылдар) қалыптасқан саяси-экономикалық, мәдени өзгерістерге орай қазақстандық ұлыстар мен әр түрлі ұлт өкілдері шығарған басылымдарды анықтау; пайда болу, қалыптасу жолдарын айқындау; олардағы жариаланымдарды этнокөсемсөз табиғаты тұрғысынан тану; тақырыбымызды ғылыми-теориялық таным деңгейінде қарастыру үшін қазақстандық, шетелдік ғылыми-теориялық еңбектердегі біз көтерген мәселенің зерттелуі мен жай-күйіне талдау жасалды. Сөйтіп, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу мақсаты және ғылыми аппараты айқындалды. Екінші кезеңде зерттеудің ғылыми болжамына сәйкес этнокөсемсөздегі (1991-2016 жылдар) ұлттану, ұлтаралық татулық және рухани жаңғыру идеясы, осыған сәйкес тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзіндегі этникалық мәдениет үдерісі жан-жақты сұрыпталды. Этникалық басылымдардың маңызы мен мәні, сондай-ақ жарияланымдардың мазмұны мен қоғамдық-саяси сипаты толыққанды айшықталды.

Зерттеудің жалпы болжамы: Этнокөсемсөзді жеке сала ретінде қарастыру ұлттық журналистика жанрлары мен теориясын байытуға, этникалық басылымдардағы азат ой, еркін пікірлерді бүгінгі күн биігінен бағамдап, заманалы теориялық талаптар тұрғысынан байыптауға септігін тигізеді.

Зерттеудің жеке болжамдары:

- 1) Этнокөсемсөз – ұлттық журналистиканың ірі жанры.
- 2) Этнокөсемсөз – ұлттық журналистика теориясын байытатын бір жанр.
- 3) Этнобасылым – көпэтносты Қазақстан үшін жазылатын жанрды жариялайтын газет-журналдар.
- 4) Этнокөсемсөз – этникалық басылымдардағы азат ой, еркін пікірлерді бүгінгі күн биігінен бағамдап, заманалы теориялық талаптар тұрғысынан байыптауға септігін тигізетін жанр.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Қазақстанда өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың тыныс тіршілігін, тарихы мен тағдырын, салты мен дәстүрін, мәдениетін танытатын басылымдар арнайы зерттеуді қажет етеді;

- Елімізде ұлттық диаспоралар шығарып жатқан газеттер мен журналдардың отандық журналистикаға қосып жатқан үлесін айқындап, оқырмандарға дер кезінде жеткізіп отыру маңызды болмақ;

- Қазақстанда жарық көріп жатқан этностық басылымдардың ұлтаралық татулыққа, ұлттар мен ұлыстардың бірін бірі тануына, өз-ара түсінісуіне, құрметтеуіне жол ашатын зор мүмкіндіктер деп қарастырған жөн;

- Қазақ тілінде жарық көріп жатқан барлық этникалық басылымдар тіліміздің, тарихымыздың, дәстүріміздің ұрпақ санасында үнемі жаңғырып отыруына орасан зор ықпал етеді;

- Барлық басылымдарда жарық көрген түрлі этностық ұлт өкілдері туралы – оның тарихы мен тағдыры, бүгінгі мен болашағы, салты мен дәстүрі, әдеті мен әдебі, кәсіптері мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті туралы жарияланымдардың жиынтығын «этнокөсемсөз» деп атау қажет;

- Ұлттық диаспора өкілдері жариялап келе жатқан бұқаралық ақпарат құралдары мазмұны мен пішініне сәйкес «этножурналистика» деп аталуы тиіс;

- Этнокөсемсөз – ұлт туралы, оның тілі, тарихы, тағдыры, дәстүрі, салттары мен ғұрыптары, өнері мен мәдениеті, кәсібі мен шаруашылығы туралы жазбаша жарық көрген жарияланымдардың жанрлық, мазмұндық-пішіндік болмысының жиынтығы деп тұжырымдай аламыз;

- Этнокөсемсөз – этникалық түрлі ұлттар мен ұлыстар өмір сүріп жатқан аймақтарда аса маңызды болып саналатын журналистік-замансөздік туындыларға берілетін айқындама.

Зерттеу жаңалығы. Диссертациялық жұмыс этнокөсемсөз (этнопублицистика) саласына арналған алғашқы арнайы зерттеу еңбек болып табылады. Қазақстандағы этникалық басылымдарды саралау барысында масс-медианың бұл түріне аналитикалық талдау жүргізу қажеттілігі байқалды. Оның үстіне еліміздегі этникалық БАҚ этностық- ұлттық бірдейлікті қалыптастырудың маңызды факторы болып саналады. Этнокөсемсөздің түрлі этнос өкілдерінің сана-түсінігіне әсер-ықпалы зор. Этнокөсемсөз саласын өз алдына жеке қарастыру тек журналистиканы ғана емес, жалпы отандық ғылым көкжиегін құнды эмпирикалық деректермен кеңейтетіні және еліміздегі ұлтаралық қатынастарды бағамдаудың жаңа амалдарына жол ашатыны сөзсіз.

Ғылыми жұмыста төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

– Бұған дейін қоғамдық санаға қозғау салу өнерінің жазбаша түрін «көсемсөз» деп атау ғылыми тұрғыда орныққандықтан, этностық ұлттар мен ұлыстар туралы баспасөзде басылған жарияланымдардың жиынтық атауын «этнокөсемсөз» деп атау тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілді;

– этнокөсемсөз саласындағы тақырыптық-идеялық, құрылымдық, сюжеттік, тілдік ерекшеліктер сарапқа салынды және XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап жарық көріп келе жатқан этникалық басылымдардың орны мен рөлі жан-жақты зерделенді;

– отандық көсемсөздің қалыптасу, дамуын негізге ала отырып, оның өткені мен бүгінін салыстыра келе, этнокөсемсөз саласындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқындалды;

– этнокөсемсөз ұғымының табиғаты жан-жақты сараланып, оның ғылыми негіздемесі ұсынылды;

– отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, этнокөсемсөздің тақырыптық, мазмұндық-пішіндік және құрылымы мен тілі жағынан да басқа жанрлардан ерекшелігі айқындалып, заманалы жанр түрін қалыптастырды деген тұжырымдар жасалды.

– диссертацияда қазақ көсемсөзіндегі қазіргі түрлі тарихи, саяси-мәдени, экономикалық факторларға қатысты пайда болған жаңа этникалық бағыттар туралы жүйелі түсінік берілді;

– тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзі мен этникалық басылымдардағы әралуан тақырыптағы газет материалдарын зерттеу нәтижесінде ұлттану үдерісі, жаһандану және рухани жаңғыру идеясының басты мән-мазмұны айшықталды.

– Зерттеу нәтижелері бойынша алғаш рет «Этнокөсемсөз» платформасы дайындалып, іске қосылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: Көсемсөздің (жазба публицистиканың) эстетикалық мәселелері, жанрлық табиғаты және тілі, бейнелеуіш-көркемдеуіш құралдары, оның түрлері, сондай-ақ қазіргі қоғаммен, заманауи және дәстүрлі сөз өнерімен байланысы, сабақтастығы танымдық тұрғыда зерделенген отандық және шетелдік ғылыми еңбектердегі теориялық тұжырымдар зерттеуіміздің негізгі өзегіне алынды.

Көсемсөз жанрының табиғаты мен ерекшеліктерін зерделеу үшін оны ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырған А.Байтұрсыновтың, Т.С.Амандосовтың, Т.Қ.Қожакеевтің, М.К.Барманқұловтың, Б.Ө.Жақыптың, К.Қамзин мен С.Медеубекұлының және тағы басқа ғалымдардың еңбектерін басты негізге алдық. Сонымен қатар М.Черепановтың, О.А.Богатова, М.О. Гасанова, В.Горохов, Л.Е. Кройчик, А.А.Тертычныйдың, И.Н.Блохиннің, П.Н.Киричек, П.Ф.Потапова, А.Н. Кондакова А.С.Смолярованың және т.б. шетел ғалымдарының зерттеулері көсемсөз жанрын танып түсінуге және этникалық мерзімді басылымдардың типологиялық параметрлерін айқындап қарастыруға септігін тигізеді және зерттеу жұмысына қажетті дереккөз ретінде құнды болып саналады.

Диссертация этникалық БАҚ-ты талдауға және олардың сапалық, сандық сипаттамаларына кешенді баға беруге негізделген. Сонымен қатар жұмыста тарихи жүйелеу, жинақтау, тұжырымдар жасау, құрылымды-функционалды, кешенді және салыстырмалы талдау әдістері қолданыс тапты. Сондай-ақ зерттеу журналистиканың ұлттық-этникалық

қарым-қатынастар жүйесін талдаған отандық және шетелдік зерттеу еңбектеріндегі әдіснамалық тәжірибелерге негізделді.

Зерттеуді ұйымдастыру әдістері.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында бірнеше әдістер қолданылады:

а) жинақтау, талдау, жүйелеу, саралау, топтастыру. Қажетті материалдарды жинақтау, этнокөсемсөзге теориялық талдау жасау, басылымдарды топтастыру.

б) сараптамалық бағалау, бақылау, бағалау. Этнокөсемсөзге берілген анықтамаларды сараптау, жанрлық сипатын анықтау, ғалымдар пікірін бағалау, этностық басылымдарды саралау;

в) математикалық-статистикалық әдіс. Этнокөсемсөз жарияланатын басылымдарға және ондағы жарияланған мақалалардың статистикалық көрсеткішін жасау.

д) қарама-қарсы қою әдісі. Этнос мәселелерін көтеретін басылымдарды бір-бірімен салыстыра отырып, салыстырмалы оппозициялық талдау жасау.

Зерттеудің нәтижелілігінің дәлелдігі және негізділігі: отандық этнокөсемсөздің дәстүрге адалдығы мен жаңашылдығындағы сабақтастықты айқындайтын туындыларды жанрлық және мазмұндық-пішіндік сипатына қарай танылуымен; зерттеу нысанындағы негізгі бағыттардың теориялық тұрғыда дәйекті дәлелденуімен; теориялық және тәжірибелік материалдың талдануымен қамтамасыз етілген.

Зерттеу базасы: тәжірибелік-сараптамалық жұмыс Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде, Алматы қаласындағы түрлі этнос өкілдерінің орталықтарында, баспаларында өткізілді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі: Диссертантпен алынған нәтижелер бойынша жалпы 13 ғылыми басылымдарда жарық көрді, оның ішінде 4 мақала ҚР білім және ғылым министрлігінің жоғары бақылау Комитетімен бекітілген тізімге енген басылымда, 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін басылымда, 8 баяндама халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумның жинақтарында жарияланды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеуден алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар қазақ журналистикасының тарихи-теориялық негіздері дамуына үлкен септігін тигізеді. Сонымен бірге этнокөсемсөз жанрларының табиғатын, жанрлық ерекшеліктерін, баспасөздегі, интернеттегі түрлерін тану да ерекше маңызды болып отыр. Сонымен қатар жекелеген этникалық басылымдардағы жарияланымдардың ерекшеліктері мен ықпалын тереңінен түсініп-білуге, этнокөсемсөз мәтінінің құрылымын кеңінен ұғынуға, этнокөсемсөздегі ұлттық бірегейлік пен ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін талдап, таразылауда өз септігін тигізеді хақ.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Этнокөсемсөз мәселесі төңірегіндегі ғылыми нәтижелер мен қорытындылар болашақта осы салаға қатысты ғылыми ізденістер жасауға бағыт-бағдар бере алады. Зерттеу жұмысында жасалған тұжырымдар этножурналистикадағы теориялық мәселелерді тереңдете қарастыруға көмектеседі. Этнокөсемсөз туралы түсініктер журналистика бойынша оқылатын семинарлар мен дәрістерде, сондай-ақ «Этножурналистика» саласы бойынша білім беру бағдарламаларын игергенде пайдалануға болады. Зерттеудің нәтижелерін журналистер даярлайтын жоғары оқу орны оқытушылары мен мектеп мұғалімдеріне, студенттер мен магистранттарға, ізденушілерге қажетті теориялық-практикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін көмекші құрал ретінде ұсынуға, сондай-ақ этникалық журналистика туралы оқытылатын пәндер бойынша бағдарламалар мен оқулықтар құрастыру кезінде нақты ғылыми-деректік мәліметтер ретінде қолдануға болады.

Зерттеудің дереккөздері: журналистика тарихы мен теориясы және көсемсөз жанрлары туралы оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми еңбектер, сондай-ақ ғылыми кітапханаларда сақталған этнобасылымдар, ұлтаралық байланысқа қатысты ресми құжаттар, архивтік құжаттар, әлеуметтік желілер зерттеуіміздің дереккөздері болды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және ендіру.

4 мақала - Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген тізімдегі басылымдарда:

1. Данаева Н.Т. Авторлық құқық және этнокөсемсөз//ҚазҰУ Хабаршысы (журналистика сериясы), Қазақ университеті, 2017 ж., №43, 215-219 бб.

2. Данаева Н.Т., Дилек И. Қазақстандағы этнокөсемсөз: ұйғыр халқының қазіргі баспа беттерінде көрініс тапқан әдет-ғұрыптарының саралануы//ҚазҰУ Хабаршысы (журналистика сериясы). Қазақ университеті, 2018 ж., №4 (50). 67-76 бб.

3. N. Danayeva, Ferhat Tamir, L.Noda, Zh.Batyrkhanova, Zh.Mergengali. Ethnopraxis in kazakhstan: comparative analysis of customs of the uygur people mentioned in modern press//ҚазҰУ хабаршысы (журналистика сериясы), Қазақ университеті, №71 (1) 2024, 23-33 бб.

4. Данаева Н.Т., Мергенғали Ж. Қазақстандағы этнопублицистиканың тарихи даму негіздері: көпэтносты қоғам және этномәдени ерекшеліктер//ЕҰУ Хабаршы (Журналистика сериясы), 2 (147) 2024 ж, 169-183 бб.

1 мақала - Scopus мәліметтер базасына кіретін журналда:

1. Kurmanbayeva, A., Noda L., Danayeva N., Nogaibayeva Z., Kabylgazina K. Social issues of people with special needs in modern mass media//Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment, Lifescience Global, Canada E-ISSN:2292-2598, Vol 7, No 1 (2019), pp.27-30.

8 мақала - Шетелдік халықаралық конференция мен симпозиумдар материалдарында және республикалық халықаралық конференциялар жинағында жарық көрді:

1. Данаева Н.Т. «Ана тілі» газетіндегі этнокөсемсөз мәселелері//International Scientific Conference «Topical issues of Science and education»//Warszawa, Poland, July 17, 2017);

2. Оразбаева С., Данаева Н. «Культурно-историческая исследования орхоно-енисейских и таласских памятников», XXVII Международная научная конференция «Человекознание». Кемерово, 03.09.2018 г.;

3. Данаева Н. Бесіктен бақиға дейін немесе этнокөсемсөз//«Тұрақты даму мақсатындағы халықаралық журналистиканы оқыту модельдері (МТІЖ)» атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция//Қазақ университеті, 07.04.2017 ж.;

4. Данаева Н.Т. Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген этнобасылымдар//«Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция//Қазақ университеті, 2018 ж., 228-232 б.;

5. Данаева Н.Т. «Ана тілі» немесе этнокөсемсөз//«Мұстафа Шоқай-бүкіл түркі жұртының ұлы перзенті» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Астана, 20.12.2022 ж.;

6. Dauletbekova Z., Yermekbayeva A., Berkinbayeva G., Kavakli M., N.Danayeva. The premises of formation of motivations in profile school students in the process of Teaching Kazakh language//2017 Man in India 97 (10), pp.217-226.

7. Bektemirova S., Danayeva N., Belassarova Z., Yerkhozhina S. Sarbalina A. Teaching «The introduction to linguistics» (on the basis of tables and drawings). 2017 Man in India 97 (11), pp.339-347.

8. Әлімжанова А., Данаева Н.Т. Журналистік білім берудегі big-data технологиясының маңызы// «Т. Жүргеновтің рухани мұрасы және білім беру саласының тұрақты даму мақсаттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. ҚазҰУ, Қазақ университеті, 06.12.2023-06.12.2023 ж.

Диссертациялық жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасында талқыланып, сараптамадан өтті және қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмысының құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

1 ЭТНОКӨСЕМСӨЗДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

1.1 Этнокөсемсөздегі дәстүр мен жаңашылдық: тарихи тамыры мен табиғаты

Бұқаралық ақпарат құралдарының адамзат баласының рухани ажырамас қаруы әрі азығына айналғанына бірнеше ғасыр өтті. Бұқаралық ақпарат құралдары – коммуникацияның біршама жаңа түрі, алайда ол басқаларынан интеграциялаушы диалог міндеттерінің шешімдерін табысты атқаруымен ерекшеленеді.

Қазір көсемсөз жанрларына неғұрлым ашықтықпен, сенімділікпен, азат, сыни ойлау тұрғысынан қарап, оны шынайы бағамдайтын кез келді. «Баспасөз – өмір шежіресі екендігі қандай шындық болса, публицистика – дәуір үні екендігі де сондай ақиқат» [7, 416 б.]. Яки көсемсөз қоғам ағымындағы құбылыстарға және өзекті мәселелерге арналған шығармалар түріне жатады. Кеңестік энциклопедиялық сөздікте көсемсөздің әлеуметтік институттардың қызметіне ықпал ете отырып, қоғамдық тәрбие, үгіт және насихат құралы ретінде қызмет етіп, әлеуметтік ақпаратты ұйымдастырудың және берудің тәсілі ретінде маңызды саяси және идеологиялық рөл атқаратыны айтылған.

Алайда көсемсөздің қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін тым артық бағалауға болмайды және ол тек көсемсөздің ғана атқаратын рөлі деп қарасақ ағаттық болар еді» [7, 4 б.].

Көсемсөз адам өміріндегі қоғамдық мәселелерді көтерген сайын оның әсері мен ықпалы ұлғая түсетіндігі рас. Дегенмен, халықтың санасын бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтерумен ояту аздық етеді. Санаға көсемсөздің басқа да түрлері арқылы да қозғау салуға болады.

Орыс жазушысы, этнограф ғалым Владимир Даль «Публицист – көбінесе халық құқығы туралы, қазіргі уақыттың жалпыға ортақ мәселелері жөнінде жазатын газет, журнал жазушысы» деген анықтама береді [8]. Енді бір ғалымдар көсемсөзді «журналистиканың еншісіндегі аса айқын да өзекті қоғамдық шығармашылық қызметтің жүйесі, халықтың пікірі мен ойын баспасөз (публицистика – мақалалар, репортаждар, сұхбаттар, ашық хаттар, очерктер, эсселер секілді публицистикалық шығармалардың жиынтығы) радио, телевизия арқылы еркін білдіруі, сонымен бірге жоғары арнайы талаптарға жауап беретін өнердің бір түрі» деп көрсетеді [8, 29 б.].

Тағы бір еңбектерде публицистиканы әдебиеттің қоғамдық-саяси ойға негізделген саласы ретінде қарастырады. Екінші бір ғалымдар тобы журналистиканы публицистика деп, яки көсемсөзді журналистиканың қоғамдағы көкейтесті, өткір мәселелерді қозғайтын бір саласы ретінде қарастырады. Мұндай көзқарас ұстанушылардың бұл орайда дәйек ретінде келтіретін өз уәждері бар. Дәлірек айтқанда, көсемсөз жанрында қалам тартатын жазушы, не журналист қоғамдағы өзекті мәселелерге байланысты

ойларын бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану арқылы, яғни журналистиканың көмегімен ел назарына ұсынады. Сол газет-журналдардағы публицист ойларының жиынтығы әу бастан «публицистика» деп аталды. Сол себептен де ол журналистиканың бір саласы ретінде қаралды. Алайда белгілі ғалымдар газет, журнал, телевизия пайда болмай тұрып әр елде, әр мемлекетте, алдымен, қоғамдық пікір тудыру арқылы қоғамдық сананың оянуына түрткі болатын, сөйтіп қоғамдық ой қалыптастыруға қызмет ететін публицистиканың өмірге келіп, ауызша және жазбаша түрде таралғандығын, қайта сол журналистиканың дүниеге келуіне белгілі бір дәрежеде ықпал еткендігін баса айтады. Ал журналистиканың пайда болуы арқылы публицистиканың әсер ету ауқымы кеңейді, қоғамдағы рөлі күшейді [7, 449 б.].

Көсемсөздің қоғамға әсер ету ауқымының кеңеюімен қатар, оның өзінің айқындамасын анықтауға ұмтылған зерттеулердің өзін бір теориялық бағыт деуге болады. Яғни бір ғасырға жуық уақыттан бері отандық ғылымымызда көсемсөздің тақырыбы мен идеясын, жанрлық түрлерін, қалыптасуы мен даму жолдарын зерттеп, зерделеген қадау-қадау еңбектер жарыққа шықты. Атап айтар болсақ, кеңестік кезең тұсындағы публицистиканың теориясы мен практикасын зерттеген белгілі ғалым Т.Амандосовтың, ұлттық баспасөздің тарихи даму жолдарын көрсеткен Б.Кенжебаевтың, қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдарын сонау көне түркілік кезеңнен бері тартып таразылаған Б.Жақыптың, ұлттық көсемсөз жанрларының даму өрісі мен өзіне тән сипаттарын, жанрларының жаңа жіктелім түрлері мен пішіндерін саралаған К.Қамзиннің еңбектерін қазақ замансөзтану ғылымының қалыптасып орнығуына қосылған үлкен үлес деп білеміз. Десе де көсемсөздің әлі де ашылмаған қырлары, игерілмей келе жатқан тұстары жетерлік.

Қырғыз көсемсөзін зерттеуші, ғалым В.К. Сабирова мәдениаралық диалог құрудағы көсемсөздің рөлін анықтауға байланысты мақаласында көсемсөздің өзектілік, эмоционалдық және адамзат қауымының сана-зердесіне әсері мен ықпал ету секілді ерекшеліктеріне маңызды топшылаулар жасайды. «Ақыл ой-өрісінде осындай шығармашылықтың болуы қоғамда болып жатқан нәрселерге үнемі назар аударып отырумен байланысты болады. Мұндай сөз өнері әдетте публицистика деп аталады және оған әрдайым әртүрлі талаптар қойылады [9,159 б.].

Көсемсөз табиғатын зерттеушілер оны көркем әдебиетпен де байланыстырады. Сөйтіп, кез келген мемлекеттің және әр этностың көпқырлы бет-бейнесінің тарихи келешегін көркем құжаттық немесе публицистика сияқты әдебиеттің тегі жасайды және (*publicus* – латын тілінен аударғанда «қоғамдық» дегенді білдіреді) бұл қоғамның нақты саяси, экономикалық, әлеуметтік, әдеби, философиялық мәселелерін қарастыратын әдебиет пен журналистиканың синкретикалық ерекше түрін білдіреді деп тұжырымдады. «Публицистическое слово также имеет дело со словом же и с человеком, как с писателем слова... Если она анализирует поступок, то

вскрывает его словесные мотивы, каждый существенный акт которого идеологически осмыслен словом или прямо воплощен в слове» деп жазды Еуропа мәдениеті мен өнерінің теориясын қалыптастырушы Михаил Бахтин [10, 121 б.].

Көсемсөздің негізгі мақсаты – «әр дәуірде қоғамдық пікір, сана және саяси институттарды қалыптастыру болып табылатындығын жоғарыда айттық. Көсемсөз – белгілі бір дәуір шындығын көз алдымызға әкеліп, елестетіп, түсінуге жәрдемдесіп, уақыт шежіресін көрсетеді. Көсемсөздің мәні – барлығымыз бірлесе шешуге тиіс қиындықтары мен күрделілігі, қызығы мен шыжығы бар өмір.

Алайда, бізге бұл арада отандық ғалымның мына бір пікірін есте мықтап ұстану керек сияқты: «Біздіңше, журналистиканың көркем шығармадан айырмашылығы төмендегідей: көркем әдебиет көркем реалдылықты көркем уақыт пен көркем кеңістік арқылы танып, сапалық өзгешелікті тарихилық тұрғыдан анықтайды. Журналистика нақты уақыт пен нақты кеңістік арқылы нақты реалдылықты танып, өмір шындығы сәттерін баяндайды, сипаттайды, талдайды» [11, 222 б.].

Тұтастай алғанда көсемсөз жанрлары әртүрлі қоғамдық формациялардан өтіп, уақыттың болмысы мен дерегін түрлі пішіндер арқылы адамзат санасына, әлеуметтік топ зердесіне бедерлейді. Әр ғасыр, жеке дәуір өз мәселелері мен дүниетанымын, жаңашылдығын көтеріп, бұқаралық аудитория назарына ұсынады. Профессор С. Қоянбекова публицистика стилінің ашық үрдістігімен, полемикалығымен және эмоционалдығымен ерекшеленетіндігі жөнінде айта келіп: «Публицистика дегенде газет-жорнал жанрлары мақала, фельетон, памфлет, эссе, очерк, ашық хат және т.б. қолданады. Ал публицист бүгінгі күннің басты мәселелері мен ертеңгі күннің болашағын болжайтын зерттеуші қызметін атқаруы тиіс. Бұл газеттің кейбір жанрларын, бәрінен де бұрын мақала құрылымын жасауда айрықша қажет» [12, 47 б.].

Сөз құдіретінің аталған жанрлық түрі мәдениеттер тоғысуы дәуірінде аса қажет, ол ұлтаралық ынтымақтастықтың кез келген талпынысы толыққанды болмайтын адамдардың этникалық бірігуі туралы түсінік бере алады. Сонымен қатар БАҚ мәтіндер жүйесіндегі алмасу үдерістері де медиа дискурс қызметінің ерекшеліктеріне де әсер етеді. «Жанрлар жүйесіндегі өзгерістер, цензура мен автоцензура публицистиканың тұтастай функционалдық стиль ретінде «жойылып» кетуіне себеп болды» [12, 155 б.].

Жоғарыда көсемсөз жайын қозғап, терең қарастырған ғалымдар мен зерттеушілердің, мамандардың пікірлері мен ойларын орыс ғалымы В.Литвиновтың тұжырымдарымен түйіндеп, тиянақтауға болады: «Публицистика всеобъемлюще, и нет такой области человеческой деятельности, которая была бы ей безразлична. Можно с уверенностью сказать, что мир публицистики – это весь мир» [13, 3 б.].

Бұл пікірдің шынайылығын бүгінде көсемсөздің әлемдік деңгейде өмір сүріп, қоғамның барлық саласын қамтып отырғандығынан көре аламыз.

Десек те тағы бір зерттеушінің қоғамдық санаға ақпарат тарату арқылы қозғау салу өнеріне қатысты тың ойларын айналып өтуге болмайды. Оның ойынша, қоғамдық санаға қозғау салу амалдарының жыйынтығын «публицистика» деген терминің ауқымына сыйдыру мүмкін емес. Олай болатыны – біз қоғамдық санаға қозғау салу үшін ақпаратты тек жазумен ғана таратып қоймай, бұқараға қажетті өзекті мәселені көтеру үшін ақпаратты айтумен де, бейнелеумен де, ишаралаумен де, дыбыстаумен де жеткіземіз. Ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының бұл бағыттағы ғылыми ұстанымына сүйене отырып, тың ой ұсынушы ғалым С. Медеубекұлы бұқараға айтылатын сөз жазбаша болса – «көсемсөз», ауызша болса – «шешенсөз», бейнелеумен болса – «бейнесөз», ишаралаумен болса – «қыймылсөз», дыбыстаумен болса – «дыбыссөз» деп аталады дей келе бұлардың барлығына ортақ атау «публицистика» емес, «замансөз» болуға тиіс деген тұжырым ұсынады. [13а, <https://egemen.kz/article/380339-zamannynh-sozin-soylesek>; <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63569>] Біз қоғамдық санаға жазу арқылы қозғау салу амалдарының жыйынтығын Ахмет Байтұрсынұлының айқындап беруі бойынша «көсемсөз» деп қолданамыз. Осыған орай басылымдардағы сөз ұлт, ұлыс тануға қатысты болса, оны «этнокөсемсөз» деп сабақтастырамыз.

Қоғамдық қатынастардың дамуы, экономикалық-әлеуметтік ілгерлеушіліктер және тағы басқа маңызды өзгерістер мен факторларға орай жалпы бұқара санасын елдік ортақ мүддеге қарай бағыттау этнокөсемсөздің ендігі басты міндеттерінің біріне айналды. Енді ол ақпарат таратудың, алмасудың жаңа тәсілдерін табуға ұмтылды.

Ғылымда «этнокөсемсөз» ұғымы ғылыми талдауларда, жекелеген зерттеу мақалаларда айтылып, сондай-ақ тілдік қолданыста арақидік қолданылғанымен, жеке термин, өз алдына дербес зерттеу ретінде ғылыми айналымға әлі толық түсе қоймады. Яғни бұл тақырыпта арнайы жүйелі түрде зерттелінген ғылыми еңбектер жоқтың қасы деуге болады.

Ресейлік журналист, саясаткер И.Л.Ленскийдің педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «1991-1997 жж. педагогикалық публицистикада ұлтаралық мәдени қатынастарды қалыптастыру мәселелері» атты диссертациялық жұмысының бір тарауында 1991-1997 жылдардағы мәдениеттану ілімі жүйесіндегі педагогикалық көсемсөз және көсемсөзгердің педагогикалық шеберлігі мәселелері сөз болады. Міне, осы аталмыш жұмыстан біздің зерттеуімізге там-тұмдап болса да қатысы бар мәліметтер таптық [14].

Сондай-ақ И.Н.Блохиннің «Журналистика в этнокультурном взаимодействии» (2013) оқу құралында [15], ресейлік ғалым И.В. Куценконың [16] еңбектерінде және А.В.Барсукованың мақалаларында этнокөсемсөз, яғни этнопублицистикаға қатысты бірқатар тұжырымды ойлар айтылады [17].

Негізі, кең мағынада, «этнос» ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этникалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіреді. Яғни, халық,

ұлт және ұлыс деп қарастыру дәстүрлі ғылымда бұрыннан бар. Ал, көсемсөз – халықтың, қоғамның, ортаның тілі, айтатын сөзі. Демек, этнос – халық, көсемсөз – сол халықтың тілі деген сөз. Яғни халықтың айтар ойы жазу арқылы айтылып, жеткізіледі. Қоғамдық санаға қозғау салып, «әлеуметке дегенін істету мақсатында айталған сөзді» қазақ зерттеушілерінің арасында ең алғаш рет «көсемсөз» деген атау беріп, анықтамасын ұсынған Ахмет Байтұрсынов екені белгілі. Ғалым өзінің «Әдебиет танытқыш» еңбегінде: «Көсем сөз – шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айырылатын жері – шешен сөз ауызша айтылады, көсемсөз сөз жазумен айтылады. Көсемсөз әлеумет ісіне басшылық пікір жүргізетін сөз болғандықтан да көсемсөз деп аталады. Көсемсөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болу ыждағатымен айтылады» [18, 102 б.].

Латын тілінен аударғанда «қоғамдық» деген мағынаны беретін көсемсөз қоғамдағы ең өткір түрлі мәселелерді көтеріп, қоғамдық сананы ояту. Осы арада басылым беттеріндегі әрбір мақала, не айтылған ойдың жазбаша бедерін көсемсөз жанрына жатқыза беруге бола ма деген заңды сауал туындайды. Біздіңше, әрине, мұны әлі де анықтай түсу керек. Көсемсөздің де сөз өнерінің басқа да жанрлары мен түрлері сияқты өзінің игі мақсатына жету жолындағы стилі, сендіру, көз жеткізу, ой өрбіте алу секілді тәсілдері болады.

Сонымен, *этнос* – ең алдымен мәдени тілдік қауымдастық, ал *көсемсөз* – осы қауымдастықтың алдында тұрған, ол өмір сүрген дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарастарымен байланыстыра отырып, халықтың рухын көтеретін, уытты да ұшқыр, деректі тілмен жазылған, өткір мәселелерін қозғайтын саласы. Бәрімізді игі істерге шақыра отырып, бір мақсатқа жұмылдыратын замансөз.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары бұқаралық ақпарат құралдары құрылымдарында, баспасөз басылымдарында түрлілігі мен дамуы жағынан айтарлықтай өзгерістер орын алды. Бүгінгі таңдағы БАҚ өз қызметін нарық заңдары бойынша, яғни медиа жүйені ұйымдастыру мен дамыту мәселелерінде экономикалық факторлар басты құндылыққа айналатын қатал бәсекелестік жағдайында атқарып келеді.

Қазіргі өрлеу биігінен қарайтын болсақ, бүгінгі һәм заманалы медиа-нарықтың талабына, мақсат-міндеттеріне сай этникалық бұқаралық ақпарат құралдары да өз даму арнасын белгілеп, ілгері даму жолына түсті. Яғни сан қилы уақыттан бері қалыптасу, даму жолдарынан өтіп келе жатқан этникалық бұқаралық ақпарат құралдарының да негізгі бағыт-бағдары айқындалды.

Әр этностық топ тек өздерінің мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға ұмтылып қана қоймай, оларды басқа ұлт өкілдеріне таныстыруға, дәріптеуге және қоғамдағы әртүрлі мәселелерді ашық көтеріп, бірлесе шешуге тырысады. Бұл жағдайда оларға айтарлықтай дәрежеде көмекке келетін, әрине, этникалық бұқаралық ақпарат құралдары. Ең бастысы, олардың басым

көпшілігі өз қызметтерін екі, кейде одан да көп тілдерде іске асырады. Қазақстандағы этникалық басылымдардың бүгінгі бет алысы мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі сипаты басқалармен салыстырғанда отандық журналистиканың даму қарқынын ұлғайтпаса, кеміткен жоқ. Сондықтан этникалық басылымдардың көсемсөз арқылы бұқаралық сана, қазіргі адамзат өмірінің саяси, этникалық, діни, психологиялық, құндылықтар секілді басқа да аспектілеріне әсер ету ерекшеліктері зерттеушілердің назарында болатындығы сөзсіз.

Этникалық газеттердегі көсемсөз жанрының даму өрісін, оның ерекшелік сипаттарына талдау жасамас бұрын бізге, ең алдымен, этножурналистика, этникалық БАҚ ұғым-түсініктерін анықтап алу маңызды. Этножурналистика мәселелерін қозғайтын алғашқы зерттеулер осыдан жиырма жыл бұрын басталған еді. Қазіргі таңда осы мәселе төңірегінде ғалымдар тарапынан бірқатар проблемалар шешіліп, белгілі бір тақырыптар зерделенгенімен, әлі де зерттеушілер назарына ілікпей келе жатқандары баршылық. Соның бірі ретінде біздің зерттеуіміздің негізгі нысанына айналып отырған этнокөсемсөз саласын айтуға болады.

«Этникалық журналистика» ұғымы – көп мәнді термин. Ал көпұлтты республикалардың этножурналистикасы – көпсалалы құбылыс. Этникалық журналистика – халықтың өздерінің этникалық өмірлерінің өзін-өзі тану, этностарды біріктіру және интеграциялау, оның мәдени ерекшелігін сақтау және дамыту функцияларын орындайтын журналистика. Әдетте, этникалық журналистикаға этникалық топтардың тіліндегі журналистиканы жатқызады. Оның адресаты, ең алдымен, жеке этнос өкілі болып саналады.

Этникалық журналистика, негізінен, ұлттық республикаларда, ұлттық топтар айтарлықтай басым өңірлерде, ана тілінде сөйлейтіндер сақталған жерлерде, мектептер, діни және қоғамдық орталықтар, ұлттық тілдегі радио және теледидар хабарларын тарату, баспа және күнделікті қарым-қатынас секілді ұлттық тілдің өмір сүруіне жағдай жасалған аймақтарда дамиды. Этникалық мәдениет жайында әңгімелейтін, тұтастай алғанда ұлттық және халықаралық қарым-қатынастардың мәселелері туралы баяндайтын және этникалық қатысына қарамастан ұлттық қарым-қатынастарға қызығушылық танытатын алқаманға жолданатын журналистиканы ғалым И.Н. Блохин «этножурналистика» деп атауды ұсынды. Ол журналистік қызметтің жеке түрін оның мазмұнына қарай, аудиторияның ерекшелік белгілері бойынша да және «этнологиялық ойлау мәдениетімен, ақпаратты іздестіру, жинастыру, түсіндірумен сипатталатын БАҚ қызметкерлерінің біліктілік деңгейі» бойынша да осылай белгілеу ыңғайлы болады деп санайды.

Тағы да И.С. Блохиннің келесі пікірлеріне жүгінсек, ол этникалық журналистиканың екі жақты сипатқа ие екендігін атап өтеді. Біріншіден, бұл тек Ресейде ғана емес, сонымен қатар басқа елдерде тұратын кез келген халықтардың өмірі мен мәдениеті ерекшеліктерінің тақырыптарын, сондай-ақ этносаралық өзара әрекеттесу әурелендерін (проблемаларын) қарастыратын журналистика болса, екіншіден тек қана Ресейде тұрып жатқан

басқа халықтарға, Ресейдегі этникалық азшылық топтарға ғана қатысы бар журналистика және бұқаралық ақпарат құралдарында басылымдарын ұлттық тілде де, орыс тілінде де жариялайтын диаспора журналистикасы деп тұжырымдайды [15,1376].

Ал, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының жетекшісі С. Абдрахмановтың этножурналистика туралы пайымдары жан-жақты және ғылыми талдауға негіз бола алады. Ол «Этножурналистиканы этностардың тіліндегі журналистика деп қана қарамау керек. Ол этножурналистиканың негізгі саласы, әрине. Соларға қамқорлық жасау, солардың мемлекеттік тапсырыс есебінен өздерінің жұмысын жүргізуіне, өздерінің баспасөз бетінде тиісті тақырыптарды тиісті көлемде игеруіне жағдай жасау – бір мәселе. Екінші мәселе – өзге басылымдардың бетінде этностар тақырыбының жазылуы. Қазақстанда мекендеген этностардың тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы туралы көбірек жазылуы керек. Сонда біз бір-бірімізді көбірек біле түсеміз» деді. [19, www.parlam/kz/abdrahmanovs/Details].

Мәтінде мемлекеттік тапсырыс есебінен этножурналистиканы дамыту қажеттілігі айтылады. Бұл – мемлекет деңгейінде этносаралық қатынастарды реттеудің маңызды бөлігі. Этножурналистиканы қолдау арқылы этносаралық келісімді де нығайтуға болады. Бұл мәтін этнокөсемсөз жанрының қоғамдық және мәдени миссиясын ашып көрсетеді. Этножурналистика этносаралық қарым-қатынасты нығайтуға, өзара түсіністік пен құрметті арттыруға ықпал ететін маңызды құрал ретінде сипатталады. Оның тиімділігі этностардың тарихы, мәдениеті мен дәстүрі туралы ақпаратты кеңінен таратуда ғана емес, сонымен қатар оны эмоционалдық, танымдық, жүректік деңгейде қабылдауға жағдай жасауында жатыр.

Әдетте «елімізде 130-дан астам (тіпті кейбірінде 150-ге жуық деген деректер кездеседі) ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүреді» дегенді жиі естиміз. Сонымен қатар нақты статистикалық мәліметтерге негізделген дереккөздерде елімізде 2016 жылғы көрсеткіш бойынша халық саны он сегіз миллионға жақындаған. Оның он екі миллионы қазақтар болса, қалған санын, негізінен, адам саны көп елімізде өмір сүріп жатқан сегіз этностың (орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар және немістер) өкілдері құрайды. Осы мәліметтерге сүйене отырып, біздің еліміздегі этножурналистика саласының кең таралған құбылыс екенін қисынды бағамдауға болады. Алайда БАҚ-тың бұл арнайы саласы жеткілікті дамыды деп айтуға әлі ерте. Оның үстіне ұлттық БАҚ құрушылар өздеріне бұқаралық ақпарат құралдарының арнайы рейтингілерінде көшбасшылық орын алу міндетін қоя бермейді. Мұның бір себебі бұл баспасөз сегменті бәсекеге түсуге аса қабілетті емес және шағын, әрі белгілі аудиторияға ғана арналғандығында болуы мүмкін.

«Этникалық журналистика» термині XX ғасырдың соңында кеңінен тарала бастады. Ресей баспасөзінің тарихын зерттеуші Р.П. Овсепян «Отандық журналистиканың басымдықтары: тарих және қазіргі заман» атты мақаласында: «Дезинтеграция СССР, образование СНГ, рост национального

самосознания, проблемы глобализации, потребность в толерантности, миграционные процессы вызвали к жизни этническую журналистику» деп атап көрсетті [20].

Этникалық журналистиканың мәні мен құрылымын анықтауға, әсіресе, біздің көрші Ресей мемлекетінің белгілі сала мамандары көбірек атсалысты. Солардың бірқатарына тоқталып өтсек. Мордова мемлекеттік университетінің әлеуметтану кафедрасының профессоры О.А. Богатова этникалық журналистиканы «негізгі міндетіне этникалық топтардың мәдени қажеттіліктерін жүзеге асыруда туындап жататын этникалық мәселелерді жариялау жататын» БАҚ-тың айрықша бір түрі» [21, 148 б] деп анықтауды ұсынса, тарих ғылымдарының докторы В.К.Малькова «этникалық проблематиканы қозғайтын барлық БАҚ-ты «этникалық журналистика» ұғымына жатқызады [22, 278 б]. Ал енді бірқатар зерттеушілер БАҚ-тың тілін ескере отырып, этникалық журналистикаға Ресей аумағында орыс тілінде шығатын барлық бұқаралық ақпарат құралдарын белгілейді.

Ал енді бірқатар зерттеушілер БАҚ-тың тілін ескере отырып, этникалық журналистикаға Ресей аумағында орыс тілінде шығатын барлық бұқаралық ақпарат құралдарын жатқызады.

Этникалық журналистика терминін зерттеу барысында саяси ғылымдар докторы, профессор И.Н.Блохиннің тұжырымдарын құптауға болады: «Этническая журналистика – это журналистика, выполняющая функции самопознания народом своего этнического бытия, консолидации и интеграции этноса, сохранения и развития его культурной самобытности [23, 303 б.]. Оның пікірінше, терминді анықтаудың екі жолы бар. Біріншіден, бұл – этникалық тақырыпты жариялайтын журналистік қызмет. Оған халықтың тұрмысы мен мәдениеті, этностың жеке болмысын көрсететін шығармашылық өнімдер жатады. Екіншіден, ғалым мұны диаспоралар мен түрлі қауымдастық түріндегі ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарының кешені ретінде таниды.

Жоғарыда айтылып өткен ұғымдар мен тұжырымдарды, пікірлерді ескере отырып, біз де осы ғылыми жұмысымызда этникалық БАҚ-ты қазақ тілінде немесе этникалық топтардың тілдерінде жарық көріп, белгілі бір аудиторияға бағытталған шығармашылық сала ретінде түсінгенді жөн санадық.

Ұлттық мерзімді баспасөз мәселелерін де біздің отандық ғалымдарымыз жан-жақты зерттеді деп айтуымызға болады. Ол еңбектердің қай-қайсысында болмасын, Қазақстанның аумағындағы ұлттық баспасөздің қалыптасу үдерісіне талдаулар жасалып, ұлттық журналистиканың бүгінгі күнге дейінгі өзгерістеріне сипаттама жасалды. Этникалық мерзімді басылымдардың ерекшеліктерін зерттеуде ТМД ғалымдарының еңбектерін атап өткен орынды. Айталық филология ғылымдарының докторы, профессор В.З. Гарифуллин [24] татар баспасөзінің даму кезеңдеріне, татар тіліндегі мұсылман БАҚ-тың қалыптасу, даму мәселелеріне талдау жасаса, профессор Ф.Т. Кузбеков [25] Башқұртстан бұқаралық ақпарат құралдарының

калыптасуы және этникалық мәдениеттің даму мәселелерін зерттеді. Орыс баспасөзі тарихын зерттеуші, профессор О.И. Лепилькина [26] Солтүстік Кавказ федералдық өлкесіндегі этносаралық және келісім қатынастары мен осы мәселедегі БАҚ-тың рөліне баса назар аударады. Шетел ғалымдары, әсіресе, Ресей зерттеушілері, тілдік және мәдени алуантүрлілікті сақтау мен көбейтуде этникалық БАҚ-тың, яғни этникалық топтардың немесе тиісті тілдерде қарым-қатынас жасайтын этникалық қауымдастық өкілдерінің нақты бір алқаманына бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарының ерекше рөлге ие екендігін баса айтады және осы бағытта нақты жұмыстарды жүзеге асырып келеді.

М.В.Ломоносов атындағы ММУ-дың журналистика факультетінде «Ресейдің этникалық бұқаралық ақпарат құралдарының Атласы» кафедрааралық ғылыми-зерттеу жобасы жұмыс жасайды. Жоба аясында Ресейдің этникалық топтарының тілінде шығатын БАҚ-тың негізгі (баспасөз, цифрлық, аудиовизуалды) түрлеріне кешенді талдау жүргізіледі. Жоба барысында қойылған міндеттердің ауқымдылығын ескере отырып, жоба авторлары зерттеудің алғашқы кезеңінде Ресей Федерациясы аумағындағы этникалық топтардың алғашқы ондығының (орыстарды алып тастағанда) тілінде шығатын бұқаралық ақпарат құралдарына назар аударуға шешім қабылдады. Айта кету керек, бұл тізімнен армян және қазақ тілдері әдейі алынып тасталынды. Себебі бұл екі этникалық топ Ресей халқының құрамында ең жоғары пайызға ие болғанына қарамастан, аталған тілдердің ел аумағында мемлекеттік тіл деңгейіндегі мәртебесі жоқ.

Көрші Ресейлік зерттеушілердің жоғарыда аты аталған жобасының алғашқы сатысында жоба тізіміндегі республикалардың этникалық бұқаралық ақпарат құралдарының даму үрдістері мен қазіргі жағдайына шолу жасалды. Сонымен қатар осы зерттеу жобасы арқылы этникалық топтардың тілдеріндегі немесе этникалық топтардың орыс тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдарының саны бүгінде өте жоғары екендігі анықталды. Этникалық БАҚ елдің ішіндегі этностарды ғана емес, әлемдік ауқымдағы әртүрлі этностарды біріктіретін ақпараттық көпір ретінде көрінеді.

Қалай десек те, кез келген елдегі этникалық БАҚ өзінің тұрақты даму жолына түскендігін көрсетті, ал олардың жанрлық және тақырыптық палитрасы тек қоғамдық-саяси басылымдардың, теле және радио арналардың, веб-сайттардың есебінен ғана емес, басқа тақырыптық бағыттағы ресурстар (әйелдер мен балаларға арналған ғылыми және әдістемелік, әдеби-замансөздік басылымдар, діни БАҚ және т.б.) және түрлі сегменттегі алқамандардың арқасында біртіндеп кеңейе бастады.

Этникалық журналистика этникалық бірлестіктер ақпаратпен өз ана тілдерінде және мемлекеттік тілде алмасқан кезде және әртүрлі тақырыптарды талқылау үшін жеке бұқаралық ақпарат құралдарын құруға ұмтылған кезде пайда болады. Қазіргі таңда біз этникалық баспасөз дамуының кейбір ерекшеліктерін байқауымызға болады. Атап айтқанда, олар басылымдардың төмен деңгейде кәсіптендірілуі, жалпы саяси үдерістерді

жариялауға еліктеушіліктің аздығы т.б. Этникалық БАҚ-тың дамуымен қатар басқа да теріс құбылыстар анықталып отыр. Айталық, кейбір республикаларда сол мемлекеттің этникалық санасының (телевизия, радиохабарлар және баспасөз арқылы) басымдылығы басқа тілдердегі ақпараттардың ығысуына себеп болды.

Түйіндей келе, этникалық БАҚ бірқатар сипаттарға ие екендігін көреміз:

Біріншіден, олардың негізгі құрылтайшылары мемлекеттік құрылымдар болып табылады;

Екіншіден, этникалық баспасөздің дамуына ұлттық мәдениеттерді қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар үлкен үлес қосады. Кейбір этникалық газеттерге ұлттық бірлестіктер мен қауымдастықтар қолдау көрсетеді;

Үшіншіден, тәуелсіз мемлекетімізде орыс тіліндегі басылымдардың саны қазақ тілінде жарық көретін басылымдардан екі есе көп;

Төртіншіден, этникалық басылымдардағы тақырыптардың ауқымы жыл сайын кеңейіп отырғандығы байқалды;

Бесіншіден, этнобасылымдардағы ғылыми мекемелер мүдделерінің ауқымы кеңейді, олардың қызметі Қазақстанды нығайту идеясына, өткенді толық және әділетті ұғынуға, бұрын қозғауға болмайтын, жанды күйдіріп, есіңе түскенде қобалжытатын сауалдарға жауап беруге, өмірді қалыптандыруға бағытталды.

Сонымен қатар кейбір этникалық басылымдардағы оқырман ортасында белгілі бір этникалық дағдарыстың пайда болғанын байқауға болады. Тұтастай алғанда, бұл тілдік ахуалдың теріс динамикасына және ана тілін қолдану мәртебесінің төмендеуіне байланысты болып отыр. Сонымен қатар, кәсіби кадр жетіспеушілігі, ұлттық басылымдардың тираждарының қысқаруы айтарлықтай мәселе туғызады.

Аймақтық ұлттық басылымдардың жалпы миссиясы – ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің сан алуан палитрасын, мәдениетаралық диалогты дамытуға деген ұмтылысын ашу. Алайда этникалық БАҚ арқылы мәдениеттердің толыққанды диалогын құру үшін қосымша мүмкіндіктер жасау қажет. Этникалық БАҚ-тың даму мәселелері әлі де тыңғылықты зерттеуді қажет етеді.

Ал енді этникалық басылымдардағы, нақтырақ айтқанда, газеттер арқылы қоғамдық санаға қозғау салатын көсемсөз жанрының табиғаты мен тамырларына зер салып көрсек.

Көсемсөздің баспасөз бетінде қалыптасуы жайында да күні бүгінге дейін айтарлықтай зерттеулер жасалды. Мерзімді баспасөз беттеріндегі қазақ публицистикасының қалыптасу, даму тарихы, теориясы мен тәжірибесі хақында Б.Кенжебаев, Қ.Бекхожин, Ү.Сұбханбердина, Т.Амандосов, Т.Қожакеев, Б.Жақып, Ж.Нұсқабайұлы, Қ.Аллаберген және т.б. ғалымдарымыз сүбелі еңбектер жазды.

Профессор Б.Жақып «Публицистикалық шығармашылық негіздері» атты оқулығының үлкен бір тарауында осы мәселені жан-жақты, әрі жүйелі қарастырып шыққан. Ғалым көсемсөз жанрының баспасөз беттерінде пайда болуы мен қалыптасу тарихын қазақтың Шоқан, Ыбырай, Абай секілді ұлы ағартушылардың шығармашылығынан бастайды. Бұл еңбекте алғашқы замансөздік мақалалары «Оренбургский листок» газетінде басылып шыққан, «әрі оқулық, әрі көпшілікке арналған публицистика..» санатындағы әйгілі «Қазақ хрестоматиясының» авторы, бірқатар көркем шығармаларымен де қазақ көсемсөзінің үлгісін көрсеткен белгілі қаламгер Ы.Алтынсаринды қазақ көсемсөзінің атасы деп санайды. Жалпы осы тұста қазақ этнокөсемсөз саласының да негізін Ы.Алтынсаринның салып кеткендігін де атап өткіміз келеді. Біз бұл мәселе төңірегінде зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімдерінде арнайы тоқталатын боламыз.

Бүгінгі күнге дейін елімізде он бес тілде 60-қа жуық бұқаралық ақпарат құралдары жарық көреді. Оның ішінде этномәдени бірлестіктердің 34 газеті мен 26 сайты тіркелген. Қазір елімізде тек қазақ тілінде шығатын 344 бұқаралық ақпарат құралдары болатын болса, орыс тіліндегі басылымдардың саны одан екі есе көп. (*мәліметтер 2016 жылы алынған. Авт.*). Әрине, диссертациялық жұмыста олардың барлығын қарастыру мүмкін емес.

Тағдырдың жазуымен ұйғыр халқы да басқа халықтар секілді Жер шарының барлық жерлеріне шашырап кеткен. Олар қазір Жердің барлық континенттерінде, оның ішінде ТМД елдерінде, әсіресе, Қазақстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, және Түркменияда өмір сүріп жатыр. Осы аталған елдердегі ұйғыр халқының жалпы саны шамамен жарты миллион адамды құрайды. Алайда тек Қазақстанда ғана ұйғырлардың нақты саны ресми статистикалық мәліметтерге сай келеді. Ал енді жоғарыда аталған елдерде, әсіресе, Өзбекстандағы ұйғырлардың ресми саны шындыққа мүлдем жанаспайды. Бұл ешкімге құпия емес. Бұл туралы көп айтылды, шетелдік басылымдарда мақалалар да шықты [27].

Қазақстанда ТМД ұйғырларының тек бір бөлігі тұрып жатқанына қарамастан, Алматы қаласы ұзақ жылдардан бері осы халық мәдениетінің нақты орталығы саналады. ТМД-дағы жалғыз ұйғыр театры Алматыда жұмыс істейді, республикалық деңгейдегі жалғыз ресми газет те осы қалада шығарылады. Республикалық телеарналарда хабарлар жүргізіледі, «Жазушы», «Рауан», «Атамұра» баспаларында редакциялары бар. Ал Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ-де, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында, Жаркент және Есік қалаларында педколледждерінде ұйғыр топтары бар. ҚР ҰҒА Шығыстану институтының құрамында ұйғыртану орталығы, ал Қазақстанның Жазушылар Одағында ұйғыр әдебиетінің секциясы жұмыс істейді. Мектептерде ұйғыр оқушылардың негізгі бөлігі өз ана тілдерінде оқиды. Таза ұйғыр және аралас мектептердің саны бүгінде алпысқа жуықтайды. Онда отыз мыңнан астам оқушы білім алады. Алматы облысының ұйғырлар тығыз орналасқан кейбір аудандарында қазақ және орыс тілдерімен қатар ұйғыр тілі

атқарушы биліктің жұмыс тілі болып саналады. Ұйғыр халқының көрнекті қоғам қайраткерлерінің аты Алматы қаласындағы көшелерге және осы ежелгі халық өкілдері тұратын аудан орталықтарына берілген. Әрине, Қазақстан Республикасында тұрып жатқан ұйғырлардың әртүрлі сипаттағы мәселелері де жоқ емес. Бірақ ондай проблемалар біздің еліміздің барлық ұлттарына, жалпы халықтың тұрмыс-тіршілігіне тән болғандықтан, ол мәселеге арнайы тоқталмауды жөн көрдік.

Қазақстанда қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдармен қатар неміс, украин, кәріс, өзбек, ұйғыр тілдеріндегі республикалық газеттер шығарылады. Республикалық деңгейдегі газеттермен қатар қазір жеке меншік деп аталынып жүрген жергілікті газеттері де бар. Мәселен, «Ұйғур авази» газетімен қатар ұйғыр тілінде екі аудандық және үш жекеменшік газет және «Дидар» деп аталатын журналы бар. Жергілікті газеттер тек бір ғана ауданда таралса, ал жекеменшік газеттер енді ғана жарық көре бастады.

Республикалық қоғамдық-саяси «Ұйғур авази» газеті Алматы қаласында 1957 жылдан бастап шығарылады (1991 жылға дейін ол «Коммунизм туғи» деп аталынды). Аталмыш газет Қазақстан халықтарының достығын және бірлігін, азаматтық бейбітшілікті, ұлттық келісімді сақтауды белсенді түрде қолдап келеді. Қазір де көптеген қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, мәдени орталықтардың, жекеменшік газеттердің пайда болғанына қарамастан, «Ұйғур Авази» газеті әртүрлі аймақтардағы, сонымен қатар әртүрлі елдер мен континенттердегі ұйғырларды бір-бірімен таныстырып біріктіруші рөл атқарады. Сонымен бірге бұл газет еліміздегі ұйғыр халқының қоғамдық ой-пікірінің орталығы саналады.

Ұзақ уақыт бойы газет республикааралық мәртебеге ие болып, жиырма мың дана тиражбен тек Қазақстан аумағында ғана емес, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркмения, аз мөлшерде Тәжікстан және Ресейде таралып отырды. Ташкент пен Бішкек қалаларында корреспонденттік пункттері болды. Кешегі КСРО-ның ыдырауына байланысты газет жоғарыда аталған елдердегі өз оқырмандарын жоғалтып алды. Тек бұрыннан келе жатқан тұрақты оқырмандары мен қоғам белсенділеріне газеттің сандары жіберіліп тұрады. Ал екінші жағынан алып қарағанда КСРО-ның тарап кетуінен және «темір перде» алынып тасталғаннан кейін редакция алыс шетелдерде, атап айтқанда Түркия, Сауд Арабиясы, Германия және АҚШ мемлекеттерінде тұрып жатқан ұйғырлармен қарым-қатынасын реттей алды. Қазіргі таңда осы аталған елдердегі отандастарының баспа өнімдерімен алмасу бар. Осы тұста тағы бір рет газет туралы айтуға болады. Ол көп жылдар бойы «Ұйғур авази» газетінің қосымшасы ретінде шығып тұрған араб жазуы негізіндегі «Йени хаят» газеті 1999 жылдың мамыр айынан бастап жекеменшік газет ретінде тарала бастады.

Күні бүгінге дейін «Ұйғур авази» газеті бірнеше рет республикалық байқаулардың жеңімпазы атанды. Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталды, ал 2001 жылы Халықтар достығы мен қазақстандық патриотизм тақырыбын үздік жариялағаны үшін Қазақстан Журналистер

одағының Кемел Тоқаев атындағы сыйлығының лауреаты болды. 2005 жылы ҚР журналистика Академиясы белгілеген «Алтын Жұлдыз» ең жоғарғы жалпы ұлттық журналистік сыйлығының иегері, осы жылы басылым азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім мәселелерін насихаттау бойынша үздік жарияланымы үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйымдастырған байқауда жеңімпаз атанды.

Редакцияда өз ісінің кәсіби шеберлері, талантты журналистер жұмыс істейді. Олардың араларында Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері», журналистер Одағы сыйлығының лауреаттары, Қазақстан Жазушылар Одағының жазушылары, Панфилов, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр аудандарының құрметті азаматтары бар. Жеке қызметкерлер де Қазақстан халықтары Ассамблеясының, мәдениет және ақпарат Министрлігінің, Алматы қаласы әкімінің дипломдары және Құрмет грамоталары, медальдарымен марапатталған.

«Ұйғур авазы» газеті республиканың тыныс-тіршілігімен тұрақты тыныстайды, халық арасында танымалдылыққа ие, оны оқып, құрметтейді, кеңеседі. Мысалы, ұйғыр тілді оқырмандар «Ұйғур авазы» арқылы Қазақстан Президентінің жыл сайынғы қазақ халқына Жолдауымен және басқа да ресми материалдармен, сондай-ақ шетелдік жаңалықтармен танысады. Сондықтан оның әр санын үлкен қызығушылықпен күтеді. Бүгінде газеттің таралымы 15 мың дананы құрайды. Бұл ұйғыр тілінде шығатын қоғамдық-саяси басылым үшін өте жоғары көрсеткіш [28].

Әр жылдары аталмыш газетте Махамет Азизов (1957-1960), Ахметжан Маметов (1960-1971), Абдулла Машуров (1971-1979), Турдакын Назаров (1979-1987), Юлдаш Азаматов (1987-2012), Мухтаржан Жумаров (2012-2014) секілді азаматтар бас редактор болып қызмет атқарды. 2014 жылдан бастап газеттің бас редакторы ретінде Ершат Асмамов қызмет атқарып келеді.

Ғаламтордың арқасында, газет сайты арқылы оны әлемнің 46 мемлекетінде оқуға мүмкіндік бар екен. «Ұйғур авазы» газетінің шығып жатқанына алпыс жылдай уақыт болды. Бүгінгі таңда ұйғыр оқырмандары танымал газеттің әр санын асыға күтеді. Үлкені де, жасы кішісі де, жазушылар, ғалымдар, суретшілер және т.б. іздеп жүріп оқитын газет ұйғыр халқының өмірі мен тыныс-тіршілігінің барлық саласын қамтиды. Сондықтан газеттің сүйікті және тұрақты оқырмандары «Ұйғур авазы» – шын мәнісінде біздің халқымыздың, барлығымыздың үніміз» деп зор мақтанышпен айтады.

Республикамыздағы саны жағынан көп диаспоралардың бірі – корей диаспорасы. Қазақстанда тұрып жатқан кәрістер тарих толқынында жоғалып кетпей, қайта ұлттық салт-дәстүрлерін сақтап қалды. Әдет-ғұрыптарын одан әрі байыта отырып, республиканың әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына лайықты үлес қоса білді. Олардың ең еңбекқор және құрметті ұлттық диаспоралардың бірі ретіндегі мәртебесі бар. Басқа диаспоралар секілді қазақстандық корей халқы да Кеңес одағы ыдырағаннан кейін талай қиындықтарды бірге жеңе отырып, жас тәуелсіз мемлекет қалыптасуының әрбір кезеңіне белсене атсалысып отырды. Қазір Қазақстанда Қиыр Шығыс

кәрістерінің төртінші буын ұрпақтары дүниеге келіп жатыр. Кешегі Кеңес үкіметінің тарихында халықтарды күшпен қоныстандыру мәселесі айтарлықтай орын алғаны белгілі. XX ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары көптеген халықтар, негізінен, Сібірге, Орталық Азияға және Қазақстанға қоныс аударды. Осы аймақтарда, оның ішінде Қазақстанда этникалық азшылықтың аумағы құрылды. 1937 жылы Қазақстанға Қиыр Шығыстан кәрістер қоныс аударылды. Қазақ елі оларды құшақ жая қарсы алды, корейлердің қарапайымдылығын, еңбексүйгіштігі мен бейбітшілігіне сүйсінді. Мұны қоныс аударылып келген кәрістер де ешқашан ұмытпайды. Кәрістер көпұлтты Қазақстанның ажырамас бөлігіне айналды. Қазақстандық корейлер қазіргі таңда ұлттық жаңғыру түріндегі «рухани жаңару» дәуірін бастан өткеріп отыр. Жоғалған тіл мен мәдениет қайта өмірге келе бастады. Бұл арада он жылдан астам уақыт бұрын құрылған Қазақстанның Кәріс қауымдастығы маңызды рөл атқарады. Ол корей театрын, корей тіліндегі БАҚ-тарды және республикадағы кәрістердің кәсіпкерлік қызметін сақтау және дамыту үшін маңызды істер жасады.

1984 жылдың 16 мамырында корей тілінде алғашқы 30 минуттық радиохабар болды. Қазір корей радиосының шетелдік радиохабарлар тарату орындарымен, оның ішінде Корей Республикасы радио және телевизия корпорацияларымен байланыстары мен ынтымақтастығы кеңейе бастады. Радио Қазақстанда тұратын кәрістердің өзекті мәселелеріне, ұлттық тілінің, дәстүрлерінің және мәдениеттеріне деген қызығушылығының сақталуына маңызды мән береді.

Орыс және кәріс тілдеріндегі телевизиялық бағдарламаның негізі 1991 жылы қаланған болатын. Әр жылдары ол «Біз – Қазақстан кәрістері» және «Ури Миндөг» деп аталынды. Он сегіз жылдың ішінде аталмыш бағдарлама эфирге 900 мәрте шығып, хабар таратудың жалпы көлемі алты жүз сағатты құраған. Бағдарлама Сеул қаласындағы деректі фильмдердің халықаралық фестивалінде бірнеше рет лауреат атанып, жүлделі орындарға ие болған. Әсіресе, осы «Коре сарам» бағдарламасы Қазақстандағы кәрістердің тілі мен мәдениетін сақтауға және дамытуға баға жетпес үлес қосты. Бағдарлама жетекшісінің бастамасымен 2008 жылы Ұлттық «Қазақстан» телеарнасында Қазақстан халықтары Ассамблеясының қолдауымен «Менің Қазақстаным» атты ұлттық тілдердегі барлық телебағдарламаларды бір тілге біріктірген жаңа тележоба іске қосылды. Тележобаның басты міндеті – еліміздегі ұлтаралық келісімді, Қазақстан қоғамында мәдениетаралық және мәдени келісім диалогын сақтау, республикамызда тұрып жатқан әртүрлі этнос өкілдерінің ұлттық салт-дәстүрлерін дамыту мен өркендету. Сол сәттен бастап жоба өзінің өзектілігі мен қажеттілігін, сұранысқа ие екендігін көрсетті. 2008 жылдың қорытындысы бойынша бағдарлама елдегі ұлтаралық келісімді нығайту мен сақтауға және Қазақстан халықтарының мәдени құндылықтарын насихаттауға қосқан үлесі үшін «Жыл таңдауы» фестиваль байқауын ұйымдастырушы Комитеттің арнайы жүлдесіне ие болды.

Диаспораның ұлттық бірегейлігін сақтауда «Ленин Кичи» және «Сэнбон» газеттерінің ізін басқан «Коре Ильбо» газеті де корей диаспорасы мәдениетінің ірі ошағы ретінде ерекше рөл атқарады. Газеттің негізі 1923 жылы Қиыр Шығыста қаланып, 1937 жылға дейін «Сэнбон» («Авангард») атауымен шығып отырған. 1937 жылы Қиыр Шығыстан Орталық Азия мен Қазақстанға кәрістерді Кеңес империясының депортация жасауы аяқталғаннан кейін газет шығару ісі Қызылордада жалғасты, бірақ ол «Ленин Кичи» («Ленин туы») деп өзгертілді. 1938 жылы 15 мамырда тұңғыш саны шыққан газет алғашында аудандық, кейінірек облыстық мәртебеге ие болды. Содан кейін 1978 жылы Қызылордадан Алматыға көшіріліп, республикалық басылымға айналды. Сол тұста Қазақстан Үкіметі «Ленин Кичи» газетінің мемлекеттік тапсырмаларды орындауға бұқараны жұмылдыруға қосқан үлесін жоғары бағалады. 1988 жылы «Ленин Кичидің» алғашқы шығарылымының 50 жылдығына орай басылымға «Халықтар достығы» ордені берілді. 1991 жылы «Ленин кичи» газеті өзінің атауын «Коре ильбо» (сөзбе-сөз аударғанда «Корей апталық журналы») деп өзгертіп, айына бір рет жарияланатын халықаралық газетке айналады. Көптеген жылдар бойы газет «Коре Сарам» рухани бірлігінің құралы болып қалды.

Корей халқының XX ғасырдың 30-40 жылдардан бастап жаңа отанындағы өмір сүру кезеңіне газеттің әсері зор болды. Оқырмандарды кеңейту қажеттілігін ескере отырып, оны корей тілінде және орыс тілінде шығару туралы шешім қабылданды. Газетке орыс тіліндегі оқырманның да қызығушылығы артты. 1980-1990 жылдары газет беттерінде корей жазушыларының романдары мен повестері, әңгімелері, корейтанушы ғалымдардың Қазақстан кәрістерін қызыл империяның депортациялау мәселелері т.б. бойынша өткір ғылыми мақалалары басылып шықты.

Жоғарыда аты аталған корей тіліндегі алғашқы «Авангард» («Сэнбон») газетінің бірінші редакторы Ли Сэн болды. Ол корей эмигранттарының өмірі, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, тарихы туралы мәліметтерді жариялады. Газет беттерінде бүкіл Қиыр Шығыс аймағының әлеуметтік-экономикалық өзгерістер туралы, экономикалық, мәдени және әлеуметтік өміріндегі жаңалықтар басылып шықты. 1937 жылы «Сэнбон» редакциясын Цой Хо Рим басқарған болатын. Қоныстандыру қарсаңында Цой Хо Рим басқаратын редакциялық кеңестің бәрі қамауға алынды.

Бүгінгі таңда «Коре ильбо» ТМД-дағы корей диаспорасының жария үніне айналды. Мұнда оқырман елде және әлемде орын алған соңғы жаңалықтарды табады. 1999 жылдың аяғында сол кезде Қазақстан Республикасының Мәдениет, баспасөз және қоғамдық келісім Министрлігі ұлттық газеттерді жекешелендіру туралы шешім қабылдады, ал Қазақстан кәрістерінің қауымдастығы оны өз басқаруына алды. Қазіргі уақытта газет корей диаспорасының айнасы, мәдениеті, салт-дәстүрлерін тарататын жетекшісіне айналды. Газет мемлекеттің қолдауымен шығарылады, жыл сайын газет басылымы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің мемлекеттік тапсырысын алады.

Олардың тарихы – нақты ақиқат. Газеттің жарқын да қараңғы, мұңлы да қуанышты беттері болды. Алайда оның әрбір жолы – Қазақстанның барша халқының, диаспораларының игілігі болғандығын айта кеткен жөн. Қазақстан корейлерінің, олардың тарихи отанының, ата-бабалары қоныс аударған Ресейдің Қиыр Шығыс тарихы мен корейлердің қилы заманда панасы ғана емес, отанына айналған Қазақстанның тарихы қатар өріліп, негізгі тұтастыққа айналған өз тарихы бар. Осы тарих Кореяның Қазақстанмен байланысының тарихи тамыры қаншалықты тереңде жатқандығын және қазақтардың және көпұлтты республикалардың барлық халықтарының қуғынға ұшыраған кәрістердің аман қалуына жағдай жасау арқылы тарихи жағдайдың биігінде тұрғандығын көрсетеді.

«Коре ильбо» газетінің тілшілері республиканың барлық өңірлерінде жұмыс істейді. Газет Корея Республикасымен, ТМД аумағындағы басқа да корейлік БАҚ-пен белсенді түрде байланыс жасайды. Әр жылдары корей газеттерін Нам Ха Рен (1954-1998), Ян Вон Сик (1998-2008), Михаил Пак (2008-2010) басқарған. Ал 2010 жылдан бастап редакцияға талантты журналист Константин Ким басшылық жасайды.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына неміс диаспорасы және оның баспа органдары да зор үлес қосып келеді. 1966 жылы құрылған ұлттық «Deutsche Allgemeine Zeitung» (DAZ) республикалық газеті еліміздегі неміс этносына арналған жалғыз басылым болды. 2001 жылдан бастап газет «Жаңғыру» деп аталатын Қазақстан немістері қоғамдық бірлестіктер Қауымдастығының меншігіне айналды. Бүгінгі күні 12 беттік газет екі тілде, аптасына бір рет 2 200 дана таралыммен шығарылады. «Deutsche Allgemeine Zeitung». (DAZ) республикалық газеті қазіргі кезде тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азия аумағында неміс тілінде шығатын жалғыз газетке айналды.

DAZ («Deutsche Allgemeine Zeitung») газетін республикамыздағы бейбітшілік пен этносаралық келісімді нығайту, диалог пен түсіністік мәдениетін арттыруға бағытталған мемлекеттік, ұлттық саясатты іске асыру жөніндегі маңызды функцияны орындай отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде Қазақстан Республикасының үкіметі қаржыландырады. Байырғы серіктес IFA-институтының (Шетелдегі мәдени байланыстар институты) қолдауының арқасында газетте қазақстандық әріптестерімен бірге Германиядан келген кәсіби редакторлар мен тәжірибе жинақтаушы журналистер еңбек етеді. Бұл газеттің немісше шығатын бөлігін айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Басылымның әріптестері «Ost-West-Panorama» және «Неміс жерлері» газеттері, сондай-ақ техникалық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамы (GTZ) болып табылады. Газет басылымы Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат Министрлігінің қаржыландыруымен, сондай-ақ Германияның IFA-Институтының қолдауымен шығарылады [29].

Келесі этникалық басылым «Украиньски новини» украин ұлттық газеті баспа құрылғысы жағынан басқа диаспоралық газеттерден әлдеқайда кеш

шыққан басылым болып саналады. Газет бүкіл Азиялық кеңістіктегі жалғыз украин тіліндегі апталық газет. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 19 қаңтардағы Қаулысына сәйкес «Украиньски Новини» газеті Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары Министрлігіне тіркелді. Алайда газетті шығару үшін оның бас редакторы болып тағайындалған «Тілдер туралы» заңның авторларының бірі, танымал лингвист Гаркавец Александр Николаевичке газет ісінің мамандарын табу және шығармашылық ұжымның жұмысына тиісті жағдай жасау үшін де біраз тер төгіп, күш жұмсауға тура келді [30, 3 б.].

Бұл Қазақстанның оның аумағында тұратын барлық халықтардың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінің еркін дамуын қамтамасыз ететін және олардың мүдделерін қанағаттандыратын сарабал ұлттық саясатты жүргізудегі дәйектілігінің тағы бір дәлелі болып табылады. Оның бастауы осылай болды. Оқырмандардың сұранысын неғұрлым толық қанағаттандыруға бағытталған газет редакциясы ұжымының жұмысы алғашқы күндерден-ақ жемісті, әрі мазмұнды болды. Сонымен бірге «Украиньски новини» газеті біраз қиыншылықтарды бастан өткерді. Газетті жыл сайын жариялау қиынға соқты. Бір жағынан қаржыландыру азайды, екінші жағынан полиграфия қызметтеріне тарифтер өсті.

Осы тәріздес мәселелерді басқа да ұлттық басылымдар бастан өткерді. Тек 2000 жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі газеттерді ұлттық және мәдени бірлестіктерді сенімді басқаруға беру бойынша өткізген тендерден кейін ғана іс оңғарыла бастады. Украиндық «Ватра» бірлестігі «Украиньски новини» газетін әрі қарай шығару үшін украиндық «Ватра» бірлестігі басқарушы ұйым болып белгіленді және «Қазақстан украиндары» Қауымдастығының көмегімен газет Астанада шыға бастады. Оның бас редакторлығына Украиндық «Ватра» бірлестігінің төрағасы Тарас Андреевич Чернега тағайындалды. Осылайша республикалық мәртебесі бар газеттер арасында «Украиньски новини» газеті Астанаға көшіп келген мемлекеттік («Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газетінен кейін) деңгейдегі үшінші басылым болды.

Қазақстанда украин тіліндегі газеттің жариялану оқиғасы кем дегенде екі себеп бойынша бірегей болып табылады. Біріншіден бұл бейбітшілікті, өзара түсінушілікті және тұрақтылықты сақтауды көздей отырып, экономикалық тұрғыдан аса қолайсыз кезеңде ұлттық тілдегі газетті қаржыландыруға мемлекеттің мүмкіндік табуы – әлемдегі жалғыз оқиға. Екіншіден, бұл құбылыстың бірегейлігі украин тіліндегі «Украиньски новини» газеті – ТМД елдерінде шығатын жалғыз мемлекеттік газет. Мұндай құбылыс тіпті Ресейде де кездеспеген.

Сондай-ақ, Қазақстанда «Ахыска» халықаралық газеті шығады. Ол түрік этно-мәдени орталығының баспа басылымы және ҚР түріктер Қауымдастығының төрағасы З.И. Касановтың бастамасымен және қаржылай қолдауымен шығарылады. 2000 жылдан бастап үш тілде: түрік, қазақ және орыс тілдерінде 5000 таралыммен жарияланады. 2000 жылдың 19 қазан

айында газеттің пилоттық саны жарық көрді. Газеттің бірінші бас редакторы К.А. Наурызбаев болды. Алғашқы редакциялық алқаның құрамында Тамаз Аскаров, Мейрибан Алиева, жауапты редактор Станислав Набоков, координаторы Ансар Эюбов, орыс бөлімінің редакторы Надежда Фоминская, иллюстрация бөлімінің бастығы Муса Пашаоглы болды. Қоғамдық бөлімнің редакторы, білім бөлімі бойынша Алибек Каримов, мәдениет бөлімі бойынша Қазақбай Қасымов жауапты болған. Басылым еліміздегі түрік этностық мәдени орталығының газеті ретінде Республикалық Түрік Қауымдастығы мен оның филиалдарының қызметін жариялап отыруға тырысты.

«Ахыска» ҚХА этномәдени орталықтарының басылымдарымен («Коре ильбо», «Уйгур авазы», «Украиньски новини», «Достық» журналымен және Қазақстанда шығарылатын басқа да газет-журналдармен ынтымақтастық қатынас орнатқан. Сондай-ақ аталмыш газет Қазақстанның барлық қалаларында, сондай-ақ Түркия, Әзірбайжан, Ресей, Украина, АҚШ, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузияда таралады. «Ахысканың» бүгінгі кездегі бас редакторы – Ровшан Мамедоглы неғұрлым жақын танысу, этнобірлестіктердің қызметтері туралы ақпарат алмасу үшін барлық этно-БАҚ-тарды біріктіруді ұсынды. Газет таралымы 2015 жылы 2550 дана болған.

Жалпы, XX ғасыр басындағы баспасөздің қай-қайсысы болмасын өзінің әу бастағы міндеті мен функциясынан таймай, әлеуметтік-саяси және мәдени өмірде орын алған өзгерістерге үн қосып, қоғамдық пікір қалыптастыруға барынша басымдық берді. Мерзімді баспасөз басылымдары өзекті де қызықты тақырыптарға баса назар аударды, ел экономикасы мен саясатын дамыту құрылысының мәселелерін талқылады. Бұл орайда қоғамдағы болып жатқан оқиғаларды халыққа ұғынықты жеткізу үшін этностық басылымдар да құр қарап қалмады. Ауқымды тақырыптарды дер кезінде көтеріп, қоғамдық пікір туғыза білді және де оларды оқырмандарына жақындатылған түрде: эмоционалды түрде, диалогтарды, жарқын мысалдарды қолданды.

Сол сияқты жоғарыда айтылған этникалық басылымдардың қай-қайсысы болмасын әлеуметтік маңызы зор мәселелерді, атап айтқанда тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты реформалау, еңбек нарығы, ауыл шауашылығы, тұрғын үй мен жол құрылысының, мәдениет, білім және денсаулық салаларының, қоғамдағы толеранттық қатынастардың қалыптасу, этникааралық және конфессияаралық қатынастардың қалыптасуы жағдайлары мен даму перспективаларын тұрақты жариялап отыруға тырысады.

Зерттеу тақырыбымыз Қазақстанның саяси тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңдеріндегі этнокөсемсөз болғандықтан, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ көсемсөзіндегі тақырыптық, жанрлық, проблемалық ізденістерді этникалық басылым беттеріндегі көсемсөздік жариаланымдармен салыстыра, байланыстыра қарастыруды жөн көрдік.

Кеңес үкіметі басқару жүйесінің тығырыққа тірелуі және оның дамыған елдерге қарағанда саяси және экономикалық жағынан көп артта

калушылығы басқару жүйесін жетілдіруді талап етті. Осы мақсатта 1986 жылы жариялылық, жеделдету, қайта құру саясаты жүргізіле бастады. Алайда ол да партиялық диктатура мен оған нық байлаулы кеңестік жүйені тоқырауға ұшыратты. Сөйтіп 1991 жылы КСРО ыдырады. Бұл тәуелсіздік алған одақтас республикалардың барлығының Кеңес үкіметінен бас тартып, өркениет талабына сай жаңа мемлекеттік құрылымдар құруын жеделдетті.

Саяси тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі демократиялық пен жариялылық, әсіресе, бұқаралық ақпарат құралдары мен оны таратушыларға зор мүмкіндіктер жасады. Сөз бостандығы мен ой еркіндігіне кеңінен жол берілді. Осы жылдардан бастап баспасөз беттерінде ұлт тағдыры, мемлекеттіліктің қалыптасуы секілді аса өзекті мәселелерді жариялап таратуға журналистер, көсемсөзгерлер білек сыбана кірісіп кетті. «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» секілді ұлттық газеттерде елдің, жердің, тілдің тағдырын қозғайтын және тәуелсіздік, ел аумағының тұтастығы мен бірлігі, қандас қазақтарды тарихи атажұртына оралту мәселесі тақырыбындағы мақалалар дүркін-дүркін жарияланып отырды.

Бірнеше мемлекеттердің БАҚ-тың ықпалымен орасан зор мүмкіндіктерге ие болатындығын жоғарыда айтып өттік. Іргемізді бүтіндеп, мемлекеттілігімізді нығайтатын осындай күрделі және шешуші сәттерде, ең алдымен, ұлттық тілімізде жарық көретін мемлекеттік басылымдар мен ұлттық көсемсөзгерлерге жауапкершілік арта түседі. Мемлекеттігіміз бен тәуелсіздігімізге қызыға да, қызғана да, тіпті күмәнмен қарайтын кейбір орыстілді басылымдарды қоспағанда елімізде өмір сүріп жатқан этникалық топтардың басым бөлігі мемлекет алдында тұрған ауыр міндеттерді бірлесе атқаруға өз үлестерін қосуға тырысты.

Этникалық басылымдар халықты (этникалық топтардың тілінде немесе орыс тілді) қоғамда болып жатқан күнделікті оқиғаларға қатысты ақпараттармен қамтамасыз етумен қатар, мемлекет пен ұлт үшін де маңызды саяси мәселелерге араласып, жанашырлық танытып, өз ойларын еркін жеткізіп отырды. Алайда бүгінгі күнге дейін көптеген БАҚ, оның ішінде этникалық ақпарат құралдары көбінесе ақпараттанудың тек елесін жасайды деген пікірлер де ұшырасып қалады. Этникалық басылымдар арасында жалпылама ақпараттар, көшбасшылардың ресми сапарларын, өздерінің немесе басқа елдердің айтулы күндерін жариялап, немесе «қара» және «ақ» пиармен айналысумен шектелетіндері аз емес. Бұған қоса көптеген этникалық басылымдардың жарыққа шығуынан жабылуы тез болады. Біршама қаражат мөлшері көп ретте оның немесе басқарып отырған ұйымның беделін ұстап тұруы үшін ғана жұмсалатыны жасырын емес.

Біздің зерттеуіміздің негізгі нысанына айналып отырған «этнокөсемсөз» терминінен қашқақтаудың қажеті жоқ. Керісінше, көпұлтты республикамыздағы аз санды этностардың көсемсөзін зерттеп-зерделеу қазіргі заманның қажеттілігінен туындап отырған өзекті тақырып екендігін тағы да атап өткіміз келеді.

1.2 Этнокөсемсөздің жанрлық түрленуі

«Ақпараттық кеңістік жаңалық арқылы ғана жаңармайды. Оның жанрлар арқылы өңі кіреді» [11, 240 б.]. Ғылымның қай саласын алсаңыз да ол бір белгіленген жүйе шеңберінде әрекет етеді. Сол секілді көсемсөздік мәтіндер де түрлерге қарай бөлініп жіктеледі. Ал белгілі бір шығарманың өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік-стильдік белгілер жиынтығы оның жанрын айқындайды.

Жалпы, проблемалық-мақсаттық, мазмұндық, стилистикалық және құрылымдық-қисындық белгілерге ие басылым шығармаларының түрі *жанр* деп аталады. Қадым замандардан бері келе жатқан жанр ұғымы – бәрімізге таныс түсінік. Оның өнер туындыларына (театр, сәулет өнері, музыка және тағы басқаларына), содан кейін журналистикада қолданыла бастағаны белгілі. Заман ағымына қарай кейбір жанрлар дамып отырса, енді біреулері жойылып, жоғалып жатады. Кейде уақыт тынысы жанрды жаңа қырынан танытып, жаңаша сапалық деңгейге көтереді [32, 3 б.].

Расында да, әр жанрдың өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері бар. «Журналистика жанрлары – қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтары мен нақты құбылыстар ерекшелігін білу талаптарынан туындап, әртүрлі тілдік, сөйлеу, жазу, жариялау стильдерінің күрделі қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан ұзақ уақыт бойғы тарихи тәжірибесінің жемісі» [32, 291 б.].

Қоғамдық санаға жазу арқылы қозғау өнерінің, яки көсемсөз жанрларының пайда болуы, табиғи қалыптасуы, даму ерекшеліктері жайында ауыз толтырып айтатындай еңбектер баршылық. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта отандық ғалымдарымыздың бұл тақырыпқа тереңдеп барып, туындаған зәрулікті қанағаттандыратындай сүбелі еңбектер жазғандығын осы арада атап айтуымыз керек. Атап айтар болсақ, Б.Жақыптың «Журналистикалық шығармашылық негіздері» (2007 ж.), профессор К.Қамзиннің «Журналистика жанрларының эволюциясы» (2015 ж.) іргелі еңбектерімен қатар басқа да ғалымдарымыздың мазмұны салмақты мақалалары жарық көрді. Мұны атап көрсетіп отыруымыздың да өзіндік себебі бар. Яғни тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап күні бүгінге дейінгі кезеңдердегі этникалық көсемсөз жанрларын жіктеп көрсетуде біз осы ғалымдарымыздың зерттеулеріндегі пайымдаулар, тұжырымдарды басты негізге алып отырамыз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, уақыттың ағымына қарай көсемсөздің әр жанры, түрлері, типологиясы әртүрлі деңгейде дамып отырды. Ең бастысы, жанрларды дұрыс тану, бір-бірінің ара-жігін ажырата білу маңызды. Профессор К.Қамзин өз еңбегінде жанрларды жіктеуде, анықтауда тұжырымдауда аса байқампаздықтың қажеттігін алға тартады. Сонымен қатар көсемсөз жанрларын саралауда жеңіл қарап, үстірттікке жол беруге болмайтындығын ескертеді.

Көсемсөз жанрларын зерттеудің болашақ журналисті даярлап шығаруда айрықша маңызы бар. Өкінішке қарай, журналистердің арасында да жанрға қатысты қате түсініктері ұшырасып жатады. Дәлірек айтсақ, жанр мәселесін олар практикалық мәні жоқ тек теориялық құрылым деп қабылдайды. «Менің қай жанрда жазуым өзіме ғана аян, қалай болуы керек болса, солай болады» деген түсінікті әсіресе, жас жорналшылар тарапынан кездестіруге болады. Жанрлар – бұл журналистік шығармашылықтың іске асырылуының қарапайым формалары, журналистің түпкі ойының жүзеге асырылуының көрінісі. Бұған қоса жанрлар уақыт пен кеңістікке тәуелді емес екендігін ескеру қажет. Олар нысанатты түрде өмір сүреді және айналадағы болып жатқан жағдайлардың шындығына, құбылыстар, оқиғалардың сипаттары мен ерекшеліктерінің құндылығына байланысты болады. Әлбетте, мұның барлығы басылымның міндеттеріне, жағдаяттық мақсаттарына, журналистің мүдделеріне сәйкес келеді. Дегенмен, осы мазмұнның сипатын нақты пішінге келтіруді іске асыратын ішкі тетіктерін білу қажет. Журналист мұны қаласа да, қаламаса да, жұмыс барысында келешек жарияланымының жанрына байланысты мәселелерімен ылғи ұшырасып отыратыны сөзсіз.

Жанрларды білу сонымен қатар журналистік сын үшін де маңызды. Өйткені, қандай да бір жұмысты талдау барысында жасалған мәтіннің жанрын есте ұстап отыруымыз қажет, сол жанрды таңдаудағы дұрыстығына, жасалу құрылымына және осының бәрі жинақталып келгенде мәтінде қалай жүзеге асқандығына мән беруіміз тиіс. Сонымен қатар «жанрларды саралаудың да өзіндік мәні бар. Бұл белгілі бір болмыс-құбылысты, оқиға-фактісін жазып, суреттеп, айтып берудің тиімді түрін таңдауға мүмкіндік береді. Публициске оперативті болуға, аудитория тұшымын, ерекшелігін ескеруге, туынды ықпалдылығын арттыруға жағдай жасайды» [11].

Журналистика теориясында жанрлар дәстүрлі түрде үш топқа бөлінеді:

Ақпараттық жанр. Жанрдың бұл тобының негізінде ақпараттық факт, оқиғалық себеп, жаңашылдығы, жеделдігі жатыр. Бұл журналдарға қарағанда газеттерге тән кең таралған жанрлар. Жанрдағы мәтіндер жүйесі баспасөзде болсын, радио және теледидар арқылы болсын берілгенде негізсіз, үстірт беріле салмайды. Оқырман не тыңдарман назарына ұсынылатын әлеуметтік фактілердің барлығы да өңделіп, қоғам назарын аударарлықтай түрде беріледі. Көсемсөздің ақпараттық жанрларының негізгі міндеті – мерзімі, ауқымы жағынан әртүрлі нақты, жеке болмыс, құбылыстарды түйіндеп, шағын мағлұмат беру. Онда, негізінен, оқиғалар, фактілер, құбылыстардың қашан, қайда болғандығын жеткізеді. Бұл жанр түрлеріне есеп, әңгіме, сұхбат, репортаж, түсініктеме, реплика жатқызылады.

Сараптамалық жанр. Аталмыш жанрлар тобының мазмұны шындық болмыс, құбылыстарын талдаудан, оларды уақыт және кеңістік жағынан кеңірек қамтудан, айналадағы өмірдің мәселелеріне неғұрлым тереңірек үңілуден тұрады. Көсемсөздің осы жанры бойынша жазылған мәтіндерде қандай да бір нәтижелер жайында жай ақпарат беріле салмайды. Сол

нәтижелерге қол жеткізу барысында нендей істер жасалды, шешілмеген немесе шешілген мәселелері болса, ол қалай, қандай жолдармен шешіледі немесе жүзеге асырылғаны көрсетілуі шарт. Яки талдау барысында журналист мәселелерді қойып, оның себептерін, факторларын анықтайды және мәселені шешуге дәйектеме-дәлелдемелерін келтіреді. Мұндай жанрларға хат-хабар, мақала, шолу, баспасөзге шолу, хат, баспасөз конференциясы, пікірталас, көсемсөздік түсініктеме, пікір жазу (кино, театр, телепікір) жатады.

Көркем-көсемсөздік жанр. Суреттеме, очерк, фельетон, памфлет. Бұл жанрлар тобы оқырманға эмоционалдық әсер етумен, көркемдік амалдармен, образдылығымен сипатталады. Мұнда жеделдік екінші орынға түседі. Отандық ғалымдар жанрды тарихи категория ретінде тани отырып, оның қоғамдағы сан алуан үдерістермен қабысатын және заман талабына сай өзгеріп, жаңғырып отыратын құбылыс ретінде бағамдайды. Қазіргі көсемсөз жанрлары ақпараттық, талдамалы және көркемдік арнадан асып, одан да биік танымдық деңгейлерге жетті. Бұған дүниедегі түрлі қоғамдық өзгерістер мен құбылыстардан туындайтын баспасөздің жанрлық мәтіндерінің кеңеюі себеп бола алады. Дамудағы осындай өзгешеліктерді, қоғамдағы құбылыс үдерістерін және басқа да факторларын ескере отырып, профессор К.Қамзин көсемсөз жанрларын алты топқа бөліп қарастырады. Олар:

1. *Деректі-ақпараттық жанрлар тобы:*
2. *Деректі-сипаттаушы жанрлар тобы:*
3. *Деректі-талдамалы жанрлар тобы:*
4. *Деректі-зерттемелік жанрлар тобы:*
5. *Деректі-бейнелеуші (образды) жанрлар тобы:*
6. *Деректі-дүниепайымдық жанрлар тобы:*

[11,231бет].

Осы көрсетілген көсемсөз жанрларының жіктелімі біз зерттеу нысанына алып отырған этнобасылымдарда әрқалай көрініп, әркелкі орын алады. Осы жіктелімде бар жанрлардың кейбірі қазақ тіліне аударылған. Бұл салаға сырттан енген терминдердің қазақша баламаларын ғалым С. Медеубекұлы да ұсынған. Ол «заметка» дегенді «аңғарат», «репортаж» дегенді «оқиғат», «интервью» дегенді «сырашар» деп қолданады.

Бүгінгі болмысты, әлеуметтік өмірдегі шындық пен оқиғаларды көрсетіп, бұқаралық оқырманға жеткізетін, өзекті мәселелерге талдау жасайтын көсемсөздің негізгі міндеті – мәселелер мен сауалдар, оқиғалар мен фактілер туралы қоғамдық пікір туғызу екендігін тағы да еске сала кеткеніміз жөн. Яғни көсемсөз жанрлары арқылы тұтастай алғанда қоғамның негізгі даму бағыттарын және дамуына кедергі келтіретін мәселелерді анықтауға болады.

Қазақстанда шығатын түрлі этнос өкілдерінің газеттерін саралаған уақытта ақпараттық көсемсөз жанрларының басым екендігіне көз жеткіздік. Ақпараттық жанрларға газеттердің бірінші беттерінде кеңінен орын беріледі. Мәселен «Ахыска» газетінің алғашқы беттерінде «Официально-resmi»,

«Встречи-görüşmeler», «Событие-olay», «Новости Казахстана и Турции» деп аталатын айдарлар бар. «Давар» газетінің алғашқы беттерінде «Главные события года», «Жамият Ва Маърифат» газеті «Туркистон хабарлари», «Уйғур Авази» газетінің «Асасий Мақалилар», «Гезитимиз Жанкөйәрлири» т.б. айдарлармен берілген аңғараттарда (заметка) Қазақстанның және этностардың қоғамдық өмірінен хабар беріледі. Аңғарат нақты бір уақыттағы шындық оқиғаларды жария етеді.

Журналистика саласының белгілі теоретигі А.А. Тертычныйдың пікірінше, аңғарат жанрының анықтамасы тақырыпты белгілі бір тұрғыдан зерттеу нәтижелері баяндалатын кішігірім өлшемде (журналистикадағы жарияланымдар көлеміне қатысты бұрынғы көзқарас тұрғысынан) ерекшеленетін материалдардың түріне жатады [31, 102 б].

«Өзгермелі әлемдегі журналистика» атты кітап авторлары оқырманға хабарды жеткізудегі жоғары жеделдік және қысқа баяндау осы жанрдың негізгі ерекшелігі деп көрсетеді. Сонымен қатар хабар неғұрлым жедел жеткізілсе, оған деген қызығушылықтың маңызы арта түседі. Әдетте аңғаратта не?, қайда?, қашан?, кім?, неліктен?, қалай? деген әдепкі сұрақтарға жауаптар болады. Осыған сәйкес біз сөз етіп отырған аңғараттар республиканың қоғамдық маңызы зор оқиғаларын жедел ұсынып отырады. Осы аңғараттарды оқып отырған оқырман оның қызығушылығын оятатын қоғам өмірінің басты оқиғаларынан дер кезінде хабардар болып отырады. «Ахыска» газетінің «Новости Казахстана и Турции» айдарында Қазақстан мен Түркиядағы басты оқиғалардың кем дегенде 8 немесе 9-ға дейінгі аңғаратқа дейін орын беріледі.

Көсемсөздің жедел жанрларына болып жатқан оқиғаларды сол немесе басқа қырынан суреттейтін оқиғатты (оқиғалы ақпаратты) жатқызуға болады. А.Бобковтың пікірінше, «оқиғат (репортаж) – журналист бастан-аяқ куәсі немесе қатысушысы болған маңызды оқиға туралы «тірі» шынайы әңгіме. Оқиғат әрқашан маңызды тақырыптан тұрады. Қазіргі кезде бұл жанр көсемсөздің формасына айналып барады. Репортер оқырманға оқиға картинасын оның барлық кезеңдерінде, яки басынан бастап соңына дейін көрсетуге тырысады [33, 14 б.]. С.М.Гуревич оқиғат жанрына мынандай анықтама береді: «Оқиғат –бұл автор не куәсі, не қатысушысы болған оқиғаны көрнекілеп көрсетудің жедел динамикалық формасы [34, 56 б.].

Жалпы газеттерде оқиғат жанрының мүмкіндіктері оқырмандарды қоғамдық маңызы зор шаралар туралы ақпараттандыру үшін қолданылады. Мәселен, тағы да сол «Ахыска» газетінің 2005 жылғы 31 наурыз күнгі санындағы мақалада Қазақстан халықтарының ұлттық асүйі» фестивалі аясында өткізілген түрік асүйіне арналған кеш туралы айтылады. Автор оқиғаны әсерлі жарқын бояумен сурттейді, арнайы шараның өткізілген орны, арнайы ұлттық киім киген кеш ұйымдастырушылары, арнайы шараға байланысты жайылған дастархандағы ұлттық тағамдардың ерекшеліктері (ұлттық тағамдардың шығу тарихы, дайындалуы т.б.с.) туралы көптеген фактілер келтіреді. Айта кету керек, оқиғаттың жанр ретіндегі мүмкіндіктерін

журналистер аз қолданады. Газеттердің қай-қайсысы болмасын қоғамда орын алған ірі оқиғалар, шаралар туралы оқиғаттарды көбірек жазады.

Қазақстанда шығатын этникалық газеттерге жасалған талдаулар қоғамдық маңызы зор оқиғаларды жариялауда этникалық басылым журналистерінің де сырашар жанрының мүмкіндіктерін көбірек пайдаланатындықтарын байқатты.

Әлбетте, бұл жанр бір жағынан журналистің өзі қойып отырған сауалдарына жауап ала отырып, өз мақсатына тезірек жетуіне септігін тигізетіні анық. Ал екінші жағынан сырашар барысында журналисті сұраққа жауап беруші беруші эмоционалды күйде қарапайым әңгімелесуші ретінде қабылдайды.

Сырашар жанрының ерекшеліктерін анықтай отырып, Л.Кройчик әңгімелесушінің белгілі бір рөлге ие болатындығын айтады: «Специфика интервью как жанра заключается в том, что в его тексте внешне главенствует точка зрения не автора, а собеседника журналиста. Это не означает, что голос публициста в интервью не слышен: во-первых, ход самой беседы искусно направляется журналистом (содержание и структура общения жестко подчинены задачам, решаемым автором), а во-вторых, демонстрация точки зрения собеседника по обсуждаемому вопросу подразумевает, предполагает, выявляет (иногда - прямо, иногда - косвенно) и позицию корреспондента. Искусство интервью заключается в том, что аудитория всегда получает возможность соотнести взгляд публициста со взглядом его собеседника» [35,976].

Сырашар жанрының ерекшелігін анықтауда А.Тертычныйдың анықтамасы неғұрлым айқынырақ: «Выделение жанра «интервью» произошло в результате того, что ряд публикаций, в ходе создания которых (при сборе материала) был применен метод интервью, фиксирует собой реальный процесс интервьюирования или же специально строится в вопросно-ответной форме (форме интервью). В том случае, когда автор такой публикации ставит своей задачей лишь сообщение аудитории сведений, полученных от интервьюируемого лица, никак не пытаюсь их комментировать, можно говорить, что он создает информационный материал» [31, 28 б]. Мәселен, «Ватан Казахстан кабель» («Ахыска» газеті 2005 жыл. 31 наурыз. 7-бет) тақырыбындағы сұхбатқа назар аударайық. Сұхбат беруші «Ватан Казахстан кабель» ЖШС-ның Бас директоры Мухамад Эльдар Алиев. Журналист неліктен?, қашан?, неде?, не? деген екі-үш сұрақтар қояды. Сырашар монолог түрінде жүргізіледі. Аталмыш газетте дәл осы сырашармен қатар тағы бір сырашар берілген. Сырашар «Нужно ли «Ахыска» дружить с бизнесменами?» («Ахыска» газеті 2005 жыл. 31 наурыз. 7-бет) деп аталады. Алдыңғы сырашар нысан (объект), немесе ынсан (субъект) туралы таза ақпарат алу мақсатында жүргізілсе, кейінгісі журналистің нысан, не ынсан туралы өзі қосанжарын (коментарийін) бере отырып әңгіме-сұхбат жүргізілген. Басқа да республикалық, ұлттық басылымдар секілді этникалық басылымдар да көсемсөз жанрларын қолданудың жаңа амалдарын іздей

бастады. Бұған ең бірінші кезекте ақпараттық жаһандық ағын себеп болды деп санаймыз.

Этникалық газеттерде сондай-ақ жетекші саналатын мақала жанры да нақты оқиға мен жағдайды талдау үшін кеңінен қолданыла бастады. Мәселен, «Коре Ильбо» газеті «Наш человек», «Дiasпора», «Окно в Корею», «Актуально», «Уйғур Авази» газеті «Замандаш», «Әдәбият гулзари», «Давар» газеті «Еврейский мир», «Книжная гостиная» атты айдарлары мен арнайы беттерінде мақала жанры қолданылады. Журналистер немесе газеттің тұрақты авторлары күнделікті өмірдегі оқиға немесе бір жағдай негізінде материалдар құрайды. Алайда кейде журналистер тарапынан мақалада көтерілетін фактілерді терең зерттемеу салдарынан ондағы мәселелердің соңына дейін ашылмай қалатыны ара-тұра ұшырасады.

Осы біз сөз етіп отырған *мақала* жанрына журналистика саласының теоретик мамандары ерекше мән береді. Олардың пікірінше, бұл жанр фактілер мен көзқарастарды егжей-тегжейлі ашуға негізделеді. А.А. Тертычный мақаланы журналистиканың талдамалы жанрына жатқыза отырып, оның оқырманға өзекті деген үдерістердің, оқиғалардың, құбылыстардың қоғамдық және жеке маңыздылығын, олардың себеп-салдарлық байланыстарын түсіндіретіндігін, сөйтіп оқырман көзқарасына, мақаладағы суреттелетін нәрселермен байланысты әрекеттерге бастамашылық жасайды деп тұжырымдайды. Сонымен қатар мақала алқаманның назарын сипатталатын оқиғаларға байланысты туындайтын мәселелер мен міндеттерге аударады. Осы жағдайға қатысушылардың қандай стратегиялық немесе тактикалық мүдделері бар екендігін көрсетеді [31, 66 б].

Әлемді интернеттің жаулап алуы және ақпараттық технологияның қарыштап дамуына байланысты материалдарды берудің жаһандығы, асығыс болуы және сенсациялығы көптеген газет басылымдардың жанрлық палитрасының мардымсыз болуына алып келді. Бұған қоса жоғарыда айтып өткеніміздей, журналистердің жанрлар мен олардың ішкі заңдылықтары туралы білімінің болмауы немесе аздығы журналистік материалды адам танымастай етіп жіберуге әкеледі.

Ендігі кезекте этникалық басылымдардағы *сұхбат* жанрының ерекшеліктеріне назар аударып көрсек. Сұхбат – баспасөз ісіндегі ең көне, бірақ қазіргі кезде көсемсөздің ең бір жетекші жанрларының бірі. Сұхбат әртүрлі, психологиялық, әлеуметтік және ғылыми мақсаттарда қолданылады. Қазақстандағы этникалық бірлестіктердің басылымдарында көбіне-көп сұхбаттың орныққан, басқаша айтқанда классикалық түрлерін, оның ішінде атап айтар болсақ, сұрақ-жауап, дөңгелек үстел түрлерін көбірек қолданады.

Хат – әдепкі өмірде біреудің екінші біреуге жолдауы ретінде ұғынылатыны бұрынан белгілі. Алайда егер жолдаушы немесе адресат өз замандастарының ішіндегі белгілі, танымал адам болса, ал мәтін әлеуметтік мәселені көтерсе, мұндай хаттар қоғамдық маңызға ие болып, кейде саяси маңызды істерге араласушылардың талқылау нысанына айналып тұрған кезден белгілі.

Белгілі ағартушы- педагог Ы.Алтынсарин бүкіл өмірін ағартушылық-педагогтық қызметке арнаған. Ұстаздық қызметпен қатар сол кездегі қоғамдық-саяси өмірге араласып, ғылым мен білімге, еңбек пен өнерге, этнографияға қатысты еңбектер жазды. Ұлы мақсаттарына жету жолында Н.И. Ильминский, А.А. Мозохин, В.В. Катаринский секілді пікірлес орыс достарымен хат алмасып тұрған. 1861 жылдың 19 қаңтарында Н.И.Ильминскийге жазған хатында «Қазақ арасы деген маған мамық төсек, кең жайлау ғой; бірақ маған енді орыс қоғамының керектігі сезіліп жүр, олардың арасында болсам, мен орыс тілін үйрене берер едім, білгенімді ұмытпас едім» дейді [36, 142 б.]. Осы жолдарға терең зер салып қарасак, онда үлкен қоғамдық проблема жатқандығын анық байқауға болады.

Хат – қазіргі кезде ақпараттың, сәлемдесудің құралы ғана емес, әлеуметтік-саяси, мәдени-тұрмыстық, экономикалық және қоғамдық маңызы бар басқа да тақырыптағы және жариялауға арналған мәтіндерден тұратын, қандай да бір автордың бір адресатқа жүгіну, өтіну түрінде назарына ұсынылатын публицистиканың да жанры болып табылады. Хат авторлары жеке азаматтар, адамдар тобы және мекеме ұжымдары мен олардың басшылары, қандай да бір партиялық, басқарушылық, кәсіби жағынан немесе ортақ көзқарас тұрғысынан біріккен қоғам қайраткерлері болуы мүмкін. Ал хат адресаттары сол баспасөз оқырмандары бола алады.

Оқырман хаттарының жарияланымы. Жалпы хаттар эпистолярлық жанрларға да жатады. Хаттардың редакцияға арналуы да оның пішіні, тақырыбы, мазмұны, көлемі секілді әралуан болып келеді. Хат авторлары әлеуметтік топтардың барлық өкілдері болады. Олар өздерінің пікірінше, қызықты фактілерді, оқиғаларды және адамдар туралы хабарлай алады, көмек немесе кеңес сұрай алады немесе кемшіліктерді сынайды, қызықты тақырыптарды ұсына алады, газет жарияланымдары туралы өздерінің пікірлерін және өз өмірлері туралы баяндай алады.

Хатқа жанр ретінде әмбебаптылық тән, яғни бейнелеп көрсетілетін нысаны мен пәнінде ешқандай шектеу болмайды. Хаттың жанр ретіндегі маңыздылығы хаттың ашықтығына байланысты арта түседі. Яки баспаға жарияланғаннан кейін хат барлық оқырмандар үшін ашық болады. Қоғамдағы белгілі бір оқиғаға байланысты пікірін айтушы оқырман хаттарын пікір хат, қарсы пікір айту хаты, жоққа шығару хаты, сауал хат, алғыс хат, жолдау хат және т.б. топтастыруға болады. Әдетте мұндай хаттардың адрестік бағыттылығы болады және автордың немесе ұжым авторларының қойылған қолдарымен жарияланады. Айта кету керек, қазіргі баспасөз беттерінде бұл жанрдың мазмұны, түрі өзгерген. Қазіргі хаттар бұрынғыдағыдай тапсырыс бойынша жазылатын «еңбекшілердің хаттары» емес.

Енді мысал ретінде этникалық газеттердегі оқырмандардың бірнеше хаттарына шолу жасап кетейік. Үш тілде (түрік, қазақ, орыс тілдерінде) шығатын «Ахыска» газетінің 2005 жылдың 30 сәуіріндегі кезекті санында «Письмо в редакцию» айдарымен «Благодарим за душевное тепло» атты тақырыпта алғыс хат жарияланды. Бірінші хат (авторы Қарасай батыр

атындағы орта мектептің түрік тілі пәнінің мұғалімі Н.А. Алиева) мазмұнында көпұлтты мемлекет Қазақстан Республикасында түрлі тарихи себептерге байланысты қонақжай қазақ елінің жеріне қоныс аударып тұрып жатқан немістер, түріктер, поляктар т.б. этнос өкілдері Үкіметтің түрік тілін үйрену үшін мектептерге жағдай жасап беріп отырғандығы айтылады. Он бес жылдан астам уақыттан бері орта мектепте түрік тілінен сабақ беріп жүрген тәжірибелі мұғалім Қарасай аудандық Білім басқармасы мен басшылығына, мектеп әкімшілігіне, ҚР «Ахыска» түріктер Қауымдастығына көрсеткен қамқорлықтары, қолдауы мен түсіністік таныта білгендері үшін алғысын білдірген [37]. Этникалық баспасөз беттерінде мазмұны жағынан хат жанрына келетін жарияланымдар көптеп кездеседі. Мұндай жарияланымдарда назар аудартудың тек формасы ғана сақталып, басқа белгілері болмайды. Мұндай форма проблемалық мақалаға қоғамның назарын басымырақ аударту мақсатында қолданылады. Мақала алғыс хат арқылы мемлекет саясатына оң баға береді, яғни редакцияның идеологиялық бағыты сезіледі және ақпараттың нақтылығы мен объективтілігі оқырманның эмоциясына әсер ететін көркемдік тәсілмен жеткізілген. Бұл екі стильдің үйлесуі мақаланың мазмұнын байыта түседі.

Төменде келтіретін хат іс жүзінде проблемалық корреспонденция болып табылады. «Давар» газетінің «Нам пишут» атты тұрақты айдары бар. 2006 жылдың желтоқсан айында жарық көрген Мария Макарованың мақаласының мәтініне қарап оны көмек сұрау хат жанрына жатқызуға болады: «Недавно в редакцию наше газеты пришло письмо с историей, о которой мы не можем рассказать. В городе Рудном живет еврейский мальчик Андрей. Учится в пятом классе городской гимназии. За годы учебы ни разу не получил плохой оценки. Андрея любят в школе. Он добрый и внимательный, у него много друзей. Любят Андрея и дома. Особенно бабушка. Когда слышишь, как она говорит о внуке, сердце замирает этого трепетного, нежного, душевного и уважительного отношения к маленькому человеку. Андрею 10 лет. Но уже сейчас он знает, что такое боль, боль физическая и душевная. У Андрея комплекс офтальмологических заболеваний, которые ведут к ухудшению зрения. В августе он прошел первый курс лечения, но для полного выздоровления необходимы еще две операции, которые стоят очень больших денег. Их сегодня у семьи Андрея нет. Сегодня наша помощь нужна маленькому Андрею и его семье. Если вы чувствуете, что можете помочь этим замечательным людям, напишите им. Они будут очень рады вашему письму, потому что самое страшное – это быть одиноким в своем несчастье» [38].

Мәтін жанрлық тұрғыдан көмек сұрау хаттарына жатады, бірақ онда көркем-көсемсөздік элементтер де айқын көрінеді. Бұл қазіргі заманғы жарияланымдарда кездесетін гибридік формалардың мысалы болып табылады. Жаңа ақпараттық кеңістікте мұндай мәтіндер эмоциялық және ақпараттық тиімділігін сақтай отырып, оқырманның назарын өзекті мәселелерге аударуға мүмкіндік береді. Гибридік форматтың дамуы: көмек

сұрау хаттары, журналистік мақалалар және эсселер бір мәтінде жиі бірігеді, бұл дәстүрлі жанрлардың айқын шекараларын жояды. Яғни, ақпараттық кеңістікте көркем-көсемсөздік жанрлар біраз қиындықтарға ұшырады деуге болады.

Көркем-көсемсөздік жанрлар айналадағы болып жатқан оқиғаларды барынша эмоционалды қабылдайды. Журналистер шындық болмысты осы жанрда жалпылай беруге тиіс болады. Сондықтан да этникалық басылым журналистері де осы жанрдың мүмкіншіліктеріне аса бара бермейді.

Кейбір зерттеушілер бұрын-соңды пайдаланылған очерк жанры кеңестік еңбек ардагерінің жетістіктері мен өмірін сән-салтанатпен жариялап отыру үшін қажет болғандығын, ал өмірде кездесетін кедергілер мен проблемалар қоғамнан жасырылғандығын айтады. Алайда журналистика саласының теоретиктері бұл пікірмен аса келісе бермейді. М.С.Черепановтың тұжырымдауынша, очерк жанры оқиғаларды, шындық құбылыстарын, осы оқиғалар мен құбылыс кейіпкерлерін бейнелі (образды) түрде сипаттап көрсетеді. Ол басқа жанрлардан көркемдік, образдық хат ретінде, әдеби жанрлардан нақтылығымен, шынайы фактілер мен құбылыстарды жеткізуде нақ дәл келуімен ерекшеленеді [39].

Этникалық газеттердегі бірқатар очерктерді талдау барысында жанрдың жаңа даму үрдісін және осы жанрға аса көп бара бермейтіндігін байқауға болады. Мәселен, Қазақстандағы «Ахыска» түрік газетіндегі «Терең тамырлар» атты тарихи очеркте («Ахыска». 31 қаңтар, 2005 жыл) журналист Мубарие Рустамоглы Ибрагимов Иран және Анадолы жерінде тұңғыш түрік мемлекетін құрған селжүк түріктері, Селжүк бей, Тұғырыл сұлтан, Чагры бей, Яғбы Арслан және т.б. өмірлерін зерттей отырып, осыған дейін дереккөздерде айтылмай келген дүниелерді тәптіштеп баяндайды.

М.Н.Дуанбековтың «Жетпісің жетелесін өрге сені» («Ахыска». 31 қаңтар, 2005 жыл) айдарымен берілген толғау очеркі қазақтың ұлы ақыны Қ.Мырза-Әлінің шығармашылығына арналған. Айта кету керек, очерк жанрында жазушылар бейнелілік сөздерге қарағанда фактілерге көбірек басымдық береді. Бұған қоса журналистика саласындағы заманауи үрдістер бұған дейін осы жанрға тән болған барлық шектерді жойған. Очерк жанрымен қоса этнокөсемсөзде көркемдік-публицистикалық жанрға жататын эссе жанрына үлкен орын беріледі. Ғалымдардың пікірінше, көркемдік-көсемсөздік жанрлардың тізбегін аяқтайтын – осы эссе жанры.

Тағы да сол А.А. Тертычныйдың эссе жанры туралы анықтамасына жүгінсек: «Суть современного эссе заключается в том, что в нем особым образом излагается определенная концепция, некая теория, вытекающая из познания ряда лежащих «на поверхности бытия» явлений о той или иной сфере общественной деятельности. Свои рассуждения о разнообразных жизненных проблемах автор часто представляет в самом широком плане» [31, 213 б.].

Біз қарастырып отырған газеттердің журналистері эссе жанрының мүмкіншіліктерін республикамызға танымал, белгілі тұлғалардың өмірі

туралы баяндауда пайдаланады. Мысалы, «Сегіз қырлы, бір сырлы ғалым» атты Ахыска түріктерінің жас ғалымы Аға паша Гулалиұлы Құрбанов туралы» («Ахыска». 31 наурыз, 2005 жыл) эсседе автор эссе кейіпкерінің ғылым саласындағы жетістіктері, өмірі туралы баяндайды.

Көсемсөздік мақала. Т.Амандосов «Қазақ совет баспасөзінің жанрлары» (1968 ж.) оқулығында көсемсөздік мақаланы «заман лебізіне үн қосып, қоғамдық сананы өрнекті сөздер арқылы білдіру формаларының бірі» деп анықтама берді [40, 120 б.]. Ғалым мақаланың бұл түрінің «өзінің публицистикалық сипатымен, терең идеялылығы және әлеуметтік аумақтылығымен ерекшеленеді, ол неғұрлым жарқын да көпке ұнамды болумен қатар нақтылы келеді» деп оған тән сипаттар мен белгілерін көрсетеді [40, 125 б.]. Айналадағы оқиға, фактіні оқушыға тартымды етіп жеткізудің бір сыры көсемсөздік мақаланың тілі мен стилінің көркем мәнерлілігі мен жалындығында. «Көсемсөздік мақаланың талдауы қонымды, ойы ұтымды да уытты, фактілері бедерлі, пікірлері айшықты сөздермен көмкеріле, тілі жатық келеді» [40, 123 б.]. Көсемсөздік мақала замандастардың өнегелі ісін, олардың өмірі мен күресін, ой-арманын, мақсаты мен тілегін зор мақтанышпен тебіренген леппен баяндайды. Газеттегі көсемсөздік мақала бүгінгі күннің тақырыбын, белгілі бір кезең немесе мезгілдің тақырыбын арқау етеді.

Материалдарға талдау жүргізе отырып, көркемдік-көсемсөздік жанрлардың көлемі жағынан бүгінгі газет құрылтайшыларының талаптарына аса сай келе бермейтіндігін аңғардық.

Көсемсөз – басылымның айнасы. Көсемсөз – газеттің көзқарасын білдіріп, оны басқа БАҚ-тан ерекшелендіреді. Өкінішке орай, қазіргі жаһандану жағдайында көсемсөздің өзіне ғана тән қалып-белгілері өшіп бара жатқан секілді. Зерттеу барысында ұлттық басылымдармен қатар Қазақстандағы этнос өкілдерінің газет басылымдары, журналистері аралас жанрлық құрамдаттарға (компоненттерге) басымдық бергенімен, қосанжар, шолу, рецензия, есеп секілді талдамалы жанрларды көп пайдалана бермейтіндігін байқадық. Бұдан шығатын қорытынды:

- 1) Қазақстандағы этникалық баспасөз ақпараттық нарық талаптарына сай келетін деңгейге әлі жете қойған жоқ;
- 2) Этностық газеттер материалдарды құруда, оны алқаманға жеткізуде әлі де бұрынғы кеңестік дәстүрлерден толық арылып болмаған;
- 3) Журналистер журналистиканың бай ресурстарын, әсіресе, талдамалы ресурстарды жеткілікті пайдалана алмай келеді;
- 4) Алқаман талаптары мен қажеттіліктерін жақсы білмеушіліктің салдарынан оқырмандардың газетке деген қызығушылығы азайып, нәтижесі газет тираждарының азаюына алып келуде;
- 5) Кадр тапшылығы.

Бұл тұрғыда төмендегідей ұсыныстарды келтіреміз:

Бірінші, этникалық БАҚ-тар заманауи ақпараттық нарықтың талаптарына сай болу үшін мазмұнын жаңартуы қажет. Бұл үшін:

- талдамалы жанрлар қолданылуын арттыру;
- оқырманмен өзара байланыс орнату әдістерін жетілдіру;

Екінші, кеңестік дәстүрден арылу: материалдарды жазу мен мазмұн құрудың жаңа тәсілдерін игеру керек. Әсіресе, цифрлық технологияларды қолдану маңызды;

Үшінші, алқаманды зерттеу: Оқырман қажеттіліктерін анықтау үшін сауалнамалар, фокус-топтар және басқа да зерттеу әдістерін қолдану. Оқырман қызығушылығына бейімделген контент жасау;

Төртінші, креативтілік және инновация: этникалық газеттер оқырманды тартымды мазмұнмен қамтамасыз ету үшін интерактивті және мультимедиялық тәсілдерді қолдануға тырысуы керек.

Қазақстандағы этникалық баспасөз әлі де даму мен жаңғыру кезеңінде. Журналистиканың бай ресурстарын тиімді пайдалану және аудиторияға бейімделу бұл баспасөзді жаңа деңгейге көтеріп, заманауи ақпараттық нарықта бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

1.3 Этникалық баспасөздің мазмұндық-пішіндік ерекшеліктері

Баспасөздің тарихи даму үдерісінде жарияланымдардың мақсаттарына қарай әртүрлі пішінде қолданылатын мәтіндердің бірнеше түрі қалыптасып, дамып бекіді. Шығармашылық шектеу жүйесін естен шығаруға болмайды, яғни материал мазмұнын, бөлекше мәтінді белгілі бір қалыпқа, белгіленген шекара құшағына сыйғыза білуі керек. Қаламгер шеберлігі, әлбетте, осы үдерістен анық көрінеді.

Демек, мазмұн пішінді анықтайды, пішін, әлбетте, мазмұнға, мәтін лексикасына әсер етеді, фразалар құрылысын реттейді [10, 159 б.].

Тәуелсіздік алғаннан бері тұтастай алғанда этнокөсемсөздің дамуында ерекше бір кезең басталды деуге болады. Әсіресе, этнокөсемсөздік материалдардың тақырыптық, мәселелік ауқым-аясы кеңейе түсті деуге толық негіз бар. Қолымызда бар этнобасылымдарды саралап шыққанда, негізінен, ресми мәдениет, экономика, ел, жер, тарих, тәуелсіздік және т.б қоғамдық, әлеуметтік тақырыптарды қозғайтынына көз жеткіздік. Содан кейін елімізде орыс тіліндегі басылымдардың саны өте көп. Этникалық басылымдардың кейбірі жарияланымдарын үш тілде, өз ана тілдерінде, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жариялайды.

«Казахстанская правда» республикалық қоғамдық-саяси газеті Қазақстанда өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бері шығып келеді. Жалпы ұлттық газет республикамыздағы ресми және іскери ақпараттың көзі. Газет беттерінде Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің бұйрықтары мен жарлықтары, Үкімет қаулылары, республиканың жаңа сөздері, жоғары билік органдарындағы ауыс-түйістер туралы хабарламалар жарияланады. Газет еліміздегі және шет елдерде болып жатқан маңызды оқиғаларды да жариялап отырады. Қазақстан аумағындағы оқиғалар жайында

кең ақпаратты, соның ішінде қоғамда туындайтын мәселелер туралы сараптамалық материалдарды газеттің аймақтық тілшілері жеткізіп отырады.

Орыс тілінде жарық көретін республикалық қоғамдық және саяси газеттің бірі – «Экспресс К» басылымы. 1920 жылы негізі қаланған «Ленинская смена» газетінен бастау алады. Газет 1991 жылдың тамыз айындағы бүліктен соң жалпы редакциялық жиналыстың шешімімен атауын өзгерткен. Негізгі тақырыптары: саясат және экономика, мәдениет және өнер, спорт, денсаулық, ғылым және білім.

Қазақстанда ең көп тиражбен таралатын газет апталық, тәуелсіз басылым – «Караван». Қазірге дейін жиырмадан аса тұрақты айдары бар басылымның алғашқы нөмірі 1991 жылы шыққан болатын. Бұл аталған газеттердің қай-қайсысы болмасын 1991 жылға дейін көбінесе мемлекеттік қаулыларды, үкіметтік маңызды кездесулерді жариялап отырды. Тіпті «Казахстанская правда» газетінің 1985 жылғы бір саны түгелдей Ұлы Отан соғысының жеңісіне қырық жыл толуына арналды.

1968 жылдан бастап шығатын Алматы қалалық «Вечерняя Алматы» газетінің 1991 жылғы 20 тамыз күнгі санында РФР-дағы тамыз оқиғасына байланысты бірнеше материалдар жинағы жарияланған. Сол материалдардың ішінде «Обращение к Советскому народу» деген атпен шыққан мақаланың мазмұнында «Біздің Отанымызға қауіп төніп тұр. М.С.Горбачевтің бастамасымен басталған реформа жүзеге аспай қалды. Мемлекетті басқару мүмкін болмай қалды» деп, болған жайтқа өкіне, әрі өтініп көмекке шақырған сипаты болды. Газеттің осы санында КСРО Президенті міндетін уақытша атқарушы Г.И.Янаевтың мемлекет пен үкімет басшыларына және БҰҰ Бас хатшысына арнаған үндеуі жарияланды.

Қазіргі кезеңде әрбір ұлт пен этностық топтар үшін өз тарихын объективті тұрғыда жазуға мүмкіндік бар. Осы жағдайда олардың тарихи деректерге деген қызығушылығы оянып, ел тарихын ғылыми айналымға жүйелі түрде тарта түсу басталды. «Ахыска» газетінің 2005 жылғы бір жылға дерлік сандарында Мубарис Рустамоглы Ибрагимовтың «Глубокие корни» тақырыбындағы қысқаша тарихи очеркі жарияланды. Бұл – Иран мен Анадолы аумағында алғашқы түрік мемлекетін орнатқан селжүк түріктерінің тарихын баян ететін очерк. Очерк Қазақстанда өмір сүріп жатқан түріктердің алпыс жылдығына арналады деген айдармен берілген. Газеттің осы 2005 жылғы қараша айындағы санында осындай тарихи сипаттағы тағы бір мақала қазақ тілінде жарық көрді. Авторы – белгілі түріктанушы, «Ахыска» ғана емес басқа да ғылыми-көпшілік басылымдардың тұрақты авторы, біраз жылдар бойы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шығыстану факультетінде ұстаздық қызмет атқарған ғалым профессор Фадли Фазилұлы Әли.

Ғылыми мақала жаңа сипаттағы түрік мемлекеті Түркия Республикасының (кейбіреулер қате жазып жүргендей «Түрік Республикасының» емес (авт. Фадли Фазилұлы Әли) негізін қалаушы және оның Тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрік туралы жазылған. Мақаланың көлемі шағын болғанымен, мазмұны терең, тілі орамды. Мұстафа

Кемал Ататүріктің өмірі мен қызметіне байланысты тарихи деректер, ақпараттар жүйеленіп, ықшамдалып, оқырман зердесіне оңай жететіндей жеткізілген. Мақала соңы «Ататүрік рухы қалпында қалды» деген ерекше эмоционалдық реңк, көтеріңкі леппен аяқталған. Жалпы «Ахысканың» басқа этникалық газеттеріне қарағанда қандай тақырыпта болсын газет материалдарының көбін мемлекеттік тілде жариялауға баса мән беруі куантады.

Этникалық газеттерді саралаған уақытта олардың құрамы жағынан әралуан болып келетінін байқадық.

Кейбір газеттерде ресми ақпараттық мәліметтер көп болса, ендігі бір газеттерде мазмұны жағынан әртүрлі жанрларға жататын жарияланымдар кездеседі. Әрине, баспасөз материалдарының құрамы жағынан әртүрлі болып келуі оның деректік ерекшелігін көрсететіні анық. Яғни баспасөз мәліметтерінің пішін, мазмұн жағынан әртүрлі болып келуі ұлт немесе этностық топтар туралы жан-жақты мәлімет алуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде халық баспасөз беттерінен байсалды пікір, сауатты құрылған салиқалы сөз күтеді. Біз зерттеу барысында саралап талдаған этникалық газеттерде бұрынғыдай жадағай марапат, құры мақтау, тым ресмилік, есеп берушіліктің орнына қандай да бір проблемаға терең барлау жасап астарына үңілу, талдау жасай отырып ашық жазу сипаттары көп болмаса да, жоқ еместігін айта аламыз. Көсемсөз жанрындағы мақалалар болсын, сұхбаттар болсын бұрынғыдай жалаң баяндаудан гөрі терең талдау жасауға көшкендігі анық байқалады.

«Ахыска» газетінің 2005 жылдың 31 шілдедегі санында аталмыш газеттің тұрақты авторларының бірі М.Р.Ибрагимовтің «Наша письменность, грамматика и литература были и теперь должны быть общими» деген атаумен орыс тіліндегі көлемді мақаласы жарық көрді. Мақала осы газеттің 2005 жылғы маусым айында Н.Ш.Мамедовтың «Проблемы развития письменности, грамматики и литературы турок-ахыска» («Ахыска» № 6 от 30 июня 2005 года) мақаласына пікір ретінде жазылған. Екі автор да ұлттың жер бетінен жойылып кетпеуі үшін өзінің мектебі, білім беру орталықтары болуы керектігін айтады. Кез келген халық әдеби тілсіз ғылым мен білім саласында жоғары дамуға қол жеткізе алмайды.

Қазақстандық азаматтардың Түркияда, керісінше, Түркия азаматтарының Қазақстанда білім алуына арналған арнайы бағдарламалардың арқасында бірнеше жылдардан бері республикамызда қазақ-түрік лицейлері, Қожа Ахмет Йассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және басқа да бірқатар оқу орындары жұмыс жасайды. Мақалада Алматыда және республиканың басқа қалаларында қазақ-түрік мәдени орталықтарының ашылуы Түрік Республикасы мен Қазақстан арасындағы байланыстарды одан әрі нығайта түскендігін, түрік ұлтының жастарына Түркияның жоғары оқу орындарына түсу үшін жыл сайын квота бөлінетіндігін, екі елдің білім Министрліктерінің арасында тығыз байланыс орнағандығы айтылады.

Ал Қазақстанда түрік Қауымдастығының құрылуы Қазақстан мен Түркия арасындағы қатынастарды одан да жоғары деңгейде дамытты. Мақала авторы тегі, тілі, діні, ділі бір Түркия түріктері мен Қазақстандағы түрік-ахыскалардың енді жазба тілі де, грамматикасы мен әдебиеті де жалпыға ортақ болу керектігін алға тартады. «Ахыска» сөзі Түрік Республикасының мемлекеттік, әдеби тіліндегі сөз. Қазақстандық түрік диаспорасында бұл сөзді қолдануда аздаған дыбыстық өзгешеліктер (мұндағы диаспоралар «ахыска» сөзін «ахысха» деп айтады. Автор М.Ибрагимов) болғанымен, мағынасы бір. Түрік Республикасында жергілікті халықтың географиялық орналасуына қарамастан 5-6 тіл диалектілері бар. Ахысха түріктері Осман диалектісінде сөйлейді. 1829 жылдан бастап «Ахыска» аумағы Ресейдің басқаруына өткен кезден бастап және бүгінге дейін, яғни жүз жетпіс алты жыл бойы ахыска түріктерінің диалектісінде ешқандай өзгерістер болмаған. Тіл өзінің әдеби пішінін жоғалтып алғанымен, орыс және грузин тілдерінен енген кірме сөздерді көп жинаған.

Қысқасы, мақала авторы «ахысха» сөзіндегі әріп, дыбыс алмастыруға қазақстандық түрік диаспораларының келісетіндігін, алайда бұдан да маңызды мәселе бар екендігін меңзейді. Яғни қазір жеке жазба тілі мен грамматиканы жасаудың қажеттілігі бар ма? «Бізге Түркиядан бөлініп, тағы бір түркі тілдес ұлт жасаудың не қажеті бар?» деп оқырманға үлкен сауал тастайды. Бұдан әрі мақала авторы тарих тереңіне көз жүгіртеді. Орыс-түрік соғысында жеңіліс тапқаннан кейін Ахысха (Ахалцихе) аумағының Осман түріктері империясынан бөлініп, тағдырдың қиын жолдарына тап болғандығын тәптіштей баяндайды.

Мақаланың ең өзекті тұсы автордың тілге төніп келе жатқан қауіпке алаңдаушылық білдіруі деп ойлаймыз. «Өз ана тілінде сөйлей алмайтын жас түрік азаматтары мен азаматшаларының, тіпті орта жастағы түріктердің қатары көбейіп келе жатыр. Біздің түріктеріміз орыстілді, орысша сөйлейтін халыққа айналып бара жатыр. Ана тілін жоғалту бүгінгі күнде ащы шындыққа айналуы мүмкін», – деп дабыл қағады [41, 6-бет]. Бұдан әрі автор қазіргі түрік әліпбиіндегі орын алып отырған проблемаларды қозғай отырып, қазір латын әліпбиін қолданатын Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінің әліпбиіне ахысха түріктері тілі мен қазақ тіліне арналған әріптік таңбалармен толықтыруды ұсынады. Түркиямен келісімге келе отырып, Түркиялықтарға ахыска түріктеріне ортақ латын-түрік әліпбиін жасау қажеттігін айтады.

Мақаланың соңында автор өз ойын «Ахыска» газетінде жарияланатын мақалаларға бұрады. Газет мақалаларды Түркияның, Қазақстанның, Ресейдің мемлекеттік тілдерінде және ахыска түріктері және әзірбайжан түріктерінің диалектісінде жариялайды. Газеттің атауын «Ахыска» деп өзгертудің тарихи мәні бар дей келе, бұл сөздің көне түріктердің қоныс, мекен атауын білдіретіндігін айтады. Автордың айтуынша, газетте Ахыска аймағының түріктері жайында мақалалар жиі жарияланып тұрады. Мақаланың соңында автор аталмыш газетте қандай мақалаларды жариялау керектігін, немесе жарияламауды таңдау құқығы газеттің жеке меншік иесіне, редакциялық

кеңестің төрағасына және бас редакторына тиеселі екендігімен түйіндейді. «Ахыска» газетінде «Поэзия – өлең санаты» деп аталатын тұрақты айдары бар. Онда Қазақстандағы түріктердің поэзиялық туындылары жарияланып тұрады.

Тек ұйғыр тілінде шығатын «Ұйғур авазы» газетінің бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясының құрметіне Қазақстан ұйғырлары Республикалық этномәдени орталығы және Қ.Құжамияров атындағы республикалық мемлекеттік Ұйғыр музыкалық комедия театрының қолдауымен «Келісім керуені» атты республикалық акция ұйымдастырылды. Осы іс-шара аясында тұтастай бір үгіт-насихат бригадасы Алматы облысының Панфилов, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарын және Батыс Қазақстан облысының Орал қаласын аралап шықты. Үгіт-насихат тобының мүшелері жазушылар, ақындар, әртістер және ұйғыр халқының зиялы қауым өкілдері біздің мемлекетіміздің негізгі стратегиялық бағдарламаларын, әсіресе, бес институционалдық реформалардың «100 нақты қадамын» насихаттады. Газетте осы шара барысындағы атқарылған жұмыстар және біздің тәуелсіз еліміздің басты байлығы саналатын халықтар достығы мен ұлтаралық келісім туралы мақалалар жарық көрді.

Басылымның бас редакторы М.Жумаров «Ана тілі» ұлт газетіне берген сұхбатында: «Мемлекеттің қолдауымен жарық көріп жатқан бұл жалғыз ресми басылымның ұйғыр халқы үшін газет сөзінің шеңберінен де маңыздырақ екенін байқау қиын емес», – дейді. Халық кез келген мәселе бойынша айталық, мектепке бала жетпесе де, оқулық шықпай қалса да, бірер атаудың аудармасын таппаса да, ең алдымен, редакциядан көмек сұрайды. Кейбір мектеп, көшелерге белгілі тұлғалардың есімін беру, қайырымдылық шараларын ұйымдастыру туралы пікір айтып келетіндер де бар. Панфилов қаласының атын қайтадан Жаркент деп атау жөніндегі ұсыныс ең алғаш болып «Ұйғур авазы» газетінде жарияланған еді.

Бүгінгі қоғам тынысы мен тіршілігін өз оқырмандарына дер шағында жеткізіп отыратын кез келген басылымның уақыт өткен сайын құндылығы арта беретіні сөзсіз. Өйткені ол айналадағы болып жатқан оқиғаларды жариялап қана қоймай, сол материалдар жайында құнды деректер жинайды. Сөйтіп уақыт өткен сайын газеттің өзі бағалы тарихи дереккөзге айналып, көп құбылыстар мен оқиғалардың қыр-сырын ашуға көмектеседі. «Ұйғур авазы» апталық басылымы 2017 жылдың 19 сәуір күнгі №16 нөмірінде Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ұйғырша жер-су аттары хақында» (Ұйғурчә йер-су намлири һәққиндә) атты мақала жариялаған. Көлемді мақаланың авторы А.Самсақов Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданына қарасты Байсейіт ауылының аты ұйғырдың классик ақыны Сейіт Мұхаммед Қашиннің құрметіне қойылғандығын айтады. *«Байсейіт – Құлжа жолына орналасқан елді мекен. Сонымен бірге ұйғырдың классик ақыны Сейіт Мұхаммед Қашиннің құрметіне солай аталған. Ақын өмірінің соңғы жылдарын осы жерде өткізген. Байсейіт ауылындағы мәдениет үйінің алдына осы ақынның құрметіне ескерткіш қойылған»* [42].

Сондай-ақ, осы ауданға қарасты Маловодное ауылының (2014 жылдан бастап Бәйдібек би ауылы деп аталады) көне атауы газеттегі дерек бойынша «Моллавдун» деп аталады екен. *«Маловодное – Құлжа жолына орналасқан ауыл. Алматы қаласынан 50 шақырым қашықтықта. «Маловодное» сөзі суы аз деген мағынаны білдіреді. Шын мәнінде, бұл жер жер асты және жер үсті суларына өте бай болып, орысша атауына сай емес. Бұрын бұл ауыл Молла Авдун есімді ақсақалдың құрметіне «Моллавдун» деп аталған. Моллавдун кейін орысша Малаводное болып өзгеріп кеткен* [42].

«Ұйғур авазы» газетінің «Қоғамдық қабылдау»деп аталатын айдары бар. Осы айдар арқылы оқырмандармен мемлекеттік басшылар және қоғамдық ұйымдар, ұйғыр зиялы қауымының белгілі тұлғалары арасында тікелей байланыс орнатылған. Оқырмандар оларға өздерін қызықтырып толғандырған сауалдарын қойып, қанағаттанарлықтай жауаптарын ала алады. Басылымның негізгі бағыттары туралы айта кетсек, газеттің бір қарағанда басқа қоғамдық-саяси басылымдардан аса бір айырмашылығы жоқ сияқты. Оқырман іздеген материалын, айталық экономика, саясат, мәдениет, спорт және тағы басқа салалардағы басқа басылымдардан да таба алады. «Ұйғур авазы» өз оқырмандары үшін қоғамдық-саяси, көркем-әдеби және жастардың да, балалардың да газеті бола білді. Әсіресе ұйғыр тіліндегі басқа газет-журналдардың жоқтығына байланысты ол баршаға ортақ болды. Басқа басылымдардан тағы бір ерекшелігі ол ұйғыр халқының тарихы, дәстүрі және мәдениетін жариялауға жете назар аударады. Осы тақырыптарға тарихшылар мен күзиретті мамандар да мақалалар жазған және әлі де жазып жатыр. Соның бірі Н.Данаеваның ҚазҰУ Хабаршысына шыққан (журналистика сериясы) «Қазақстандағы этнокөсемсөз: ұйғыр халқының қазіргі баспа беттерінде көрініс тапқан әдет-ғұрыптарының саралануы» атты мақаласы [27].

Бұл қазақстандық ұйғырларға тілі мен мәдениетін сақтап қана қоймай, дамытуға да мүмкіндік береді.

Әр жылдарда газет беттерінде Гуннар Ярринг, С.Е.Малов, В.В.Радлов, Тихонов, Н.А.Баскаков, Э.Р.Тенишев, А.Л.Решетов, Ә.Т.Қайдар, І.Кеңесбаев және бағы басқа ғалымдардың ғылыми-публицистикалық мақалалары жарық көрген.

Газетте бүгінгі күннің, атап айтқанда халықтар достығы, қазақстандық патриотизм, ұлтаралық келісім секілді көптеген өзекті тақырыптарын қозғайтын көптеген айдарлар бар. Мәселен «Қазақстан – ортақ үйіміз», «Біз – қазақстандықтар», «Әдеби достық – мәңгілік достық» т.б.

Қазақстандағы кәріс диаспорасының тағдыры 1937 жылдағы жер аударудың тарихымен тікелей байланысты болды. Әрбір кәріс ұлты қазақ халқының арқасында осы құт-берекелі жерде аман қалғандарын біледі. Қазір қазақстандық кәрістер өздерін көпұлтты Қазақстанның басқа этностары секілді табысты даму үшін барлық жағдай жасалған республикамыздың толық тең құқылы азаматы ретінде сезіне алады. Іс жүзінде әрбір жарияланымдарында өз тағдырларын баяндай отырып, кәрістер қазақ халқының қонақжайлылығы мен кеңпейілдігіне ризашылықтарын білдіріп

отырады. Корей қауымдастығы Ұлттық Корей Қауымдастығының (бұдан ары - ҰКҚ) бір бөлігі болып табылады. Өз кезегінде «Коре ильбо» да осы ҰКҚ-ның және республикамыздың басқа да этномәдени бірлестіктерінің қызметін жариялап отыруды өздерінің басым міндеттерінің бірі ретінде санайды. Газет беттерінде ҰКҚ-ның қызметін жариялай отырып, ұлтаралық қатынастардың үйлесімді дамуына өз үлесін қосады. Сондай-ақ газеттің республикадағы ең маңызды оқиғалар туралы «Менің Отаным – Қазақстан», Қазақстандағы және шетелдегі корей диаспорасының өмірі туралы «Диаспора», Қазақстандағы кәрістер Қауымдастығының аймақтық бөлімшелерінің жұмысы, өңірлердегі маңызды оқиғалар туралы «Аймақтар», қарапайым адамдардың өмірі, олардың жетістіктері туралы «Отандастар», Корей түбегімен ынтымақтастық туралы халықаралық жобалар жайында «Окно в Корею» атты айдарлары бар.

Газетте мемлекеттік және қоғам қайраткерлерімен, компаниялар мен кәсіпорын басшыларымен, көрнекті тұлғалармен, атап айтқанда: Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Юрий Цхай, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Қазақстан корейлері Қауымдастығының төрағасы Роман Ким, Корея Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Пак Чуэн мырзамен, «Шинхан Банк Қазақстан» АҚ Басқармасының төрағасы Джонг Жи және басқалармен сұхбаттар жарияланып тұрады. Қазақстан және Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы 28 қаңтарда құрылғаны белгілі. Газет беттерінде осы екі ел арасындағы ынтымақтастық, бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы баяндалады. Атап айтқанда Қазақстандағы корей Қауымдастығы Корея Республикасы Елшілігімен бірлесіп Оңтүстік Корея инновациялық технологиялары бойынша жылыжай кешендерінің құрылысын салу бойынша жобаны іске асыруда. Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында Қазақстан корейлері қауымдастығының осы тәжірибесін еліміздің үдемелі индустриалды-инновациялық дамуындағы этномәдени бірлестіктің қатысуының үлгісі екендігі атап өтілді [43].

«Коре ильбо» газеті өзінің оқырмандарына осы аталмыш жобаның жүзеге асырылу барысы туралы жеткізіп отырады. Оңтүстік Корея мекемелері мен компаниялары Қазақстанда көптеген білім беру және әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Осылар жайында ақпаратты да «Коре ильбо» газетінің бетінен табуға болады. Газет корей диаспорасының жұмысымен қатар басқа да этникалық топтар туралы жариялап отырады.

2005 жылдың желтоқсан айында Корей үкіметі ТМД елдерінде тұратын этникалық кәрістерді қолдаудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Корея Республикасының үкіметі шетелдердегі отандастарына мүмкіндігінше қолдау жасауды өздерінің парызы санайды. Сондай-ақ Қазақстандағы аз ұлттардың, оның ішінде қазақстандық кәрістердің құқықтарын қорғауға байланысты жүргізілетін жұмыстарды жоғары бағалайды. Шетелдік кәрістерге қатысты саясат әзірлеуге байланысты мемлекеттік комиссияның мәжілісінде қаралған жоспарға сәйкес корей тілін үйрену және Кореяда білім алу үшін

мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар Сеул қаласы ТМД-дағы этникалық кәрістерге арналған мәдениет мекемелерінің құрылысына, сондай-ақ бұрынғы кеңестік кезең тұсынан бергі барлық корей тіліндегі газеттер мен радиостанцияларға қаржылық қолдау көрсетеді.

Бүгінде Корея Республикасы Қазақстан экономикасындағы инвестициялардың көлемі жағынан алдыңғы орындардың бірінде тұр. Әрине, бұл арада Корей қоғамдастығының үлесі барлығы сөзсіз. «Samsung», «Daewoo», «LG Electronics», «Hyundai» секілді жетекші компаниялар мен басқа фирмаларға Қазақстан нарығында тұрақтау оңай әрі тиімді. Өйткені ең алдымен ел ішінде кәрістердің оң имиджі қалыптасқан, екіншіден, Қазақстан кәрістері екі ел арасында берік қарым-қатынастар орнатқан.

Диаспора өкілдері кен өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің ірі кәсіпорындарының, ауыл шаруашылығының, қаржылық ұйымдарының иелері және шағын және орта бизнесті де басқарады. Міне, осының барлығы «Коре ильбо» республикалық газетінің беттерінде лайықты көрініс тауып отырады. Корей халқының этникалық диаспорасы жаңа деңгейдегі халықаралық қатынастарды құрудағы бірегей көпірге айналды. Себебі, ол Қазақстанмен халықаралық қатынастарды белсенді дамыту жағдайында маңызды нысан және екі ел қатынастарының әрекет етуші субъектісі ретінде ең бір перспективалы іскери серіктес саналатын Корея Республикасымен байланыстырушы буын болып табылады. Әрине, Қазақстанның одан әрі дамуы мемлекет рөлінің артуына, халықтардың ортақ мүдделеріне негізделген саясаткерлердің тиісті ұстанымдарына байланысты. Корей диаспорасы өзінің ұлттық мәдениетін жалпыұлттықпен бірге дамыта отырып, қазақстандық жаңғыру ісіне барынша үлес қосады.

Қазақстанның ұлт бірлігі Доктринасының жобасы жарияланғаннан кейін корей жұртшылығы осы құжатты белсене талқылай бастады. «Коре Ильбо» газетінің беттерінде осы маңызды құжаттың мәнін оқырманға жеткізу үшін бірқатар сұхбаттар, Доктрина туралы материалдар жарияланды. Сондай-ақ газет беттерінде Қазақстан халықтары, қарапайым азаматтары арасындағы қатынастарды жариялап отыруды мақсат еткен басқа да диаспоралар өкілдерімен сұхбаттар, өзге де жанрлардағы материалдар ұдайы шығып тұрады.

Қазақстандағы неміс этносының «Deutsche Allgemeine Zeitung» (DAZ) республикалық газеті Қазақстан халқы Ассамблеясымен және басқа да ұлттық газеттермен тұрақты байланыс жасап, Қазақстандағы және Германиядағы саяси және экономикалық жағдай туралы талдамалық материалдар жариялайды. Осылайша Қазақстандағы және басқа республикалардағы немістердің мәдени және қоғамдық өміріне үлкен мән беріліп отырады. Немістердің «Возрождение» қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының, сондай-ақ республикадағы басқа да этномәдени бірлестіктердің қызметін, жастар ұйымдарының мәдени және ағартушылық іс-шараларын, неміс авторларының Қазақстан мен Германияда шығарған

жаңа кітаптары туралы ақпараттар да газет оқырмандарының назарына ұсынылып отырады.

Басылымды ТМД аумағында тұратын немістерді өзара байланыстырушы ғана емес, оларды тарихи отандарымен жалғайтын ақпараттық көпір деуге болады. Соңғы жылдары электрондық (www.deutsche-allgemeine-zeitung.de) нұсқасының арқасында оқырмандар саны арта түсті. Германияға қоныс аударғандармен рухани байланыстың үзілмеуіне интернет-парақша бүгінде өз септігін тигізуде. Газетке Қазақстанда тұратын, Орталық Азияда болып жатқан мәдени және саяси оқиғалардан хабардар болғысы келетін шетелдіктер тарапынан қызығушылық көп.

12 беттен тұратын газет беттерінде Қазақстан Республикасындағы және Германиядағы, сондай-ақ басқа елдердегі саяси және экономикалық жағдай туралы аналитикалық материалдар жарияланады. Сонымен бірге Қазақстан аумағындағы және басқа да республикалардағы немістердің мәдени және қоғамдық өміріне үлкен мән беріледі. Қазақстандық және ресейлік немістердің тарихи отанындағы интеграция мәселелері жиі талқыланады. Білім беру мен тәрбиелеудің өзекті мәселелері жиі көтеріліп отырады. Әсіресе, этносаралық келісім мәселелеріне ерекше орын беріледі.

Басылым Қазақстан халқы Ассамблеясымен, сондай-ақ басқа да ұлттық газеттермен үнемі байланыс жасайды. Газет беттерінен әрқашан Германия мен Қазақстандағы неміс авторлары шығарған кітап жаңалықтарымен танысуға болады. Газет баспасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін қазақстандық әріптестерімен қатар, Германияның кәсіби редакторлары мен тәжірибелі журналистері жұмыс істейді. «Deutsche Allgemeine Zeitung» неміс газетінің бүкіл республикаға шашырап кеткен аз ғана неміс өкілдерінің арасындағы байланыстарды орнатуда қосатын үлесінің салмағы артып келеді. Бұл, әсіресе, қоғамдық орталықтардан қашық тұратын адамдар үшін өте маңызды. Газеттің қазақстандық қоғамға жалпы әсер етудің жаңа мүмкіндіктері мен перспективалары баршылық. Оның басым бөлігі Германия халқымен байланыстарды қолдауға ұмтылады және қарқынды өзара сапарлар арқылы, атап айтқанда Қазақстан-Германия қарым-қатынастарына ГФР мүдделерін, Қазақстандағы аз неміс ұлтының әлеуметтік, рухани дамуына септігін тигізеді.

Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін, өз ықпалын күшейту үшін газет:

- өз тиражын және жазылушылар санын ұлғайтуға;
- әсіресе, неміс халқының көп бөлігі тұратын жерлерде, Қазақстанның барлық аумағында тілшілер санын ұлғайтуға;
- тек жаңалықпен таныстырудан гөрі аналитик болуға;
- екі ел өкілдері арасындағы байланыстардың үдерісінде пайда болатын мәселелерді жариялауға;
- гуманитарлық және экономикалық салаларда Қазақстан-Германия қарым-қатынастарының жай-күйін бағалауға және болашағын болжауға;

- Қазақстанның Еуропалық Одақпен және ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығының жай-күйін бағалауға және болашақтағы перспективаларды болжауға;

- аз неміс ұлттарын қолдауда іске асырылатын жобалардың сапасын және олардың тиімділігін талдауға;

- қоғамдық өзін-өзі басқару жағдайын және неміс азшылықтың өзін-өзі қаржыландыру перспективаларын талдауға;

- Қазақстан Республикасы немістерінің «Wiedergeburt» қоғамдық бірлестіктер Қауымдастығында сараптамалық бағалаумен бірге талқылауды сүйемелдеуге ұмтылады.

- Германиядан Қазақстанға оралған азаматтардың табыстары мен сәтсіздіктерін;

- Германиядан көшіп келушілердің «геттоизация» проблемаларын және оларды табысты интеграциялау мысалдарын қамтудағы ортақ жауапкершіліктің мысалдарын көрсетіп, Қазақстан-Германия кәсіпкерлер қауымдастығының қызметінің жағдайын бағалау және перспективаларын болжау, шағын және орта кәсіпкерліктегі табыстары мен сәтсіздіктерін жариялайды.

«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, бір тұтас болашақ». ...Осынау бұлжымас ақиқатты сақтай отырып қана біз мәңгілік халық, мәңгілік елорда және мәңгілік мемлекет туралы айтуымызға болады» деген ҚР Президентінің 2011 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі бүкіл әлемдегі ұлтаралық келісім мәселелеріне зор мән беретіндігін көрсетеді [43, www.akorda.kz/kzspeeches/internal_political_affairs/].

«Ахыска» газеті 2007 жылы ҚХА Республикалық қоры азаматтық әлем мен ұлтаралық келісім мәселелерін жазып көрсету бойынша БАҚ арасында өткізген конкурста I орынға ие болған. Газет «Қазақстан халқы Ассамблеясы», «Спорт», «Тарих», «Поэзия», «Шоу-бизнес», «Балаларға», «Тұлға», «Мемлекеттік және түрік тілі сабақтары», «Дін», «Дөңгелек үстел», «Қонақ», «Ресми бөлім» (Мемлекет басшысының кездесулері, сөйлеген сөздері, Жолдаулары жарияланады), сондай-ақ «Қазақстан жаңалықтары», «Түркия жаңалықтары», «Түркі әлемінің жаңалықтары» және «Әлемдік жаңалықтар» деген айдарларымен жарық көруде.

Жарияланымдардың әртүрлі этникалық топтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту ісінде ерекше орны бар. Газет еліміздегі мемлекеттік ұлттық саясатты ұдайы жүзеге асыруға өз үлесін қосуға тырысады. Оның беттерінде түрік мәдениетінің дамуы, ана тілін, әдет-ғұрыптарды сақтау туралы материалдар жарияланады. Оны халықтың әртүрлі топтары оқиды. «Ахыска» билік органдары, Елшіліктер мен Консулдықтардың өкілдері арасында, сондай-ақ республикадағы түрлі диаспоралар мен шетелдіктер арасында танымалдығымен көзге түскен [44].

«Ахыска» газеті Қазақстандық этностар арасында этносаралық қатынастарды нығайту мақсатында әртүрлі ұлт өкілдерінен шыққан көрнекті

тұлғалар туралы материалдарды үзбей жариялап тұрады. Мәселен газеттің 2005 жылғы 30 маусымдағы №6 санында Али Ырза Арсланның «Қазақстан Орта Азида ғауһар секілді жарқырауда» («Казахстан как бриллиант сверкает в Средней Азии» деген мақаласы шықты [45].

Қазақстандағы этнобасылымдардағы көсемсөз жанрында қоғамдық маңызы зор мәселелерді қозғаған мақалаларды тақырыптық және проблемалық ізденістер, мазмұндық-пішіндік тұрғысынан осылайша талдау жүргізіп қарастырып көруге тырыстық.

1-бөлім бойынша қорытынды

Көсемсөз – бұқаралық ақпарат құралдарының ажырамас бөлігі ретінде ғасырлар бойы қоғамда маңызды рөл атқарып келеді. Ол тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы, әлеуметтік мәселелерді талқылаушы, ұлттық санаға қозғау салушы күш ретінде танылды.

Публицистиканың мәні мен маңызын зерттеген ғалымдар оны журналистиканың бір саласы ретінде қарастырғанымен, оның өзіндік ерекшеліктері де бар екені айқын. Көсемсөз қоғамдағы өзекті мәселелерді көтере отырып, қоғамдық сананы оятуға ықпал етеді. Бүгінде көсемсөз тек газет-журналдарда ғана емес, радио, теледидар, интернет платформаларында да кеңінен қолданылады.

Қазақ көсемсөзінің қалыптасуы мен дамуы жөнінде Т.Амандосов, Б.Кенжебаев, Б.Жақып, К.Қамзин сынды ғалымдар зерттеулер жүргізіп, ұлттық публицистиканың теориялық және тәжірибелік негіздерін айқындады. Дегенмен, көсемсөздің әлі де терең зерттеуді қажет ететін қырлары бар.

Қорытындылай келе, көсемсөз – дәуір үнін жеткізетін маңызды құрал. Ол қоғамның санасын оятып, өзекті мәселелерге назар аудартатын қоғамдық-саяси күш ретінде одан әрі дамуын жалғастыра бермек.

Зерттеуші С. Медеубекұлының қоғамдық санаға ақпарат тарату арқылы ықпал ету жөніндегі тың тұжырымдарын назардан тыс қалдыруға болмайды. Оның пікірінше, қоғамдық санаға қозғау салу тәсілдерін тек «публицистика» ұғымымен шектеу жеткіліксіз. Өйткені бұқараға өзекті мәселелерді жеткізу тек жазбаша түрде ғана емес, ауызша айту, бейнелеу, ишаралау, дыбыстау арқылы да жүзеге асады.

Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми көзқарасына сүйене отырып, С. Медеубекұлы осы тәсілдерді нақтылай түседі: жазбаша ақпарат – «көсемсөз», ауызша – «шешенсөз», бейнелеу арқылы – «бейнесөз», ишарамен – «қыймылсөз», дыбыспен – «дыбыссөз» деп аталады. Осы тұрғыдан алғанда, бұлардың барлығын «публицистика» емес, «замансөз» деп атау орынды деген тұжырым ұсынады.

Біз қоғамдық санаға жазу арқылы ықпал ететін тәсілдердің жиынтығын Ахмет Байтұрсынұлы анықтап берген «көсемсөз» ұғымымен атаймыз. Ал егер басылымдарда жарық көрген мәтіндер ұлт пен ұлыс тануға қатысты болса, оларды «этнокөсемсөз» деп қарастырамыз.

Этнокөсемсөздің басты міндеті – қоғамдық сананы елдік ортақ мүддеге бағыттау және ақпарат алмасудың жаңа тәсілдерін іздеу. Бұл ұғым ғылыми ортада айтылғанымен, жүйелі түрде зерттелген, өз алдына жеке термин ретінде қалыптасқан ғылыми еңбектер әлі де аз.

Этнокөсемсөз мәселесі кейбір ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде көтерілгенімен, оның нақты теориялық негіздері мен әдіснамалық қырлары толық ашылған жоқ. Бұл салада Ахмет Байтұрсынұлының «көсемсөз» туралы тұжырымдары маңызды рөл атқарады. Ол көсемсөздің жазбаша түрде айтылатын, қоғамды өзгертуге бағытталған ойларды жеткізетін құрал екенін анықтап берген.

Жалпы, этнокөсемсөз – халықтың тілі, оның ойы мен көзқарасын жеткізетін құрал. Алайда баспасөз бетінде жарық көрген әрбір мақала көсемсөз жанрына жатады деп кесіп айтуға болмайды. Өйткені көсемсөз белгілі бір стильдік ерекшеліктерге, сендіру мен ой өрбіту тәсілдеріне сүйенеді. Сондықтан бұл ұғымды ғылыми тұрғыда тереңірек қарастырып, оның мазмұны мен ерекшеліктерін нақтылай түсу қажет.

Этнос – ең алдымен, мәдени-тілдік қауымдастық, ал көсемсөз – сол қауымдастықтың өмір сүрген дәуірінің саясаты мен философиялық көзқарастарын негізге ала отырып, халықтың рухын көтеретін, нақты деректерге сүйенген, өткір мәселелерді қозғайтын жанр. Ол қоғамды игі істерге шақырып, ортақ мақсатқа жұмылдыратын замансөз болып табылады.

Этникалық журналистика – этностардың мәдениеті мен дәстүрін сақтау ғана емес, оларды кеңінен насихаттау, басқа ұлт өкілдеріне таныстыру және қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеру арқылы шешім табуға ұмтылатын сала. Этникалық БАҚ бұл үдерісте негізгі құралға айналып, өз қызметін көбінесе екі немесе одан да көп тілде жүзеге асырады.

Қазақстандағы этникалық басылымдардың тәуелсіздік кезеңіндегі даму қарқыны ұлттық журналистиканың жалпы өрлеуіне ықпал етіп, көсемсөз жанры арқылы бұқаралық санаға, саяси, этникалық, діни, психологиялық, құндылықтық аспектілерге әсер ету мүмкіндігін кеңейтті.

Этникалық журналистика – мазмұндық тұрғыдан күрделі, көпқырлы құбылыс. Ол этностардың өзін-өзі тану, бірігу және мәдени ерекшеліктерін дамытуға бағытталған. Ғалымдардың пайымдауынша, этножурналистика аудиторияның этникалық ерекшеліктерін ескере отырып, ақпарат таратудың өзіндік тәсілдерін қолданады. Осы бағыттағы зерттеулердің кеңеюі, әсіресе этнокөсемсөз саласын жүйелі түрде қарастыру – болашақта ғылыми айналымға толық енгізуді қажет ететін өзекті мәселе.

Этникалық журналистика этникалық бірлестіктер ақпаратпен өз ана тілдерінде және мемлекеттік тілде алмасқан кезде және әртүрлі тақырыптарды талқылау үшін жеке бұқаралық ақпарат құралдарын құруға ұмтылған кезде пайда болады. Қазіргі таңда біз этникалық баспасөз дамуының кейбір ерекшеліктерін байқауымызға болады. Атап айтқанда, олар басылымдардың төмен деңгейде кәсіптендірілуі, жалпы саяси үдерістерді жариялауға еліктеушіліктің аздығы т.б. Этникалық БАҚ-тың дамуымен қатар

басқа да теріс құбылыстар анықталып отыр. Айталық, кейбір республикаларда сол мемлекеттің этникалық санасының (телевизия, радиохабарлар және баспасөз арқылы) басымдылығы басқа тілдердегі ақпараттардың ығысуына себеп болды.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген «Экспресс К» орыс газеті, «Украиньски новини» украин газеті, «Deutsche Allgemeine Zeitung». (DAZ) республикалық неміс газеті, «Коре ильбо» және «Авангард» («Сэнбон») кәріс газеттері, «Ұйғур авази», «Жаркент өңірі» ұйғыр газеттері, «Ахыска», «Türkel» халықаралық түрік газеттері, «Давар» еврей газеті, «Интизар» ұйғыр журналы, «Наири» армян газеті, «Vətən» әзірбайжан газеті, «Жаршы Ассамблея – Вестник Ассамблеи» газеті, Ассамблеяның «Достық» журналы, «Жамият ва маърифат», «Сайрам садоси», «Адабиёт Ва Санъат» «Жанубий Қозоғистон» өзбек басылымдары, «Altin körgü» еуразиялық журналы, «Жийана курд» республикалық күрд газеті этнокөсемсөздің көрнекті басылымдары болды.

Түйіндей келе, этникалық БАҚ бірқатар сипаттарға ие екендігін көреміз:

Біріншіден, олардың негізгі құрылтайшылары мемлекеттік құрылымдар болып табылады;

Екіншіден, этникалық баспасөздің дамуына ұлттық мәдениеттерді қолдауға бағытталған түрлі бағдарламалар үлкен үлес қосады. Кейбір этникалық газеттерге ұлттық бірлестіктер мен қауымдастықтар қолдау көрсетеді;

Үшіншіден, тәуелсіз мемлекетімізде орыс тіліндегі басылымдардың саны қазақ тілінде жарық көретін басылымдардан екі есе көп;

Төртіншіден, этникалық басылымдардағы тақырыптардың ауқымы жыл сайын кеңейіп отырғандығы байқалды;

Бесіншіден, этнобасылымдардағы ғылыми мекемелер мүдделерінің ауқымы кеңейді, олардың қызметі Қазақстанды нығайту идеясына, өткенді толық және әділетті ұғынуға, бұрын қозғауға болмайтын, жанды күйдіріп, есіңе түскенде қобалжытатын сауалдарға жауап беруге, өмірді қалыптандыруға бағытталды.

Сонымен қатар кейбір этникалық басылымдардағы оқырман ортасында белгілі бір этникалық дағдарыстың пайда болғанын байқауға болады. Тұтастай алғанда, бұл тілдік ахуалдың теріс динамикасына және ана тілін қолдану мәртебесінің төмендеуіне байланысты болып отыр. Сонымен қатар, кәсіби кадр жетіспеушілігі, ұлттық басылымдардың тираждарының қысқаруы айтарлықтай мәселе туғызады.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы этникалық баспасөз өз ерекшелігін сақтай отырып, заман талаптарына сай жаңғыруы қажет. Көсемсөз – басылымның айнасы ретінде газеттің бет-бейнесін анықтайтын маңызды жанр болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпай, жаңаша тәсілдермен дамыту – өзекті мәселе.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, этникалық БАҚ-тар талдамалы жанрларды жеткілікті деңгейде қолданбайды, оқырмандармен кері байланыс әлсіз, сондай-ақ кеңестік дәстүрлерден толықтай арылып болмаған. Бұл жағдай басылымдардың ақпараттық нарықта бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, оқырман қызығушылығын азайтып отыр.

Мәселені шешу үшін:

1. Заманауи журналистиканың құралдарын меңгеру – талдамалы жанрларды қолдану, цифрлық технологияларды игеру, мультимедиялық контент жасау.
2. Оқырман қажеттіліктерін зерттеу – сауалнамалар, фокус-топтар арқылы аудитория сұранысын ескеру.
3. Креативтілік пен инновацияны арттыру – мазмұнды әртараптандыру, интерактивті элементтерді енгізу.

Этникалық журналистика – ұлттың өзін-өзі тануы мен бірігуіне, мәдени мұрасын сақтауға ықпал ететін маңызды сала. Сондықтан оны заман ағымына бейімдеп, бәсекеге қабілетті ету – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

2 ЭТНОКӨСЕМСӨЗДЕГІ ҰЛТТАНУ МЕН ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

2.1 Қазақстандағы ұлттану және оның этнокөсемсөздегі сипаты

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттану жүйесін екі бағытта өрбітті деуге болады. Оның біріншісі – қазақ ұлтының табиғатына үңіліп, тереңнен тамыр тартқан ұлттық ділін зерттесе, екінші бағыт – территориясында мекен еткен этностардың тыныс-тіршілігі мен салт-санасын зерделеу болды.

Жалпы, ұлттану үдерісі – тәуелсіздік алған жылдардан бері қазақ ұлтының танымы мен түсінігін айқындап, ұлттық сәйкестік немесе ұлттың өзін-өзі тануы тұрғысынан көп зерделенді. Ол үшін қазақы ұлттану үдерісіне негіз болған – ұлттық идеяны насихаттау жағынан қарастырылды. Ол бірнеше ғасыр бойы отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету, мемлекеттік деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды қайтару, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру және ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұраны игеру сияқты міндеттерді шешуді жүктейді. Сонымен қатар тәуелсіздік алған жылдардан кейін еліміздің алдындағы өзекті мәселелердің бірі – жаңа заман талабына жауап бере алатын мемлекеттің ұлттық идеясын жасау мәселесімен қатар қазіргі модернизациялану жағдайында қоғам өміріндегі ұлттық идеяның алатын орнын анықтап, рухани жетілу мүмкіндіктерін іздестіру қажеттілігі туды.

Қазақстандық көпұлтты қоғамның қазіргі ұлттық даму сатысындағы өзіне тән ерекшеліктердің бірі – әртүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқан сан-алуан әлеуметтік-мәдени құрылымдардың қатар өмір сүруі және олардың әрқайсысына сәйкес қоғамдық сана мен мінез-құлық үлгісінің пайда болуы деп айтсақ болады. Сонымен қатар ескірген концепциялар қайта қаралып, тарихта ұмытылған немесе тоталитарлық кезеңде тыйым салынған құндылықтарды қайта жаңғырту үрдісі байқалуда. Осылайша қазіргі қоғамдық өмірдің реформалануы мен демократиялануы жағдайында, Қазақстан Республикасы мен ТМД-да болып жатқан түбегейлі өзгерістер тұсында ұлттық идеяны қалыптастыру – тарихи қажеттілік, әрі уақыт талабы болып табылады [48].

Идея – бар нәрсені емес, басқа ұғымдардан өзгеше әлі жоқ нәрсені, яғни жасалуға тиіс дүниелерді білдіреді. Идея дегеніміз тарихи дамудың нәтижесі ретінде өзінің көптеген қырларын айқындап, толысқан ұғым. Ол бүкіл даму тарихындағы жасалған рухани байлықтардың бәрін бойына сіңірген, бір жүйеге біріктірген. Ал «ұлттық» термині ұлтқа тиесілі деген мағынаны білдіреді. «Ұлт» ұғымына Қазақстанның ұлттық энциклопедиясында «Ұлт – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт-дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі» деген

анықтама берілген: Сонымен бірге көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерін біріктіретін мемлекеті болады. Ұлт қалыптасуында адамдардың бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тек те маңызды рөл атқарады. Осындай талап тұрғысынан қарастырғанда «ұлт» және «этнос» ұғымдары біріне бірі өте жақын, этнос ұлттың туып, қалыптасуына негіз болады.

Дегенмен, әлі де философиялық және саяси-әлеуметтік ой-пікірде «ұлт», «этнос» категориялары туралы бір арнаға тоғысқан түсінік қалыптаспаған. Бұл орайда, ұлт туралы О. Бауер «Ұлт – тағдыр ортақтығы байланыстырған ортақ сипатты адамдардың бүкіл жиынтығы. Осы тағдыр ортақтығы негізінде пайда болған белгі ұлттық мәдениет ортақтығын: кәсіби, таптық, мемлекетті құрайтын халықтық – бір сөзбен айтқанда, түп негізін бір тектілік құрайтын осындай барлық ортақтықтардан бөліп тұрады... Ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы, одан басқа ештеңе де емес» деп көрсетіледі [49].

Осындай мәселелер егемендіктің алғашқы кезеңінде қазақ баспасөзіндегі қоғамдық пікір қалыптастыратын мақалаларда мынадай тармақтарды туындатты:

- кеңестік заманда ұмыт болған дәстүрлі мәдени құндылықтарды қайта жаңғырту және нығайту;
- батыс құндылықтарын енгізу;
- батыс құндылықтар жүйесі мен дәстүрлі сананың араласуы.

Мұндай тақырыпта жарияланған мақалаларда тілшілер қауымы қазаққа қажетті ұғым-түсініктер мен ұлттық сана-сезімді дамытуды «қазақтың пайдасын өзге этностардың есебінен жасамау жағын» басты қағидат ретінде ұстанған. Қазақ ұлтының таным-түсінігін насихаттауда тың дүниелер мен тарихы ақиқаттарды ашуға бағытталған көсемсөздік мақалалар осы ойымызды нақтылай түседі. Олардың ішінде ұлттық мақсаттағы ұлттануға жеке дара айдар арнаған басылымдар да бар. Мәселен, «Ақиқат» журналы арнайы «Ұлттану» айдарын ашып, оған қазақ халқының ұлттық санасы мен болмыс-бітімін насихаттауға қатысты тың дүниелерді беріп жүргенін мысал етуге болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, этнологиялық тұрғыдан, елімізде тұрып жатқан өзге диаспоралардың қазақы менталитетпен (ділдік) сәйкес келетін, оның табиғи болмыс-бітімімен «қоңсы қонатын» бірегейлік сипатында зерделенген публицистикалық туындыларды жатқыза аламыз. Онда ұлттанудағы халықтану үдерісімен сәйкесетін демография, этнология, этнография ұғымдарымен селбесе отырып, зерттеу өзегіне айналған жарияланымдар көрініс тапқан. Этнокөсемсөздер жалпыадамзаттық психологияға тән құндылықтар негізінде айшықталған.

Мұндай этнокөсемсөз ұлттану үдерісін мемлекеттік саясатпен синоним етіп, ел бірлігі мен Қазақстан халқының ынтымағын дәріптейді. Қазақстан халқы Ассамблеясы секілді республикамыздың аса ірі бастамаларын ұлтаралық татулық пен қатынастағы әлемдік үлгі ретінде қарастырады.

Этнологиялық жағынан қарастырғаннан кейін біз бұл жерде соңғы ұстанымды ғылыми тұрғыдан сараптауды құп көріп отырмыз. Өйткені, бұл бағыт әлемдік қауымдастық алдында ынтымағы мен ұлтаралық татулығы жеке дара бренд ретінде қалыптасып, республикамыздың «қазақстандық үлгісі» болып дүние жүзіне танылғаны анық. Конституциялық мәртебеге ие болған, елдің ішкі саясатында өзіндік рөл атқарып отырған Қазақстан Халқы Ассамблеясы Қазақстандағы ұлтаралық бірлікті нығайту үшін құрылғаны белгілі.

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз» деген ҚР Ата Заңы «Қазақстан халқы» деген атау арқылы еліміздегі кез келген этностық топтарға қысым көрсетуге тиым салып, оған ерекше құқық береді, заңмен қорғайды. Оған «тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе өзге де жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп жазылуы толық негіз бола алады [50]. Өйткені «ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» [51].

Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын «Барлық этностардың бір біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға Алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді» деген ұсыныс бірауыздан қабылданып, қазірде жалпыұлттық мерекеге айналды [52]. Бұл егемен елдің саяси ұстанымы мен ондағы өмір сүріп жатқан этносаралық ынтымақтастықтың жағдайын білдірсе керек. Бұған өз кезегінде қазақ баспасөзі де мейлінше үн қосып, оның дамуы мен ұлттану деңгейіне көтерілуіне барынша үлес қосып келеді.

Тәуелсіздік алған жылдардың басынан ұлттану үдерісіне тарихи сабақтастық көзқарас негізінде қараған аға басылымдардың бірі – «Егемен Қазақстан». «Тарихи сабақтастық» деуіміздің де өз себебі бар. Өйткені «Ұлттар лабораториясы» саналған КСРО құрамында болған кезде де «Социалистік Қазақстан» аталған бүгінгі егемен елдің «Егемені» ұлттануға жоғары деңгейде қарағаны тарихи шежірелерден белгілі.

Тарихы 1919 жылдың 17 желтоқсанынан бастау алатын, бүгінгі таңда Тәуелсіз Қазақстанның бас газеті саналатын «Егемен Қазақстанның» алғашқы нөмірі «Ұшқын» деген атаумен Орынбор қаласында жарық көрді. Одан кейін газеттің аты 1920 жылы «Еңбек туы», 1921 жылы «Еңбекші қазақ», келесі жылы «Еңбекшіл қазақ», 1932 жылы «Социалды Қазақстан» деген атпен шықты. 1937 жылы «Социалистік Қазақстан» болып өзгереді де, осы атпен 54 жыл бойы жарық көріп тұрады. Бір айта кетерлігі, Қазақстан тәуелсіздігін алмай тұрған 1991 жылдың маусым айында атауын «Егеменді

Қазақстан» деп өзгертіп, одан кейін 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Егемен Қазақстан» деген атпен шығып келді.

Осы тарихи жылдардың ішінде еңбекшілердің ынтымақтастығын ту еткен газет КСРО халқының бірлігі мен татулығын сөз етіп келсе, тәуелсіздік алған жылдардан бері Қазақстан халқының ұлтаралық татулығы мен қатынасын ұлықтап, оның берік іргетасын нығайтуға барынша атсалысуда. Ұлттану үдерісінде этносаралық ымырашылдық қарым-қатынасты әдіптеп, Тәуелсіз Қазақстанды мекен еткен ұлттар мен этностық халықтардың табиғатын, тыныс-тіршілігін, өмір сүру деңгейі мен мәдениетін насихаттап келеді.

«Егемен Қазақстан» 1991 жылдары «Азаттық! Тендік! Туыстық!» деген ұранмен шықты. Ол кезде ұлттану сипаты газеттің ең негізгі деп саналатын «Республика жаңалықтары», «Одақ оқиғалар», «Шетел радиосы не дейді?» деген айдарларда жарық көріп тұрды. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның бас редакторлығымен тұспа-тұс келген бұл кезең газеттің тәуелсіздік тұрғысынан өсіп-толысуына, ұлттану бағытында аса салиқалы туындыларды дүниеге әкелуге мұрындық болды. Қазақстан тәуелсіздігін жарияламай тұрып-ақ «Егеменді Қазақстан» (ол кезде осы атаумен шыққан) халықты империялық саясаттан бас тартуға шақырды. Мәселен, 1991 жылдың 7 қарашасында «Тарихтың бір оқиғасы» атты проблемалық мақала жариялады. Кез келген бүгінгі болған оқиға ертеңгі күні «тарихи» деп күлтеленетінін жеткізген басылым соның барлығын маңызды демеудің қажеттігін айта келіп, мәселені КСРО-ның ең сүйікті идеясы – Қазан төңкерісі туралы шындықты жазу керек деп, оған сыни көзқараспен қарау тұрғысынан көтереді.

Тәуелсіздік жарияланар тұста, 1991 жылы 1 желтоқсанда, алдымен, жалпыхалықтық президенттік сайлау өткені белгілі. Осыған байланысты сол кезде президенттікке үміткер Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдау жөнінде республика көлемінде үлкен шаралар атқарылып жатты. «Егеменді Қазақстан» осы науқанның бел ортасында жүріп, газет бетінде көбіне үміткерді қолдау жөніндегі түрлі мекемелер мен ұжымдардың ықыластарын жаппай басқан. Осы ретте ұлттану бағытында басылымда көбіне саяси материалдар көптеп басылып, одақтан бөлініп шыққан елдердің қандай әрекеттер жасап жатқаны туралы ақпараттар мол болды. Сонымен қатар Н.Назарбаевтың жеке елдің басшысы ретінде шетелдерге шыға бастаған сапарлары жөнінде жол-сапар очерктерін беріп, сол мемлекет және оның тұрғындары туралы оқырман танымын кеңейтетін, үлгі алатын өнегелері болса, сіңіртуге тиіс сәттерін баяндап отырды. Мәселен, Қайнар Олжайдың «Ақ пейілді Альбион» атты жол-сапар очеркінде Қазақстан КСР президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлыбританияға сапарының тарихи және саяси маңыздылығы айқындалады. Мәтінде Қазақстанның КСРО-дан кейінгі жаңа экономикалық және саяси бағыттарды айқындаудағы қадамдары сипатталып, Ұлыбританиямен өзара қарым-қатынастың нығаюына басымдық берілген. Журналист Батыс пен Шығыс арасындағы өзара ықпалдастықтың жаңа

кезеңіне назар аударып, Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлінің артуын ерекше көрсетеді. Сонымен қатар, Ұлыбритания тарапынан Қазақстанның экономикалық реформаларындағы әлсіз тұстарының сынға алынуы да мәтінде атап өтіледі. Бұл анализ Қазақстанның өтпелі кезеңіндегі проблемалары мен мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Қайнар Олжай осы мәтін арқылы Қазақстанның жекешелендіру саясатын тереңдетіп, құқықтық және экономикалық мәдениетін дамытудың маңыздылығын айшықтап, Ұлыбританияның оң тәжірибесі Қазақстан үшін үлгі бола алатынын жеткізгісі келеді [53].

«Егеменді Қазақстан» газетінің 1991 жылдың 26 желтоқсандағы №272 нөмірінде «Бірлік пен түсіністік – басты мәселе» атты ақпарттық жанрда мақала беріп, президенттікке кандидат Н.Назарбаевтың астаналық облысқа қарасты Ұйғыр ауданында өткен сайлаушыларымен кездесуі жөнінде жазады. Қазақстандағы ұлтаралық татулық, ондағы әрбір этнос өкілдерінің үлесі, олардың еліміз үшін маңызын жеткізе келе ұлттанудағы мына сөзін келтіреді: – басқа республикалармен салыстырғанда Қазақстандағы жағдай «құдайға шүкір» деуге болады. Мұны ненің нәтижесі дейсіздер ғой? Бұл – ұлы достықтың, ауызбірліктің, түсіністіктің арқасы. Ұлттар мен ұлыстардың, халықтардың бір-бірімен сыйластығының арқасы. Біз өз үйіміздегі осы тыныштықты сақтауымыз керек. Аяғы жанжалға апарып соғатын бір-бірімізден шеткерілеу, бөлектену сияқты әдетке бой ұрмауымыз керек. Біз осы қалпымыздан танбауымыз керек. Сонда ғана Қазақстанда жағдай да жақсы болады, ел де тыныш болады [54].

Жасыратыны жоқ, мемлекет үшін ғана емес, ел тұрғындары үшін де шетелдік өзге ұлт өкілдерінен үйренетін нәрсе көп болды. Бұл 1991 жылдың 29 қарашасындағы «Қазақстанның байлығы аяғының астында жатыр» деген атажұртына сапарлап келген Түркия еліндегі қандасымыз Әкімхан Темір бизнесменмен болған сұхбаттан айқын аңғарылады. Ол өз сұхбатында: қазақтың байлығы аяғының астында жатыр. Соған көзді ашып қарау керек дейді [55]. Нарықтың тілін түсінуге, ұлт бойынан енжарлықты, бейқамдықты өшіруге ынталандыратын қысқа ғана сұхбат көп нәрседен хабар береді. Өкінішке орай, бұл әлі күнге дейін маңызды боп тұр. Өйткені, өнім өндіруден гөрі алыпсатарлықты құр көретін азаматтар бізде бүгінде де жетерлік.

Қазақтың өзін тануда өзге ұлт өкілдерінің заманауи бағыттағы құндылықтарын алу, олардан үйрену көптік етпейтіні сөзсіз. Бұған танымал ақын Ақұштап Бақтыгерееваның 1993 жылғы 5 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде жариялаған «Елдің елдігі – ерлігі» атты проблемалық мақаласын ала аламыз: «Ағылшын жазушысы Киплингтің «Маугли» атты шығармасында ну орманның жыртықшылары сәби кезден өздері өсірген екі аяқты адам баласын «бәріміздің қанымыз бір» деп өздеріне бауыр санап кететіні қандай көп тәлім түйгізеді. Біз болсақ егемен ел атандық деп кеуде соға отырып, әрқайсымыз әр жаққа тартып, әлі күн қандасымызға қайырым жасай алмай келе жатырмыз. Бауырластықты ұран ететін кез жетсе де, ауылдастың алауыз әңгімесіне әуестене береміз. Осы бір аурудан емделмесек,

елдікті сақтауымыз қиынға түспес пе екен?» [56] деп басталатын мақаласында белгілі ақын қазақ ұлтының бойындағы түрлі жағымсыз дүниелерді жіпке тізіп, сынайды, қиналады, жол көрсетеді. Оған мысал ретінде өзге ұлттардың жасап жатқан игі істерін дәлелге тартады. Айталық, «Көзіміз ашылғалы сөзін жаттаған ұлы Абай жері күллі қазақ үшін киелі топырақ екені сөзсіз. Полигонға айналып қасірет шеккен ақын мекенін, артында қалған мұрасын әлі күнге қастерлеп үйрене алмаған сияқтымыз. Оған көз жеткізгіңіз келсе, Семей қаласындағы Достоевский мен Абай музейінің жағдайын салыстырып көріңіз. Достоевский музейіндегі ұқыптылықты неге үйренбейміз» деген автор бұдан өзге де кемшіліктеріміз – барды ұқсатпау, мемлекеттің мүлкіне жауапкершіліксіз болу секілді жаман әдеттерді арылу қажеттігін жеткізіп, кіршіксіз ұлт немістен өнеге алуға меңзейді. «Сонда Киплингтің «Мауглиіндегі» қасқырлар да қандасына тимейтіні, аңның арасында өскен адамда да махаббат сезімі болатыны есіңе түседі. Қандасына деген құрметті тым болмаса солардан үйренейікші...» деген автордың қиналысынан қарадан қарап отырып ұяласың.

Әрине, бір-бірімізді бауыр деп тануға үйрене алсақ қана ел боламыз. Даңғойлық пен дарақылық ел қылмайды. Әдеп жоқ жерде абырой, әжет жоқ жерде елден қадір кететіні әлі күнге дейін маңызды болып тұрғаны ақиқат.

«Егеменді Қазақстан» – ұлттану жүйесінде ұлтаралық татулықты да ұмытпау керек екенін жиі еске салып тұрған аға басылым. Мәселен, осы бағытта жазылған танымал жазушы Б. Нұржекеевтің «Елдестіркем – елшіден» атты талдамалық жанрдағы танымдық-зерттеу мақаласы осындай ойға жетелейді [57].

Орыс тілінде шығатын «Бірлесу» газетінің 1992 жылғы 29, 30, 31 нөмірлерінде басылған ұйғыр тарихшылары М.Қабиров пен М.Алиеваның «Права уйгуров в Семиречье должны быть защищены законом» атты мақалаларын оқығаннан кейін ұзақ ойланған автор бұл мақаладағы қисынсыз дүниелерге жауап жазуға салмақты ойланғанын тілге тиек етеді. Ақыры «мен жастайымнан ұйғырларды біліп, араласып өстім; қазірге дейін ұйғыр достарым да, таныстарым да, жазушылар мен журналшылар арасында сыйластарым да баршылық, соларды ойладым: «Олар да бұл авторларды құптаса, екі халықтың арасына кірбің түседі-ау!» деп мазасыздандым. Ақырында, ағайын арасындағы түсіністікке ашық әңгімеден артық ем болмас-ау деген тәуекелге келдім» [57] деп, қазіргі Алматы облысындағы Ұйғыр ауданының қайдан шыққанын, ол жер ұйғыр халқының жері емес екенін, «ұйғыр» атауының қайдан шыққанын, оның тарихы, түркі дүниесі туралы сыр шерткен жазушы ұлтаралық алауыздық тудырмау, іріткі салмау қажеттігі турасына тоқталады. Бұл мақаладан Қазақстандағы «ұйғыр» этносының тарихы туралы көп ақиқатты тануға болады.

Осы секілді ұлттану бағытында тағы бір өзекті де танымдық биігі жоғары мақала сол жылдың басында «Енесайды емген ел» деген тақырыппен жарық көрді. Авторы – Қайнар Олжай. Қазақпен бауырлас хақас туралы, оның тарихы, ділі мен тілі, мәдениеті мен әдебиеті жөнінде егіле отырып

калам тербейді. «Пасың тоғыс, азағың сигіз полсын, оң сағына оп түссін!» Алдыға жайылған ақ орамалға 41 тас шашылып түсті. Тас емес – «хұбанақ». Біздіңше, құмалақ. Алматыдағы Орталық базардың о жақ, бұ жағында отыратын құмалақшы кемпірлерімізден еш бөтендігі жоқ ақ шашты әйелдің тарамыс қолдары құмалақтарды үшке бөле бастады. «Басың тоғыз, аяғың сегіз болсын, оң жағыңа олжа түссін» дегенді аудармашысыз түсіндік. Хақас тілі қазаққа мұншалықты түсінікті болар деп кім күткен. Түрі ғана ұқсас па, тілі ғана жақын ба? Құмалақ тарту дәстүрінің де бірдей болып шыққанын қайда қоямыз. «Пасың тоғыс полсын!» Алғашқы үш қатарға үш-үштен тоғыз құмалақ түссе, оны жақсылыққа жорудың да ұқсастығын қарашы. «Үйірімен үш тоғыз», Қайран бабалар! Баяғы бабалар да қазақ пен хақасқа ортақ еді. Хұбанақ болашақты білу үшін салынатын. Бірақ кешегіні таразылап болмай тұрып, болашақ жайында әңгімелеу қисынсыз. Хақас халқының кешегісі алыс-алыс аңыздарда, бағзы-бағзы батырлар жырында, еміс-еміс, әрі оған біліміміз де жетпес, бірақ Қола дәуірінде де, Қарасу дәуірінде де, Ғұн дәуірінде де бұл өңірде мәдениеттер болғанын ғалымдар анықтаған. Бергі тарих – түркілер тарихы баршамызға ортақ. Түркі қағанаты тұсында бұл өңір мәдениеттің алтын ордасына айналған. Сол тұста Саян-Алтай өңірі сапалы темір қорытып, сәнді бұйымдармен сауда жасағаны жайында алтыншы ғасырда Византия елшісі Зимарха жазып кетіпті» деп, тамыры тереңде жатқан тарихи шежірені тұмасынан сапырған журналист хақас ұлтының болмыс-бітімін «Тарихы таста тұрған жұрт», «Болашағы бәрімізге байланысты жұрт», «Дәстүрі дәріптеуге лайық жұрт», «Діні дәл айқындалмаған жұрт», «Тілі соңғы тамырға ілініп тұрған жұрт» деп тармақ-тармаққа бөліп, оқырманға ой сала отырып, оқуға тартатын тақырыпшалар қойып, әсерлі де әдемі тілмен әдіптеп шығыпты [58].

«Алматыдағы кездесу барысында біздің бірнеше көлөнер шеберіміз хақас туыстарды арнайы іздеп келіп, олардың арасында ұсталар мен зергерлерді сұрастырған. Сөйтсек, қазір бұл халықта зергерлікпен айналысатын ешкім қалмапты. Бір кезде бүкіл әлемді алтын, күміс, темір, мыс, қалайы және басқа металл бұйымдарымен таңдандырған жұрттың қазіргі жағдайы осы» деп хақас бауырларымыздың бүгінгі күн тәртібіндегі мәселесін сөз етеді. Жойылып кету қаупіне назар аудартады [58].

«Сөйте тұра ата-бабаларымыздың «орнында бар оңалар» деген сөзінің күдіретін дәтке қуат етеміз. 86 мың хақас халқы баяғы дәстүр-салттарын әлі де өз жадынан шығара қоймапты. Алматының Ғалымдар үйінде хақас мәдениет және өнер шеберлерімен кездесуді ашқан хақас әйелі табақта жанған отты көтеріп келген. Май құйып, от тұтату көнеден қалған дәстүріміз еді. Сол дәстүрді хақастар әлі ұмытпаған көрінеді. Халық әуендері шырқалғанда, әсіресе, құданың құдағиға айтатын әуезі ерекше жүрекке жағымды тиді. Кәдімгі өзіміздің ауылда құда мен құдағидың бір-біріне айтатын назы сияқты. «Құда» деген сөздің өзі де екі жаққа бірдей көрінеді.

Хақастардың киім киюі де, біз бұл жерде ұлттық киім үлгілерін айтып отырмай, бізбен бірдей. Жігіттердің шапанындағы, қыздардың камзолындағы

оюлар, зерлер кәдімгі өзіміздің бұрынғы әжелеріміз бен қазіргі ансамбльдердегі киімдерден аусайшы. Ансамбль демекші, бұларда Юрий Киштеев деген азамат жетекшілік ететін «Үлгер» фольклорлық ансамблі бар екен. Ол ансамбльдің жігіттері сызылтып сыбызғы тартқанда, күңіrentіп кернейлеткенде, жанды жадыратып жетіген ойнағанда, шым-шым бойға тартып шаңқобыз алғанда бұл ансамбль де өзіміздің этнографиялық ансамбльдеріміздің біріндей болып елестеген» деп мәдени қатынас жағынан қажеттіліктер туралы баяндайды. Үкіметтік деңгейдегі мәселелерді көңілге қонымды түрде көтере білген [59].

Қазақстан – екі алпауыт мемлекеттің ортасында жатқан мемлекет. Орысты білгенімізбен бізге қытайтану аса қажет.

Қытай Халық Республикасы – Азия құрлығында орналасқан мемлекет. Халық саны бойынша, әлемдегі 1-ші мемлекет (1,3 млрд санынан астам, халық көпшілігі – этностық қытайлықтар, өз атауы – хән); жер аумағы бойынша Ресей және Канададан кейінгі 3-ші орында. 1949 жылы ҚХР жарияланғаннан бері елді Қытай Коммунистік партиясы билеуде. Ресми түрде сегіз партия болса да, ҚХР-сын бір партиялы, авторитарлық елдер қатарына жатқызады. 14 мемлекетпен шектеседі [60].

Қытайтану қажеттігін газеттің «Бейжиндегі көк байрақ» мақаласынан біле аламыз [61]. Оның қыр-сырын сызаттап жеткізген басылым Қытайға Елші болып белгілі қытайтанушы, қоғам қайраткері Мұрат Әуезовтің тағайындалуымен түсіндіреді. Ыстық-суығы басым, аса ыждаһаттылықты қажет ететін Мұрат Әуезовтің қызметі барысында Қытайда болып, «Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданымен байланысты тереңдете беру ләзім. Екі жақтың саудадағы, экономикадағы, өнер мен рухани дүниедегі байланыстарында тоқырау болмауы тиіс» деген елшілік алдына міндеттер қойған президенттің мына сөзі еріксіз терең ойға жетелейді: Керек десеңіздер, біздің көп тарихымыз осында жатыр, – деді Н. Назарбаев бізді тереңдігімен таңырқата түсіп. Ол тарихтың көптеген беттері әлі өзімізге жұмбақ, беймәлім. Соларды табу керек және халықпен табыстыру керек. Мен өзі қытайтанушы, өзі тарихшы болғандықтан Мұрат Әуезовті әдейі осында Елші етіп тағайындадым [61].

«Егемен Қазақстан» газетінің аға басылым ретінде Қазақстан мен шет мемлекеттер арасындағы ресми байланыстарды жан-жақты жазатынын айтып кеттік. Олардың ішінде сол ел тұрғындары мен ұлттарының ерекшеліктері туралы кең әңгіме өрбіте білген. Мәселен, 1994 жылғы 22 ақпан айында жарияланған «Қазақстанға қайта ашылған Америка» атты Нұрлан Оразалиннің жол-сапар очеркінде осындай ұлттану тұрғысындағы элементтер басым. Бір айта кетерлігі, Нұрлан Оразалин «Егеменге» бас редакторлыққа келген кезде газеттің ұранындағы «туыстық» сөзін «ынтымақтастық» деп өзгерткенін байқауға болады. Бұл ұлттанудағы баспасөздің «туыс» ұлттарды танығаннан кейін олармен «ынтымақтастық» жағдайында елдің байланысын арттыруға күш салғанын байқаймыз.

Автор президенттің ресми сапарының басқа әріптестіктерден ерекше екенін білдіреді. «Қанша білеміз, бәрі белгілі десек те, халқымыздың өмірі мен еліміздің тарихында сирек болар бұл айтулы сапар американдықтар үшін осыған дейін беймәлімдеу планета тәрізді болған «Қазақстан» есімді жаңа елді таныстыру міндетін біршама атқарғанын, ал бізге Америка Құрама Штаттарын бұрындары кем танып, аз білетін жаңа қырларынан көруге, білуге мүмкіндік тудырғанын мойындауымыз керек» деп Нұрлан Оразалин мемлекет пен алпауыт елді танудағы тағы бір белесті бағындырғанын баяндайды [62].

«Егемен Қазақстан» қазақ ұлтын танып қана емес, онымен бүкіл ғұмырын байланыстырған тұлғалар туралы да кеңінен насихаттайды. Оған «Рухани ұстазым – қазақ халқы және Абай» атты Тұрсын Жұртбайдың Қытай халқының мәшһүр ғалымы Су Бихаймен сұхбатын мысалға келтіре кетсек. Су Бихай ғұламаның қаламынан шыққан қазақ тарихына қатысты «Батыс өңірі тарихының жағырафиясы», «Қазақ мәдениетінің тарихы», «Қазақтардың жалпы тарихы» (2 том), «Құмыл, Тұрпан ұйғыр уандарының тарихы», «Шыңжаңдағы жартас суреттері», «Жібек жолы және Күшәрдін мәдениет тарихы», «Батыс өңірдің тарихи жағырафиясы» (2 том), «Ұйғыр тарихы туралы зерттеулер» атты еңбектері негізгі болып табылады. Бұдан басқа қазақ, ұйғыр, дүнген, мұңғыл ұлттарының тарихына қатысты 200-ден астам сүбелі ғылыми мақала жарияланған. Ол – мемлекетке ерекше үлес қосқан бүкілқытайлық маман деген атаққа ие.

Су Бихайдың қазақ ұлтына деген тамсануын мына пікірлерінен білеміз: «Менің рухани ұстазым – қазақ халқы және Абай. Абайды тану арқылы мен өзімнің өмірлік жолымды таптым. Мен бұл елді барлық болмысыммен сүйемін және өмірімдегі жетістіктерім үшін оған қарыздармын деп сезінемін. Түрмедегі қиын-қыстау кезде де сол халықтың өкілдері маған рухани жәрдем етті. Қазақ халқының тарихы ең көне тарих. Сол тарихтың бетіндегі шаңды сүртіп, жария ету – менің басты парызым. Шыңжаңға келгеніме, қазақ халқының ішінде өмірім өткеніне өкінбеймін» [63].

Ұлттану үдерісіне үлес қосқан тағы бір басылым «Жас Алаш» газеті туралы айтпасқа болмайды. «Жас Алаш» газеті – жастарға арналған ең байырғы және беделді республикалық басылым. Алғашқы саны 1921 жылы 22 наурызда Ташкент қаласында жарық көрген газет қаржы тапшылығы, т.б. түрлі себептерге байланысты басылым «Жас қайрат» (1925), «Өртең», «Хас қазақ» (1923) газеттері және осы аттас журнал түрінде шығып тұрды. Қиын-қыстау уақытта газеттің жабылып қалмауын ойлаған ұлтымыздың біртуар перзенттері «Еңбекші қазақ» бір бетін «Лениншіл жас» деген атпен де шығарған. 1927 жылы 22 қыркүйек айынан «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастаған басылым қай кезде де қазақ жастарының мәселелерін кеңінен камтып, өртең ұрпақтың қалыптасуына зор еңбек сіңірді.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап газет «Жас Алаш» атауын қайтарып алды. Жалпыұлттық қазақ басылымы о баста жастарға бағдарланғанымен, көтерген тақырыптарының алуандығымен үлкен-кіші

оқырманның үзбей оқитын дәстүрлі әрі жанаша басылымына айналды. Бүгінде «Жас Алаш» тұрмыс-тіршіліктің барлық саласын қамтыған өткір де өзекті дүниелерді жариялап, еркін әрі демократиялық бағытта сан қырлы тақырыптармен аудиторияның ықыласына бөленіп келеді. Тәуелсіздік алғаннан бері ондағы көрініс тапқан этнокөсемсөз белгілері ұлттану үдерісінде кез келген мәселені ұлттық тұрғыдан саралау стилін иеленген.

Тарихтан белгілі халықаралық қауымдастықта «ТМД» деген атауға ие болған Тәуелсіз мемлекеттер достастығы 1991 жылы 21 желтоқсанда егемендіктерін жариялаған 11 мемлекет басшыларының Алматыда бас қосуының нәтижесінде дүниеге келген болатын. Сол кезде ТМД-ны құру туралы Алматы декларациясына қол қойылып, бұл құжат КСРО-ның «өмір сүруін» тоқтатты. Бұл саяси шешім ұлттану үдерісінде үлкен мәнге ие. Өйткені, осыдан бастап ұлттық баспасөз тарихи ұлттық сана-сезім турасындағы келелі ізденістерін одан әрі дамыта түсіп, «ұлттар лабораториясындағы» әр этносты тану, олардың қадамдары мен тыныс-тіршілігін жаңа қырынан зерделеуге көшті.

Бұл күйіп тұрған өзекті тақырыпқа қалам тербеген «Жас Алаш» 1991 жылы дәл сол 21 желтоқсан күні тасқа басқан №244-нөмірінде «Минск... Ашхабад... Алматы ақиқатын айтар» деген бір ауыз сөзбен ТМД-ның өткен келіссөздерінің шежіресін көрсететін тақырып қойып, «Тәуелсіз мемлекеттердің Достық одағы ма, әлде Еуропа және Азия мемлекеттерінің Достық одағы?» деп сұрақ қоя отырып тақырыпша беріп, газеттің бірінші бетіне проблемалық мақала жариялады. «Сәуір самалынан бері уақыт аралығында еліміз талай-талай саяси, әлеуметтік, экономикалық сілкіністерді басынан кешіріп, бүгін, міне, үлкен тарихи кезеңнің табалдырығын аттағалы отыр. Алматыда Тәуелсіз мемлекеттер Достық одағының іргетасы қаланбақ. Оның қалай болары және қалай аталары бізге әлі белгісіз. Михаил Горбачев Еуропа және Азия мемлекеттерінің Достық одағы деп аталуына ұсыныс жасады» деп басталатын мақаладан егемендіктің стилін еркін аңғаруға болады [64].

Себебі оған дейінгі «кеңестік», «советтік» деген атаулар жоғалып, «Минск «үштігі», «Ашхабад «бестігі» деген саяси стильдің құбыла әдемі өрілуі әр мемлекеттің (халықтың) ішінде болып жатқан саяси әрі әлеуметтік мәселелерден мақала авторы Мұрат Төлеевтің жақсы хабардар екенін көрсетеді. Мемлекетаралық байланысты танымда «Осы орайда Қазақстанның позициясы екі түрлі бағытты тепе-тең ұстап тұру мақсаты көзделеді деп ойлаймыз. Ашхабад кездесуінен кейін-ақ Орта Азия және Қазақстан Республикаларының Консультативтік Кеңесінің құрылымы да бекітілді. Онда мемлекетаралық экономикалық саясатты үйлестіру, Орта Азия аймағындағы халықтардың мүдделеріне және сол республикаларға тән жеке ерекшеліктерді ескере отырып, қалыптастыру көзделіп отыр.

Консультативтік Кеңес қызметінің аса маңызды мәселелерінің бірі шет елдермен байланысты нығайту, республикалардың сыртқы нарыққа шығуына орай барлық мүмкіндіктерді пайдалану көзделгені мәлім. Сондықтан,

Ашхабадта «бестіктің» кездесуіне орай этникалық туыстығы жақын іргелес республикалардың саяси, экономикалық, сауда-саттық, мәдени байланыстарды дамытуы бірінші бағыт болса, ядролық қаруы бар державалар (Ресей, Украина, Беларусь) қатарында Қазақстан өзінің «славян ағайындармен» де түсіністікке жетуді меңзейтін болады» деген пікірі сол уақыттағы КСРО шекпенінен шыққан елдердің географиялық және этностық тұрғыда кімнің кімге туыс екендігін, табиғи болмыстары мен менталитетінің ара қатынасы қандай екенін айқындап береді. Өйткені, ТМД-ны құру туралы 1991 жылдың 8 желтоқсанында Минскіде славян тектес (Ресей, Украина, Беларусь) елдер келісімге келсе, 13 желтоқсанда Ашхабадта біршама түркі тектес (Орта Азия) ел басшылары келісімге келіп, соның нәтижесінде 21 желтоқсанда Тәуелсіз мемлекеттер Достастығын құру жөніндегі Алматы декларациясына қол қойылған болатын. Осы ақпараттың өзі ТМД құрамындағы елдердің келісімге келмес бұрын туыстық, рухани-мәдени, бір-біріне табиғаты жақын елдердің кімдер екенін танытып бергендей.

Дегенмен, мақала ТМД басшылары кездесетін 21 желтоқсанға қараған түні дайындалғандықтан онда мәліметтердің аздығы әрі логикалық қателерге редакцияның жол бергенін айғақтайды. Асығыстық емес оперативтілік деп тануға болатын бұл қадамды мақала соңындағы «Бет қатталып жатқанда: Алматыдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достық одағын (кейіннен атауы өзгерген – Н.Д.) құруға байланысты келіссөзге... Әзірбайжан Президенті Аяз Муталибов те мәселелерді талқылауға қосылатындығы туралы хабар алынды» деген жолдарынан байқау қиындық туғызбайды. Сондай-ақ, кейбір сөздердің қайталампаздыққа (тавтология) жол бергені де бар. Бірақ, саяси салмағы басым дүние бүгінде тарихқа айналған мол ақпараттарды беретіні сөзсіз.

Алайда, бұл кемшін ақпараттар 24 желтоқсанда жарық көрген «Жас Алашта» толықтай түзетілген. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы» деп еңселі тақырып қойып, «Алматы кездесуі тәуелсіз мемлекеттердің тұсауын кесті» деген тақырыппен берілген бет кешегі Кремльге телмірген бас пен Мәскеуге иілген мойынның өз ұлтына бұрылғанынан хабар береді. Ел президенттері қол қойған Алматы декларациясы, ТМД мемлекет басшылары Кеңесінің шешімі, ТМД-ның үйлестіру институттары туралы келісім, Ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар туралы келісім құжаттарын Н.Ә. Назарбаевтың ұлтаралық татулық пен қатынасқа арналған «Экономикалық кеңістік – Еуроазияттық» атты мақаласы қорытындылайды [65].

Қазірде бұл Достастық оған мүше елдердің экономикалық ахуалы ғана емес, оның территориясында тіршілік ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен рухани-мәдени құндылықтарын, этностық ерекше нышандары – тілін, материалдық және рухани мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін, діни сенімдерін, өздеріне тән отбасы мен некеге тұру рәсімдерін, тұрғын-үй жайларын, ұлттық киімдерін т.б. зерттеп, оларды сыйлап, ұлықтаумен де айналысады. Тіпті, әлемдік тіл ғылымында «ТМД елдерінің тілдері» деген түсінікті де туындатты. Жалпы, Қазақстан ұйытқы болған Тәуелсіз

Мемлекеттер Достастығының құрылуы әлемдік этнология ғылымының жаңа парақтарының ашылуына үлкен септігін тигізгені анық. Осы орайда, оны насихаттау мен түсіндіруде «Жас Алаш» секілді қазақ баспасөзінің орнын жоққа шығара алмаймыз.

Ұлттануда тілді білу – басты фактор екені шындық. Оны баспасөз әрқашан айтып білдіріп келеді. Ұлттың басты белгісі – тіл. Алғашында адамдардың бір-бірімен қатынас құралы ретінде пайда болған тіл дами келе ұлттың аса маңызды көрсеткішіне айналды. Тіліне қарап, ол елдің қаншалықты дәрежеде екенін байқауға болады. «Тіл әрбір адамға қандай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айрылған ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» деген ұлт мақтанышы Мағжан ақынның мына ойын ұлттануға қатысты темірқазық ретінде алғанды жөн көреміз. Ол: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады» дейді [66].

Бұған қатысты «Жас Алаш» газетінің 2004 жылғы 27 қарашадағы санында ҚР ҰҒА академигі Ә.Нысанбаев пен профессор А.Тайжановтың «Құдайберген Жұбанов жапон иероглифін не үшін үйренген?» деген танымдық мақаласын жариялапты. Онда авторлар өз ұлтыңды және өзге де этностарды тану жолында ғылыми ізденуге қажетті тіл білімінің маңызына тоқталып, белгілі ғалым Қ.Жұбановтың тәжірибесі туралы сыр шертеді.

«Тіл тағдыры халық тағдырымен байланысты. Ендеше, тілші-ғалым тілдің жалпы, теориялық жағдайын бес саусағындай білумен қатар, халықтың тарихын, оның тарихи көшіндегі өткелдері мен тар жол, тайғақ кешулерін, шарықтауын, құлдырауын, қайта өрлеуін тайға таңба басқандай білуі керек» деген мақала авторлары «Профессор Қ.Жұбанов туралы естеліктерге сүйенсек, ол өз қолымен толтырған анкетаның «Қандай шет тілдерін білесіз?» деген тұсына «орыс тілінен басқа неміс, парсы (иран), араб, түркі, монғол тілдерін, сонан кейін совет халықтар тілдерінен: коми, чуваш, грузин және түркі тектес халықтардың тілдерін білемін» деп жазған [67]. Лингвист Қ.Жұбанов бірнеше тілді қатар меңгеруінің арқасында салыстырмалы-тарихи әдіспен терең зерттеулер жүргізді» деп жазады. Бұдан кез келген ұлттану үдерісінде үлкен білім ғана емес тіл білу қажеттігін ұғынамыз.

Түркі тілдерін зерттеуші академик А.Н. Самойлович, Шығысты зерттеуші, тарихшы В.В. Бартольд, тілші Л.В. Щерба және басқа да ғалымдардың еңбектерімен жете танысқан Қ.Жұбанов «қазақ тілін туыстас түркі тектес халықтардың тілдерімен салыстыру жеткіліксіз» деп білген. «Тіл – ең көне құбылыс» екенін ескере келіп, қазақ тілін монғол, угро-фин тілдерімен салыстырған. Тұңғыс-манчжур тілдерін місе тұтпай, КСРО ғылым академиясының Тіл және ойлау институтының аспиранты болып жүргенде тілдің бірнеше жеке түрін, оның ішінде жапон тілі иероглифін оқып-үйренумен шұғылданған. Жапон тілінің тұңғыс-манчжур тілі арқылы қытай-тибет тілдерімен ұштасатынын сезген Қ.Жұбанов жоғарыда аталған

тілдер иероглифінің кілті – жапон тілі деп есептеп, жапон иероглифін үйренген.

Ол бұл іске өз халқының рухани әлемін, тарихын келесі ұрпаққа ғылыми негізде жеткізу мақсатында саналы түрде кіріскен. Осы жөнінде өзі былай деп жазды: «Қазақ тілі, қазақ тарихы жөнінде қытай тілінде көптеген дерек бар. Ол өте қиын. Көп уақытты керек етеді. Ал жапон тілі болса, о да оңай емес, бірақ қытай тіліне қарағанда ол недәуір жеңілдетілген және жапондықтар қытай тіліндегі ғылыми еңбектердің бірқатарын өз тіліне аударып алған. Мен сол тіл арқылы қытайлықтардың қазақтар туралы жазылған деректерін оқимын ба деп үміттеніп жүрмін» деген пікірін мысалға келтіреді [67].

Шындығында да, халқымыздың рухани тарихының көптеген қазыналары шет елдерде (Қытайда, Монғолияда, Германия мен Ресейде, тағы басқа елдерде) жатыр. Және бұл қазыналарды өз қандастарымыз зерттемеген соң, біреудің жоғын біреу өлең айтып жүріп іздейтіннің керін келтіріп, өзге елдің ғалымдарының ішінде тарихи шындықты өз мүдделеріне қарай бұрмалаушылар да болды. Міне, шетелдерде мол қазына жатқанын саналы түрде ұғынған азамат-ғалым кәсіби маман ретінде өз ізденісін халқының рухани, тарихи қажеттіліктерін өтеуге бағыштаған: жапон тілін де осы үшін үйренген. Бұл – тіл білудің тек ұлттану үдерісі ғана жалпы әрбір ұлттың өзін-өзі тануы үшін аса қажет құзіреттілік.

2.2 1991-2016 жылдардағы ұлтаралық қарым-қатынас және этнокөсемсөз

Қазіргі қоғамда «заманның тірегі – ұлттық идея» деген пікірді жиі естиміз. Жасыратыны жоқ, оған тәуелсіздік алғаннан кейін ғана назар аударыла бастадық. Біріккен ұлтар ұйымының есебі бойынша, дүние жүзінде 200-ден астам мемлекет бар, олардың шамамен 20-ға жуығы бірұлтты деп айтылады. Дегенмен, олардың өзі бірыңғай бірұлттық емес деп саналады, өйткені, оларда да шағын этностық топтар бар, бірақ олардың үлес-салмағы 5 пайыздан аспайды. Бұл әлемдік ғылымдағы ғалымдардың «ұлт» ұғымына деген көзқарастарын түрлі пікірлерге сайып келеді. Бұған қатысты белгілі қазақ ғалымы, профессор Амангелді Айталының мына пікіріне құлақ ассақ. Ол «XX ғасырдың ортасына дейін ғылым мен технологияның дамуы, демократияландыру ортақ азаматтық ұлттық белгілерді бірте-бірте ығыстырады деп болжам жасалған. «Плавильный котел» теориясы заман ұлттарды мидай араластырып, бір қазанда қайнатып, балқытып, ерітеді, қазаннан бір-біріне ұқсас, бір тілді, бір дінді басқа халықтар шығады деді. Кезінде В.И.Ленин ірі қалалар, әсіресе, Нью-Йорк – ұлттарды балқытатын қаланың үлгісі деген. Ал бұрынғы Кеңестер Одағында таптық қатынастарға зор мән беріліп, ұлттық фактордың маңыздылығы мойындалмады. Бірақ тарихи тәжірибе ұлттық құбылыстардың әлеуметтік және саяси процестердегі мәні сақталып қана емес, күшейгендігін көрсетті. Өмірге енді

«салат» теориясы келді. Ол теория бойынша, ұлттар қазанда қайнап, балқып, еріп жойылмайды, кескенде бір-біріне қосылып кетпейтін, кесілген, туралған салат тілімдері сияқты дараланып тұрады делінді. 1972 жылы Оксфордтың ағылшын тілі сөздігінде ұлттық мәселелерге (этничность) жаңа мән берілді. Этнос – грек сөзі, алғашқыда оған көп құдайға табынушылар деген мағына, кейін нәсілдік мән берілді. АҚШ-та «этникалық топтар» деген ұғым тегі британдық емес еврей, итальяндық, мексикандық, басқа да ұлттарға қатысты айтылды» дейді [68]. Демек, «ұлт» ұғымының ғылымдағы бет-бейнесі күрделене бастады деген сөз.

Ғалымның айтуынша, ұлттық проблема бүгін жаһандық мәселелердің біріне айналды. Отарлау жүйесінің күйреп, Кеңестер Одағының ыдырауы, тарих сахнасында жаңа ұлттардың пайда болуы бұл мәселеге зор мән бергізді. Айта кететін бір жағдай – әр аймақтарда бұл проблеманың өз ерекшеліктері бар. АҚШ-та ұлт мәселесі нәсілдік мәселемен астарлас, Еуропада этностық мәселелер діндермен байланысты, Германия, Ұлыбритания, Франция, Нидерландияда дін мен ұлт мәселесіне зор мән беріледі. Мәселен, АҚШ-та бүгін 140 миллион мигранттар тұрады, олардың 30 миллионы АҚШ-та тұмағандар, басым көпшілігі мексикандықтар. Нәсілі мен тілі басқаларды бейімдеу оңай шаруа болмай тұр. Болашақ тіпті ойландырады. 2020 жылы әлем халқының 60%-ы – Азияда, 16%-ы – Африкада, 9%-ы – Латын Америкасында, 9%-ы – Еуропада, 5%-ы – Солтүстік Америкада тұрады. 18%-ы тұратын еуропалық мемлекетте адам өлімі туудан басым, халық қартайып барады. Ресейдің 44 губерниясында да туудан өлім көп. Жұмыс күші оларға шетелдерден келеді. Әлемдік деңгейде ұлт, тіл, дін мәселесі ойландырмай қоймайды. Қоныс аударушылар жаңа мәдени ортаға сіңбей, топтар өздерінің дәстүрлі қағидаларын, дінін, туыстық қатынастарын, қауымдастық байланыстарын үзбегені еуропалықтарды бүгін таңғалдырып отыр. «Этникалық элемент» Еуропа мемлекеттерінде жаңа маңызға ие бола бастауы ғалымдардың да назарын аударды.

Мұндай күрделі мәселелерді көтеруден «Жас Алаш» газеті де тыс қалған емес. Әртүрлі мемлекеттер мен ұлттарды тану жолында қазаққа қажет ұстанымдарды ұлттық мүдде тұрғысынан сараптайды. Тіпті, ұлттық мақсаттарды алдыңғы қатарға шығарып, оған қатысты ащы шындықтардың бетін ашады. Осыған байланысты, ғылыми деректерді алға тарта отырып, көптеген проблемалық және сараптамалық мақалаларды жариялаған. Кез келген ұлттар мен этностарды танытуға бағытталған жарияланымдарда «Жас Алаш» еліміздегі мемлекет құрушы қазақ халқының мүддесі тұрғысынан саралай біледі. Мұндай сарындағы затындар кейінгі жылдары мүлде көбейген. Мәселен, осы бағытта «Шетелдің жігітін сүйемін» (14 қыркүйек, 1994 ж.), «Негрде нең бар, қарағым» (16 шілде, 1998 ж.), «Қытайлардан қалай құтыламыз?» (5 тамыз, 1998 ж.), «Ұлтын «Қазақ»» деп жаздыруға ниет етушілер көбейсе қайтеміз?» (24 сәуір, 2003 ж.), «Қара қытай қаптаса...», «Қытай да қорқады екен» (12 тамыз, 2003 ж.), «Белорус, өзбек, түрікпен қайда, біз қайда?», «Ел – Еуроодаққа, біз – БЭК-ке» (6 мамыр, 2004 ж.) деген

көптеген мақалаларды мысал ретінде келтіре аламыз. Ол затындар барынша қазақ ұлтының азаматтарына ой салатын дүниелер.

Ақиқаты сол, сонау Кеңес заманында ұлтты тарихи материалистік тұрғыдан саралай келе, оның рухани өміріне, тіліне, мәдениетіне үстірт карау басым болды. Ұлт болмысының территориялық, экономикалық, шаруашылық қырларына ұлттың белгілері ретінде мән беріліп, ұлтты ұлт ететін этностық сана-сезімін, тілін, дәстүрін, рухани болмысын елемедік, жоққа шығардық. Бүгін КСРО заманындағы біржақтылықты сынай келе, енді екінші шекке шығу орын алып жатыр. Ол – ұлттың ақиқаттығына күмәндану, тамырсыз қиял ретінде түсіну.

Өмірде жеке адамның ұлттық тегін айқындау кейде оңай да болмайды. Ұлттық сана атамекенде туып, елін тануы, ата-анасының да байырғы ұлттың перзенттері болуы, ана тілін білуі, ана тілінде білім алуы, біліммен бірге мәдениетін тануы, отбасылық ұлт тәрбиесі, ұлтының, елінің тарихын білуі, ортақ салт-дәстүрін сыйлауы, мойындауы, ұлты мен дінінің үйлесімі сияқты дүниелермен келеді. Осы құндылықтарды мойындамайтындар бар. Тіпті жеке адамды белгілі бір ұлтқа жатқызуды оның құқын бұзу деушілер кездеседі. Мұның абсурд екені анық. Осындайда жазушы Ғабиден Мұстафиннің «Бұрын ұлтшылдық дегенмен күрессек, енді ұлтсыздық дегенмен күресуге тура келіп тұр» деген сөзі еріксіз ойға оралады. «Жас Алаш» басылымының жоғарыдағы көрініс тапқан проблемалық мақалаларына қарап, оның ұлттанудағы және ұлтты танытудағы үлкен миссияға зор үлес қосқанын айта кетуіміз керек.

Осы орайда, қоғамдық-саяси газетте түрлі айдарлар жұмыс істейді. Бірақ солардың ішінен тұрақты түрде түрлі ұлттану затындарын ұйымдастыратын «Ұлт және құқық» айдарын айтпай кетуге болмайды. Бұл айдардың тілі мен стилі – саяси, кей жағдайда сарказмдарды да оңды пайдаланатынын айта кету керек.

«Жас Алаштың» тағы бір ерекшелігі – жалпы бетке ортақ айдар қоя отырып, көптеген затындарды соның аясына майдан қыл суырғандай жымдастыра беру. Ұлттану үдерісінде мазмұнына сәйкес айдар қою да кездеседі. Оған мысал ретінде «Журналистік зерттеу» айдарымен берілген «Шелектегі қырғыздар» [69], «Саясат. Экономика» айдарымен жарық көрген «Шелектегі басбұзарлықтың астары немесе Қазақстанда Ұйғыр проблемасы бар ма?» [70], «Шелектің түбі неге тесілді?» [71] мақалаларын алуға болады. Соңғы мақалалар сол уақытта Алматы облысы, Шелек ауданында туындаған қазақ-ұйғыр жастары арасындағы кикілжіңдерге байланысты жазылған. Бірақ бұл шиеленістерге ұлтаралық емес, мемлекет ішіндегі әлеуметтік мәселе ретінде баға берілгені белгілі.

Саяси реңкі басым бұл мақалаларда негізгі тұжырым ұлтараздықты қоздырмауға келіп саяды. Айталық, «Шелектегі басбұзарлық...» туралы мақалада журналист Шадиар Өстемірұлы «АҚШ-тың көпмәдениеттілік мәселесін (*біздің түсінігіміздегі «көпұлттылық» – ред.*) зерттеп жүрген ғалымдары: Біздің ел үшін көпмәдениеттілік қазір проблема болудан қалған.

Керісінше, бұл – артықшылығымыз. Әлемде жетекші ел болуымызға әсер еткен де осы көпмәдениеттілік» деген тұжырым жасап жүр. Әрине, Қазақстан мемлекетінің темірқазығы – қазақ халқы. Бұл күдіксіз. Бүгінгі билік еліміздегі түрлі мәдениет өкілдерін сол темірқазықтың айналасына шоғырландырып, ортақ мақсатқа жұмылдыра білсе игі. Шелек оқиғасының сабақ болар бір тұсы – осы» деген пікірі газеттің халықты бірлік пен ымыраға ұйымдастырудағы азаматтық позициясын және ұйымдастырушылық негіздегі тұғырын танытады. Айтылған астарлы ойдың ұштығында құзырлы органдарға да деген үлкен емеурін де жатыр. Ойды көркемдеп жеткізудегі кестелі мағынаны беруі де газеттің журналистика саласындағы этикалық құндылықтарын меңзейді.

Бұл «Жас Алаш» қоғамдық-саяси газетінің ұлттану үдерісіндегі өзіндік стилі мен затындарды ұйымдастыру пішінін көрсететін дәлелдер. Оны кейінгі жылдары «оппозициялық бағытта» деп танылатын басылымның мемлекет үшін аса маңызды болып табылатын ұлтаралық бірліктің астарында қандай саяси ойындар мен мәселелер бар екенін тәтпіштеп жазуынан айқын бағамдаймыз. Саяси салмақта өткір жазылған мақалалар тізбегін «Қазақияның үндісі...» [72], «Қытайда «қазақстандық шпион» [73], «Орыс диаспорасының тойып секіруі» [74] т.б. түрлі жанрда жазылған проблемалық мақалалар толықтырады.

Дүние жүзі ғылымында «ұлт» ұғымы бүгін әртүрлі мағынада пайдаланылады. Мәселен, француздар XVIII ғасырда ұлы француз революциясынан кейін ерікті азаматтардың қауымдастығын «ұлт» («нация») деп атады. Кейін азаматтардың қауымдастығы ретінде бұл ұғым ағылшын тілінде де қолданыла бастады. Сондықтан «ұлт» ұғымы мемлекет дегенді білдірді «Француз халқы» дегеніміз ол Франция елінің азаматтары дегенді айғақтайды.

Германияда жағдай өзгеше. Онда бірнеше неміс тілді мемлекеттер өмір сүрді. Неміс қауымдастығы тілдік, мәдениет негізінде үйлесім тапты. Ұлт ұғымын немістер халық (volk) мағынасында күні бүгінге дейін пайдаланып келеді. Ал француздардың, немістердің, басқалардың тілі, дәстүрі, ұлттық құндылықтары туралы мәселе бола қалса, «этнос» ұғымын пайдаланады.

Ресейде «ұлт» (нация), «халық» (народ), «этнос» ұғымдарын пайдалануда нақтылық, айқындылық болмады. Ұлт ұғымын азаматтық мағынасында пайдалануға азаматтық қоғам қалыптаспағандықтан да болар, қолданысқа енгізбеді. Сонымен бірге, бүгін ұлтты азаматтық қауымдастық ретінде қабылдаушылар көбеюде, бірақ оны этностық жағынан да қолдаушылар аз емес.

Осы ұлттану үдерісінде «Айқын» газеті де мәні затындар ұйымдастырумен ерекшеленеді. 2004 жылы 6 наурызынан бастап аптасына 5 рет жарық көретін «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті Қазақстанның бұқаралық ақпарат кеңістігінде өз орнын тапқан. Газеттің әр нөміріндегі мақалалар түрлі сараптамалық шолуларда, пікірталастарда негізгі тақырыпқа айналып, интернет жүйесінде де қайта басылып келеді. Негізгі

тақырыбы – саясат, экономика, мәдениет, спорт және қоғамдағы әлеуметтік мәселелер.

«Айқын» газеті – ұлттануда ұлтаралық татулық пен бірлікті кеңінен насихаттайтын басылым. Күнделікті шығатын газет 2009 жылы 19 шілдеде «Қазақ сары шал» деген танымдық мақала жариялады. Онда автор Төреғали Тәшен Алматыдағы «Әуезов үйінде» өткен «Снегин оқулары» төңірегінде ой өрбіткен. «Екі өзге ұлт өкілінің қиыспас достық қарым-қатынасы жайы сөз болғанда Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің, Абай мен Михаэлистің, М.Әуезов пен Леонид Соболевтің арасындағы адамдық, рухани достық еріксіз еске түседі. Осы қатарға хас батыр Бауыржан Момышұлы мен замандастары өмірінің соңғы жылдарында сары шал деп атап кеткен Дмитрий Снегиннің достығын қосуға болады» деп қазақтың ұлы тұлғасымен дос болған орыс жазушысы туралы сыр шертеді [75].

Қазақ пен орыс жазушыларының арасындағы достыққа байланысты қазақ әдебиетінің ақсақалы Әзілхан Нұршайықовтың «Қазақ халқының ең адал достары деп мен өзім жақсы білетін үш орыс жазушысын айтар едім. Олар: Александр Бек, Александр Кривицкий және Дмитрий Снегин. Бек Баукеңді әлемге танытты. Кривицкий өзінің кітабында Баукең туралы небір тамаша пікірлер айтты. Снегин болса орыс емес, қазақ деп қабылдауға әбден болатын, ерекше мейірімді, таза жанды адам, тамаша жазушы» деген ойын жеткізеді [75].

Алматыда дүние есігін ашып, осында өмірден өткен Д.Снегин – генерал И.Панфилов, полковник Б.Момышұлы, ақын, романтик Абдолланың өмірі мен ерлігін, шынайы болмысын шебер бейнелеген суреткер. Бауыржан Момышұлы туралы «Открытый всем», «Арысым еді-ау, Бауыржан» шығармалары қазақ батырының өр мінезін жұртқа паш етті. Оның аудармасымен І.Жансүгіров («Кеңес»), Н.Баймұратов («Ер Төлеген»), Қ.Аманжолов («Найзағай»), С.Мәуленов («Туған жер») шығармалар жинағы орыс тілінде жарық көрсе, сценарийі бойынша «Біз Жетісуданбыз» көркем фильмі түсірілген.

Бұл мақала табиғаты таза, өзі дүниеге келген өлкесінің біртуар перзенттері, оның ішінде қазақ халқы туралы тасқа басылған тың дүниелерді соңына мұра етіп қалдырған орыс ұлтының өкілі жөнінде оқырманға кеңінен ақпарат береді. Достықта шекараның жоқтығын, тіпті достықта ұлттың жоқтығын бедерлегендей. Мұндай публицистикалық затындардың ұлттануда орны бөлек екені даусыз.

Осы секілді «Айқын» газетінің 2008 жылдың 22 қарашасындағы санында қазақ жерінде тұлғасы мен азаматтық көзқарасы қалыптасқан, белгілі журналист Ахмет Алязбен «Мен қазаққа адалмын» деген сұхбат жарияланған. Сұхбатта елімізге тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ат басын тіреген, табаны күректей 16 жыл Қазақстанда еңбек етіп, қызмет істеп келе жатқан Ахмет Аляз егемендіктің өткен асқаралы белестері, ұлтаралық татулық, қазақ халқының табиғаты туралы пікір білдіреді. Журналист Гүлбаршын Айтжанбайдың «Қай ұлт, қай мемлекет болмасын, менталитетіне

сай ішкі қалтарыстарына тәуелді. Қазақ қоғамы сізді жатсынған жоқ па? Ұлт зиялыларына, жергілікті билікпен тонның ішкі бауындай араласып кете алдыңыз ба?» деген сұрағына «Бастапқы кезде жатсынды. Сенбей қарады, Бауырға тартып, сіз айтпақшы, тонның ішкі бауындай араласуға ыңғай танытпады. Мен басымнан өткен қиын кезеңді, психологиялық кедергілерді қазақ достарыммен бірге жеңіп келе жатырмын. Өйткені, мен қазаққа адалмын, мұны сөзіммен де, ісіммен де дәлелдеуге тырысудамын. Менің түсінігімде, күллі түркі жұрты – бір атаның баласы. Олай болса, кім өзінің бауырына арамдық ойлай алады. Мен Түркиядан 19 жасымда кеттім. Қазір өз елімдегі достарымнан қазақ еліндегі достарым көп» деп жауап берген [76].

Дәл қазіргі қазақ қоғамындағы мәселелер, еуропаланып бара жатқан түрік қоғамындағы күрделіліктер жөнінде талай әңгіменің тиегін ағытқан түрік журналисі қазақ-түрік арасындағы негізгі құндылықтарға назар аударады. Екіжақты келісімдер, бір-біріне кіндігі байланған бауырластықты мейлінше жеткізген. «Қазаққа адалдығын танытқан» оның «Мен өзге елдің азаматы болғанмен, Қазақ елінде азамат, тұлға болып қалыптастым. Кейде өзімді екі ананың қазақ пен түріктің төсін қатар еміп өскен арда ұл ретінде сезінемін. Азамат болып қалыптасу кезеңінде дұрыс бағыт-бағдар сілтегені үшін, «жат елдің азаматысың» деп кеудеден қақпағаны үшін Қазақ еліне, ұлтына, тіпті ауасы мен жеріне қарыздармын. Бірақ, түп-тамырым да, түп қазығым да – Түркия. Қазақ жеріндегі несібем біткен сәтте өз еліме қайта оралуға дайынмын. Бірақ түптің түбінде болашағым да, бақытым да Қазақстан мен Түркияға байланысты екенін сеземін. Екі халықтың төстесіп құшақтасқанын көруден асқан арман жоқ» деген ойынан көптеген риясыз пікірді еркін аңғарамыз [76].

«Қонақкәде» айдарында берілген сұхбат бауырлас екі халықтың арасындағы татулық, тарихи қатынасынан хабар береді. Мұндай затындардың «Сырт көз – сыншы» дегендей өзінді тануына көп мүмкіндік берері сөзсіз.

Жалпы, «Айқын» қоғамдық-саяси күнделік ретінде күнде шығатын газет болып ашылғанда Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдарында резонанс болғаны белгілі. Алайда күн құрғатпай шығатын басылым негізінде ақпараттар тасқынына шыдас беру үшін болып жатқан жаңалықтарды оперативті түрде халыққа жеткізу мақсатында дүниеге келгені еді. Тіпті, телерадио жаңалықтарымен бәсекеге түсу басты ниеті болған. Сондықтан, онда негізінен сараптамалық, талдамалық затындардан бұрын телеграфтық стильдегі, яғни ақпараттық жағы басым болды. Дегенмен, газетте осы секілді күннің өзекті тақырыптары ғана емес, күнделікті тыныс-тіршіліктегі маңызды әрі уақыт талғамайтын мақалалары көптеп шығып тұруы – қоғамдық-саяси күнделіктің мәнін арттыра түскені анық.

Ұлттануда қазақ халқына деген өзге ұлт өкілдерінің алғысы шексіз екені қуантады. Осы арқылы олар өз ұлтының қазаққа деген адалдығын ғана емес, өз ұлтының адам сүйсінетін тазалығын да танытатыны нақ. Бұған «Айқын» газетінің 2008 жылғы 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесімен тұспа-тұс жариялаған «АҚШ-та отырып, «Айқынды» алдырған»

деген Нұрғазы Жаппарұлының ой-толғауын мысалға келтіре аламыз. «Құс төресі қаса сұңқар қай қияда жүрмесін өзі түлеп ұшқан ұясын ұмытпайды, тіпті жылына бір соғып, бір күн түнеп, мауқын басады» дейді. Сол рас болуы мүмкін. Туған жерді кеудесінде жаны бар тіршілік атаулысы пір тұтады, қастерлейді. Екі аяқты адамзат та сондай. Есі түзу, көкірегі ояу адам баласы да ұлтына, нәсіліне қарамай, туған жерін ұмытпайды. Қазақ жерінен түлеп ұшқан өзге ұлттың өкілдері де кіндік қаны тамған қазақ топырағын ұмытпақ емес. Адамгершілігі жоғары, көзі ашықтары жырақта жүрсе де елімізді ұлықтап жүр» деп жазылған мақаланың аңдатпасының өзінен-ақ Қазақстанда туып-өсіп, жетілгеннен кейін елден жыраққа кеткен отандасымыз туралы айтылатынын аңғарамыз. Ары қарай еміне оқып көрсек, адамға ой саларлық дүние бар [77]. Мақаланың ұзын-ырғасы мынадай: 2005 жылдың басында шыққан «Айқын-апта» газетінде «АҚШ-тың ең үздік бапкері атанған қазақ жаттықтырушысы» атты мақала жарық көреді. Онда АҚШ-қа қоныс аударып, Қазақстанда қалыптасқан жерлесіміз, мұхиттың арғы бетінде еңбек етіп жүрген өзге ұлт өкілі – семсерлесуден Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі төреші, КСРО спорт шебері Яков Даниленко мен оның мұхиттың арғы жағында құрылып, танымал болған «Медеу» спорт клубы туралы айтылған. Шетелде жүрсе де, осы мақаланы Я.Даниленко індетіп жүріп таптырып алып, журналиске хат жазып, алғысымен қоса, қазақ халқына деген өз ризашылығын жеткізіпті. Тіпті американдықтардың ортасында дүниеге келген спорт клубына «Медеу» деп қазақша ат қойып, оны Қазақ еліне деген ыстық ықыласы ретінде бедерлегенін оқығанда еріксіз жүрегіңіз тебіренеді. «Клуб төрінде Қазақстанның көк байрағы және «Медеу» мұз айдыны бейнеленген үлкен плакат ілулі тұр. Сондай-ақ, клубтың гербі Қазақстан туы негізінде жасалған. Клубымыздың гербінде Қазақстан туы тектес көгілдір алаң, қазақтың ұлттық оюы, американдық қыран бүркіт және семсершілер, параферналиялары үйлесім тауып, қиюластырылған. Клубтың барлық мүшелері біркелкі спорт киімін киеді. Бұл киімде клубтың үлкен эмблемасы және «Медеу» деген жазу бар» деп еліне деген сағынышын жеткізген Яков Даниленко әрқашан Қазақстанның атына шаң жуытпайтынын, оны мақтан тұтатынын айтқанда өзге ұлттың өкілі болса да осындай азаматтардың барына риза боласың.

Мұнан өзге үлкен мәселе көтерген Яков Даниленконың өзге ұлттың өкілі ғана емес, өзге елде жүрсе де нағыз Отанының патриоты екенін мына ойынан біле аламыз: «Өз кезегімізде біз Қазақстанды іргелі ел ретінде насихаттағымыз келеді. Қазақстанның тарихы мен шежіресі мол, бүгінгі заманға сай өркениетті мемлекет екендігін паш етсек дейміз. Дәл қазір бұл мәселе «Борат» фильмі жарық көргелі өзекті де маңызды іс болып тұр. Көптеген адамдар осы фильмдегі көріністерді ақиқат деп ойлайды және оған сенеді. Ал біз мұның бәрі қиял, фантазия екендігін түсіндіруге тырысудамыз, әрі түріндіріп те жүрміз. Біз Қазақстанның және біздің елдің халқының мүлде ондай емес екендіктерін жеткізуге тырысудамыз. Біз Қазақстан туралы шынайы ақпараттар таратып, еліміздің нақты жағдайын паш еткіміз келеді.

Бұл біз үшін маңызды. Басқа елде тұрсақ та, жүрек түкпіріндегі Қазақстан және қазақстандықтар туралы пікіріміз – оң, көңіліміз – түзу». Сыртта жүрсе де, өз туған жерінің абыройын ойлап жүрген осындай азаматтардан қалай айналмассың. «Өзі су ішкен құдығына түкіріп жүрген» есерсоқтар естігенде Яков секілді ұлдар көңіліңе медеу болатыны сөзсіз. Мақала авторы Нұрғазы Жаппарұлы «Мен де Яковтың хатын тебіреніп оқыдым. Әсіресе, соңғы абзацын... Британдық сайқымазақтың сол фильмі бәріміздің де намысымызға тиіп, шамбайымызға батып жүргені – шын. Бірақ ондайлармен жауласып, төменшіктемей, парасаттылығымызды көрсетіп, елімізді тек жақсы қырынан таныта бергеніміз дұрыс» деп ой толғайды. Оған Даниленкодай оғланымыздың ісін мысалға келтіріп, көңілімізді марқайтады. «Ал шет елде тұрып жатса да, туған елін ұмытпай, тіпті туған жерін әспеттеп жүрген Яков Даниленко өз клубы жайлы мақтанбай, қарапайымдылық танытуда. Естуімізше, бұл клубқа мүше болудың өзі ньюджерсилік әуесқой нояндар үлкен мәртебе көрінеді. Жоғарыда айтылған эмблемасы мен «Медеу» деген жазуы күртені киюдің өзі әуесқой семсершілер үшін қол жетпес арман екендігін де естудеміз» деп, «Жігіт те де жігіт бар азаматы бір бөлек» деген қазақ мақалындай ризашылығын білдіреді: «Сөз соңында Яков Даниленкодай отандастарымыз көбейе берсе екен деп тілейміз. Негізі, мұндай үлкен жүректі азаматтарымыз жоқ емес, баршылық. Мысалы даңқты шаңғышымыз Владимир Смирнов Швецияда тұрғанда мереке-мейрамдар немесе басқадай маңызды оқиғалар сайын үйінің төбесіне Қазақстанның аспан түстес Туын желбіретіп іліп қоятын-ды. Бұл қылығын В.Смирновтың өзі: «Бұл менің туған жеріме, Отаныма деген сый-құрмет. Мұнымен мен өз парызымды өтедім деп білем» деген-ді.

Бұл өзге ұлт өкілдері болса да туған жеріне тағзым еткен даңқты перзенттердің өнегелі істері кім-кімге болса да ой салады. Бұдан кейінгі ұрпақ үлкен тәрбие алары анық, ертеңгі күнгі елін әлемге танытатын, ұлтқа бөлінбейтін спорт тарландары өсіп шығары сөзсіз. Ұлтын емес елін қастерлеп, Қазақстанның даңққа бөлеген мұндай тұлғалар ұлттану үдерісінде зор үлгі бола бермек. Осыған тебіренген журналист «Тізе берсек, мұндай мақтан тұтар отандастырымыз баршылық. Қазақстан халықтарының бірлігі күні осындай азаматтарымыз көбейе берсін» деп ойын қорытындылайды.

2009 жылдың 2 маусымда аталған газет «Қазақтың Иваны» деген ұлттанудағы кезекті мақала жариялаған. Затында тәуелсіздік таңы атқалы бері өз туған ауылының жетістігін көтеремін деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Иван Вечтейн деген неміс ұлтының азаматы туралы, оның күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, қайтсем ауылымды ұшпаққа шығарамын деп еткен есіл еңбегі туралы айтылады.

Тәуелсіздік таңы атып, кең далада азаттықтың жұпар желі есе бастаған тұста қазақылықтың қайран көзі, бүкіл елдің асыраушысы болып отырған ауылдардың ажары кетіп, сонша жылғы тірнектеп жиылған ортақ мүліктің талан-тараж болғаны ащы шындық. Өкінішке орай, сол әділетсіз жекешелендіру, көп жағдайда жерге терін төгіп, жанын беретін қарапайым

диқандардың үлесіне жартулы ештеңе тимегендіктен де әлі көп ауыл еңселерін тіктей алмай келеді. Ал «хантаалапайға» жол бермей, «үйсең – көп, үлесең – аз» деген берік ұстаным, табанды тірліктерінің арқасында шаруашылықтың өндіріс қорларын шашыратпай уысында ұстап, ауыл тұрғындарын қатықтай ұйыта білгендердің ісі дұрыс, әрекеті әділетті болғанын қазір мойындап отырмыз. Міне, мақалада осындай жандардың бірі – ауылсыз өмірді елестете алмайтын неміс жігіті Иван Венчтейн туралы айтылған. Мақала авторы Құтмағамбет Қонысбай құт таймаған ауылдың тірлігін көрсетуде Венчтейннің қазақылықтан алыс кетпегенін бейнелеуден бастайды: «Қостанайда туылып 60-тың асқарына үш асу қалған азаматтың қонақжайлығы тіпті шарбағының сыртында тұрып сәлемдесіп «үйге түс, іргені көр, дастарқаннан дәм тат» деуді білмейтін кейбір қазақтардан да асып түседі. Бір күн қонақ келмесе елеңдейтін әдетіне қарап, бәйбішесі «сен қазақтан да асып түстің ғой» деп қалжыңдайды екен. Оның қарапайымдылығы сонша «мен бастықпын» деп ешкімге кеуде кермейді, қарамағындағылардың бәрін өзімен тең көріп, пікірлерімен санасады, ұтымды ойларын ортақ игілікке айналдыруға ұмтылады» деп қазақ ұлтымен тамыры ғана емес, табиғаты үндескен неміс кәсіпкерін әдемі кескіндейді. Одан ары Иван Венчтейн басқаратын К.Маркс атындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің мал және егін шаруашылығындағы жеткен жетістіктерін саралаған тілші бірлікпен берекесі артқан ауыл туралы кеңінен суреттейді. Әртүрлі ұлт өкілдерінің ымырамен жасап отырған тіршілігін өзге отандастарымызға үлгі етеді.

Басылымда ауылға, агроөнеркәсіптік салаға, азық-түлікті қайта өңдеп, оларды экспорттық әртараптандыруға аса мән беру қажеттігі баса айтылады. Ол үшін ауылды сүйетін, оған күн-түні қызмет ететін жандар көп болуы керек. Иван Венчтейн – нағыз ауылға ғашық сондай азамат. Оны қалай мақтап, марапаттасаң да артық емес» деген тілші осы ойы арқылы кіп-кішкентай ауылда шаш-етектен атқарылып жатқан жұмыс пен еңбекқорларды көз алдыңызға елестетеді. Затында берілген кішігірім ауылдың жұмыстағы қарапайым әрі қазақы неміс басшысының суреті мақала құнын арттырып тұрғандай.

Расында, нағыз патриоттар өз еңбегіне ақы тілемейтін, өз туған жерінің гүлденуіне бар үлесін үндемей қосып келе жатқан осындай азаматтар болса керек. Оның ішінде олар өзге ұлт өкілдері болатын болса, біздің Қазақстанның ұлтаралық татулықтағы қомақты үлесін аңдататыны анық. Олардың кейбірі ұлттық қауымдастықтардың ақиқаттығына, нақтылығына күмән келтіріп, оны адамдардың санасындағы ғана ұстаным деп «аңызға» тірейді. Бұл, негізінен, сан жағынан үстем ұлт өкілдерінің сойылын соғатын ғалымдар жағынан туып отыр. Оларға сенсек, ұлттық қауымдастық ең алдымен ұлттық сана-сезімнің бірлігі, ол ешқандай да топтық айырмашылық, ерекшелікті білдірмейді. Ұлт дегеніміз – жай ғана ұран, адамдарды бірлікке жұмылдыратын идея ғана, ешқандайда да нақты шындық емес. Олардың пікірінше, ұлт ұғымын ғылымда пайдалануға тұрмайды. Мұндай жаңсақ

пікірді «нигилизм» деп те атаймыз. Яғни, ұлтты ұлттық сана-сезімге теңеудің астарында ұлтты менсінбеу, философиялық тілмен айтсақ, субъектіні мойындап, объектіні жоғалту, ұлттың өзгеруін, дамуын, жаңаруын оның жоғалуына теңеу, дамудағы сабақтастықты мойындамау. Бір сөзбен айтқанда, қиямпұрыстықпен ұлттық қауымдастықтың өзін бұлдыр сағым деп есептеп, оған мән беруді, оны ғылыми мәселе ретінде зерттеудің де қажеті жоқтығын дәлелдеу.

Бүгінгі әлеуметтік ғылымда «ұлт» ұғымы әрдайым екі жақты мағынада пайдаланылады: Біріншіден, ұлт – тілі, атамекені, мәдениеті, дәстүрі, ерекше мінез-құлқы бар қауымдастық. Осы тұрғыдан келгенде, «ұлт» пен «этнос» ұғымдарының мазмұны бір. Екіншіден, саяси ұлт мағынасында, мемлекет азаматтарының бірлесуі ретінде де қолданады. Жоғарыдағы мысалдарымыз осы тұжырымдарды күйттейтіні анық.

«Ана тілі» газеті – қазақ баспасөзінде ұлттану үдерісінде көш бастап тұрған басылымдардың бірі. Аты айтып тұрғандай «Ана тілі» газетінің негізгі тақырыбы – мемлекеттік тіл болды. Бірақ, республикадағы тіл тақырыбында шығатын бірден-бір ресми әрі жалғыз басылым ана тіліміздің үні, жоқтаушысы болып қана қоймай, бұдан өзге маңызды да келелі тақырыптарды, ұлтқа қатысты кез келген күрмеулі мәселелерді көтеріп келеді. Атап айтар болсақ, қазақтың тарихы, салты, әдет-ғұрпы, дәстүрі, бүгінгі болмысы, қазақтың тілі, қазақтың ауылы, қазақ мектебі, балабақшасы, қазақ жастары, қазақ ғылымы, т.б. көптеген тақырыптар басылым беттерінен түсіп көрген емес [78].

Ал тіл – ойдың айнасы десек, өз ана тілінде ойлай алмайтын адамның ол тілде сойлей алмайтыны да белгілі. Яғни, ондай адам ана тілінде де, ұлттық тәлім-тәрбиеден де, тарихи мұрадан да қалыс қалары хақ. Халқымыздың өткен тарихына тоқталар болсақ, Кеңес үкіметі кезінде жеке басқа табыну, тоқырау жылдарында ұлттық саясаттың бұрмалануы ана тіліміздің дамуына айтарлықтай зардабын тигізді. Өзіндік сөз байлығымен, бояу-нақышымен белгілі болған қазақ тілін қоғамның бірқатар саласында орыс тілі ығыстырып шығарды. Бұл – ұлттанудың ең өзекті мәселесі.

Сонымен ұлтаралық қатынастардың еленбеуі мен ұзақ жылдарға созылған «орыстандыру» саясатының зардаптары қазақ халқының тіл мәдениетіне ауыр соққы болып тиді. Экономикалық, әлеуметтік, демографиялық факторлардың ықпалымен ұлттық тілдерді қолданудың аясы тарыла түсіп, олардың рөлі мүлдем құлдырап кетті. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін нақты жүзеге асырудың басты кепілі – тілдік ортаның болуы. Тілге қатысты бұрын да заң, қаулылар қабылданған еді. Тіл туралы заңның жүзеге асуы үшін ана тілінің тағдырына жаны ауырып, жүрегі сыздап жүрген әрқайсысымыздың да көмегіміз қажет еді. Осыған байланысты 1989 жылғы 21 қазанда республикалық «Қазақ тілі» қоғамы құрылды. Оның облыста, аудан көлемінде саны қауырт өсті. Қоғамдардың алғашқы істері нәтиже беріп, тіптен, оның мақсат-мүддесін жүзеге асыруға көмектесетін төл басылымы – «Ана тілі» газеті 1990 жылы 22 наурыздан бастап жарық көре бастады. Газет

тіл мүддесін қорғау мәселелерін көзден таса, көңілден қағыс қалып келген тұстарына баса назар аударды. Бұл сол кездегі қоғамның сусап отырған тақырыбына қалам тербейтін басылым болғандықтан ел ішінде беделді де болды.

Республикадағы қалыптасқан қазіргі тілдік ахуал өзінің перспективалық моделінен әлі де алшақ тұр. Оның себебі: біріншіден, қазақ тілі мемлекеттік өмірдің барлық қоғамдық маңызды салаларында талап етілмей келеді, екіншіден, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне де айнала алмай келеді, үшіншіден, мемлекеттік қызметкерлердің басым көпшілігі қазақ тілінде еркін сөйлеп, еркін жаза білмейді.

Тіл мәселесі – ұлттану үдерісінде алдыңғы қатарда қаралатын басты фактор. Сондықтан да, бұл күрделілік қазақ баспасөзінің барлық деңгейінде қаралды.

«Ана тілі» газеті – бүгінгі таңда тіліміздің көркеюіне үлкен үлесін қосып, ұлт мәдениетінің жанашыры болып, халқымыз үшін аянбай тер төгіп отырған бірден-бір басылым. Ұлт тірегі – тіл, дін, діл болса, осыларды ең қасиетті деп санайтын бұл басылымның негізгі бағыт-бағдарының ұраны іспеттес болған қазақ даласының рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлының мынадай сөздерінен-ақ аңғару қиын емес: «Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады». Газет осы қағиданы басты басымдық етіп ана тілімізді көркейту бағытынан еш айныған емес.

Тілге байланысты сан түрлі шешілмеген мәселелер туралы сөз қозғап, шешімін табуға тырысып, күш жұмсайтын басылым. Газет бетінде мемлекеттік тілге қатысты: «Толғауы тоқсан туған тіл», «Тілге достың мұңы жоқ тілден басқа», «Атау сөз өресінде», «Олар қазақша сөйлейді», «Сөзтаным» т.б. айдарлар жұмыс жасайды. Ұлттануда жоғары рөл атқарған «Олар қазақша сөйлейді» айдары кейін келе «Қазақ емес, қазақтан былай емес» деп өзгертілді [79].

Қай ұлт болмасын ұзақ тарихи даму барысында пайда болып, өсіп, жетіледі. Бұл адамзатқа ортақ үрдіс – ортақ тіл, атамекен, жалпыға бірдей мәдениет пен тарих негізінде ұлттық қауымдастық қалыптасады [80].

Ұлтшылдық идеясы елді жаңалыққа жұмылдыратын идея. Халықты модернизацияға жұмылдыру, оның негізінде ұлттық мемлекет құру үшін белгілі бір деңгейде елдің бірыңғайлығы, ортақ мәдениеті, тілі, әскері, хұқықтық тәртібі, азаматтығы қажет. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық идея ұлтшылдыққа бастайды. Ұлтшылдық ұлттың тіліне, ұлттық тілде білім алуға, ұлттық тарихқа, әдебиетке, дінге артықшылық береді. Философ Эрнет Гельнер айтқандай, ұлт ұлтшылдықты тудырмайды, ұлтшылдық ұлтты өмірге әкеледі, шыңдайды. Бұл пікірмен келісуге болмайды. Керісінше, отарланған ұлттар тарихи көштен қалып қойған кемсітушіліктің орнын толтыру, ұлттың жанына салған жарақатын емдеу үшін ұлт идеясын жүйелі ұлтшылдық идеологиясына айналдырады [81].

Ұлттану жүйесінде ұлттық ерекшеліктерді мойындамайтын «конструктивизм» ілімін енгізудің астарынан көп нәрсені білуге болады.

Өйткені, сонау большевизмнен келе жатқан «конструктивизм» ұлттардың өзгені емес, өздерін де тануына мүмкіндік бермейтін қитұрқы идея еді. Конструктивизм – адамды қоршаған материалдық ортаны жобалаудың жаңа әлеуметтік-функционалдық міндеттерін айқындайтын кеңес өнерінің 1920-30 жылдарындағы бағыты болып есептелінеді.

Конструктивизмнің басты принциптері: жоспарланған шешімдері мен конструкциялардың көзделген мақсатқа барынша сәйкестігі, салынатын құрылыстың тиімділігі, жаңа әлеуметтік тұрмысқа үйлесетін әрі жергілікті жағдайлар мен ұлттық дәстүрлерді жете бағаламайтын тұрпайы формаларды асыра әдемілеу. Конструктивизм ерекшелігі құрылыстардың стилистикасы, ішкі және сыртқы кескіні қарапайым, біркелкі болды [82]. Бұған қарап, Кеңес империясы ұлттарды ауыздықтап, «өнімін» біркелкі қалыппен «құя» беруге тырысқанын байқаймыз.

1997 жылдың 9 қаңтарында ұлт басылымы «Қазақтың тағдыры тәуелсіздігі мен тілінде тұр» танымдық сұхбатты жарыққа шығарған. Онда қазақтану бағытында жұмыс істеп жүрген жапон ғалымы туралы сыр шертіледі. Қазақтар «Жігер» атап кеткен Масуджима Щигенобу Әлем тілдері университетінде дәріс оқиды екен. Әйелі Жанар – қазақ қызы. Қазақша сөйлегенде анау-мынау «шалабайларды» сүріндіретін Жігер – Щигенобу үш айдың ішінде отандасы Окаүа Хироши екеуі «Жапонша-қазақша сөздік» жазып шығарып, өзінің алдына қазақтануда Жапония мемлекетіне, екіжақты ынтымақтастыққа қолұшын берсем дейді. Өзінің қазақ ұлтының табиғатына қызығушылығын кездейсоқ қазақ отбасында қонақ болуымен байланыстырған Щигенобу қазақтың көп сөздері жапон тіліндегі сөздермен мағыналас екенін білгеннен кейін оны зерттеуге көшеді. «Байқасам, «жігер» деген сөздің өзі жапонша ұғым-түсініктен онша қашық емес көрінеді. Менің атым – Щигенобу жапонша ширақ, мықты, үзілмейтін (тартсаң) деген мағына береді. Біздің жерде өсетін ширақ, берік шөптерге қарата, «осы шөптің сабағы сияқты мықты болсын» деген тілекпен қойылған. Бұ жағы қазақтарға келіңкірейді. Жапондар да қазақтар сияқты балаға ат қою кезінде әдемілікті, жақсылықты бейнелейтін есімді қоюға ұмтылады. Мәселен, қазақ қыздарында Қарлығаш деген есім бар. Жапондар да қыздарына осы құстың атын, Цымбабэ деп қояды. Сондай-ақ жапондардың сүйікті гүлі Сакураны да қыздардың атына көптеп қояды» дейді жапондық ғалым. Бұдан өзге «арқан тартыс», «ат бәйгесі», «күрес» атауларына қатысты ұқсастықтарды сөз еткен Щигенобу «Қазақ халқы ер-азаматтарын қатты қадірлейтінін естіп-білдім. «Ер – әйелдің пірі» дейтін жақсы сөздің аудармасы да, мағынасы да жапон тілінде дәл сол қалпында қабылданады» деген секілді жауаптары арқылы жапон ұлтының жақсы қасиеттері мен қазаққа жақын тұстары, наным-сенімдері жөнінде жан-жақты баяндайды.

Жалпы тәуелсіздік жылдары «Ана тілі» газетінің осындай ауандағы өзге ұлт өкілдері туралы затындар берілетін айдар – «Біздің сұхбат» деп аталған. Онда Қазақстанда тұрып жатқан, өз саласының бесаспап

майталмандары немесе қазақ тіліне өте жатық өзге ұлт өкілдерінің сұхбаттары жарияланып отырды.

Тағы бір айта кетерлігі, «Біздің сұхбат» айдарының жанынан тек әлемнің қыз-келіншектері туралы мақала ұйымдастыратын «Шырай» деген айдармен арнайы бет ашыпты. Ол туралы 1998 жылдың 15 қаңтарында редакция былай дейді: «Адамзаттың небір алыптары Анадан туған. Сондықтан, да глобустың өзін Жер-Ана деп әспеттейміз. Қарап отырсақ, қазақ фольклорында да бір де бір жағымсыз ана, жар жоқ екен. «Ана тілі» де сол ұлы ұранға үн қосып, «Шырай» айдарын ашып отыр. Өйткені, әлем халқының тең жартысынан астамын алып құрап отырған қыз-келіншектеріміз шынында да Жер шарының топ-томпақ бетіндегі сүп-сүйкімді алқызыл шырайы! Және де сәні мен нәрі!..

Болашақта бұл айдардың атынан адамзаттың ең көркем де шырайлы бөлігіне арналған шұрайлы дүниелерді өрбітуге тырысамыз» [83].

Арнайы айдардың шымылдығын «Әкем – орыс, шешем – кәріс, өзім қазақпын», – дейді Лидия Алексеевна Шәйкенова» деген қызық тақырып қойылған сұхбат ашты. Лидия Шәйкенованың ұлты – орыс. Мамандығы – заңгер. АҚШ-тың «ҰМА – Қазақстан» фирмасының кеңесшісі. Қазақтың келіні. Белгілі қоғам қайраткері Нағашыбай Аманғалиұлы Шәйкеновтың сүйікті жары. Алғашқы сұрағы Лидияның қазақ тілінде таза сөйлеуінен туындайды. Оған Лидия Шәйкенова «Менің әкем – орыс, шешем – кәріс. «Орыс пен кәрістен қазақ шығады» деп әзілдеуші еді бір жолдасымыз» деп басталатын сұхбат емен-жарқын форматта ұйымдастырылған. «Әкем 30 жылы қазақтармен бірге Қытайға өткен екен. Нағашыларымыз Владивостоктан барған. Балалық, жастық шақтары Құлжада өткен әке-шешем тағдырдың жазуымен сол өлкеде табысыпты. Шешем Құлжадағы қазақ мектебі интернатында жұмыс істейтін. Қазақша жақсы сөйлейтін. Мен Сталин атындағы орыс гимназиясында оқыдым. Ауламызда Сталиннің ескерткіші тұратын. Әкем діндарлығына, саяси көзқарастарына байланысты қудалауда болды. Ақыры 60 жылы біз әрең дегенде КСРО азаматтығын алдық. Сөйтіп, әкеміз де қуғын-сүргіннен құтылып, аман-есен елге, Қапалға көшіп келдік. Мен орыс мектебіне бардым. Бұл ауданда орыс отбасылары да аз еді. Қазақтардың ортасында өзімізді емін-еркін сезіндік. Мен қазақша оқып, жаза алатын болдым» деген Л.Шәйкенова қазақ ұлты туралы, оның наным-сенімі туралы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы туралы жан-жақты баяндайды: «Мені аз уақытта ел мәдениетімен, ұлттық салт-дәстүрімен таныстырған – көршім әрі замандасым Клара Сейсенбаева. Ол қазақша тәрбие алған, Мәскеу, Лондон мәдениетін көрген, Аллаға сенімі күшті, жан-дүниесі бай әйел. Көрші тұрған кездерде әр жұмада бас қосып, мінәжат етіп, иманды әңгіме айтып, Абай әндерін қосылып салуды әдетке айналдырдық. Кей жерлерді бірге араладық. Мен жалпы қазақ әйелдерінің тамаша қасиеттеріне қайран қалам. Академик Мая Бағызбаева, іскер Роза Әбдіхамитовна, дәрігер Шолпан Құлмаханова, ұстаз Еркен Тілекбаева, журналист Жанна Ахметова ел қыздарының мәдениетін, парасатын жоғары

бағалаймын. Кейінгі жас қыздар осы кісілердің өміршең күш-қуатынан үлгі алса деп ойлаймын. Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Нұржамал Үсенбаева сияқты әншілер талантына бас иемін» [83].

Сұхбатта әйел тақырыбы туралы салмақты да салиқалы әңгіме қозғалған. Бастысы, әйел затын қастерлеудегі кез келген этностың табиғаты бір-біріне жақын екендігі ибалы да инабатты, тілі мен стилі түсінікті пікірлесу барысында барынша ашыла түскен.

Осы айдарда 1999 жылы 29 шілдеде «Омани» – корейше ана деген сөз» атты сұхбат жарияланды. Онда қиын-қыстау кезде Қазақстанға тап болған кәріс ұлтының өкілі, 16 жыл күйеуі сал болып төсек тартып жатқан, бірақ соған қарамай Қазақстанның түкпір-түкпірінде жүріп, бақша егіп, 4 қызын асыраған ана – Тен Сун Тан туралы жазады. Сұхбат түрінде кейіпкердің өзін сөйлеткен журналист ананың басынан кешкен ғұмырын суреттеп жеткізген. «Әйел деген қай ұлтта да бірдей. Отбасында еркек бас ие болғанымен, оған қарап сақтайтын – әйел» деп тебіренген Тен Сун Тан өткен өмірі жөнінде бастан-аяқ ғибратты әңгіме айтады [84]. Кәріс ұлты туралы да жеткізуге тырысқан 72 жастағы кейуана көкөніс өсетін аймақтарда жалданып бақша егумен айналысып, сал болып қалған күйеуі мен оның жанындағы анасыз күй кешкен 4 қызын қалай асырағанын баяндайды.

«Баламның табанына кірген шөгір маңдайыма қадалсын» деген ана тынбай еңбек етіп, бала-шағасын жеткізіп, бойжетіп қалғандарын еңбекке баулып, жоқтан бар жасап тырмысқан Тен Сун Тан арман болған Кореясы жайында сыр ақтарады. Тілді ұмытқан өзі тұрмақ, тіл білмейтін бала-шаға, немере-шөберелерінің болашағына мазасызданған ана «бауырмал Қазақстанға сіңіп кеткенін» айтады. Сонда да кәріс салтын ұмытпау үшін көрген-білгенін кейінгі ұрпақтарына үйретумен келе жатқан ана «Әйтеуір аналарымыздан көрген, балаларымыз үшін мынадай ырымды сақтаймыз» деп нәресте 1 жасқа толғанда үлкен той жасайтындарын, баланы әбден тойындырып, алдына заттар тастап, сәби неге ұмтылса, келешек ғұмырын сол затпен байланыстырып, бейімін танып, солай қарай тәрбиелейтінін жеткізеді [84].

Қайсар ананың бүгінгі бейнесі талай оқырманға өнеге, өз ұлтының бейнесін танытуға үлгі екені анық.

Ұлттану үдерісінде «Біздің сұхбат» айдарының атқарған рөлі зор. Мәселен, «Ана тілі» 15 қаңтардағы санында Қазақстандағы Ресей журналистеріне мінбер беріп, олардан 4 сұрақтан тұратын сауалнама ұйымдастырған. Республикамыздағы тілшілер қосыны жұмыс істейтін «Известия», «Литературная газета», «Независимая газета» сияқты беделді Ресей басылымдарының журналистері еліміздің қоғамдық-саяси, рухани ахуалына сарапшы ретінде өз пікірлерін білдірген. Мәселен, 1952 жылы Ресейдің Свердловск (қазіргі Екатеринбург) қаласында туған, «Комсомольская» газетінің Түркмениядағы тілшісі болып жұмыс істеген, 1987 жылдан бері Қазақстанда жүрген «Известия» газетінің тілшісі Владимир Ардаев «Халық деп құлдарды атамайды» деген пікірін жеткізеді [83].

Демократия туралы басылымның сауалына «Демократия дегеннің өзін ертедегі гректер ойлап тапқан, бізше «халық өкіметі» деген сөз, оның өзі де анау айтқандай мәнді ұғым емес. «Микроэкономикалық стабилизация» деген секілді бірдеңе. «Демократия» деген ұғым белгілі бір елдің және оның халқының тарихи-географиялық жағдайы мен менталитетін есепке алмайынша, жәй әншейін бос сөз ғана» деп жауап береді [83]. Расында ұлттану жүйесінде демократияның алар орны зор. Газет осы тұрғыда көзі ашық, көкірегі ояу, қоғамның тамыршысы деп саналатын журналистер арқылы Қазақстан қоғамына баға бергізген.

Осындай сұхбат «Ана тілінің» 1999 жылғы кезекті санында «Қазақстанда тұратындар қазақ тілін білуге міндетті» атты НТК арнасының «Жаңалықтар» бағдарламасының қазақ бөлімінің жүргізушісі Дмитрий Коломыщинмен жарияланды. Бауыржан Бабажанмен әңгімелескен Дмитрий өз тағдырын еліміздегі қазақ тілімен байланыстырады. Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен ынтымақтастық, этностық топтарға жасалған жағдай туралы сөз етеді. Қазақ тілінің ұлттарды біріктірудегі басты фактор болу керектігін жеткізген журналист «Меніңше Қазақстанда тұратын әрбір азамат қазақ тілін, қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрлерін білуге міндетті. Себебі Қазақстан біздің отанымыз, ал оның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мәселен, мен ағылшын тілін білмей Англияда немесе француз тілін білмей Францияда жұмыс істей алмаймын ғой. Қазақстанда да осындай жағдай туғызған жөн. Қазақ тіліне деген құрмет мектептерден бастау алуы керек» деген кесімді әрі кесек ойын айтады [84].

Қорыта келгенде, айтарымыз – біз бұл бөлімде «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Жас алаш», «Ана тілі» газеттерінде жарияланған ұлттану, ұлтаралық татулық мәселеріне назар аудардық. Осындай мақалалары арқылы Қазақстанда тұрып жатқан этностар (ұлттар) төңірегінде өздерін сөйлету арқылы аталмыш басылымдар еліміздегі ұлттану үдерісіне өз үлесін қосады. Мұндай стиль бейтараптық бағыт ұстанған қазақ баспасөзінің өзіндік ерекшелігін көрсетсе керек.

Сонымен «этнос» дегеніміз – белгілі аумақта тарихи тұрғыда қалыптасып, өрбіген, тыныс-тіршілігі кеңінен жайылған, тілінде, мәдениетінде, психикалық жетілуінде, сана-сезімінде тұрақты ерекшеліктері бар адамдар жиынтығы. Ал оларды танып-білу, зерттеп, зерделеу – ұлттану үдерісіне жатады. Осы орайда, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзінде ұлттану үдерісі – ұлттық және этностық тұрғыдан дамып, оларды зерделеп насихаттауда әртүрлі деңгейде көрініс тапқанына куә боламыз. Бұл әрбір басылымның ұстанған саясаты мен тұғырлы ұстанымына сәйкес жүзеге асқаны анық.

Этнокөсемсөз – ыждаһаттылықты талап етеді. Ол тактикалық қажеттілікті, өзара сыйластықты және дипломатиялық қатынасты қажетсінеді. Тілі мен стилі – өте мәдениетті жетілген көзқарасқа құрылған және рухани келісім идеяларына жүгінген әрі саяси бағыт жағынан аса сауатты болуы шарт.

Этнокөсемсөз – ұлтаралық татулық пен бірліктің үйлестірушісі, халықаралық ынтымақтастықтың дәнекері ретінде адам санасына төзімділік дәнегін сыналап егетін жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін майда тілді этносаралық ақпараттарды тарату тәсілі. Онда халықаралық құқық негіздері мен қатынастары дүниежүзілік адам құқықтарына байланысты конвенциялар шеңберінде қолданылады.

«Этнос» және «этнология» ұғымы (грек тілінен алғанда халық және білім) – әлем халықтары туралы ғылым дегенді білдіреді [85].

Сондықтан, осы бағытта бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде баспасөз бетінде, жарияланған мақалалар жиынтығы «этнокөсемсөз» болып табылады. Өкінішке орай, қазіргі уақытта «этнический» сөзін «этникалық» деп пайдаланып жүргендер көп. Біз бұдан қашуымыз керек, дұрысы түбірі «этнос» боп келетін «этностық» деп пайдаланған жөн [86].

Енді осы бірлікті насихаттайтын, оның жаршысына айналған этнокөсемсөздің діттегені не? Ол – белгілі бір ұлттың тарихын, тағдырын, салты мен дәстүрін, өнері мен мәдениетін өзгерлерге таныту арқылы ұлттар бірлігін, ынтымағын насихаттау.

Бұл – Қазақстан секілді кез келген әлемнің дамыған әрі зайырлы мемлекеттерінде басты темірқазық етіп алынған алтын дінгек екені даусыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ұлт категориясына этностық мән беріліп, «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» делінген [87]. Сонымен қатар, онда «Әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы» деп көрсетіліп, 20-бапта айтылғандай ұлттық астамшылықты үгіттеуге жол берілмейді. Мұның барлығы Қазақстанның өз территориясында ұлтаралық татулық пен бірлікті жақтайтынын, нәсілдік кемсітушілікке жол бермейтінін айғақтайды.

Қазақстанның байырғы тұрғындары, мемлекеттің иесі – қазақ ұлты болып табылады, ал қалған бөлігін түрлі этностық топтар құрайды. Оны бір сөзбен «Қазақстан халқы» деп атайды. Оған мынадай анықтама берілген. «Қазақстан халқы – тарихи тағдыр ортақтастығы қазақ ұлтымен біріктірген Республиканың барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің кайнар көзі болып табылады, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырады [87].

Интернеттегі ашық энциклопедия мәліметтеріне жүгінсек, Қазақстанда байырғы қазақ ұлты және 130-дан астам этнос өкілдері тұрады. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметінше, Қазақстан халқының саны – 18 миллион 230 мыңға жуықтаған. Елдегі орыс ұлтының өкілдері – 21,8%-ды құрайды, ал өзбектер 3%, украиндар 1,8%, ұйғырлар

1,4%. Салыстырмалы түрде кәрістер, дүнгендер де аз емес. Қалған бөлігі аз ұлттардың үлесінде.

Бүкілқазақстандық бірліктің бірегей моделін қалыптастыру идеясымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) маңызды рөл атқарады. Оның басты міндеті – мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыру, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру. Бүгінде Ассамблея этносаралық келісімді, қоғамдағы толеранттылықты және халық бірлігін одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға септігін тигізеді. Сонымен қатар ҚХА мемлекеттік органдарға экстремизм мен радикализм көріністеріне қарсы әрекет етуге, азаматтардың демократия нормаларына негізделген саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға көмек көрсетеді. Ассамблея этномәдени бірлестіктердің күш біріктіруін қамтамасыз етеді, этномәдени орталықтардың, Қазақстан халқының ұлттық мәдениеттері, тілдері мен дәстүрлерінің өркендеуін, сақталуын, және дамуын қамтамасыз етеді. [88].

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астана ассамблеяларының құрамы Қазақстан Республикасы азаматтарын – этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестік өкілдерін, мемлекеттік органдар өкілдерін және қоғамда өзіндік орны, абырой-беделі бар тұлғаларды қамтиды. Ассамблеяның басты ерекшеліктерінің бірі оның еліміздің жоғары заң шығару органында – Парламентте этностық топтар мүдделерінің кепілді өкілдік етуін қамтамасыз етуі болып табылады.

Парламент Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланған 9 депутат еліміздің барлық этностары атынан өкілдік еткен. Бұдан басқа қазақстандық этностық қоғамдастық өкілдері Парламенттегі өкілдігі өкілді органдарға саяси партиялар арқылы сайлауға тікелей қатысу негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің құрылған кезінен бастап орасан біріктірушілік және зияткерлік әлеует жинақтап және халықтық дипломатия институты үлгісіне бейімделе отырып, ұзақ даму жолынан өтті. Еліміздегі 100-ден аса этностың басын біріктіретін бірегей құрылым тұрақтылықты сақтап, республиканың ілгерілей дамуы үшін маңызды роль атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы бүкіл әлемге Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында жүргізіп отырған саясатының табысты екенін паш етіп келеді.

Жалпы алғанда, негізінен, Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсініктік ахуалы қалыптасты.

Республикада Қазақстанның барлық этностарының мәдениетін, тілін, дәстүрін дамыту үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Ассамблея қызметі

Қазақстанның этносаралық қатынастар мәселелерін тиімді шешетін ел ретіндегі халықаралық беделін арттыруға ықпал етеді [89].

Міне, осындай Қазақстан халқының бірлігін насихаттауда, әлемдік деңгейде өзіндік үлгі болып табылатын ұлтаралық татулықты паш етуде қазақ баспасөзі биік дәрежеде үлес қосып келеді. Мұндай қазақ баспасөзінде жарияланған этнокөсемсөз үлгілері, шындығында, ұлтаралық татулық жаршысы ретінде танылған.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында: «Ассамблея құрылған күннен бастап еліміздегі мызғымас бірліктің ұйытқысы, сарқылмас берекенің бастауы болып келеді. Бүгінде ол – еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың ең басты кепілі. ...Қазақстан сан қырлы жаңғыруға бет бұрған қазіргі таңда Ассамблеяға да тың міндеттер жүктеледі. Бүгінгі сессияға Қазақстан халқы Ассамблеясының ізгі ниет елшілерінің, достық елшілерінің қатысып отыруының символдық мәні бар. Ассамблея бейбітшілік пен татулықтың нағыз шырақшысына айналды» деген баға берілді.[90].

Бұл Қазақстан халқы Ассамблеясына үлкен жүк артылып отырғанын білдіреді. Өйткені, этносаралық татулық пен ұлтаралық бірлікті арттыруда Ассамблеяның атқарып отырған міндеті өте зор. Осы орайда, ұлтаралық татулықтың жаршысы ретінде аға басылым «Егемен Қазақстан» алдыңғы қатардан көрініп келе жатқанын қайталап айта аламыз. Ұлтаралық татулық тақырыбына келгенде, «Егемен Қазақстан» – көлемді мақалалар беріп, оның республика шеңберінде насихатталуына жан-жақты үлес қосып жүрген үкіметтің ресми органы.

«Егемен Қазақстан» газеті – Қазақстанға ресми сапармен келген шет ел мемлекет басшыларының кездесуін, ҚР Президентінің шет елдерге ресми сапарларын халықаралық деңгейдегі татулық ретінде жиі жариялайды. Оны кез келген жылдағы затындарында анық байқаймыз. Мұндай көсемсөздік дүниелер көп болғандықтан, еліміздегі ынтымақты сүйіншілеген затындарына ғана назар аударсақ.

2010 жылдың 16 наурызында газетте «Ассамблея – татулық пен бірліктің тұғыры» атты этносаралық татулыққа байланысты мақала жариялады. Қазақстан халқы Ассамблеясының 15 жылдығына орай жарық көрген мақалада ҚХА мүшесі, республикалық қоғамдық-саяси «Уйғур авазы» газетінің бас редакторы Юлдаш Азаматов: «Қазақстан – көпэтносты, көпдінді мемлекет. Талайдың тағдырын бір арнаға тоғыстырған осынау қасиетті жерде жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері бір мақсат-мүдде аясында тірлік кешіп келеді. ...Бүгінде бұл қоғамдық институт елдегі тұрақтылық пен тұтастықты сақтаудың мызғымас тұғырына айналып отыр. ҚХА-ның осы күнге дейін ұстанған негізгі мақсаты – республикадағы ұлттық саясатты жүргізу және қоғамдағы саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру, ел Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу десек, ұйым бұл үдеден сөзсіз шығып келеді» деп, ҚХА-ның тарихын, оның басты мақсатын

ашып, еліміздегі ұлтаралық татулық туралы кеңінен риза көңілмен баяндайды [91]. Оған зор бағасын береді: «Ұйғыр ұлтының өкілі ретінде бұл ұйымның осыншама уақыт ішінде тапжылмай еңбек етіп келуін өте бір маңызды оқиға деп есептеймін. Мұндай қоғамдық институттың елімізде ауадай қажет екендігін өмірдің өзі де дәлелдегені анық. «Мұндай ұйым басқа қай елде бар екен?» деп бір-бірімізге сұраулы жүзбен қарадық. Сөйтсек, тәжірибе көрсеткендей, Қазақстанда құрылған Ассамблея посткеңестік мемлекеттердің ешқайсысында жоқ екен. Бұл Қазақстан үшін, қазақ елінің ауасын жұтып, суын ішіп жүрген қаншама ұлт пен этнос өкілдері үшін ең батыл қадам». Біле білгенге Қазақстанның Ассамблея құрудағы тәжірибесін көптеген мемлекеттер қолданып отырғанын, мәселен, «Біз өз ассамблеямызды Қазақстанның тәжірибесіне сүйеніп құрдық» деген Ресей халықтары ассамблеясы атқарушы комитетінің төрағасы ұлты тува Ч.Ондардың ойын, «Біз одан көп нәрсе үйрендік, бірақ әлі күнге дейін Қазақстанның деңгейіне жете алмай келеміз» деген РФ халықтары ассамблеясының төрағасы Рамазан Қажымұратұлы Әбдуләтіповтің сөзін жеткізеді. Юлдаш Азаматов «қазақ тілі – ұлтты ұйыстырушы фактор болуға лайық» екеніне емеурін таныта отырып «қазіргі таңда ұйғыр білім ұялары қазақ тілін бұрынғыдан гөрі тереңдетіп оқытып жатыр. Мұның астарында не бар? Біз ұйғыр балаларына: «Егер сен ұйғырша білетін болсаң, қазақ тілін де үйрену қиынға соқпайды» дегенді ұғындыруымыз керек. Себебі екі тіл де бір-біріне өте жақын түркі тілдес тіл. Осы жерде «Орыс тілі керек емес» дегенге де қосыла қоймаймын. Орыс тілі – ресми тіл. Бірақ орыс тілінен бұрын қазақ – қазақ тілін, ұйғыр – ұйғыр тілін білуі тиіс. Бұл төңіректе Ассамблея аянбай еңбек ету үстінде» дегенді айтады [91].

Қазақстандағы ұлтаралық татулықты әлемнің мойындап отырғанына басымдық берген автор негізі ойын «Еуразия кеңістігінің нақ ортасынан орын алған елімізде әртүрлі партиялар, этнос өкілдері, діни ұйымдар мен үкіметтік емес ұйымдар өз қызметтерін жүргізіп жатыр. Алайда, олардың барлығы өздерін жеке-жеке ұйым немесе одақ түрінде сезінбей, «Біз – Қазақстан азаматымыз!» деген асқақ рухта болуы тиіс. Қазақтың кең пейілі, тарихи төзімі мен ұлтаралық татулық негізінде Тәуелсіз Қазақстанда саяси тұрақтылық берік орнықты. Біздің бұл өнегемізді әлемнің аса беделді сарапшылары мен халықаралық ұйымдары бірауыздан әлем халықтарына үлгі боларлық басты жетістігіміз деп мойындады. ...Қазақ халқы өзінің ерекше қасиетінің арқасында елімізді мекендеген этностардың басын қосып, мемлекет құраушы ұлт, тәуелсіз ел бола алатынын көрсетті» деп аса жоғары патриоттық рухта аяқтайды [91].

Бұл көсемсөзден Қазақстандағы ұлтаралық татулық деңгейін ғана емес, өзге ұлт өкілдеріне мемлекетті құрушы ұлт – қазақ халқын сыйлау және тілін білу керектігі туралы риясыз көңілді де еркін аңғарамыз.

Рас, Ассамблеяның негізгі бағыттары – мәдени-ағартушылық – тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; тәрбиелік – қазақстандық және ұлттық отансүйгіштікті

калыптастыру; этносаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен этнос өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау. Бұл еліміздегі ұлтаралық ымыраның биік шкаласын көрсететіні сөзсіз.

«Егемен Қазақстан» газеті Самат Мұсаның «Мәдени дәстүрлер ықпалдастығы» деген өте көлемді әрі маңызы жоғары танымдық мақала жариялады. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға Қазақстан төрағалық жасаған кезде әлем халықтары жаһандық мәдениетаралық үнқатысуды дамыту ұранымен 2010 жыл «Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық жылы» деп жариялау туралы бастама көтерілген болатын. Уақыт талап етіп отырған бұл бастаманың әлемдік қоғамдастық тарапынан қолдау тапқаны БҰҰ Бас Ассамблеясының ресми шешімі арқылы қуатталды. Сөйтіп, өз аумағында ұлтаралық татулық пен дінаралық келісімнің ерен үлгісін көрсетіп келе жатқан көпэтносты, көпконфессиялы туған Отанымыз бүгінгі өркениет үдерістеріндегі қыр көрсетулер мен қауіп-қатерлерді еңсерудің жаңа тетіктерін ұсынғанына тарих куә. Қазақстанның бастамасымен жарияланған бұл атаулы жыл дүние жүзі үшін мәңгілік құндылықтарды жаңаша бағамдап, сезінуге алғышарт жасағаны күмәнсіз. Осыған байланысты Самат Мұсаның «Мәдени дәстүрлер ықпалдастығы» мақаласында кеңінен айтылады [92].

«Интеграция, жаһандану үдерістеріне белсенді қатысу, халықаралық және аймақтық қауіпсіздіктің жаңа жүйелерін жасау істерін Қазақстан барынша ұтымдылықпен ілгері жылжытуда. Осы орайда, еуразиялық кеңістікте аймақтық экономикалық және саяси блок құру жөніндегі Қазақстанның бастамасы ерекше маңыз алады. Бұл үдеріс аймақтық блоктар құруға қатысты әлемдік үрдістерге сәйкес келеді, ол өз кезегінде көпполярлы әлем орнату мен жаһандануға қатысуға қосқан үлес болып табылады» деген автор екінші жағынан, бұл ымырашылдық жаһанданудың келеңсіз әсерлеріне шара қолдану тетіктерін жасайтынын жеткізеді.

Мақала ұлтаралық татулықты сақтаған Қазақстанның өз елінде ғана емес, әлемдік деңгейде татулық державасына айналғанын айғақтайды.

«Егемен Қазақстан» газеті көсемсөздің ақпарттық-талдамалы жанрларына жататын осы жылдың 12 маусымында «Мен деп келдім, біз деп қайттық» мақала жариялаған [93]. Мұнда Алматыда бас қосқан этномәдени бірлестіктердің халықаралық форумы туралы сөз етілген. Журналист Айнаш Есалы «Мына мазасыз әлемді мың сан мүдде билеп тұрғанда, Бәйдібек баба айтқандай, «Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бол» деген тәмсілге салып, ұлтаралық татулықты тұғырлы етуге ұмтылған еліміздің ұстанымы өзін өзі ақтап келе жатқаны анық. Осы қағиданы ұстанған Қазақстан халқы Ассамблеясы да өз жолынан адаспағаны күн өткен сайын бедерлене түсуде. Еліміздегі 130-дан астам ұлысты ұйыту жолындағы бастамалар игі жалғасын табуда. Кезекті бастаманы еліміздің Мәдениет министрлігі қолға алып отырғаны кездейсоқтық емес» деп этномәдени бірлестіктердің бірлігі мәйекті мәдениетте жатқанын астарлайды [93].

Өйткені, ұлттар мен ұлыстардың татулығына алтын көпір – мәдениет пен өнердің тілі ғана адамзатқа ортақ бола алатыны белгілі. Расында өнерде шекара жоқ. Ақпараттық тұрғыда ресми бөлімдегі атқарылған жұмыстар жөнінде тізе келе журналист форум делегаттарын сөйлетеді. Олардың барлығының пікірі тек бірлік жайында. Мысалы, ҚР Парламент Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі комитетінің сол жылдардағы төрағасы Ақан Бижанов: «...Ұлтаралық қарым-қатынастағы мәселе өте нәзік, ол жай ғана мәселе емес. Мұндай жағдайда мемлекет тарапынан еліміздегі барша этностың ұлттық мәдениеті мен тіліне ұдайы назар аударылып, тең құқықтылықта дамуда, баршаға барлық жағдай жасалуда. Осы механизмде ұлттық келісім мен бірлікті қамтамасыз ету жатыр. Сонымен қатар қазіргі таңда біздің еліміздің әлеуметтік-экономикалық жетістіктерінің негізінде Қазақстан халқының бірлігі жатыр. Бірлік – біздің Отанымыздың тұрақтылығы», – десе, осы сөздің ақиқаттығын Ресей халықтары Ассамблеясы Кеңесі төрағасының орынбасары Чимит-доржу Ондар мен Татарстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Сағит Жақсыбеков өмірдің өзінен алынған оқиғалармен, қарапайым жандардың тіршілігімен растайды [93].

Әр жерде ұлтаралық қақтығыстар болып жатқан жағдайда ұлтаралық келісім – бірінші орынға шығатын өте маңызды мәселе. Бүгінгі заманғы кезеңде өркениеттер үнқатысуы, мәдениеттер тоғысы өте қажетті болып табылады. Халықтардың бір-бірімен қарым-қатынасы, мәдениеттің қатынасы – адамзаттың алға жылжуын, әр мемлекеттің даму прогресін анықтайды. Сондықтан бүгінгі форумдағы тәжірибе бөлісу, қарым-қатынас болашақта жақсы нәтижелер берері сөзсіз. Форумда Страсбург университетінің профессоры (Франция), Еуропа қауіпсіздігін зерттеу жөніндегі орталықтың директоры Ив Жанкло, Қазақстан Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының сектор меңгерушісі Леонид Прокопенко, Парламент Мәжілісінің депутаты Людмила Хочиева аталған тақырыпқа қатысты өз ойларын ортаға салған. Мұндай форумдар еліміздегі бірліктің бренд ретінде әлемге үлгі болғанын әйгілеп береді.

Татулықты насихаттауда «Егемен Қазақстан» әртүрлі пішіндегі зерттеу материалдарын да ұйымдастырып тұрады. Солардың бірі – 2010 жылдың 22 маусымындағы нөмірінде жарық көрген «Өзіміздің өзбектер» мақаласы.

Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында 2010 жылдың есебімен алғанда 425110 өзбек тұрады екен. Басқа этнос өкілдерімен салыстырғанда, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өзбектер екінші орында тұр. Мақалада өзбек халқының еңбекқорлығы айтылып, одан жергілікті тұрғындардың үйренері көп екені баяндалған. Осыған орай, арнайы жиын өткізген Отырар ауданының әкімі Бейбіт Сыздықов өзбектер туралы: «Өте еңбекқор халық. Тіпті өз үйіне жаққан отынының жылуын есік алдындағы шағын жылыжайы арқылы жіберіп, пайдаға асырады. Қияр егеді, қызанақ егеді. Өздеріңіз байқадыңыздар ғой, Түркістанда көкөніс, азық-түлік арзан. Сонау Ақтөбеден мына Жезқазғанға дейін жүк машинелерін тіреп қойып, алғашқы қар түскенге

дейін қауын-қарбыз тасиды. Түркістанға бау-бақша өнімдері басқа жақтан әкелініп жатқан жоқ. Сондағы ағайындардың табан ақы, маңдай терінің өтеуі. Отырар - Түркістанмен көрші. Бір белдеуде жатыр. Жер ортақ. Күн ортақ. Жел, су ортақ. Ондағы молшылық неге сіздерде болмасқа? Біз өзбек ағайындарымыздан үйренуіміз керек» деп мәжілісте әңгімені төтесінен қояды [94].

Халықтар достығына өлшеусіз еңбек сіңіріп жатқан облыстық өзбек мәдени орталығы 1992 жылы құрылған. Облыс қалалары мен аудандарында орталықтың 11 филиалы жұмыс істейді. Облыстық өзбек мәдени орталығы аталған орталықтардың қызметін үйлестіреді, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді. Облыс көлемінде жыл сайын «Тіл, дәстүр және мәдениет күндері» мерекесін, «Офарин», «Лапар» конкурстарын, «Аския» күлкі фестивалін өткізу дәстүрге ұласты. Облыс тұрғындары «Үміт», «Нұр», «Парваз», «Гунча», «Сайрам», «Нулифар», «Кунгил», «Юлдузча», «Садаф» сынды ансамбльдерді жақсы біледі. Облыстық өзбек театры жұмыс істейді. Орталықтың жастар қанаты белсенді жұмыстарымен белгілі. Мәдени орталықтың негізгі міндеттерінің бірі дарынды жастарға қолдау көрсетіп, оларды мәдени іс-шараларға, ұлттық мерекелерге, халықтық өнерге тарту болып табылады. Облыста таза өзбек тілінде оқытатын 64, аралас 75 мектеп жұмыс жасайды. Облыс орталығында өзбек тілінде 10 басылым шығады. Бұдан басқа облыстық «Қазақстан-Шымкент», «Отырар», аудандық «Сайрам ақшамы» телеарналарында өзбек тілінде хабар-жаңалықтар беріледі.

Бұл ақпараттар өңірдегі өзбек ұлтына жасаған жағдай мен мемлекеттік саясаттың деңгейін көрсетеді. Мақала авторы Бақтияр Тайжан облыстағы қазақ-өзбек арасының жымдаса бірігуіне терең еңбек сіңірген өзбек ағайындардың танымал азаматтарын түгел атап, жоғары билікке олардың арасынан шыққан халық қалаулыларын, елге белгілі ақын-жазушылары мен өнер жұлдыздарын да атап өтеді. Осы арқылы бауыр ағайындардың ризашылығын жеткізген. Өзбектердің Қазақстандағы кез келген оқиғалардан тыс қалмайтынын суреттеген журналист оны былай әспеттейді: «Қазақстанда тағдыр талайымен орныққан, өзін осы жердің бір бөлшегіндей көретін өзбек ағайындар қиын-қыстау кездерде де шетте қалып кетпейді. Сонау бір жылы күрт еріген қардан Оңтүстіктің үш ауданындағы екі мыңға жуық отбасының үйі қарғын суға жем болды. Елбасының тікелей тапсырмасымен Үкімет іске кіріскенде халық та шетін көтеріп кетті. Сонда осы өзбек мәдени орталығының мұрындық болуымен «Офот айтиб келмайди» акциясы өтіп, Сарыағаш ауданында тасқын судан зардап шеккендерге 2 млн. 300 мың теңге көмек берген.

«Біз өзімізді қазақ халқының бір бөлшегіндей сезінеміз», – дейді облыстық өзбек газетінің бас редакторы Мураджан Абубакиров. – Қазақстан қиын-қыстау кезде бастарына іс түскен жүздеген ұлтқа пана болды. Әке-шешесіндей қамқорлық көрсетті. Ал біздің жөніміз бөлек. Енші алыспаған ағайындардай қазақтармен бірге өмір сүріп келеміз. Қазақтардың бізді өзімсініп, ішке тартатындығы жүрегімізді жылытады» [94].

Рас, қазақтың досқа құшағы өзінің шалқар даласындай кең. Пейілі ыстық. Ағайынға төрін береді. Сандаған ғасырлар бойы бірге жасап, қуаныш пен қайғыны қатар көтеріп келе жатқан соң ба, мұндағы өзбектер өздерін осы елде уақытша жүргендей ешқашан сезінген емес. Тіпті, Өзбекстанға сапарлап барса ондағы ағайындары «қазақ сияқты ашықсыңдар, тілдерің де қазақ» деп күледі екен. Қазақ емеспіз деп бойды ала қашатын бұлар емес.

Қазақстан – өз ішінде ұлтаралық татулық негізінде саяси тұрақтылықты берік орнықтырған ел. Сондықтан да Қазақстан дүние жүзінде ешкімге ұқсамайтын, тек қана өз еліміздің ішкі ерекшеліктерінен туындайтын, уақыт сынынан сүрінбей өткен саяси, әлеуметтік, экономикалық және ұлттық дамудың қазақстандық моделін қалыптастырды. Бұл барша қазақстандықтардың абырой-беделін бұрын-соңды жетпеген биікке көтеріп, бізді әлемдік дамудың алдыңғы қатарына шығарды. Дәл осы тарихи кезеңде қазақ халқы тағы да өзінің үздік қасиеттерін танытып, елімізді мекендеген көп ұлт пен ұлыстың басын қосып, тәуелсіз ел бола алатынын көрсетті. Көрсетіп қана қойған жоқ, дүние жүзіне үлгі бола білді.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы атауынан «халықтары» сөзі ығысты. Өйткені Қазақстан унитарлы мемлекет және бұл елде бір ғана халық тұрады. Ұлттық идеяға әлемдік ақыл-ой мен оны қажет еткен ұлттың даналығы, бүгінгі есті ұлдарының көрегендігі мен біліктілігі, мемлекеттің саяси қуаты керек. Қуаттылығы жағынан әлемде төртінші орын алатын ядролық қару-жарақтан бас тартқан бірден-бір мемлекет Қазақстан шын мәнінде әлемге байыпты ой айтуға лайықты ел. Біз әлемдік саясатты бақылап қана отырмай, әлемдік аренада жұрт санасатындай тұғырға көтерілдік. Қазір халқының басым бөлігі мұсылман саналатын, тарихта тұңғыш рет азиялық мемлекет ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуде [94]. Бұл облыстық өзбек мәдени орталығының төрағасы Икрам Хашимжановтың жүрекжарды сөзі. Ұлтаралық татулықтың биік дәрежесін нақтылаған мақала осындай асқақ көңілмен аяқталған. Шындығында мұндай көңілге өңірдегі ымырашыл пейіл әсер етіп тұрғандай.

Мұндай мақалалар «Егемен Қазақстан» газетінің бетінде көп жарияланған. Мәселен, 2010 жылдың 12 қазанында «Шарындағы шырайлы мекенде достық пен ынтымақтастық жалғасын тауып келеді» деген мақала да осы тектес ниеттен, ашық жарқын пейілден жазылғаны анық. Астанада өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясы қарсаңында жазылған жол-сапар очеркінде журналист Күмісжан Байжан Алматы облысындағы Ұйғыр ауданына барып «Шарын шатқалы шынында ғажап» деп тамсанып қайтады. «Егемен Қазақстан» газетіндегі бұл сияқты мақалалар – журналистиканың идеологиялық аспектіде қоғамға ықпал етуінің айқын мысалы. Олар әлеуметтік бірлікке, еңбекке деген құрметке, табиғи байлықтарды тиімді пайдалану қажеттілігіне назар аудартады. Әкімнің сөзі мен журналистік очерк оқырманға бірліктің, еңбекқорлықтың және экологиялық мәдениеттің маңыздылығын қарапайым әрі шабыттандыратын формада жеткізеді. Мақаланың мазмұны мен ерекшелігі, контексті мен

мақсаты, құрылымы мен стилистикасынан журналистің жеке тәжірибесіндегі образды баяндауды көреміз.

«Жер шарында тым сирек кездесетін мұндай табиғи пішін әлем картасының екі-ақ тұсынан көрінсе, бірі – АҚШ-тың Колорадо штатындағы «Үлкен каньон», екіншісі – Ұйғыр ауданы аумағындағы осы Шарын шатқалы. Оның ұзындығы 26 шақырым болса, теңіз деңгейінен 650-750 метр биіктік шамасында орналасқан. Арналы аңғар аумағындағы 514 гектар алапқа «Шарын шетен тоғайы» орналасқан. Ғалымдар жас шамасын мұзды палеонтология дәуіріне жатқызады. Тоғайда «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер мен жануарлардың 34 түрі, сүтқоректілердің 60 түрі, ұя салатын құстардың 300 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 20 түрі кездесетінін ескерсек, байлық көзі тұнып тұрғанын көреміз. Сондықтан да Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1967 жылдың 19 наурызындағы қаулысымен табиғи ескерткіш ретінде жарияланып, ерекше мәртебеге ие болған. Иә, Шонжыға кіре берісте алдыңыздан сылаң қағып шыға келетін Шарын өзенінің керімсал күзгі кейпіне тамсана-тамсана көпірден өте шықтық. Табиғат дегеніңіздің өзі құдды бір кәнігі суретшідей, түрлі-түсті бояуын жүйе-жүйесімен кестелеп, әсем бір картинаны әдіптеп салып тастапты. Түсіне білсеңіз, терең сырына жіті үңілсеңіз, талай суретті, сырды түйсікпен тануға болады» деп тебіренген автор «мүмкін болса, келе жатқан шаруаңызды қалт доғара тұрып, Шарынды бойлай кезіп кеткің келетінін қайтерсің» деп жұртты қызықтыра суреттейді [95].

Ұйғыр ауданының «жеті кереметтерін» түгендеген тілші «Ұйғыр ауданы – қойнауы тарихи оқиғаларға толы мекен. Оның аумағында температурасы 58 градусқа жететін, құрамында радоны бар емдік қасиеті ересен су көздері кездеседі. Кетпен қыраттарының етегі мен Іле өзенін бойлаған жазықтыққа орналасқан аудан осыдан 75 жыл бұрын құрылған болатын. Содан бері жартылай жазықты, климаты қатаң, жазы ыстық, қыста көп қар түспейтін аязды өңірде түркі текті туысқан екі ұлттың бірнеше буын ұрпағы алмасып келеді. Қазақ пен ұйғырдың сыры мен мұңы, қуанышы мен қайғысы, тұрмыс-тіршілігі біте қайнасып, астасып кеткені де шындық. Дәстүр-салты, өнері мен мәдениеті, дастарқан мәзірі бір-біріне жұғысты. Мұндағы қазақтардың дені ұйғырша мүдірмей сөйлейтінін жасырмайды, ұйғыр ағайындардың да қазақшаға келгенде қамшы салдырмайтынын көзімізбен көрдік. Осы күні ауданда қыз алысып, қыз беріскен қазақ пен ұйғырдың мыңнан астам жарасымды отбасы бар екенін аудан әкімі Коюмжан Омаровтан естідік. Бұл да бірлігі бекем елді ортақ мұраттастыққа жетелейтін дәйек» деп аймақтың бірлігімен кірген берекесін кескіндейді [95]. Ұйғыр ауданындағы халық саны 64 227 адамды құрайды. Оның ішінде қазақтар – 26,4 мың (41,1%), ұйғырлар – 36,6 мың (56,6%), басқа ұлттар 1,4 мың (2,3%) адам деп есептелген. Аудандағы 14 ауылдық округте орналасқан 25 елді мекенде халық ынтымағы мен бірлігін өрнектей өмір кешіп жатыр. Ауданның негізгі өндірістік бағыты – ауыл шаруашылығы. Мал және суармалы егін шаруашылығына ден қойған мекенде 2792 ауыл шаруашылығы құрылымдары

жұмыс істесе, оның ішінде өндірістік кооперативтер – 6, шаруашылық серіктестіктері – 25, шаруа қожалықтары 2761 нысанға біріккен. Биыл ауыл шаруашылығынан өндірілген өнімнің жалпы көлемі 6 млрд. 629,2 млн. теңгеге жетіпті. Яғни, өткен жылмен салыстырғанда 329,0 млн. теңгеге артқан. Ұйғыр ауданының мал және егін шаруашылығындағы алға «атойлаған» сандарын мысал еткен тілші экономикалық жетістіктермен қоса, аудандағы ұлтаралық ынтымақтастықты мейлінше әсерлі суреттейді. Рухани-мәдени саладағы жетістіктерін сараптап, мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы атқарылып жатқан қыруар жұмыстарды баяндайды.

«Біздің ұйғырлар мен қазақтардың тілі төркіндес, діні ортақ, арман-мақсаты бір. Ол – өзіміздің сүйікті Отанымыз – Қазақстан мемлекетінің болашағы үшін шама келгенше аянбай жұмыс істеп, тұрмысымызды түзеу, мәдениетімізді дамыту. Міне, осы мақсаттардан біздің аудан тұрғындары ешқашан адаспайды деп сеніммен айта аламын», – деген аудан әкімінің сөзіне сәйкес журналист тұрғындар арасын аралап, айтылған пікірдің нақтылығына өзі көз жеткізеді [95].

Аудан тұрғындарымен біраз дидаласқаннан кейін қазақ пен ұйғыр шаңырақ көтерген отбасына тұрақтаған Күмісжан Байжан ұлтаралық татулықты кішігірім «мемлекет» арқылы шебер көрсете біледі: «Өзіміз осы аудандағы ұйғыр мен қазақтың жарасты тірлігін көрмекке арнайы іздеп шыққан отағасы Тұрысбай Мейрамбековтің ауласына кіргенде бесін ауған сәт еді. Есік алдындағы сәкіге ұзыннан-ұзақ дастархан жайып тастапты. Тандырға піскен тәтті күлше дейсіз бе, жемістің түр-түрі, өзге де түрлі дәм тіреліп тұр. Халқымыздың қонақжай дәстүрі бойынша «кел-кел», «ал-ал» деген сыйластық көңілден жазбаған үй иесі келгенімізге мәре-сәре қуанышты рай танытып жатыр. Тұрысбайдың зайыбы Гүлсімнің бойжеткен кезінде ұйғырдың нағыз хас сұлуы болғаны көрініп тұр. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» деген. Қазірдің өзінде сән-салтанаты келіскен бәйбіше кейпінде. – Поштада көп жыл жүргізуші болдым. Мына кісі де сонда істейтін еді. Бірге жүрген соң таныс болдық, сөйтіп жүріп үйлендік, – деді Тұрсекең. – Үйде қай тілде сөйлейсіздер. Әйелдің тілін алып, ұйғыршаға әдеттен көп бұрылып кетіп жүрген жоқсыз ба, шынын айтыңызшы? – дедім қалжыңға бұра сөйлеп. – Жоқ-ә, қазақша сөйлейміз ғой. Енді анда-санда екі тілдің ортақ жүре беретін кездері болады, – деп күлді отағасы. Екеуінің жүрек қалауымен табысқан шын бақытты жандар екенін бірден аңдауға болады. Бір-бірін қабағынан түсініп отыр. Бес бала тәрбиелеп өсіріпті. Бәрі жоғары білім алған. Ерланның Гузелі, Ерболдың Марианнасы, Ердостың Назгүлі – бәрі ұйғыр қызы болып шықты. Қыздары Майгүл Данияр атты қазақ жігітіне тұрмысқа шығыпты. Бүгінде солардан өсіп-өнген сегіз немересінің қызығын тамашалап, екі ұлттың біте қайнап, шынайы араласқан шаттық шаңырағында мәуелі бәйтеректей бүршік жайған Тұрысбай мен Гүлсімге қызыға қарадық. Есік алдындағы жүзім де мәуелей пісіпті. Бізбен бірге жүрген аудандық «Іле шұғыласы» – «Или вадиси» газетінің бас редакторы Абдуманап Аблизоев ерлі-зайыптыларды суретке түсіріп әлек. Риза көңілмен шығар есікке

беттегенде Гүлсім алмасы мен алмұртын, жүзімін көтере ұмтылды. Сыйға сый қайтару дәстүрі. Осындай ата дәстүріне адал, төскейде малы, төсекте басы қосылған екі ұлттың ертеңгі болашағы неге нұрлы болмасқа деген ізгі ұғым ұялады көңілге» деп аяқтайды [95].

«Шарыннан өтіп бара жатып, соңымыздағы Шонжыға қимастықпен тағы бір қарадық. Бауырлас екі халықтың құт мекен, төл бесігі бейбіт заманда бақуат тіршілігіне сай тербеле берсе екен, өсе берсе, өркендей берсе екен деп тілек тіледік. Ынтымақ пен бірлік – баға жеткісіз байлық. Демек, содан айырмай, Қазақстанның көк байрағы биікте желбіресе, өзге олқылықтың орны толатыны анық. Бүгінгі ел тілегі осыған келіп саяды» дейді Күмісжан Байжан.

Жолсапар очеркі татулықтың бесігіне айналған өңірден ерекше ықыласпен аттанған журналистің көңіл-күйімен айшықталып барып нүктеленеді.

Мақаланың (жолсапар очеркі) мазмұндық ерекшелігі:

1. Ақпараттар, деректер, мәліметтер көптеп қолданылады.
2. Пейзаж. Яғни, табиғат суреттеледі.
3. Тұлғат. (Кейіпкердің түр-тұрпаты, мен мінез-құлқы (портреті) сипатталады).
4. Диалог (Кейіпкер мен журналист арасындағы сөйлесу).
5. Монолог. (Автордың өз толғанысы мен пайымдаулары)
6. Сараптама. Яғни автор көрген-білгенін сараптайды.

2010 жылы 21 қазанда елімізде Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясы өткені белгілі. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен «Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» атты кезекті сессияны «Егемен Қазақстан» газеті бірінші бетіне келбетті суреттерімен келістіріп, ерекше оқиға ретінде берді. Бас тақырыпқа Мемлекет басшысының «Тәуелсіз Қазақстан – біздің ең қымбат, ең асыл құндылығымыз!» баяндамасының атауын шығарған. «Біз, Қазақстан халқы...дұрыс жол таңдап, ізгілік пен сенімге негізделген парасатты саясат жүргізгенімізді сара уақыттың өзі дәлелдеп берді. Бейбітшіліктің белдеуі болған қазақ жерінде бабалар аңсаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» орнады. Өнегелі ізгі бастамаларымен жаһандық бейбітшілікке зор ықпал еткен Қазақстанның тағылымды тәжірибелері әлем жұртшылығына үлгі болды. Бағзы мен бүгінді жалғаған қазақ жері адамзаттық ауқымдағы игі істердің ұлағатты ұйытқысына айналды. Мәдениет пен руханияттың алқалы ордасындай асқақ Астанамызда әлемнің дінбасылары үш мәрте бас қосып, бәтуалы байламға келді. Тұрақтылық пен тыныштық салтанат құрған Қазақстанның дәулеті мен сәулеті келісіп, әлеуеті мен қуаты еселеп артты [96]. Бұл айтылған құндылықтар әлі күнге дейін этнокөсемсөздің соны тақырыптары санатында нысанасынан түспей келеді.

Арқау болған тың дүниелер мыналар: *Бірінші*, этносаралық және конфессияаралық теңдіктің құқықтық базасы жасалды. Ол діни наным еркіндігі туралы, тілдер туралы, қоғамдық бірлестіктер, Қазақстан халқы

Ассамблеясы туралы заңдар жүйесін қамтиды. Бізде этностар құқығын шектейтін бірде бір заң жоқ. *Екіншіден*, Ассамблея жұмысы стратегиялық жоспарлау негізінде түзілген. 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған Ассамблеяны дамыту стратегиясы табысты іске асырылды. 2010 жылы Қазақстанды дамытудың 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарының құрамдас бөлігі ретіндегі Ел бірлігі доктринасы қабылданды. *Үшіншіден*, мемлекеттің этносаралық саладағы саясатының негізіне «саналуандықтағы бірлік» қағидаты алынған. Мұның өзі тіл саясатында барынша айшықты көрінді. Бәрінен бұрын мемлекеттік тілде оқытатын мектептер желісі кеңейіп келеді. Қазір мұндай мектептер 4000-ға жуық, бұл 90-шы жылдар басындағыдан 2 есе көп. Барлық тілек білдірушілер үшін қазақ тілін оқытатын 100-ден аса орталықтың жұмысы жолға қойылды. Қазақ тілді БАҚ-тарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Тәуелсіздік жылдарында қазақ тіліндегі баспалық басылымдар 7 есе көбейді. Этностар тілдері мен мәдениеттерін мемлекеттік қолдаудың тиімді жүйесі ойдағыдай жұмыс істеуде. 88 мектепте оқу өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі. 108 мектепте 22 этностың тілі дербес пән ретінде оқытылады. 30 этностың тілін оқып-үйренудің 190 лингвистикалық орталығы жұмыс істейді. Елімізде 15 тілде 35 баспалық басылым шығады. Телеарналар эфирінде 11 тілде хабарлар беріледі. 14 орыс, өзбек театрлары, сондай-ақ ТМД-дағы бірден бір ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. *Төртіншіден*, этносаралық қатынастардың қаржылық және материалдық базасы нығайтылды. Тек соңғы 9 жылда ұлттық театрларды мемлекеттік қолдаудың көлемі 4,5 есе дерлік өсіп, 2010 жылы 374 миллион теңгені құрады. *Бесіншіден*, Ассамблеяның инфрақұрылымы кеңейтілді. Егер Ассамблеяның бірінші сессиясына бар-жоғы 40 ұлттық-мәдени орталық қатысса, бүгінде еліміздің барлық өңірлерінде 820 этномәдени бірлестік табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың игілігіне Астанада Бейбітшілік және келісім сарайы, 10 облыс орталығындағы Достық үйлері берілген. *Алтыншыдан*, Отан тағдыры үшін ортақ жауапкершілік қазақстандықтардың ұлттық бірлігінің іргетасы болды. Біз «Бір ел – бір тағдыр» қағидатын іске асырдық. Барлық этностар Стратегиялық басымдықтарды іске асыруға белсене қатысып жүр. Еліміздің Парламенті мен мәслихаттарында барлық этностардың өкілдері болуын қамтамасыз еттік. Қазақстан халқы Ассамблеясы Мәжілістің тоғыз депутатын сайлайды, олар нағыз «достық елшілеріне» айналды. Парламентте барлығы 30 этностың, ал мәслихаттарда – 32 этностың өкілі жұмыс істейді. *Жетіншіден*, мемлекеттің зайырлы сипаты жағдайында діни саналуандылық халқымыз төзімділігінің шынайы белгісіне айналды. Астана әлемге жаһандық дінаралық үнқатысудың орталығы ретінде белгілі. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін дәстүрлі түрде өткізу жолға қойылды. Бұл Қазақстанда қазіргі кезде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің тиімді жүйесі қалыптасқанын айғақтайды.

Салтанатты басқосудың көрігін қыздырып, тұздығын одан ары арттырған басылым қосымша съезд делегаттарын сөйлетіп, Қазақстандағы

ұлтаралық бірлік туралы сыр шерткізген. Айтылған пікірлер бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысы бірін-бірі толықтырып, еліміздегі сыйластық пен түсіністік идеясын биік сахнаға шығарған. Газет ұлтаралық татулықты насихаттауда мұнымен тоқтамайды. 22-қазан күні басылым бетінен Ассамблея сессиясы төңірегінде сарапшылар мен түрлі этнос өкілдеріне орын береді. Олардың арасында бақылаушы ретінде қатысқан шетелдік тұлғалар да бар. «Егемен» мұндай затындарды дүркін-дүркін ұйымдастырып тұрады. Оның негізі мәні – Қазақстандағы этносаралық бірлікті, ұлтаралық татулықты насихаттау. Солардың бір парасына тоқталсақ...

«Бірлік ортақ ұстаным болып қала беруі тиіс» деген ортақ тақырыппен әрбір тұлғаның ойын түрлі тақырыпшалармен топтап берген. Онда ҚХА мүшесі Жақия қажы Абдуллаұлы «Бүгінде елімізде экономикалық жағдай жақсарып, тұрақтылық орныққан деп айтуға негіз бар» деген тұжырым жасаса, «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің төрайымы, белгілі тіл жанашыры Асылы Осман «Менің пайымымша, өркениетті елдердің сапына қосылуымыз үшін, ең алдымен мемлекеттік тілді білуіміз керек. Яғни, Отанымыз ортақ па, онда тіліміз де ортақ болуы тиіс» деген ой айтады. Шетелдік меймандар лебізінде PhD, АҚШ-тың Әлемдік түсіністік жобасының директоры Роджер Нелсон: «Әлемнің басқа елдерінде, соның ішінде АҚШ-та халық ассамблеясы болмағандықтан, мен осыған дейін оның қызметін дұрыс түсінбейтінмін. Алайда, Қазақстанға келгеннен кейін, оның үстіне бүгінгі Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясына қатысқаннан кейін мұндай ұйымның қаншалықты қажет екендігін айқын ұғындым. ...Сырт көзге мұның өзі өте сүйкімді көрінетін іс екен» дейді, ал Әзірбайжанның Ресейдегі Төтенше және өкілетті елшісі Полад Бюль-Бюль оғлы «Қазақстанда тұрып жатқан менің таныстарымның бәрі елдегі тыныштықпен, ұлттар арасындағы түсіністікпен тыныстайды. Мұны олар мақтаныш тұтатынын көріп жүрміз. Мақтанбағанда ше, мұндайға қолдары жетпей жатқан елдер қаншама» деп таңданысын жасыра алмаған. Сондай-ақ, Пәкістандағы Әлемдік үйлесімділік кеңесінің мүшесі, Пәкістан халық партиясы жанындағы адам құқықтары жөніндегі комитеттің басшысы Мариям Хан: «Қазақстаннан басқа елдердің үйренері көп. Әсіресе, адамдардың өз Отанына деген сенімділігін Қазақстаннан көбірек үйренсе, әлемде қаншама ғимараттар, мешіттер жарылмайтын еді, балалар ата-аналарынан, ата-аналар балаларынан айырылып қалған жағдайлардың бір де біреуі болмайтын еді» деп тебіренсе, Нигерия Әлеуметтік ғылымдар және адам дамуы орталығының директоры Имон Колинс: «Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясы кезінде әрбір азаматтың өз еліне деген махаббаты ерекше білініп, көрініп тұратын ел екендігіне де анық көзім жетті. Әрбір елдің азаматы – сол елдің мақтанышы. Сіздердің көтеріп жүрген ұлтаралық түсіністік деген сөздің ауқымды мағынасын мен тек ұлт емес, мемлекет пен мемлекет, ел мен елдің арасындағы әріптестік, махаббат, бейбітшілікті нығайтудағы ортақ күрестің бір бөлігі ретінде қарастырғым келеді. Әлем халықтарының үрейден, қорқыныштан, жанкешті оқиғалардан құтылуының бір ғана жолы бар. Ол,

әрине, тыныштық пен адамдар арасындағы махаббатты, рухани төзімділікті жандандыру. Ал Қазақстанның барлық ішкі саясатымен қатар, сыртқы дипломатиясы да осындай ізгі бағытпен жүріп жатқандығы бәрімізді қуантады» деп толғанады [96].

Бұл пікірлер Қазақстандағы ұлтаралық татулыққа берілген зор баға екені даусыз. Мұндай әлемге саяси тұрақтылығымен үлгі болып отырған мемлекетте тұрып жатқан әрбір азамат мақтану керек. Мақтанып қана қоймай, оның өрістеуіне жұмыстанғаны жөн, асқақтатқаны абзал. Ал сол мақтаныш сезімді арттыратын, дамытатын, жақсы трансформациялайтын журналистика, оның ішінде этнокөсемсөз тармағы болмақ. Ендеше, осы затындардың өзі «Егемен Қазақстан» газетінің ұлтаралық татулық жаршысы болуда, үгіт-насихаттық жүргізуде осы саланың ең басында тұрғанын әйгілейді. Өйткені онда осы бағыттағы жарияланған затындар өте көп. Тіпті, оны толықтай талдап шығу мүмкін емес. Себебі, ұлтаралық татулық арқылы адамзаттық игіліктерді өркендету, Қазақстанның тасын өрге домалату – аға басылым «Егемен Қазақстан» газетінің ұлы миссияларының бірі екені ақиқат. Оған біз баспасөздің кез келген санын парақтаған сайын көз жеткізе түсеміз.

Аптасына 5 рет шығатын басылым ұлтаралық татулық пен қоғамдық келісім тақырыбына дүркін-дүркін қайта айналып соғып отырады. Осы тақырыпта арнайы беттер ұйымдастырып, пікірлер жиынтығын беріп отыруды дәстүрге айналдырған. «Егемен Қазақстан» газеті бірліктің жаршысы ретінде еліміздегі түрлі этнос өкілдеріне мінбер беріп отыруды үрдіс қылған. Мәселен, 2010 жылдың 20 қарашасында «Қоғамдық келісім – тұрақтылық кепілі» атты тақырыппен арнайы бет ойластырып, оған Қазақстандағы әр этнос өкілдерін сөйлеткен. Сондай-ақ, 2010 жылдың 14 желтоқсанда «Жасампаздықтың жарқын көрінісі» деген атаумен тағы да өзге ұлт өкілдеріне орын береді. 24 желтоқсанда татулық тақырыбына «Тілек пен бірлік кепілі» деген атпен тағы қайта айналып соғады. 2011 жылдың 20-наурызында «Қазақстаным – қарашаңырағым!», 8 желтоқсанын «Қазақстан – ортақ үйіміз!» деген топтамалармен түрлі этностық ұйым басшылары мен этнос өкілдерін және сөйлетеді.

Сол уақыт аралығында тек өзге этнос өкілдерін ғана сөйлетіп қоймай, «Татулық – табылмайтын байлық» (15.04.2011), «Ынтымақ ұйыған шаңырақ» (16.04.2011), «Әлемге танылған ақиқат» (06.09.2011), «Өткенге қарап, ертеңімізді кемелдендірейік» (23.11.2011), «Қазақстанның бейбітсүйгіш саясаты – ұлтаралық татулық пен конфессияаралық келісімнің ерен үлгісі» (01.12.2011) атты этнокөсемсөздерді ұйымдастырып, Қазақстандағы белгілі ғалымдар мен оқырмандар тарапынан ұлтаралық татулық тақырыбында ой ойластырады. «Қазақстандағы ұлтаралық татулық: тарих пен тәжірибе» тақырыбында да ғылыми-танымдық публицистикаларды жиі ұйымдастырып тұрған. Ал 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесі қарсаңында мұндай затындарды мүлде құбылтып, мерекелік өң беріп, салатантты реңкпен беріп отырған. Оған газеттің түрлі-түсті безендірілген мерекелік нөмірлері мысал.

Қазақ этнокөсемсөзінде еліміздегі ұлтаралық татулық пен ынтымақтастықты басқа қырынан іздейтін басылымдар да жоқ емес. Солардың бірі – «Жас Алаш» газеті. «Жас Алаш» этнокөсемсөз затындарында Қазақстанның негізгі құрушысы әрі байырғы халқы – қазақ ұлтының мәселесін алдыңғы қатарға шығарып, өзге этностық топ өкілдерімен салыстырғанда ешкімге басымдық бермеу мәселесін өзекті етіп көтереді. Оның этнокөсемсөз затындарының бірнеше ерекшелігі бар, олар:

Біріншіден, басылым Біріккен Ұлттар Ұйымы және тағы басқа да халықаралық фактілердегі адам құқы мен аз ұлттардың құқын қорғау жөніндегі заңнамаларда көрсетілгендей, территориямызда мекен еткен этностарға жағдай жасау қажет екендігін алға тарта отырып, бірақ қазақ ұлтының көлеңкеде қалып қоймауын талап етеді; *Екіншіден*, қазақ халқының мәртебесін арттыруды өзге этнос өкілдерінің есебінен жасамау керектігін ұстанады; *Үшіншіден*, аз пайыздық көлемдегі этностарға айрықша құқық берілмеу жөніндегі *бейтараптық бағытты ұсынады*; *Төртіншіден*, ұлтаралық қарым-қатынаста әлемге «қазақстандық үлгі» ретінде танылған құндылықты жүзеге асыруда «асыра сілтеу» болмағанын құптайды; *Бесіншіден*, мемлекеттік тілді құрметтеу секілді қазақ халқының ұлттық құндылықтарын еліміздегі этностық топ өкілдері «Қазақстан халқын біріктіруші фактор» қалыбында қабылдау қажеттігін қолдайды т.б.; *Алтыншыдан*, мемлекеттік мүдде мен ұлттық мүдде екеуін «синоним» ретінде қалыптасуын жақтайды және оны өзге этностық топ өкілдері толықтай мақұлдауын қажет деп санайды; *Жетіншіден*, ұлтаралық араздық пен қақтығыстарды қолдамайды және кез келген осындай мәселелерден саяси астар іздеуге жақын т.б.

Жалпы, бұл тенденциялар «Жас Алаш» газеті ғана емес, ұлттық бағытты ұстанған, әсіресе өздерін «тәуелсіз» санайтын көптеген ұлттық бағыттағы БАҚ-қа тиесілі немесе етене жақын ұстанымдар. Сондықтан олар зайырлы мемлекеттің ресми ұстанымын насихаттайтын «Егемен Қазақстан» секілді ұлтаралық татулық тақырыбына жиі қалам тербей бермейді. Көбіне маңызды деп тапқан кезде болмаса арнайы айтулы шаралар барысында ғана қозғайды. Ал бұл көзқарас тарихи тамыры тереңде жатқан республикалық «Жас Алаш» газетінде айрықша мәнге ие. Дегенмен, «Жас Алаш» газеті де этнос араларындағы татулыққа қуана қол соғады, насихаттайды, мәдениеттер арасындағы байланысты қолдайды, тіпті түркі тілдес халықтардың достығына ықыласын танытып, ризашығын білдіретін кездері мол. «Елдестірмек Елшіден» атты арнайы айдарында әлем елдерінің Қазақстандағы Елшілерін сөйлетіп, екіжақты мемлекетаралық, ұлтаралық байланыстар туралы әңгіме дүкен құрады. Мәселен, 2000 жылғы 2 наурыздағы санында «Саратовта қазақ көп» аңғаратында (заметкасында) Қазақстан мен Ресей арасындағы бір-біріне жақын Батыс Қазақстан облысы және Саратов облысының екіжақты байланысы туралы айтылған. Саратов облысында Гай атты аудан бар. Жергілікті қазақтар оны әуелден Алғай деп атайды. Алғай тұрғындарының 47 пайызы – қазақтар, одан кейінгі ең көп

санды ұлт орыстар, 43 пайыз. Жалпы Саратов облысында 74 мың қандастарымыз тұрады екен.

Есепте осы Алғайда өткен қазақтар құрылтайы туралы айтылады. Шараның салмағын форумға қатысушы тұлғалардан-ақ білуге болады. Құрылтайға облыс губернаторы Д.Аяцков, Ресей халықтары Ассамблеясының президенті Рамазан Абдутаипов және Батыс Қазақстан облысының әкімі Қ.Жақыпов қатысыпты. Журналист Қазыбек Құттымұратұлы ақпараттық есепте қысқа-нұсқа маңызды жаңалықтармен бірге, ұлттық тіл мен мәдениет ара-қатынасы жөнінде айта отырып екіжақты байланысты насихаттау арқылы аяқтайды: «Көршілес екі облыстың ынтымақтастығы жөніндегі келісімге осыдан төрт жыл бұрын Орал қаласында қол қойылған еді. Расында көршімен тату болғанға не жетсін» [97]. Сондай-ақ, 2000 жылы 6-сәуірде «Таңбалытастағы таңбалар сыры» деген есеп жанрындағы мақалада Түрік елшілігі жанындағы мәдениет орталығының бастамасымен белгілі қылқалам шебері, түркі халықтарының мұрасын насихаттаушы Ахмет Ахаттың көрмесі туралы хабарлайды [98]. Көрмеге Түркияның Қазақстандағы Елшісі қатысуы оның түркі дүниесін насихаттаудағы рөлін танытқандай. Алматы педагогикалық институтының түлегі, КСРО суретшілер одағының мүшесі, еңбектері ҚР Мемлекеттік музейінен бастап, Түркия, Ресей, Германия, АҚШ, Франция, Италия елдеріндегі жекеменшік коллекцияларда сақтаулы Ахмет Ахаттың туындылары негізгі түркі әлемінің ортақ мұраларын әлемге паш ету мақсатын ұстанғанын байқаймыз.

Осы жылдың 8 сәуірінде «Жас Алаштың» Жолдасбек Дуанабай дайындайтын «Қоңырау» қосымшасында «Қазақшалары қайран қалдырды» деген мақала жарық көрген. Онда Алматы қаласы Әуезов ауданында өткен ерекше шара туралы баяндайды. Шараның ерекшелігі сол, Әуезов ауданы орыс тілі мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдіс бірлестігінің жетекшісі Гүлнәр Мұратбаеваның ұйымдастыруымен «Көңілді тапқырлар клубы» (КТК) орыс тілді ұлт өкілдері оқушыларының арасында тұңғыш рет қазақ тілінде өткен. Ақтық сайысқа алдын ала болған іріктеу сынынан үздік деп танылған 6 топ таңдап алынған екен. Журналист «КТК-ны жүргізуге жоғары сынып оқушылары Елена Сергиенко мен Игорь Славиев таңдап алыныпты. «Балапандар», «Жаңа қазақтар», «Шала қазақтар», «Жаңа ұрпақ», «Ақ-Қара», «Тұлпар» деп аталатын командалардың атауы-ақ құлақты елеңдететін балалардың сахнадағы қазақшалары туған тілін білмейтін қандастарымызды қайран қалдырды. Олардың таңдап алған тақырыптары да көрермендерге ой салды. Ал өзекті де өткір мәселелерді қозғау жағынан келгенде демократияның да білім босағаларын еркін аттағанын байқадық» дейді [99]. КТК-ның әртүрлі қызықты суреттерін беру арқылы әдемі әсер қалдырған. Автор мақалада «Қазақ тілі – ұлттарды ұйыстырушы фактор болуы керек» деп айтылып жүрген астарлы ойды беріп, «Бұл тамаша тәжірибе екен!» деген пікірді белгілі тіл жанашыры Асылы Осман арқылы айтқызады. Бұл бірлікке апаратын бастаманы «республика мектептеріне түгел

тарату керек, енді өзге ұлттардың балалары сайрап тұрғанда біздің тіліміздің байланып тұрғаны қалай болар екен?» ащы сарказммен ой тастайды. Негізгі тақырыптар мен ақпараттарды ойнатып беруде өзіндік тәжірибесі қалыптасқан Жолдасбек Дуанабай мұндай мақалалар мен арнайы беттерді ұйымдастырудағы тілі мен стилі ерекше екенін бәріміз білеміз. «Оқи қалар оқиғалар» деген секілді тапқыр қойылған айдарлардың авторының шеберлігі де осындай жерде көрінетін сөзсіз.

Ұлттық мәселелерді көтере отырып, этностық топ өкілдеріне басымдық бермеу қажеттігін меңзейтін, олардың да Қазақстан азаматтары екендігін, сондықтан заң бәріне бірдей болу керектігін ескертіп, тіпті шетелдік компаниялар алдында ұлттық мүддеден ұтылмау керектігін еске салатын іргелі саяси мақалаларға «Жас Алаш» көп орын береді. Олардың негізгі түйіні – ұлтаралық татулықты сақтау, ұлтаралық шиелініс емес, әлеуметтік дұрдараздықта заң алдында кез келген азамат тең болатын шеңберде қадам жасау қажеттігі. Оларға «Қыспақта қалған қазақтар» [100], «Ақтөбедегі «қазақ ұлтшылдығы» туралы» [101], «Жүз қазақты 1 кәріс басқарып отыр» [102], «Қарабазар келімсектердің заңсыз саудасынан қашан арылады?» [103] т.б. осы тектес проблемалық мақалалар соның айғағы. Мұндай проблемалық мақалалар 2002-2017 жылдар аралығында да көптеп жарияланған. Газет тігіндісін қарап отырсақ, «этносаралық қақтығыстарды болдырмаймыз» бағытындағы құзырлы орындардың шұғыл әрекеті, құқы тапталған азаматтар, күлдібадам ақталулар, бастысы этносаралық татулықты сақтау қажеттігі туралы пікірлер жиынтықталған затындар жеткілікті.

Сонымен қатар «Жас Алаш» қазақпен біте қайнасып кеткен өзге ұлт өкілдерін назардан тыс қалдырған емес. Айталық, 2002 жылдың 6 сәуірінде белгілі жазушы, публицист, аудармашы Герольд Бельгер туралы «Неміс ішіндегі қазақ» [104] атты, ал 6 тамызында Қазақстан кинематографистер одағының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кинооператор және кинорежиссер Игорь Александрович Вовнянконың қазаққа сіңірген еңбегін бағалаған «Қазаққа сіңген Вовнянко» [105] атты ықшам затындар жариялаған. Екі мақалада да бірі неміс, бірі орыс қазақстандық екі тұлға жөнінде әдемі кестелі ой, ілтипатқа бергісіз ықылас жазылған. Бұл ұлтаралық татулықтағы жақсылықтың ұлт таңдамайтынын айшықтаған затындардың қатарынан табылатын дүниелер.

Басылым 2009 жылдың 24 желтоқсанында «Ұлтқа досқаншылдық және ғарифоллашылдықпен қарау қауіпті» деген Аманхан Әлімнің сараптамалық мақаласын жариялаған. Сараптамада ұлтаралық татулықта мәні жоғары ұлт мәселесі туралы айтылған.

Ұлт – табиғи, мемлекет – тарихи қоғамдық-саяси категория. Соған қарамай олардың екеуінің арасын еш бөле-жара талдап, талқылауға болмайды. Өйткені ол тұтас ағза. Ұлт – жан, мемлекет – тән. Ал қазіргі ғаламдастыру деген ұғым-түсінік оның екеуін де жоққа шығарып, жалпыхалықтық, жалпыелдік, яғни, бір орталыққа бағынған экономикалық-идеологиялық баланстағы қаржылық-интернеттік жүйе

калыптастырғысы келеді. Біздің ұлт – жалқы, халық, ел – жалпы есім деуіміздің сыры сонда. Осындай пікірді айтқан Аманхан Әлім «Қоғамдық-саяси айналымдағы «біз көпұлтты Қазақстан халқы» деген ұғым-түсініктің теріс мағынада пайдаланылып кеткендігі соншалықты, соңғы кездері елімізде кейбір білгіштердің «қазақстандық ұлт» атты абстракциялық, қолды-аяққа тұрып, көңілге қонбайтын, санаға сыймайтын, шарды ыстық ауамен үргенге (түбінде жарылып, қоғамдық-саяси, мемлекеттік, ел-жұрттық тыныштықты бұзатын) саятын, тарихи-табиғи негізсіз терминнің пайда болуына ықпал етуіне жол ашуда» деп мәселені өткір қойып, Досхан Жолжақсынов пен Ғарифолла Есім екеуін қатты сынға алады [106]. Оған қатысты пікірін автор былай талдайды: «Досқан Жолжақсынов секілді қазақ тілінде сөйлеп, сол тілге ие ұлттың нанын жеп, суын ішіп, атақ-дәрежесін ала жүріп, білімсіз де біліксіздік таныту арқылы ұлтты жоққа шығарушылардың санын арттыруында. Тіпті, оны айтасыз, сенатор, академик Ғарифолла Есім болса «Қазақстан халқы ассамблеясының мемлекеттік және қоғамдық қызметтеріне қатысты жаңа лексиканы қолдануында, айталық, баяндамада бұрын жиі айтылатын «ұлтаралық қатынас», «ұлттық мүдде», «ұлттық мәдени орталықтар», «ұлтаралық келісім», «ұлттар мен ұлыстар» деген сияқты терминдерді таппаймыз, оның орнына жаңа маңызға ие болған «ел бірлігі», «этносаралық келісім», «этно-мәдени орталықтар», «этнос» сияқты жаңа лексикалар қолданылған. Әрине, әлі де болса қалыптасып қалған бұрынғы түсініктер шырмауындағылар бұрынғы түсініктерді қолдануда. Сірә, бұл іске уақыт керек шығар» дей келіп, «әдет, дағдыға айналып қалған ескі түсініктердің қолданылуы тек теорияға ғана емес, идеологияға да тікелей қатысты, сондықтан журналистер, саясаткерлер, саясатшы-ғалымдар ендігі жерде қажетті лексиканы бүгінгі нақтылық тұрғысынан алып, қолданғандары жөн деп санаймын» дейді. Міне, осы бір сөздің өзінен-ақ Ғарифолла Есімнің «ұлт» сөзінен өлердей қорқатындығын байқауға болады емес пе?» [106]. Солай дей келе, автор еліміздегі ұлт пен этностардың кім екенін, оларға әлемдік ғылым қалай баға беретінін түсіндіріп, Қазақстан мемлекеттігіне қатысты салиқалы ойын айтады.

«Жеме-жемге келгенде, ұлт болып қалыптасу әлімсақтан келе жатқан құбылыс. Біздің ұлт пен мемлекетті бөле-жара қарамауымыздың сыры да сонда. Мемлекет ұлтты қалыптастырмайды, қайта ұлт мемлекетті қалыптастырады» деген автор ел бірлігін арттыру мен Қазақстанның жаһандық ықпалдастық кезінде жоғалып кетпеуін алға тартып «Бұл тұстарда досқаншылдық пен ғарифоллашылдық жүрмейді» деген тұжырым жасайды [107].

Осы секілді мақала «Ұлт бірлігі»: ұтыс пен ұтылыстың жиынтығы» деген атпен 2010 жылы 5 мамырда жарық көрді. Онда Қазақстан қоғамында қызу талқыланған «Қазақстанның Ел бірлігі» доктринасы туралы сөз болған. Есімізде болса, 2009 жылдан бастап Қазақстанда осы доктрина туралы үлкен айтыс-тартыстар болып, нәтижесінде 2010 жылы ұлтаралық татулық пен

бірлікте маңызды рөл атқаратын құжат қабылданған болатын. Осыған «Жас Алаш» газеті соқталы да сүбелі затындар, пікірлер бергені белгілі.

Бұл сараптамалық затында да этнос арасындағы қарым-қатынаста мәні терең аталған доктрина туралы «Қоғамдық күштер мен билік арасындағы талас-тартыстың нысанына айналған доктрина төңірегіндегі мәселеге нүкте қойылды. Өткен аптада мемлекет басшысы ұлт жанашырлары мен билік өкілдерінің бірлесіп жасаған «Ұлт бірлігі» доктринасына қол қойып, оны ресми мақұлдады. Осы оқиғаға орай жұмысшы тобының өкілдері Астанада арнайы баспасөз мәслихатын өткізді. Жаңа доктринаның нұсқасы бірқатар БАҚ-та жарық көрді» деп одан ары құжатты даярлау барысындағы атқарылған шараларды бастан-аяқ баяндайды. Оның қоғамдық келісім нәтижесінде дүниеге келгенін сөз етеді.

«Ұлт бірлігі» доктринасының қабылдануына қатысты қоғамда түрліше көзқарас қалыптасты. Бірқатар топтар мұны биліктің көзбояушылық әрекеті, ұлт жанашырларының саяси ұстанымының әлсіздігі ретінде бағаласа, енді бірі мұны ұлт тұлғаларының табандылығының арқасында халықтың жеткен жеңісі ретінде қабылдады. Бірақ, қалай десек те, жоғары биліктің ұлт жанашырларымен келіссөзге отырып, олармен келісімге келуінің өзі көп нәрсені аңғартады. «Рим бір күнде тұрғызылған жоқ» деген сөз бар. Сондықтан да биліктің бастапқы қадамынан қайтып, ұлт саясатына қатысты құжатты ұлт жанашырларымен бірігіп жасауы құптарлық тірлік болды. Ұлт тұлғаларына орынсыз кінә артып, «билікке сатылды» деген негізсіз жала жапқандарға айтатынымыз: демократия алаңдарда қалыптаспайды, демократия салауатты келіссөздердің, пікірталас мен қоғамдық келісімнің нәтижесінде орнығады. Елге ұсынылған «Ұлт бірлігі» доктринасын қоғамдық келісімнің негізінде жасалған құжат ретінде қабылдаған жөн. Халықтың талап-тілегімен санастырған, билікті жұртшылықпен келісімге келуге мәжбүрлеген қоғам қайраткері, ақын Мұхтар Шаханов бастаған зиялы қауым өкілдеріне де, оппозициялық партия жетекшілері мен қоғамдық қозғалыс белсенділеріне де, мерзімді басылым басшыларына да, қарапайым азаматтарға да алғысымызды айту – парыз» деген Жанболат Мамай пікірлердің дәлелденуінің арқасында, оның ішінде ел бірлігінің мәнін ойлаған келіссөздердің нәтижесінде жасалғанын жеткізеді [108].

«Ресми қабылданған «Ұлт бірлігі» доктринасының нұсқасы бірқатар БАҚ-та жарық көрді. Онымен біз де танысып шықтық. Бұл Қазақстан президенті ұсынған «Ел бірлігі» доктринасынан да, «Тәуелсіздікті қорғау» халықтық-демократиялық қозғалысы жасаған «ҚР Ұлттық саясатының тұжырымдамасынан» да мүлде бөлек құжат. Саясатта мұны «нөлдік» нұсқа деп атайды. Яғни, екі жақ та, біздің жағдайымызда ұлт патриоттары да, билік те, өздерінің құжаттарынан бөлек, жаңа доктрина жасап шығарған. Мұның «билік ұсынған «Ел бірлігі» доктринасынан не айырмашылығы бар?» дерсіз. Қоғамның қарсылығына ұшыраған даулы құжаттан оның өзгешелігі жер мен көктей» деген автор ары қарай бұған дейінгі жобалардан доктринаның айырмашылығын санамалайды [108].

«Қазақстанның президенті Н.Назарбаев жұртшылыққа ұсынған доктрина «Ел бірлігі» деп аталса, жаңа құжаттың атауы «Ұлт бірлігі» деп өзгерді. Былай қарағанда, мағыналық жағынан аса үлкен алшақтық жоқ. Бірақ, тереңірек барсақ, «ел бірлігі» мен «ұлт бірлігінің» мағынасы мүлде бөлек. Бір ғана мысал: орыс тілінде доктринаның атауы «Национальное единство» болды. Ал қазақ тілінде оны «Ел бірлігі» деп атады. Ал «ел бірлігін» орысшалайтын болсақ, доктринаның атауы «страновое единство» болуы керек еді. Яғни, «ел бірлігі» Қазақстанда тұратын барлық ірілі-ұсақты диаспоралардың бірлігі деген сөз. Бұл мағынада алсақ, халықтың 63 пайызын құрайтын қазақ та – ел, 24 пайызға әрең жеткен орыс та – ел, саны он-он бес адамға жетпейтін аз ұлттардың өкілдері де – ел. Бір сөзбен айтқанда, қазақ елінде тұратын ұлттардың өзегі де, тірегі де жоқ деген сөз. Себебі, барлығымыз да – «елміз». Ал «ұлт бірлігінің» мән-мазмұны мүлде бөлек. «Ұлт бірлігі» Қазақстанда бір ғана ұлт мекендейді дегенді білдіреді. Ал Қазақстанның мемлекетқұраушы ұлты қазақ екені айтпаса да түсінікті. Доктринаның алғысөзінің өзі де осыны меңзейді. «Қазақстанның барша азаматына тең мүмкіндіктер мен лайықты тіршілік жағдайын туғызуға ұмтылу, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын мойындау, ұлт тағдырына жауапкершілікті сезіну, Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияда, мемлекеттік Тәуелсіздік туралы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілгендей байырғы қазақ жерінде ұлттық мемлекеттілік құру мен нығайту және де басқа қағидағтарды негізге ала отырып, қоғам мен ұлтқа Қазақстанның Ұлт бірлігі Доктринасы ұсынылады» делінген құжатта» деп «ұлт» ұғымының ұлтаралық татулық пен бірлікте анағұрлым орны зор екенін айтады [108, «Жас Алаш». 5 мамыр, 2010 ж.]. Доктринаны салмақты талдаған журналист осы бірліктің негізгі факторы мемлекеттік тіл болуы керек деген идеясын да ортаға тастайды. Осы арқылы талдамалық мақала Қазақстанды мекен еткен этностардың бір-бірімен ынтымақта өмір сүруін қалайтынын жеткізеді.

«Жас Алаш» газетінің еліміздің бірлігі мен тірлігіне бей-жай қарай алмайтынын білеміз. Оны басылым өзінің қоғамдық-саяси әрі түрлі бағыттағы затындарында анық аңғартып жүр. Бұл «Жас Алаш» билікке ғана ащы пікір айтатын оппозициялық газет» дейтіндердің пікірлерінің талғамнан тумағанын дәлелдейтіні анық. Мәселен, 2011 жылы 22 қыркүйекте №76-санында «Ашық хат ашынғаннан жазылды. Оған биліктің қатысы жоқ» деген жариаланым ұйымдастырған. Сараптамалық мақала адамға ой саларлық, оның ішінде бірден көзге түсетін тақырыпшалармен бөлінген. Оқуға жеңіл, таңдауда талғамға түрткі болатын тапқыр әдістер қолданылған. Журналист Елнұр Бақытқызы «Қуғындағы экс-банкир Мұхтар Әблязов те қазақ тілінің мәселесіне үн қатты. Ол жуырда 138 адам қол қойған Конституцияның 7-бабының 2-тармағын алып тастау жөніндегі ұсынысына қатысты «Көтер басыңды, қазақ, желкендегі жендетті түсір!» деген айғайлаған тақырыппен үндеу жасады. Әблязов тіл жанашырлары жазған Ашық хатты «Парламент сайлауы қарсаңында орыстілді сайлаушыларды

демократиялық күштерден үркітіп, оларды «Нұр Отанға» дауыс беруге итермелейтін президент әкімшілігі тапсырмасымен жасалған әрекет» деп бағалайды» деп шет елде қашып жүрген «қашқын банкирдің» сандырағына жауап беруге тырысады [109].

Қазақ тілінің мәселесін көтерген зиялылардың хатқа М. Әблязов «бірұлтты мемлекет құруға, қазақ емес ұлттарды республикадан шеттетуге немесе оларды екінші сорттық азаматтарға айналдырып, қазақты бақытты етуге болады деп есептейтіндерге арналған» деген қиямпұрыс баға берген болатын. Журналист осыған байланысты «қашқын банкирдің» айтқан ойларына өзі пікір айтпай, елге танымал тұлғаларды сөйлетіп, М. Әблязовтің үндеуін опасыздық әрі лас тәсіл деген сарапшылардың пікірлерін халыққа жеткізеді. Айталық, «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі Дос Көшім «Мемлекеттік тіл мәселесі бұл елде өмір сүретін барлық азаматтарға ортақ. Ол қазақ, орыс не кәріске бөлінбейді. Әблязовтің соны түсінбегені таңғалдырды. Тіл мәселесін ұлтаралық мәселеге айналдыру – ең пасық саясат. Себебі біз сөйлегеннің өзінде орыстілді және қазақтілді деп қана айтамыз. Орыстілділердің ішінде қазақтар, қазақтілділердің ішінде жүз мыңдаған өзге ұлт өкілдері бар. Сондықтан М. Әблязовтің үндеуі – саясаттағы ең лас тәсіл» [109] десе, «Жас қазақ үні» апталығының бас редакторы Қазыбек Иса «Ұлтаралық қатынастарды ушықтыратындарға «жолың анау» дейміз барлық дамыған елдер секілді» деген ойын айтқан [109]. «Болатхан Тайжан атындағы қордың» жетекшісі Мұхтар Тайжан «Түркияда түріктер түрік тілінде сөйлеп, түрік тілінде өмір сүріп жатыр. Израиль екі мың жыл бұрын өлген тілін қайта тірілті. Сол сияқты біз де дұрыс саясат ұстансақ, қазақ тілінде өмір сүреміз. Экономика болсын, техника саласында болсын. Қазақ тілі орыс тілін барлық салада алмастыра алады. Сол себепті Әблязовтің мәлімдемесімен түбегейлі келіспеймін» дейді [109].

Осы жерде ойлануға тура келеді. ҚР Бас прокуратурасының мәлімдемесі бойынша, түйені түгімен жұтып алып, мұртын балта шаппай шет елде масайрап жатқан, әлеуметтік желі арқылы Қазақстанның мемлекеттігі мен бірлігіне нұқсан келтіруге күш салып жүрген М. Әблязовтің республикамызда тіркелмеген «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысы экстремистік ұйым деп танылды. ҚР Бас прокуратурасының ресми өкілі Оксана Лоскутованың айтуынша, «қозғалыс басшысы М. Әблязов пен оның белсенділерінің мақсаты билікті құлатып, басып алу болып табылады. Бұл әрекеттер экстремизмге қарсы әрекеттер туралы заң бойынша саяси экстремизм болып саналады. Және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қимыл ретінде қудаланады. Сотпен қозғалыстың әрекеті экстремистік деп танылып, оған ҚР барлық аумағында тыйым салынды». Сонда ұлтаралық татулыққа нұқсан келтіретін «қашқын банкирдің» әрекетін «Жас Алаш» газеті бұрыннан-ақ білген бе, деген ой еріксіз келеді екен. Бұл бірлікті ту еткен басылымның байқампаздығын білдірсе керек. Бағамдайық, ымырасы келіскен мемлекеттің ішін алатайдай бүлдіру кімге қажет?! Неліктен ата-бабамыз

секілді албыртты сабырлыққа, танымды түйсікке, ашуды ақылға жеңдірмейміз?! Еліне жаны ашығандар осылай қадам жасайтыны сөзсіз. Әсіресе, мемлекеттің ішіндегі ұлтараздыққа, этносаралық жанжалға апаратындар қауіпті. Бағыты оппозициялық десек те, ұлттық басылымның дәл осындай тұманды дүниеде елдік құндылықтарды пір тұтқанына разы боласың. Тәуелсіздікті сақтауда салиқалы қадамдарды құптайтыны сезімталдықтың биік шыңын айшықтайды.

Экстремизм демекші ұлтаралық татулықтың бір ұштығында дін мәселесі жатқаны ақиқат. Өйткені, дін мәселесі – өте нәзік дүние.

Рас, Қазақстан Конституциясының 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп өзінің зайырлы мемлекет екенін бекіткен [110].

Бірақ бұл мемлекеттің дін ісінде шаруасы жоқ дегенді білдірмейді. Өйткені, кейінгі уақытта дін саласындағы өзекті мәселелер әлемді тітіркендіріп отырғаны жасырын емес. Сондықтан, бұған мемлекет баса назар аударады. Ал діннің атын жамылғандар «қой терісін жамылған қасқыр» тәрізді татулыққа сына қағып, елдікке қауіп төндірсе оған тек мемлекеттік құрылымдар ғана емес, этнокөсемсөз өкілдері де араласуға тиіс. Өйткені, діттеп келгенде бұл қоғамдық келісімді бұзатын, ұйыған айрандай құт-берекеге тас ататын қылмыс. Осы орайда, мұндай аса қауіпті қатерлердің алдын алу үшін «Жас Алаш» газеті ылғы алдыңғы шептен табылады. Осындай мәселені қамтыған сараптама газеттің 2012 жылғы 6 наурыздағы санында «Тарих уаххабизмді ешқашан ақтамайды» деген атпен жарияланды. Тарихшы Серік Айдарәлиевтің сараптамасында әлемді алаңдатқан уаххабизм туралы жан-жақты ашылып, оның түрлі ұлт өкілдерінің мәдениеті мен тарихын мойындамайтын коммунизммен ұқсас тұстары болғаны, оны Кеңес үкіметі тиімді пайдаланғаны туралы айтылады. «Кеңес үкіметі атеист қана емес, «молда» да болды!» деген бөлімінде қызыл империяның қазақтар мен Түркістанның айналасына жасаған жасырын қиянатын сөз еткен автор діни тұтастығы берік ортаға уаххабизмді қарсы қойғанын біреу білсе, біреу білмейтінін жеткізеді. Бірлігі бекем аймаққа іріткі салуда арнайы осындай адамдар мен топтарды пайдаланғанын айтқан тарихшы «уаххабизм мен коммунизмнің өз ұқсастықтары бар еді. Екеуі де салт-дәстүрге қарсы болды. Біреуі ескіліктің қалдығы десе, екіншісі «ширк», Құдайға серік қосу деп таныды. Осы пікір бұл екеуін біріктірді» дейді [111].

Нағыз мәдениеттер мен діндердің тоғысқан ортасы – Таяу Шығыста дүрбелең салған уаххабизм ұлттар мен этностар арасында іріткі салатын не қауіпті феномен екенін айғақтайды. Сараптаманың негізі мақсаты – ағылшын тыңшылары арқылы ендірілген Абдул Уаххаб идеясын жақтаушылар әбден пісіп жетілген уақытта татулығы мен ынтымағы жарасқан Қазақстан секілді ортақ үйіміздің шаңырағын шайқалтпасын деген ой екені анық. «Жас Алаш»

газетінің ел берекесін қорғау жөніндегі осындай публицистикалық затындары өте көп.

Қазақпен етене жақын болып кеткен ұлттар туралы «Жас Алаштың» көп жазатынын жоғарыда айттық. Ал олардың ішінде румен кірігіп кететіндері өте сирек. Асықты жілікпен бірге ант бергізетін «Сүйек ұстау» секілді дәстүрі бар қазақ оқырманы үшін елең еткізетін мұндай мақала 2017 жылдың 4 шілдесінде басылымда «Қазаққа адалдығын сақтаған ұлт» деген атпен жарық көрді. «Руханият» бетінде «Тарих тағылымы» деген айдармен берілген, өздерінің ұлттық киімдеріндегі сұлуларының мөлдіретіп суретін салған мақаланың «Татарлардан алар үлгі көп» деген тақырыпшасы да затынның қандай ұлт туралы сөз ететінін де әйгілеп тұр.

«Ұлтшылдық – барлық халыққа тән қасиет. Ұлтшылдықтың ең басты белгісі – ана тілінде таза сөйлеу. Ана тілі – сол халықтың бет-бейнесі, айнасы. Кейінгі кезде қазақ жастарының ана тілінде сөйлеуге ықыласы, халқының салт-дәстүрін үйренуге құлшынысы көңіл қуантады.

Өз ұлтын жанындай сүйетін ұлттардың бірі – татарлар» [112] деп басталатын мақала тарихи тағылымы мол ынтымақтастықтан сыр шертеді. Қазақтар ғасырлар бойы татар деген халықпен аралас-құралас болып, қойын-қолтық араласып келеді. Ежелден ынтымағымыз жарасып, қыз алысып, қыз берісіп құдандалы болып жүрміз. Татарлардың біздің өңірімізге алғаш қоныс тепкенін шежіре былай түсіндіреді. Бұл енді XVII ғасырдың тұсы болса керек. Ол заманда патша өкіметінде әскерде 25 жыл қызмет ететін катал заң болған. Бұған шыдамаған татарлар бас сауғалап, қазақ жеріне қоныс аудара бастайды. Бұл кезеңде Найман ішіндегі Назардың екі руы – Тоқабай мен Жанай бір болыс ел болған. Жанайлар жеке болыс болып шығайын десе, түгін саны жетпейтін шектеуге килігіп, жоғарыдан рұқсат бермей келген. Бөлек болыс құру үшін рулардың саны 500 отбасынан асуы шарт болған. «Құланның қасуына – мылтықтың басуы» дәл келіп, әлгі қашқан татарларды Жанай руының басшысы Тана мырза тізімге алып, тіркей берген. Сөйтіп, жанай руының санын татарлардың есебінен көбейтіп, жеке болыс болып, тоқабайлардан бөлініп шыққан. Кейіннен Ресейден қуғыншылар келіп, татарларды қайтармақ болған кезде Тана мырза сол тізімді алға тартып, олардың Жанай руының адамдары екенін дәлелдеп, бауырына басып қалған. Бүгіндері сол татарлардың кейбір ұрпақтары өздерін «жанаймыз» деп, құжаттарына «қазақпыз» деп жазып жүр.

«Бұл шежірені кезінде мемлекет, қоғам қайраткері болған, еңбек жолын ұстаздықтан бастаған ағартушы Шерияздан Бабайұлы Фахрутдинов көзі тірісінде айтып та жүргенін құлағымыз естіді. Ол кісіні қазақтар еркелетіп «Шери» атандырып жіберген. Сол Шери абзидың ұрпақтары құжаттарында «татар» деп жазса жазатын шығар, ал бірақ ауызша айғайлап «мен – татармын» демейтін, ал қазақтар «сен – татарсың» деп айтуға аузы бармайтын. Шери абзи туралы жазушы, ақын, журналист Нәкен Серікбаев (марқұм) «Ардагер тұлға» (Семей, «Үш биік» баспасы, 2010 ж.) атты романға бергісіз естелік кітап жазды» [96, «Жас Алаш». 4 шілде, 2017 ж.] деген

мақала авторы, зейнеткер Ратбек Арынұлы қызықты мәліметті алға тартады. «Тарихқа көз жіберсек, өзбек, қырғыз, түрікмендер сияқты татарлар қазақтармен соғысқан жоқ. Қазақты әлсіретіп, жерін иемдену үшін патша өкіметі оларға қару беріп, дүркін-дүркін қазақтарға қарсы айдап салып отырды. Патшаның «Бөліп ал да, билей бер» саясатын мойындамаған татарлар қазаққа қару көтерген жоқ. Мұсылман баласында қазаққа қиянат жасамаған ұлттар – татарлар мен әзірбайжандар. Татарлар қазақтарға адалдығын сақтап қалды. Олар қазақ жеріне өркениет әкелді, ислам дінін таратуға үлес қосты, жер-жерде медресе ашып (Семейдегі Абай Құнанбаев оқыған Ахмет Риза медресесі соған дәлел), мешіттердегі дін тұтқасын татарлар ұстады. Қазақтар мен татарлардың арасында берік ынтымақ орнап, шынайы достық салтанат құрды» [112].

Өз кезегінде қазақ ұлтының біртуар азаматтары да татар ұлтының алдында парыздарына адал болған. Оған мысал ретінде автор Ұлы Отан соғысы кезінде Германияның Моабит түрмесінде өлтірілген татар ақыны Мұса Жәлелдің «Моабит дәптері» деген өлеңдер жинағын Мұхтар Әуезовтің аудартып, қалыңдығы пышақтың қырындай ғана жинаққа Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын алып бергенін айтады. Өздерінің ұлттық мүдделерін қорғап, кез келген жағдайда біртұтастық танытатын татар ұлтының белгілі тұлғалары туралы дәйектерді сөйлеткен автор қазақ пен татар ұлттары арасындағы татулықты әдемі де әсерлі жеткізеді.

Сонымен қатар басылым 26 қазан күнгі №86 санында «Ноғайлар қазақ тұрғанда өзінің арқа сүйері бар екенін біледі» деген ноғайдың әйгілі әншісі, домбырашысы, біраз жылдар Қазақстанда тұрып, еңбек еткен, Қазақстанның және Қарашай-шаркес Республикасының еңбек сіңірген әртісі Арсланбек Сұлтанбековпен сұхбат жариялады [113]. Сұхбатта қазаққа бауырлас ел ноғай халқының әдебиеті, руханияты, мәдениеті, екі жаққа бірдей тұлғалар – Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбет жыраулардың зерттелінуі, қазақ-ноғай араларындағы қарым-қатынас туралы емен-жарқын әңгіме өрбіген.

«Ана тілі» ұлт газеті ұлтаралық татулықтың жаршысы ретінде мемлекеттік саясатқа өндіріп еңбек етіп келе жатқан басылым. Оның басты нысанасы – мемлекеттік тіл, осы мемлекеттік тілді ұлтаралық татулық негізгі қозғаушы күші ретінде дамыту. Газеттің ұлтаралық қатынасты арттыруға қатысты айдарлары көп. Оларда есеп, баяндама, хабарлама, ғылыми зерттеу, проблемалық мақалалармен қатар әр түрдегі хаттар жарияланады.

Мемлекеттік тілге деген жанашырлық көзқарастар, іргелілеулер баршылық. Тіліміздің бай әрі көркем екендігін мойындап қызығушылық танытып, өз беттерімен қазақ тілін үйреніп, үйреніп қана қоймай сөйлей де жаза білетін өзге ұлт өкілдері кездеседі. Басылым журналистері оларды ұмыт қалдырмайды. Халқымыздың рахметі санатында оларды баспасөз бетінде сөйлетеді. Бұл орайда «Қазақ емес, қазақтан былай емес» айдары құшағын жая қарсы алады. «Қазақ емес, қазақтан былай емес» атты айдары да талайға үлгі, өнеге деуге тұрарлық. Бұл айдарда «Ана тілі» қазақ тілінде сөйлеп жүрген өзге ұлт өкілдері туралы жазып, олардан сұхбат алып, түрлі

публицистикалық жанрда затындар ұйымдастырып, мемлекеттік тілді үйрену қиын деп жүргендерге оның бос сөз екенін дәлелдеп қана қоймай, мәңгірттерді әшкерелеп отыр деуге болады.

Бұл айдарды алғаш кезде газет 2007 жылғы 31 мамырда мынадай түсініктеме береді: «Ана тіліміздің өрісі өзге ұлт өкілдерінің арасында кеңейіп келе жатқанын көру сүйсінерлік жәйт. Әсіресе, қазақ тіліне енжар қарайтын кейбір бауырлардың жанында көркем сөзден кесте тігіп, қазақша судырап тұрған жандарға іштей ризашылығыңызды білдіресіз. Жаңа айдарымыз қазақ тілін құрметтеп, сүйіп әрі осы тілде тілдесіп жүрген ұлты басқа кейіпкерлерге арналады» [114]. Осының астарында басылым айдарының қандай мақсатта ашылғанын аңғару қиын емес. Нағыз ұлтаралық татулықтың жаршысының ірі адам қызығарлықтай бастамасы.

Тағы бір айта кетерлігі бұл айдарда көрініс табатын өзге ұлт өкілдері әртүрлі салада қызмет ететіндер. Онда өнерпаз да, мәдени өкіл де, кенші де, тіпті ғалым да жариялана алады. Солардың бірі ретінде, «Людмила – алтын іздеушілердің ұрпағы» деген сұхбаттың кейіпкері – Тілдер мерекесі қарсаңында «Анер» ҚМО-да өткен өзге ұлт өкілдері арасындағы «Мемлекеттік тіл – менің тілім» қалалық байқауында екінші орынды иемденген эстон қызы Людмила Кулаеваны мысалға келтіруге болады. Оның тарихының өзі қызық. XIX ғасырдың басында эстон ұлтының өкілі Лавиза Михайловна Тиц күйеуімен қазақ еліне алтын іздеушілердің бірі болып келіп, Ақмола облысының Бестөбе поселкесінде тұрақтайды. Жергілікті халықпен тіл табысып, олармен тату-тәтті өмір сүрген олардың осында тұрмыстары оңалады. Ұлдарын ұядан ұшырып, қыздарын қияға қондырады. Тамырын кеңінен жайған әулеттің үрім-бұтақтары осы өңірде тұратын өзге халықтармен бірге тіршіліктің ыстық-суығына төзе білді. Атап айтқанда, солардың бірі Линда Александровна Тиц – Ақмола облысында тың игеруге қатысып, қажырлы еңбегімен елдің алғысына бөленген жан. Людмила Кулаева – осы Тиц әулетінің ұрпағы. Онымен арнайы барып тілдескен тілші материалды ұйымдастыруда өзгелерге үлгі болатындай мынадай сұрақ қойған:

- «Мемлекеттік тілдің кәсіби біліктілікті арттыруға септігі тие ме?»

- «Екібастұзсу» кәсіпорнында осы жылдың сәуір айына дейін оператор болып жұмыс істедім. «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты қалалық байқауға қатысқаннан кейін мекеме басшылары жеке азаматтармен жұмыс істейтін бөлімге ауыстырды. Қазір экономист болып қызмет атқарамын. Қаладағы кәсіпорындарда еңбек ететін, «Екібастұзсу» кәсіпорнына берешегі бар жеке тұлғалармен тығыз байланыс ұстаймын. Үй-үйді аралағанда алдымнан шыққан ақсақалды қария, ақжаулықты аналармен қазақ тілінде сөйлесемін. Тіл білмеймін деп, олармен сөйлеспесем, үлкенді сыйламағандық болар еді әрі діттеген шаруамды тындыруым да қиын ғой. Дәл осы кезде мемлекеттік тілді білуімнің пайдасы тиіп жатады. Ұлтына қарамай, адамдармен тіл табысу – менің басты міндетім. Мемлекеттік тілді меңгергені үшін қызметі жоғарыласа, кім де болсын тілді терең үйренгісі келетін болар деп

ойлаймын» [114]. Осындай сауалдарды ұйымдастыру арқылы «Ана тілі» ұлт газеті этносаралық бірліктің дамуына үлкен үлес қосып жатқанын ешкім жоққа шығара алмайтын шығар. Осындай пікірлердің «Қазақстан – ортақ шаңырағым» деп санайтын, осындай көркейіп, өркендеймін дейтін әрбір азаматқа, өзге ұлттың өкіліне әсер ететінін әсте бәріміз сезінеміз.

2008 жылы осы айдарда біраз татулықтың негізі тіл екенін меңзейтін дүниелер жарық көрді. Газеттің 17 қаңтардағы №3-санында «Орыстар қазақты енді тани бастады» деген ақпараттық жанрда затын жариялап, қазақты тануға Орыс қауымдастығы мен Тіл комитеті өткізген байқаудың делел болғанын жазады. Орыс қауымдастығының өзара түсіністік пен әріптестік туралы Меморандумға сәйкес, орыс ұлты арасындағы қазақ тілін меңгергендерді іріктеу мақсатында бірінші рет өткізілген «Тіл – халық жанын танудың кілті» атты республикалық байқаудың нәтижесі шығып, үш сатыдан өткен байқауда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университет аудит және қаржы факультетінің 2-курс студенті Марина Федоридидің бас жүлдені ұтып алып, ақшалай қаржы иеленгені туралы ақпар берілген. Байқаудың оңай болмағанын сынақ түрлерінен сеземіз. Өйткені ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті ұйымдастырған байқауға іріктеу сайыстары, алдымен, республикамыздағы барлық аудандарда болып, одан шыққан жеңімпаздар облыстық кіл жүйріктер сайысынан сараптан өткен. Ал соңғы бәсеке байқаудың шарты бойынша, түрлі кезеңнен – қатысушылардың сөздік қоры, грамматикалық білімі, тесттік тапсырманы орындау, әдеби шығармадан үзіндіні орысшадан қазақшаға аудару, қазақ классиктері мен қазіргі авторлар шығармаларынан хабардар болу, ән шырқау, өлеңді мәнерлеп жатқа оқу сындарынан өткен.

Байқау жеңімпаздарын тізген автор Салтанат Қажыкен ақпарат соңында оймақтай болса да салмақты ой тастап кетеді: «Бір қарағанда жақсы секілді. Ана тілімізді өзге ұлт өкілдері құрметтеп жатса, неге қуанбаймыз? Алайда, ақша үшін тіл үйренетіндердің қатары көбейіп бара жатқанын сезінгенде көңіл шіркін құлазып сала береді. Жалпы Конституцияда Мемлекеттік тіл деп көрсетілген соң қазақша білу барлық азаматтарға ортақ міндет. Сөйте тұра, орысқа «үйрене ғой» деп ақша беріп, осынша жалбарыну – ұлтты төменшіктету. Алайда жағдай жасаған соң үйреніп алған орыс ертең шала қазақтың да орнын тартып аларын солар сезінсе дейміз. Тілегіміз де, алаңымыз да сол ғана...». Бұл қазақша киінген жеңімпаз Маринаның суретін қоса беруді ұмытпаған редакцияның өз миссиясына адалдығы десек те болады. Өйткені, ұлтаралық татулықтың негізі – мемлекеттік тілді білу науқаншылдықпен емес, үлкен жігермен жасалғаны абзал.

Басылым аталған айдарға 25 қыркүйекте қайтып оралып, онда «Қазақ тілін қалай үйренгенімді өзім де білмей қалдым» деген тақырыппен әнші Юрий Копновтың сұхбатын жариялаған. Сұхбатта қазақ тіліне шекесінен қарап жүрген азаматтарға сабақ болардай әңгіме айтылған. Осы тектес мақалалар мен сұхбаттар «Ана тілі» газетінің жылдық нөмірлерінде жиі-жиі жарық көріп тұрды. Мәселен, «Қазақ емес, қазақтан былай емес» айдарында

2012 жылы Надежда Березанмен «Білімге құштар Надежда» [115], Максим Устиновпен «Анам да қазақша еркін сөйлейді» [116], Оксана Дергачевамен «Ниет болса, тіл үйрену қиын емес» [117] атты сұхбаттар соның айғағы. Мұндай жарияланымдар өте көп. Оған «Жақсыда жаттық жоқ» деген айдармен берілген «Ауылға келген Ольга» деген мақаланы да қоссақ болады [118]. Бұл затындардың мақсаты – мемлекеттік тілді меңгерген өзге ұлт өкілдерін жарнамалау ғана емес, сонымен қатар еліміздегі ынтымақ пен сыйласымдықты насихаттау екені хақ.

Қазақ тілін үйреніп алған өзге ұлт өкілдері туралы газет тігінділерін ақтарып отырғанда тамаша бір сараптамалық мақала қолымызға тиді. Ол – жазушы, журналистика профессоры Әбілфайыз Ыдырысовтың «Садаға кетейін Сендерден, жанымдай жақындарым!» деген мақаласы. Ойын «Жандай жақындарым» деп отырғандарым қазақ тілін өз ана тілдерінен артық білмесе, кем білмейтін немесе қазақшаға судай, қазақты сонша қастерлейтін, біздің республикада тұратын, қызмет ететін өзге ұлттар мен ұлттық этностардың өкілдерін: солардың кәрі-жасын, үлкен-кішісін, ұл-қызын – Қазақстан азамат-азаматшаларын айтып отырмын. Жүрекжардымның тақырыбындағы шын жүректен еріксіз лықсып шыққан «садаға кетейін» деген қазақи рахмет-алғысым да соларға арналған.

1991 жылдың желтоқсанында тәуелсіздікке ие болып, туған ана тіліміз – қазақ тілі мемлекеттік тіл деп, жарияланғаннан бері: «Енді біздің ұлттық ана тілімізді үйренетін өзге ұлт өкілдері болар. Солар жайлы дерек жинай жүрейінші», – деп ойлап, оған сыртына «Тілімізді үйренуші өзгелер» деген сөздер жазып, арнайы папка ашқанмын. Сол папкам ішіне өзім жаздырып алып оқитын орыс-қазақ тілдерінде шығатын республикалық мерзімді баспасөз беттерінде басылған тілімізді өз беттерімен үйренуші басқа ұлт, ұлыстар өкілдері жайлы материалдар қиындыларын сала бастағанмын» [119] деп әсерлі бастаған журналистиканың ақсақалы ары қарай ойын былай сабақтайды: «Бағыма орай, «ондайлар болар» деген интуициям алдамапты. Шынында, көп ұзамай көретін теледидар экранында, оқитын газеттерімнің беттерінде, тіпті тілімізді үйренуге талпынушылар ғана емес, оны білетіндер көзге түсіп, белгілі болып, солар жайлы материалдар жариялана бастады. Мен қазақ тілін енді үйренетіндер жайлы материалдар жинамақшы болып, арнаулы папка ашып жүрсем. Міне, кереметі – қазірдің өзінде оны жетік білетіндер бар екен. Бұрын қазақ тілінде ақындар айтысына қатысып, жүлде алып жүрген Надежда Лушникова мен қазақша әнді бабына келтіре ұлттық сазымен айтатын Татьяна Бурмистрова, қазақ болып кеткен жазушы Герольд Бельгерді, қай жиында да қазақ мұңын жоқтап, «қазақша сайрайтын» «қызымыз» Асылы Осман сынды «өзіміздік» болып кеткен бірен-саран ғана басқа ұлт өкілдерінен басқаны көп біле қоймайтын басым мынандай күтпеген ортаға тап болған соң, есім шыға қуанып, тысына әуелде жазған «Тілімізді үйренуші өзгелер» деген жазуды өзгертіп, енді алда айтқан файлпапкам сыртына қайтадан: «Тілімізді сүйетіндер, білетіндер» деп жазып қойғам да, оның ішіне сондай «өзгелер» жайлы материалдарды сала бергенмін. Сол

барған сайын «қарны қампия» бастаған файлпапкам жұмыс столымның қасындағы жатаған тәйпіл столым үстіндегі «өзімдік мұрағатымның» арасында жататын.

Осы жуықта басыма: «Осы біз көбіне ана тіліміздің ресми мемлекет тілі аталғанымен, оның әлі де сол мәртебе биігіне шын көтеріле алмай жатқанына өзіміздің «жаңа қазақтарды – «шала қазақтарды биліктегі шенеуніктерді және тілімізді үйренбейді, сыйламайды, менсінбейді, құрметтемейді деп, іштей өзге ұлттарды, әсіресе, орыстарды күстәналаймыз. Сонымыз не, осы?! Ау, олардың көп өкілдері өз ырықтарымен біздің тілімізді судай біліп жатқан жоқ па, өзіміздің шенеуніктер мен «шала қазақтарымыздың» бірде-бірі олай жасамай отырғанда. Өне, «Астана» теледидарының хабар жүргізушісі – неміс қызы Оксана Петерсті, Алматы «Таңшолпан» хабарының жүргізушісі, орыс қызы Майя Веронскаяларға қараңызшы. Олар жүргізуші қазақ әріптестерінен асып түспесе, бір мысқал да кем емес. Мұндай біздің халықтың «өз ұл-қыздарына айналғандар» қаншама. Олардың солай пайда болуы, бара-бара еселеп көбейіп келе жатқаны Тәуелсіздігіміздің жемісі ғой. Мейрам-той күні сол «өзіміз» болғандарды неге еске алмаймыз?! Соларды неге мадақтамаймыз?! Жақсылықтарын, адамгершіліктерін сол күні олардың беттеріне айтып, неге нұрларын «тасытпаймыз»? Қой, Тәуелсіздік мейрамына орай олар о газетті де оқиды ғой, «Ана тілі» газетіне солар жайлы материал жазайын. «Біздің» болғаны үшін соларға «қариялық рахметімді айтайын, алғысымды білдірейін! Көңілдері өссін! Нұрлары тасысын!» – деген ойлар келді. Сол ойлармен орнымнан тұра апыл-ғұпыл шайымды іше сап, «Тілімізді сүйетіндер, білетіндер» тақырыпты файлпапкама жармастым» [119].

Егемендік алған 2005-2010 жылдар аралығындағы жинаған қорын ашып, жинақталған дүниелерді сараптаған көпті көрген қария Кеңес одағы кезіндегі 77 жылда Надежда Лушникова, Татьяна Бурмистрова, Герольд Бельгер, Асылы Осман секілді бар-жоғы 4 адамды таныса, тәуелсіздік жылдарындағы небәрі бес жылда 60 өзге ұлттың өкілін санамалап, қазақ тілін білетіндердің санының 15 есе өскендігін біледі. Өзінің ерекше талдауынан өткен азаматтар жайлы қандай БАҚ жариялағанын да айта кетуді жөн көрген автор «Ал енді жоғарыда көрсеткен 60 санының астарына әрірек үңіліп, соның мәнін алға жаялық, 60 деп отырғанымыз, алда көрсеткендей, 2005-2010 жылдар аралығында республикалық басылымдарда қазақ тілін білетін орыс, неміс, корей, эстон, украин, болгар, түрік, әзірбайжан, еврей, балкар халықтары өкілдері жайлы жазылған қазақ, орыс тілдеріндегі материалдар саны. Ол материалдарда осы аталып отырған ұлттардың алпыс ер азаматтары мен ханымдары, ұлдары мен қыздары біздің ұлттық қазақ тілімізді өз ана тілдеріндей жетік білгендігі үшін республика жұртшылығына орынды мадақ еткен. Мадақ етілген 60-тықтан бірін – «Егемен Қазақстан», он алтысын – «Айқын», жетеуін – «Ана тілі», алтауын – «Казахстанская правда», бесеуін – «Жас Алаш», үшеуін – «Начнем с понедельника», төртеуін – бір-бірден – «Қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Алаш айнасы» және «Литер»

газеттері өз беттерінше нақ солай жасаған. Бұл деректерді нақ осылай нақты сандармен әдейі келтіріп отырмыз. Олай етудегі мақсатымыз – тілімізді нағыз жазуға лайық өзге ұлт саңлақтары бұдан былай көбірек жазындар дегенді құлаққағыс ету» деп өзге де басылымдардың осындай затындарды ұйымдастыруына ой тастайды [119]. Содан кейін қысқа-нұсқа түрде 60 азамат туралы айта келіп, ойын қазақ ұлтына жасаған құрметтеріне алғысын айтып, ұлтаралық татулыққа қосып отырған істеріне, қазақ тіліне деген ыстық ықыластарына қариялық батасын беріп, зерттеу мақаласын ақжарма ақ тілегімен аяқтайды. Қарапайым азаматтың тірнектеп жасаған еңбегі талайларды бей-жай қалдырмай, ерекше ризашылыққа бөлейтіні сөзсіз. Тіпті біраз журналистерге ой салып кеткені анық [120].

Бұдан өзге ұлт газеті ұлтаралық татулық пен қатынасқа байланысты көптеген қоғамдық-саяси, әлеуметтік затындар берген. Олардың негізі – Қазақстандағы бірлікті сақтау. Дегенмен, газет ұлтаралық татулықтың қайнары ретінде мемлекеттік тіл мәселесін көптеп көтергенін аңғарамыз. Бұл түсінікті. Өйткені, аты айтып тұрғандай «Ана тілінің» ең негізгі ұстанымы да осы. «Біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанның қазіргідей қарыштап дамып отырғаны – елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы. Тәуелсіздігімізді тұғырлы ететін де, елімізді жаңа белестерге шығаратын да біздің осы қоғамдық татулығымыз [121].

Бұл республикалық «Айқын» газетінің де басты қағидаты болды. Оған ақпараттық күнделіктің ұлтаралық татулықты насихаттау бағытындағы публицистикалық затындары нақты айғақ. Көп жағдайда ақпараттық бағытты, телеграфтық стильді ұстанатын басылым ұлтаралық татулық тақырыбына келгенде, проблемалық мақалалар арнап, ақпараттық сараптамалық, ғылыми-танымдық жанрда затындар шығаруға құлшынып отырады. Мысалы, «Айқын» газетінің 2009 жылғы 10 желтоқсанындағы №231-санында белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеев «Ел бірлігіне қарсы тұруға бола ма?» деген проблемалық мақаласын басқан. Онда автор дайындалып жатқан «Қазақстанның Ел бірлігі» доктринасы туралы сөз қозғап, ұлтаралық татулық құжатының қабылдануы мен талқылану барысына керітартпа әрекет танытып жатқандарға сын айтады. Бексұлтан Нұржекеев «Қай мемлекеттің қандай саясат жүргізуі сол елдің мәдени-әлеуметтік әл-қуатына, жағырапиялық орналасу жағдайына, ішкі-сыртқы салмағына және ішкі тұтастығына тікелей байланысты. Осының бәрін ойластыра қарағанда, «Қазақстанның ел бірлігі доктринасы» – қазақ елі үшін қажетті және пайдалы құжат. Өйткені біздің халық тәуелсіздік алғалы бері «бірлік болмай, тірлік болмайтынына» әбден көзі жетті деп ойлаймын. «Ырыс алды – ынтымақ» екенін, «бөлінгенді бөрі жейтінін» біздің халық ежелден білген. Ел талқысына ұсынылған осы құжаттың жобасында: «Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда жүргізілетін іс қағаздарында мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің жұмысын қамтамасыз ету» қажеті, «мемлекеттік тілді қолданудың құқықтық базасын дамыту, оның ұйыстырушы рөлін нығайту» және «Қазақ тілін мектепке дейінгі мекемелерде, мектептер мен жоғары оқу

орындарында оқыту сапасын жақсарту» керегі, сондай-ақ «Қазақстан этностарының мәдениетін әрі қарай өзара байыту» мәселесі баса айтылған» деп еліміздің ұлтаралық ынтымағы үшін «Қазақстанның ел бірлігі» доктринасы маңызды рөл атқаратынын саралайды [122]. «Қысқасы, бұл құжат Қазақстанда тұратын қазақ халқы мен өзге этностардың өзара қандай негіздерді басшылыққа алу арқылы тату тұруы тиіс екенін жан-жақты қарастырған. Мұнда кейбіреулердің елді дүрліктіріп жүргеніндей, «қазақстандық ұлт» деген нәрсенің өзі тұрмақ көлеңкесі де жоқ. Тіпті ымы да, жымы да, астарлап та, алдап та отырған ештеңесі жоқ. Бұл – әлі жоба ғана, бекіген құжат емес. Сондықтан оны талқылау қажет, қатесі болса, сынау қажет, түзетуді талап ету қажет. Бірақ тіл үшін күресеміз деген сылтаумен сол тілдің иесі халқымыздың шаңырағын шайқап немесе тыныштығын бұзып алмауымыз керек. Ал ондай қауіп бар ма? Меніңше, ондай қауіп дәл кәзір ғана емес, ылғый, үнемі бар. Өйткені біз – тәуелсіз мемлекетпіз. Ал тәуелсіз мемлекеттің қамын тәуелсіз мемлекеттің өзі ғана жейді. Қытайдың да, орыстың да, өзбектің де біз үшін қабырғасы қатты қайысады екен-ау деп қателеспеуіміз керек. Себебі олар да ең әуелі өз елінің мүддесін ойлайды» деген салиқалы пікір айтып, босқа даурыққанша, жобаның сапалы болып қабылдануына үлес қосуға шақырады [122]. Жазушының бұл пікірі – шет елдіктерден бостан-бос қауіптен бергенше, олардан қорғанатын, қауіпсіздік имунитетімізді арттыратын ұсыныстарды айтып, құжаттың піспеген, шикі тұстары болса, сол олқылықтардың орнын толтыруға күш салуымыз керек деген ойға жетелейтіні анық.

«...Азбыз, оның үстіне алауызбыз, ол да бізді одан бетер азайта түседі. Мемлекетіміздің саясатын қай кезде қолдауды, қай кезде сынауды білмейміз. Және орынсыз сынап-мінеу елдігімізге нұқсан келтіретінін ойламаймыз да, ойланбаймыз да. Әйтеуір, ешкімді тыңдамайтын, ешкімге бой бермейтін бір-бір мықтымыз. Мықты екеніміз рас. Бірақ бірлігі жоқ жүз мықты бірлігі мықты мың осалдан оңбай жеңілетінін кәрі тарих талай рет дәлелдеген ғой» деген Бексұлтан Нұржекеев алтыбақан алауыз болғанша, елдің бірлігін дамытуға атсалысайық, талқыланып жатқан жобаны сынай бергенше, дұрыс, көкейге қонымды ұсыныс берейік дегенді ашық айтады: «Біз, ең бірінші, осы осал жақтарымызды жөндеп алуға тиіспіз. Көбеюіміз керек, ауызбірлікті болуды үйренуге тиіспіз, бала-шағасын, немере-шөбересін әлі қазақша оқытпай отырған бауырларымызды тәрбиелеуіміз керек, 67 пайыз қазақ түгел қазақша сөйлеп кеп қоя бергенде, көп нәрсе мәселе болудан өзі-ақ қалады. Қазір қазақша оқып, қазақша тәрбиемен сусындап жатқан бала-шаға, құдай бұйыртса, енді 10-15 жылда билік басына келе бастайды. Сонда елдің бағы да, тілдің бағы да жанатынына мен өз басым сенімдімін. Ал сондай күйге аман-есен жету үшін, бізге ең әуелі ұзақ мерзімді тыныштық қажет. Сондықтан өз мемлекетімізді өзіміз әлсіретіп, шындықты жөнсіз бұрмалап, жөнсіз тайталасқанша, ел бірлігін, ел тыныштығын ойластырған бағдарламаны жасап отырған мемлекетімізге көмектесуіміз де керек емес пе?

Бәріне қарсы шығуға болар, бірақ ел бірлігіне қарсы шығуға бола ма? Естіген елден ұят-ты» [122].

«Қазақстан ел бірлігі» доктринасына қатысты бұдан кейін үлкен талқылау болып, үкімет мүшелерімен бірге қоғамдық ұйым басшыларының, танымал тұлғалардың қатысуымен, олардың бір үстелдің басына отырып ақылдасуының нәтижесінде қабылданғанын білеміз. Оған «Айқын» газетіндегі Бексұлтан Нұржекеев секілді ұлт жанашырларының осындай мақалаларының түрткі болғаны анық. Бұл ұлттаралық татулық құжатына пікір айтқан жазушының ойы қоғамда біраз талқыға түскенін сол кездегі біраз басылымдардан да оқуға болады. Мәселен, осы пікірге қатысты «Жас қазақ үні» газетінде іле-шала «Ел бірлігі» ұлтқа зиян болса, оған қарсы шығу қажет, Бексұлтан аға!» деген мақала жарияланғаны белгілі. Дегенмен, бұл талқылаулардан «Айқын» газетіндегі мақаланың мерейі үстем болып, сондағы айтылған пікірлер доктринаны жасауда қолға алынып, халықтың көкейінен шыққан болатын. Осыдан-ақ, «Айқынның» ұлтаралық татулықтың жаршысы ретінде жолы айқын екенін бағамдай аламыз.

Ұлттануды татулыққа қарай өрбітіп жүрген «Айқында» затындар көп. Солардың бірі – Төреғали Тәшеннің «Қазақ пен жапон туыс халық па?» деген зерттеу мақаласы [123]. «Қазақтар – Шығыстың француздары» деген құлаққа сіңісті болған сөзді көрнекті суреткер Асқар Сүлейменов «Француздар – Еуропаның қазақтары» деп түзеткен екен. Бүгінде француздарды қойып, «Жапондар – Алтайдан ауып барған қазақтар» деп жүрміз. Ал жапондар «Қазақстан – атажұртта қалған жапондар» дегенге ден қоя бастапты» деп қызықты басталған мақала екі ұлттың бір-біріне жақындығын, барлық салада ынтымақтастық құруға ниеттеніп жатқанын, ұлттық ерекшеліктерін саралап, бауырлық сипаттары мен тектік құрылымдарды сөз етеді. «Таразы» бетіндегі «Тек пен тамыр» айдарында жарық көрген затын түрлі ғылыми зерттеулерді мысалға келтіре отырып, самурай жапон мен жауынгер қазақты туыс етудің астарынан экономикалық та көзқарастарды зерделейді. Қызықты мәліметтерді алға тартқан зерттеу мақаласы татулық биік белестері туралы да сыр шертеді.

Қазақ баспасөзінің кез келгені түркі халықтарына деген ыстық ықыласын айрықша білдіретінін айттық. Осындай мақала аталған санында «Қазақ пен түрік түркі әлемін көтереді» деген атаумен көрініс тапқан [123]. Онда автор түркі тілдес халықтары арасындағы ынтымақтастық пен оны тағы бір белеске көтеретін байланыс жөнінде сөз етеді.

Газеттің осы нөмірі тұтас бірлік тақырыбына арналғандай. Мәселен, татулықты әспеттейтін аталған санда «Бірлігіміз жарасқан» айдарымен «Татулық пен тұрақтылықтың ұлттық үйлестірушісі» атты сараптамалық затынын да айта кетейік. «Бұл күндері Қазақстан тынышсыз әлемдегі тұрақтылық пен татулықтың өнегелі аралына ұқсайды. Бұл жетістігімізді әлемдік қауымдастық түгел мойындады: еліміз Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ете отырып, іс жүзіндегі айнадай ұйыған бірлік-берекенің озық үлгісін паш етуде. Әлемдік

дінбасылардың үш дүркін басын қосып, бәтуаға шақырып үлгерді. Батыс пен Шығыс өркениеті арасына алтын көпір болып отыр» деген автор Халима Бұқарқызы тәуелсіздігі 20 жылға жуықтаған Қазақстандағы ұлтаралық татулық пен бірлік жөнінде айшықты айғақтарын ортаға салады. Қазақстанның ұсынысымен БҰҰ-ның 2010 жылды әлемдегі «Мәдениеттерді жақындастыру жылы» деп жариялағанын мысалға келтірген автор әлемге татулықты өнеге етудегі еліміздің өзіндік үлгісі туралы айтады.

Газет проблемалық затындарды ұйымдастыруда да алдыңғы шепте тұр. Оған «Жат елдің намысын қорғаған қазақтар» [124], «Біз Көк тулы мемлекетпіз бе, әлде көп тулы мемлекетпіз бе?» [125] деген секілді толғақты пікір, толғамды ой қозғаған көптеген затындарды айтсақ та жеткілікті.

«Айқын» газеті мемлекеттік саясатты ілгерілетудегі ұлтаралық татулық тақырыбындағы ақпараттарды, этностық топ өкілдерінің хабарларын, пікірлерін, ҚХА құрылтайы мен басқосуларын және «Нұр Отан» партиясының этносаралық мәселелерге қатысты ұйымдастырған шараларын үзбей жариялап, бірлік пен берекенің жаршысы екенін келелі істерімен нақтылаған күнделікті басылым. Бұған мысал ретінде «Халықтың күші – бірлікте» [126], «Достық үйінде бас қосады» [127], «Бірлік – баға жетпес байлығымыз» [128], «Қазақстандағы татулық пен тұрақтылықтың сыры неде?» [129], Өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге ынтасы зор т.б. көптеген публицистикалық жанрдағы, түрлі берілу пішіндеріндегі этнокөсемсөз затындарын келтіруге болады.

«Береке басы – бірлікте» дейді қазақ халқы. Қазіргі Қазақстан қоғамының жаңару жолымен тиімді дамуы, ең алдымен, елдегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық түсіністікке тәуелді. Осы маңызды рухани факторды жүзеге асыруда тікелей қызмет істейтін қазақ баспасөзінің негізгі мақсаты – көпэтносты Қазақстан халқын өзара татулық, әлеуметтік келісім, дінаралық түсіністік және қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу. Бұл үдеден қазақ этнокөсемсөзі әрқашан табылып келеді.

Өздерінің руханияты мен салт-дәстүрлерінің, мәдени құндылықтарының ошағына айналған этностық топтар қай кезде де болмасын өз ұлттық деңгейінің биігінен көрінуге ұмтылатыны хақ. Алайда олар тек этносішілік қана емес, бәсекеге қабілетті, сұранысқа ие ақпараттық кеңістіктің өзгелермен терезесі тең толыққанды мүшесіне айналуы үлкен мақсат етеді. Көп этносты мемлекеттерде мемлекет тарапынан үлкен қолдау мен назар аударуды қажет ететін әралуан этносаралық қатынастар бар. Құрамында әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері бар мемлекет өзінің негізгі міндеттерінің бірі ретінде сол этностық қатынастарды оңтайландыруды көздейді [46].

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінде зерттеу тақырыбымыздың нысаны болып отырған этникалық бірегейлік (этнос пен оның өкілінің өзіндік сана-сезімінің негізі) мәселелері ұлғая бастады. Жалпы бұл күрделі мәселе турасында зерттеу жүргізгенде ең алдымен, діннің рөлі туралы атап кететініміз рас. Алайда бұл

арада бірегейлендірудің өзге де тәсілдері бар екендігін естен шығармауымыз қажет. Айталық, өткен ғасырда өркениеттілік, басқа да идеологиялық доктриналар арқылы этникалық бірегейлікті құрудың әралуан жолдары қарастырылды. Жоғарыда аталған этнобірегейлік ұғымының өзектілігі елдердің геосаяси дамуының этносаяси үдерістері мен қажеттіліктеріне байланысты болады. Яғни қазіргі таңда пікір алуандығының, біртұтас азаматтық қоғам қалыптастырудың маңыздылығы артуда. Ал егер бұған керісінше болатын болса, ол азаматтардың құқықтарын шектейтіні белгілі. Сарапшы мамандар бұл тұста бір ұлтты мемлекеттер жүйесінің өздерінің негізгі мұраттарына жете алмай, көптеген кедергілерге тап болатындығына нақты дәлелдер келтіре отырып, мемлекет дамудың ілгері жолына түскісі келсе, ешкімді бөліп-жармай, барлық этностық топтарға бірдей қарау керектігін алға тартады.

2016 жылғы статистикалық мәлімет бойынша Қазақстандағы халық саны 18 млн. адам болған. Оның 12 миллионын қазақ ұлты құрайды. Еліміздегі жан саны жүз мыңнан асатын 8 этнос өмір сүріп жатса, оның ішінде саны жағынан ең көп этносты орыстар (20,8%,) құрайды. Одан кейінгі орында өзбектер 3,1%, украиндар 1,58%, ұйғырлар 1,45% болды.

Қазақстандық этностарды мәдени-саяси және әлеуметтік-экономикалық біртұтастық байланыстырады. Көпэтносты және көпконфессиялы Қазақстан үшін «ұлт-мемлекет» қалыптастыру этносаралық бірігудің объективті факторы ретінде қоғамның азаматтық қағидат бойынша бірігуіне ықпал етеді.

Жалпы айтқанда халықтың көп ұлтты құрамын және ел халқын мемлекет құрылысына жұмылдыру міндетін ескере отырып, қоғам құру өткен ғасырдың басында, Кеңес үкіметі тұсында қолға алынғаны белгілі. «Сонымен қатар этникалық құрамдағы халықтардың ана тілдерінде шығатын мемлекеттік деңгейдегі баспасөз жүйесін қалыптастыру қажеттілігі де осы кезеңдерде басты міндеттердің бірі етіп қойылды. Осындай жүйе құру аз халықтардың басында болатын түрлі объективті жағдайларға, олардың қайта өркендеу перспективаларына, бүкіл әлеуметтік-экономикалық тәртіпті түбегейлі өзгертудің, мәдени деңгейін көтеру міндеттеріне байланысты болды» [47].

Алайда, Кеңес үкіметі тұсындағы әртүрлі тілдердегі баспасөзді этникалық басылымдарға шартты түрде жатқызу керек. Себебі, кеңестік ұлттық басылымдардың үлгісі «жоғарыдан» беріліп, Кеңес дәуірі белгілеп берген өлшеммен ғана этностар арасындағы идеологияны насихаттау міндеттерін «абыроймен» атқарып отырды. Соның салдарынан баспасөз беттерінде этностар өмірін, оның рухани және материалдық мәдениетін және т.б. көрсететін тақырыптар әлсіз болды. КСРО-ның ұлттыққа бағдарланған баспасөзі шешіліп қойған ұлттық мәселе кешеніне енгендіктен, бұл құбылыс зерттеушілер тарапынан өзекті және жан-жақты талдауды қажет ететін мәселе ретінде қарастырылмады. Керісінше, XX ғасырдың соңғы жиырма жыл ішінде шығарылған этникалық газеттер мен журнал редакцияларының көпшілігі «төмендегілердің» бастамасымен ұйымдастырылды.

2.3 Этнокөсемсөздегі ұлт зияты, инклюзиясы мәселелері

1991-2016 жылдар аралығында Қазақстанда мүгедектерді әлеуметтік қамтуды жақсартуға бағытталған бірнеше негізгі заңнамалық актілер қабылданды. «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы (2005 ж.) және БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау (2015 ж.) Заңы зерттеуімізге негіз бола алады және мұнда мүгедектердің қолжетімді білімге және инклюзивтілікке құқықтарын нақты көрсетеді. Мысалы, 2005 жылғы «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 1-бабында: *«Мүгедектерді әлеуметтік қорғау – бұл мүгедектердің тең құқықтарын қамтамасыз етуге, оларды қоғамға интеграциялауға және олардың құқықтарын жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталған құқықтық, экономикалық және әлеуметтік шаралар жүйесі» делінген* [130]. Ал, БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын 2015 жылы жариялап, 19-бабында: *«Тәуелсіз өмір және қоғамға тартылу: «Мүгедектер қоғамда өмір сүруге тең мүмкіндіктерге ие, оларға интеграцияны қамтамасыз ететін қызметтер мен қолдауға қолжетімділік беріледі, оқшаулануды болдырмауға мүмкіндік жасалады»* деп атап көрсеткен [131] және 24-бапта *«Мемлекеттер мүгедектерге білім беру процесіне қатысу және білім алу үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, барлық деңгейде инклюзивті білімге қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті»* [132] деп Білім беру бөлімінде нақтыласа, 27-баптың Еңбек және жұмыспен қамту бөлімін *«Мүгедектердің басқа азаматтармен тең дәрежеде жұмысқа орналасуына ықпал ету, инклюзивті жұмыс ортасын құру және жұмыспен қамту саласындағы кемсітуден қорғау»* деп бекітті [132]. Қазақстанда 2000 жылдардан бастап зияткерлік ақаулар (интеллектуальное нарушение), инклюзия және әлеуметтік проблемалар мәселелерін басылым беттерінде белсендірек көрсету басталды. Оны бірнеше негізгі факторларға байланысты үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Тәуелсіздік кезеңі (1991–2000): Бұл кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық бірегейлік, мәдени әртүрлілік және этносаясат мәселелеріне басты назар аударылды. Әлеуметтік қорғауға, оның ішінде инклюзияға қатысты тақырыптар аз қамтылды және жалпы сипатта болды.

Әлеуметтік саясаттың даму кезеңі (2001–2010): Осы кезеңде мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға бағытталған бағдарламалар енгізіле бастады, ол бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс тапты. Инклюзивті білім беру, әлеуметтік бейімделу және жұмыспен қамту тақырыптары жиі көтеріле бастады. 2005 жылы «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» туралы Заң қабылданып, инклюзивті саясатты дамытудағы маңызды қадам болды. Бұл өзгерістер ақыл-ой кемістігі мәселелері әлі де басымдыққа ие болмағанымен, әлеуметтік көмек туралы жарияланымдарды көбейтуге себеп болды.

Белсенді реформалар кезеңі (2011–2016): Бұл кезең, әсіресе, Қазақстан 2015 жылы Мүгедектердің құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясын ратификациялағаннан кейін, инклюзивтік тақырыпқа көбірек көңіл бөлумен ерекшеленді. Осы кезден бастап БАҚ беттерінде инфрақұрылымның қолжетімділігі мен инклюзивті білім беру сияқты нақты реформалар туралы материалдар шыға бастады.

Мысалы «Inclusive» термині алғаш рет «Егемен Қазақстан» газетінің мұрағатында 2015 жылғы 19 тамызда «Инклюзивті оқыту – өзекті мәселе» [133] мақаласында кездеседі. Ақыл-ой кемістігі тақырыбы бірте-бірте қоғамдық пікірталастардың бір бөлігіне айналды, әсіресе білім беру бастамалары мен әлеуметтік инклюзия контекстінде.

Осылайша, 2001-2016 жылдар аралығында инклюзивтік, әлеуметтік қорғау және зияткерлік мүгедектік тақырыптарын қамтудың айтарлықтай өсуі байқалып, 2015 жылдан кейін ғана ғылыми айналымға енді. Бұл заңнамалық бастамалар Қазақстандағы мүгедектердің өмір сүру жағдайын жақсартуға және олардың қоғамдағы тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге ұмтылысын көрсетеді.

Екі жағдайда да БАҚ ақпарат құралы ғана емес, қоғамдық қабылдауға әсер ететін факторға айналады. Зияткерлік бұзылыстары бар адамдардың тобына жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, позитивті бейнелеу және стереотиптерден аулақ болу әлеуметтік инклюзияны арттыруға көмектеседі [134].

Сол сияқты Қазақстандағы этнокөсемсөз де мәдени бірегейлікті сақтаудың және ұлтаралық келісімді сақтаудың негізгі буынына айналуы мүмкін.

Қазақстандағы этникалық басылымдар мүгедектерге, атап айтқанда, интеллектуалдық бұзылыстарға қатысты мәселелерді қалай қамтығанын терең түсіну үшін контент-талдау әдісімен зерттеу жүргізілді.

Бұл әдіс басылымдардың жанры, табиғаты, мақсатты аудиториясы мен тақырыбы сияқты негізгі белгілерін анықтауға, сондай-ақ 1991 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңдегі тақырыпты қамтудың негізгі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу аясында 1991-2016 жылдар аралығындағы Қазақстандағы этникалық басылымдардан алынған 10 мақала талданды. Мазмұнды талдау Қазақстандағы түрік, корей және ұйғыр сияқты әртүрлі диаспораларды білдіретін этникалық және ұлттық басылымдардың жарияланымдарын зерттеуді қамтыды.

Зерттеудің мақсаты журналистердің әлеуметтік интеграция, жұмыспен қамту және қайырымдылық мәселелерін қалай жазғанын анықтау және мүгедектер туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудың негізгі тәсілдерін анықтау болды. Жарияланымдардың табиғатына және қоғамдағы инклюзия мен толеранттылықты дамытуға бұқаралық ақпарат құралдары мен мерзімді этникалық басылымдардың қалай үлес қосқанына ерекше назар аударылды.

Зерттеу барысында келесі тенденциялар анықталды. Біріншіден, жарияланымдар табиғаты жиі позитивті реңкке ие болды, бұл БАҚ-тың мүгедектерге толерантты көзқарасты қалыптастыруға деген ұмтылысын көрсетеді. Екіншіден, материалдардың көпшілігі жаңалық жанрында ұсынылды, бұл олардың аудиторияны нақты бастамалар мен оқиғалар туралы хабардар ету міндетіне байланысты. Дегенмен, басылымдардың көпшілігі сипаттамалық және үстірт сипатта болып, ақыл-ой кемістігі бар (интеллектуалды бұзушылығы бар) адамдардың білімге қол жеткізу және жұмысқа орналасу сияқты жүйелік мәселелерді терең талдаудан алшақ болды.

Зерттеу нәтижелері этникалық БАҚ-тағы жарияланымдар инклюзия және толеранттылық идеяларын насихаттауда маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Дегенмен, олардың қоғамдық пікірге ықпалын тереңірек талдау және мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты табысты оқиғаларды қосу арқылы арттыруға болады.

Төменде зерттеу нәтижелері мен жарияланымдардың негізгі сипаттамалары жинақталған кесте берілген. Кестеде жанрлар, жарияланған жылдар, олардың аудиториясы, табиғаты (реңк) және негізгі тұжырымдары көрсетілген.

Кесте 1 - Этникалық басылымдардағы мүмкіндігі шектеулі жандардың тақырыбы туралы жарияланымдарды талдау.

р/н	Газет/ Мақала	Жанр	Шыққан жылы	Автор	Тақыр	Аудито	Жарияла табиғаты мен реңкі (тональн	Негізгі қорытынды
1	16 ноября – международ ный день толерантно сти. Ахыска газеті.	Жаңалық	№11 (57) 30 қараша 2005	Мария Шек	Төзімді	Түрік диаспо	Позитивті	Отбасылық тәрбиенің ұлттық дәстүрлері-толерант тың негізі

1-кестенің жалғасы

2	Мүгедектерге арналған такси. Егемен Қазақстан газеті.	Жаңалық	30 қазан, 2010 ж.	Дәулет Сейсенұлы	Әлеуметтік қорғау туралы заңдар	Жалпы	Позитивті	Мобильділігі төмен топтарды қолдау жетістіктері атап өтілді.
3	Тағдырдың тауқыметін көп көрген қызылжарлық мүгедек аналарға қайсарлық, төзімділік қасиеттері тән. Егемен Қазақстан	Жаңалық	2010	Өмір Ескали	Мүгедек аналардың әлеуметтік интеграциясы	Жалпы	Эмоционалдық Позитивті	«Асыл ана» ұйымының мүгедек аналарды қолдау рөлі ашылады. ҰЕҰ-ның мемлекеттік қолдау қажеттілігі атап өтілді.
4	Бала – ертеңі. Ана тілі газеті	Жаңалық	2012	Қ.Жұмахан	Балалардың әлеуметтік қолдау	Жалпы	Позитивті	Балалардың дамуы жағдай жасаудың маңызды және олардың елдің болашағы ретіндегі рөлі өтіледі.
5	Мүгедектер масыл болмайды. Егемен қазақстан	Репортаж	2015	Н.Жәрімбетов	Инклюзия және әлеуметтік бейімдеу	Жалпы	Позитивті	Мүгедектігі бар адамның жеке күресінің, жетістіктерінің әлеуметтік белсенділігінің тарихы ашылды, маңызды атап өтілді.

1-кестенің жалғасы

6	Твори добра Коре Илбо	Жаңалық	№11(1449) наурыз 20	Каз информ	Мүм кіндігі теулі жандар	Корей диаспо	Позитивті	Әлеуметтік жоб мүмкіндігі шек балаларға көме үшін маңызды.
7	Мир не добрых люд Коре Илбо	Жаңалық	№17, 1 мамыр, 2015	Дмитрий	Жас ұр тың ар сында қайыры лықты диджит ациялау	Неміс диаспо	Позитивті	Әлеуметтік желілер арқылы қайырымдылық ұйымдастыру танымал бола бастады.
8	Мүгедек түсіркеме. Егемен Қазақстан	Ақпаратты мақала	2015	Әлібек Қаңтарба	Әлеуме мүгеде ді интегра лау		Позитивті	Мүгедектердің әлеуметтік кедергі еңсеру жөні күш-жігері, олар бизнестегі, спорт және қоғам қызметтегі табыстарының мысалдары қара Инфрақұрылым мәселелері қоғамдық ұйымд қолдаудың жетіспеушілігі қамтылды.
9	Инклюзивті оқыту – өзекті мәс Егемен Қазақстан	Талдау мақала	19 Тамыз, ж.	Өмір Есқа	Инклю білім бе	Мұғалі , Оқушы ата-ана қоғамд ұйымда	Қалыпты	Инклюзивті оқыту жетістіктерге баса н аударылады және мәселелерге баса н аударылады
10	Петропавл да инклюзивт і білім жобасы қанат қақты. Егемен Қазақстан	Жаңа лық байқам (заметка)	Жаңалық	Өмір Есқали	Инклк зивті білім беру	Жалпы	Позитивті	Инклюзивті берудің пилоттық жобасының іске қосылуы сипатта мүмкіндігі шек балаларды бейімде маңыздылығы көрсетілген

1991-2016 жылдар арасындағы Қазақстандағы этникалық басылымдардағы мүгедектік туралы жарияланымдарды талдау мұндай материалдардың қоғамдық пікірді қалыптастыруда және инклюзивтілікті насихаттауда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Жарияланымдар жаңалықтар жазбалары мен репортаждар жанрында жасалады, бұл олардың кең аудиторияны ақпараттандыру функциясына байланысты табысты оқиғаларды, қайырымдылық бастамаларды және мемлекеттік бағдарламаларды сипаттайды, бірақ көбінесе жүйелі проблемаларды терең талдаудан қашады. Негізгі жарияланымдарды қарастырайық:

«Ахыска» газетінің «16 ноября – международный день толерантности» мақаласында (30 қараша 2005 ж., №11 (57) Халықаралық толеранттылық күні қамтылып, толеранттылықты қалыптастырудағы ұлттық салт-дәстүрлердің рөлі ерекше атап өтілген. «Өзара түсіністік», «Келісім», «Қуаныш», «Төзімділік», «Қуаныш», «Мейірімділік» сияқты негізгі сөздер эмоционалды жағымды қатынасты тудырады. Автор: «Отбасы тәрбиесінің ұлттық дәстүрлері толеранттылықтың негізі» деп атап көрсетеді. Дегенмен, мақала жалпы тіркестермен шектеледі және бұл құндылықтарды мүгедектерді біріктіру үшін қалай қолдануға болатынын көрсетпейді, бұл оны аналитикалық емес, керісінше декларативті етіп көрсетеді [135].

«Мүгедектерге арналған такси» («Егемен Қазақстан», 2010 жылғы 30 қазан) мақаласында мүмкіндігі шектеулі жандардың ұтқырлығын жақсартуға бағытталған әлеуметтік такси Семейде іске қосылғаны туралы айтылады. Автор: «Әлеуметтік такси бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға қызмет көрсетеді» деп атап көрсетеді. Басылым негізгі жетістіктерді атап көрсетеді, бірақ мұндай қызметтердің басқа аймақтардағы қолжетімділігінің кеңірек контекстін немесе оларды ұзақ мерзімді қаржыландырудың қиындықтарын қарастырмайды. Бұл басылымдар толеранттылық пен әлеуметтік жауапкершілік идеясын қолдайтын қоғамдық оң пікір қалыптастырады. Жарияланымдар тақырыптары қайырымдылықтан мемлекеттік инфрақұрылымға дейін ауытқиды, бірақ оларды терең талдаудың жоқтығы анық көрінеді. Этникалық басылымдар өз аудиториясына – түрік, корей және басқа диаспораларға тоқталып, мәдени және әлеуметтік бастамаларға ғана назар аударады [136].

2010 жылғы 27 қазандағы «Тағдырдың тауқыметін көп көрген қызылжарлық мүгедек аналарға қайсарлық, төзімділік қасиеттері тән» атты мақалада Солтүстік Қазақстан облысындағы Теңдік Шайқызы құрған «Асыл ана» қоғамдық ұйымының қызметі баяндалған [137]. Материал негізінен ақпараттық сипатта, бірақ кейіпкердің жеке қасиеттерін және оның қоғамдық өмірге қосқан үлесін көрсететін эмоционалды элементтермен байытылған. Бұл тақырыпта мүмкіндігі шектеулі аналардың басынан өткерген сынақтары ғана емес, олардың қиындықтарды жеңудегі төзімділігі мен табандылығы көрсетілген. Мүгедек аналар мен олардың балаларының өмір сүру жағдайын

жақсартуға бағытталған ұйым жұмысына басты назар аударылады. Мәтінде әлеуметтік бастамалар: білім алуға көмектесу, жергілікті билік органдарымен өзара іс-қимыл, «Нұр Отан» сияқты саяси бағдарламаларға қатысу егжей-тегжейлі сипатталған. Мақалада келтірілген мысалдар Теңдік Шайқызының күш-жігерінің шынайы әсерін көрсетеді. Осылайша ұйым аз қамтылған отбасынан шыққан жас қыздың білім грантын бөліп, жоғары оқу орнына түсуіне жағдай жасаған. Мақаланың жанры ақпараттық, бірақ эссе элементтері бар. Автор өмірдің қиындығын жеңе алатын шабытты қайраткердің бейнесін жасау үшін *«Жан жылуы өзгелерге де шуақ болып таралды»* сияқты экспрессивті тіркестерді қолданады. Бұл оқырмандарды эмоционалды түрде тартады және ұйым қызметінің әлеуметтік маңыздылығын көрсетеді.

Мақаланың жалпы табиғаты позитивті, бірақ автордың кейбір мемлекеттік қызметкерлер мен белсенділерге біржақты көзқарасы, «шағым» арқылы айыптауы, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарын қаржыландырудың жоқтығы сияқты түйткілді тұстарды да қозғаған. «Күрмеуі көп қиын жолды таңдап алуымыз тағдырдың жазуы болуы керек» деген тіркестер арқылы мақалада батыр қыздың қайсарлығына баса назар аударылады [137].

«Тек біз ғана емес, қалада мүгедектердің басқа да үкіметтік емес ұйымдары бар. Барлығына ортақ қиындық бұл» деп мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін мемлекет тарапынан жүйелі қолдау қажеттігін атап өтеді. Мақалада «Асыл ана» бастамасының әлеуметтік инклюзияны нығайтудағы, халықтың осал топтарын қолдаудағы және мүгедектердің тең құқықтары үшін күресудегі маңыздылығы көрсетіліп, мұндай ұйымдардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуының маңыздылығы атап өтілген.

2012 жылдың 26 сәуіріндегі «Бала – елдің ертеңі» мақаласында Қазақстандағы инклюзивті білім берудің өзекті мәселелері, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мигрант балаларды қолдау мәселелері көрсетілген [138].

Мақалада инклюзивті білім берудің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды интеграциялауды ғана емес, сонымен қатар мигрант балалардың бейімделуіне байланысты мәселелерді шешуді қамтитын дәстүрлі түсінік шеңберінен шығатыны атап көрсетілген. Автор тілдік кедергілер мен әдістемелік қамтамасыз етудің жоқтығы балаларды оқытуда қиындықтар туғызатынын, бұған мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың белсенді араласуын қажет ететінін айтады. Осы міндеттерді шешу үшін психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын әзірлеу, оңалту орталықтарының желісін кеңейту, сондай-ақ білім беру ұйымдарында «кедергісіз орта» құру ұсынылады.

Бұл тұрғыда инклюзивті білім беру этножурналистика және этнокөсемсөз міндеттерімен тығыз байланысты кең әлеуметтік мағынаға ие болады. Қазақстандағы этникалық басылымдар, әсіресе, мигранттарды интеграциялау және мүмкіндігі шектеулі балаларға қолдау көрсету

мәселелері бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Мұндай БАҚ түрлі әлеуметтік топтар арасындағы диалог үшін қолайлы жағдай жасай отырып, мемлекеттік бағдарламалардың жетістіктерін көрсете алады, әлеуметтік бейімделу мысалдарын кеңінен насихаттайды және стереотиптерді жоя алады. Этникалық БАҚ-та инклюзивті тақырыптарды жариялау толерантты қоғамды қалыптастыруға және қоғамдық келісімді нығайтуға ықпал етеді.

Этнокөсемсөз, зерттеліп отырған кезең көрсеткендей, білім беруді қолдауға, тілдік кедергілерді жоюға және балалардың барлық санаттары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған басылымдар арқылы инклюзивті тәжірибені танымал ету мүмкіндігіне ие. Мысалы, БАҚ оңалту орталықтары, «кедергісіз орта» құру бойынша сәтті жобалар және мигрант балаларды бейімдеу бағдарламалары туралы айта алады. Бұл интеграцияны күшейтіп қана қоймайды, сонымен қатар инклюзияға ықпал ететін жағымды қоғамдық дискурсты тудырады.

Осылайша, инклюзивті білім беру мен этножурналистика бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені екі сала да халықтың барлық топтары үшін тең жағдай жасауға және қоғамдық келісімді нығайтуға бағытталған. Инклюзия мәселелерін этникалық БАҚ-та жариялау халықты ақпараттандыруға ғана емес, сонымен бірге үкіметтің бастамаларын қолдауға мүмкіндік береді, бұл сайып келгенде үйлесімді және толерантты қоғамды қалыптастыруға ықпал етеді.

«Егемен Қазақстанда» жарияланған «Мүгедектер масыл болмайды...» мақаласының тақырыбы мүгедектерді пассивті және тек көмекті қажет ететін стереотиптік қабылдаудан бас тартуға шақырады [139]. Ол тең қарым-қатынас идеясына баса назар аударады және мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамдық өмірдің толыққанды қатысушылары ретінде қабылдау қажеттілігіне назар аударады. Эмоционалды тақырыбы мен мәтіндегі қысқа тұжырымдар өзіне бірден назар аудартады. Мақала Қостанай облысындағы мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсететін «Үміт-Надежда» қоғамдық бірлестігіне арналған. Автор қауымдастық қызметінің арқасында мүмкіндігі шектеулі жандардың белсенді қоғамдық өмірге, соның ішінде кәсіптік оқытуға, спорттық шараларға, мәдени бастамаларға тартуға болатынын атап көрсетеді. Мақалада параолимпиадашыларды дайындау, музыкалық және қолөнер үйірмелерін ұйымдастыру, тегін концерттер өткізу сияқты жетістіктер мысалдары келтірілген. Аталған мәселелерге тұрақты қаржыландырудың және арнайы спорт залдары мен қоғамдық орындар сияқты инфрақұрылымдық шешімдердің жоқтығы жатады. Мақаланың жалпы табиғаты позитивті: автор мүмкіндігі шектеулі адамдардың жетістіктеріне, олардың белсенді және қанағаттанарлық өмір сүру қабілетіне тоқталып, бұрыннан бар стереотиптерді жоюға тырысады. Кейіпкерлердің тікелей сөйлеуі оқырманның эмоционалды белсенділігін арттырады. «Ешкімнен кем емеспін», «Өз-өзіме сендім» деген тіркестер мәтіннің мотивациялық жағын ерекше ашып көрсетеді. Сонымен бірге, мақалада

инфрақұрылымның қолжетімсіздігі мен мемлекет тарапынан тұрақты қолдаудың жоқтығы мәселелері қозғалып, бұл проблемаларды шешуге жүйелі көзқарас қажеттігін көрсетеді. Осылайша, материал қоғам мен үкіметті мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктеріне назар аударуға және олардың әлеуметтік өмірге араласуына ықпал етуге шақырады.

«Коре ильбо» газетіндегі (2015 жылғы 20 наурыз, № 11 (1449)) «Твори добро» («Жақсылық жаса») мақаласында «Эффата» әлеуметтік шаштаразының құрылу тарихына және есту қабілеті бұзылған адамдарды жұмыспен қамтуға көңіл бөлінеді [140]. Материалда жобаның бастамашысы Сара Кимнің: «Менің оқушыларым өте дарынды, бірақ ауруына байланысты оларға жұмыс табу қиынға соғады» деген сөздері келтірілген. Бұл мысал әлеуметтік бейімделуге ықпал ететін жергілікті шешімдердің маңыздылығын көрсетеді. Алайда, мәтінде мұндай адамдарды мемлекеттік деңгейде жүйелі жұмысқа орналастырудың күрделілігі қарастырылмаған, бұл оның аналитикалық құндылығын төмендетеді.

Коре Ильбо газетіндегі «Мир не без добрых людей» мақаласы (2015 жылғы 1 мамыр, №17) қайырымдылық шараларын ұйымдастырудағы жастардың рөліне назар аударады. Автор жастардың әлеуметтік желілерді пайдаланып, қаражат жинау мақсатында іс-шараларды қалай ұйымдастыратынын «Соңғы жылдары жастардың қайырымдылыққа белсене араласқаны қуантады және мақтауға тұрарлық» деп суреттейді [141]. «Қуанышты» және «Мадақтауға тұрарлық» сияқты эмоционалды өрнектер материалды оң қабылдауды күшейтеді, бірақ тақырып тұрақты шешімдерді қарастырмай, уақытша бастамалар аясында қалады.

Сондай-ақ, «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Инклюзивті оқыту – өзекті мәселе» мақаласы Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру мәселелеріне арналған аналитикалық шолу болып табылады [142]. Ол ақпараттық талдау жанрында жазылған, бұл авторға мәселені әртүрлі қырынан қарастыруға мүмкіндік береді: мемлекеттік саясат пен заңнамалық бастамалардан бастап аймақтардың практикалық тәжірибесіне дейін қарастырған. Негізгі назар инклюзияны жүзеге асыру саласындағы жетістіктерге, проблемаларға және перспективаларға аударылады, бұл автордың кешенді көзқарасын атап көрсетеді. Автор инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың сәтті мысалдарын сипаттағандықтан, мақаланың табиғаты мен реңі негізінен оңды, бірақ тепе-теңдік сақталады, өйткені өмірде бар кедергілерге де назар аударылады. Автор инклюзияның дамуындағы ілгерілеушілікті көрсететін аймақтардан бірнеше нақты жағдайларды ұсынады.

Мәселен, Петропавлда тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар №13 орта мектепте оқиды және өздерін қатарластарынан кем сезінбейді. Сондай-ақ, №44 мектеп жанындағы мамандандырылған көру қабілеті төмен мүгедектерге арналған сыныптар мен халықаралық би байқауларында жеңімпаз атанған есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернат оқушыларының жетістіктері туралы атап өткен. Бұл мысалдар инклюзивті

білім берудің мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға араласуына және олардың өзіне деген сенімділігін арттыруға көмектесетінін көрсетеді. Мақалада инклюзияны толық жүзеге асыруға кедергі келтіретін мәселелер де қарастырылған. Автор нормативтік-құқықтық базаның әлсіздігіне, білікті мамандар мен логистиканың жетіспеушілігіне баса назар аударады. Мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оқу құралдарының, мысалы Брайль карпіндегі кітаптар мен мамандандырылған үлкен баспа оқулықтарының жоқтығы айтылады. Психикалық дамуы тежелген балалардың жалпы білім беру бағдарламаларына бейімделу проблемалары да жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізуді талап ететін күрделі кедергі ретінде анықталған.

Мақалада қамтылған конференцияға қатысушылар білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі – 2020 жылға қарай мүмкіндігі шектеулі балалардың 50 пайызын инклюзивті білім берумен қамтамасыз ету екенін атап өткен. Дегенмен, автор бұл жобаны жүзеге асыруда мектептердің дайын еместігін және қаржыландырудың жеткіліксіздігінен қиындықтар туындап отырғанын алға тартады. Мақалада келтірілген «Білім беру бағдарламасының басты міндеттерінің бірі – инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады» және «Психикалық дамуы тежелгендер үшін ортақ бағдарламаға ыңғайлану елеулі қиындық тудырып отыр» деген дәйексөздер инклюзивті ортаны құрудың маңыздылығын айшықтай түседі [142].

Автор кедергісіз орта құруға және мүгедек балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмектесетін БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын ратификациялау сияқты прогрессивті бастамаларды ерекше атап өтеді. Дегенмен, жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін нормативтік-құқықтық базаны күшейтіп, білікті мамандарды дайындап, мектептерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді арттыру қажеттігін алға тартады.

Осылайша, мақала жетістіктерді талдау мен қиындықтарды сараптауды біріктіре отырып, инклюзияға қатысты маңызды мәселелерді көтереді. Автор инклюзивті білім беру тек оқу-тәрбие үдерісінің дамуына ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамдық өмірге араласуына және толерантты қоғамды қалыптастыруға көмектесетін әлеуметтік интеграцияның қуатты құралы деген қорытындыға келеді. Мақала тұтасымен салмақты ырғақта жазылған, позитивтен гөрі осы салада кездесетін проблемаларға сыни көзқараспен тоқталады, бұл оны практиктерге де, білім беру саласындағы зерттеушілерге де пайдалы етеді.

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған Өмір Есқалидың 2016 жылғы 8 тамыздағы «Петропавлда инклюзивті білім жобасы қанат қақты» мақаласы Солтүстік Қазақстан облысында инклюзивті білім беру бойынша пилоттық жобаның іске қосылуы туралы жаңалық болып табылады [143]. Жобаның мақсаты мен мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңыздылығын сипаттай отырып, іс-шара туралы ақпаратты жедел жеткізуге басты назар

аударылады. Жобаны ҚР Тұңғыш Президенті Қорының қолдауымен «Ардос-Жүрек» бірлестігі ұйымдастырып, оны жүзеге асыруға 2 миллион теңге грант бөлінген. Автор мүмкіндігі шектеулі 50-ге жуық баланың оқыту және дамыту лагеріне қатысуға мүмкіндік алғанын, онда олар үшін интерактивті семинарлар, тренингтер, музыкалық және көркемдік жаттығулар, сондай-ақ ойын терапиясы ұйымдастырылғанын хабарлайды.

Мәтіннің мазмұны мен табиғаты позитивті реңкте жазылған. Автор мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік бейімдеу жобасының маңыздылығына тоқталып, ұйымдастырушылардың сөздерін келтіре отырып: «Біз балалардың қоршаған әлемге деген қызығушылықтарын оятып, қоғамға тез бейімделуі мен қабілеттерін ашу үшін инклюзивті білім берудің артықшылықтарын пайдалануға тырысамыз» дейді [142]. Мұндай тіркестер оптимистік көңіл-күй тудырады және бастаманың маңыздылығын көрсетеді. Дегенмен, материалда инклюзивті білім беру жүйесінің алдында тұрған қиындықтар, соның ішінде үйде білім алатын балалар үшін онлайн оқытуды енгізу қажеттілігі де айтылады. Бұл мақаланың мазмұнына тепе-теңдік қосады, бірақ талдау тереңдігі шектеулі болып қалған.

Материал инклюзивті білім беруді дамытуға мүдделі ата-аналар мен мұғалімдерге және қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне, жалпы оқырмандардың кең ауқымды аудиториясына арналған. Мақалада жобаның негізгі аспектілері көрсетілген: балалардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және әлеуметтік оқшаулану сезімін жою.

Бұл ретте автор облыста 150-ге жуық бала үйде білім алып жатқанын айтып, мұндай бағдарламаларды одан әрі кеңейту қажеттігін алға тартады. Мақалада 50 баланы лагерьге қабылдау сияқты нақты жетістіктер көрсетілген, бірақ мамандар тапшылығы немесе реттеуші шектеулер сияқты жүйелі кедергілер талқыланбайды. Материалдың тақырыбы мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру арқылы қолдауға бағытталған және оның негізгі мақсаты аудиторияны бағдарламаның маңыздылығы мен оның болашағы туралы ақпараттандыру болып табылады.

Осылайша, мақала жаңалықтардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға бағытталған бастамаларды қалай танымал ете алатынын көрсетеді. Материал инклюзивтік мәселелерге назар аудара отырып және әлеуметтік бейімделу құралы ретінде инклюзивті білім берудің маңыздылығын атап көрсете отырып, өзінің ақпараттық қызметін тиімді орындайды.

Дегенмен, бұл мақалада да терең талдаудың жоқтығы оның инклюзивтік дамумен байланысты жүйелі проблемаларды стратегиялық түсінуді дамытудағы рөлін шектейді.

Зерттеу нәтижелері мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы стереотиптерді жоюда және инклюзивті білім берудің маңыздылығында БАҚ маңызды рөл атқаратынын растайды. Дегенмен, мақалалар негізінен инфрақұрылымға қол жеткізу немесе жұмысқа орналасу сияқты жүйелік проблемаларды талқылаудан гөрі, жетістіктер мен жеке бастамаларды ғана сипаттаған. Бұл

тұрғыда олар оң өзгерістерді хабардар ету және ілгерілету мақсатына сәйкес келеді.

Зерттеу нәтижелеріне төмендегідей тұжырымдар ұсынылады:

- Зияткерлік бұзылыстары бар адамдармен жұмыс істейтін отбасылармен, сарапшылармен және ұйымдар өкілдерімен сұхбаттарды жариялау хабардарлықты арттыруға көмектеседі.

- Ақыл-ойы бұзылған адамдардың іс-шараларға, шығармашылық және жұмыс жобаларына қатысуын көрсету арқылы олардың қоғам дамуына қосқан үлесін атап көрсете отырып, инклюзивті имиджді құру маңызды;

- Мәдени және этникалық ерекшеліктерге баса назар аудара отырып, этнобасылымдарда қосуға арналған тұрақты айдарлар немесе бағандар жасау мұндай жарияланымдардың әсерін күшейтеді;

- Ақыл-ой кемістігі сияқты нәзік тақырыптарды жақсырақ көрсету үшін журналистер арнайы дайындықтан өтуі керек. Бұл материалдардың сапасын жақсартады және стереотипті болдырмайды;

- Әлеуметтік қорғау саласында жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастықтың да маңызы зор, өйткені бұл нақты ақпарат алуға және басылымдарды дайындау үшін сарапшыларды тартуға мүмкіндік береді;

- Бейнелер, подкасттар және инфографика сияқты мультимедиялық пішімдерді пайдалану интеллектуалдық мүгедектік тақырыбын кеңірек аудиторияға қолжетімді етуге көмектеседі. Ақыл-ойы бұзылған адамдардың күнделікті өмірін, олардың жетістіктері мен жетістіктерін көрсететін фото және бейне материалдар мұндай басылымдардың әсерін күшейтеді;

- Этникалық басылымдар ақыл-ойы бұзылған адамдарға толеранттылық пен құрметті арттыруға бағытталған әлеуметтік акцияларды бастауы керек. Табысты оқиғаларды жариялау, дөңгелек үстелдер мен талқылаулар өткізу сияқты науқандар аудиторияның қабылдауына айтарлықтай әсер етеді;

- Қиындықтарды ғана емес, сонымен қатар интеллектуалды мүгедектердің жетістіктерін, олардың қоғамға қосқан үлесін және өміріндегі оң өзгерістерді көрсететін теңгерімді басылымдарды жасау маңызды.

Қорыта келгенде, зерттеу нәтижелері зияткерлік кемістігі бар адамдарға жүйелі әлеуметтік қолдауды қажет ететінін атап көрсетеді, оны бұқаралық ақпарат құралдарында сауатты жариялау арқылы күшейтуге болады. Мысалы, ақыл-ой кемістігі бар әйелдер гендерлік спецификалық тәсілдерді қажет ететін білім беру үлгілерін түсінудің жоғары деңгейін көрсетеді. Ақыл-ой кемістігі бар адамдармен жүйелі жұмыс олардың интуитивті және бейімді әдістер арқылы танымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл құрылымдық оқыту бағдарламаларын және олардың білім беру және әлеуметтік процестерге интеграциялануын жеңілдететін инклюзивті оқыту әдістерін қажет етеді. Бұл тұжырымдар инклюзивті білім беру тек білімді беру тәсілі ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық дамуында ауытқулары бар оқушылардың өздері үшін де, толерантты әрі ашық бола түсетін жалпы

қоғам үшін де өмір сапасын жақсарту құралы екенін атап көрсетеді. Бұл тұжырымдар, әсіресе, ақыл-ойы бұзылған адамдар туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудағы БАҚ рөлін зерттеу үшін өте өзекті.

Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік инклюзияның маңызды құралы ретінде зияткерлік қабілеті шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін орасан зор әлеуетке ие. Оларды дұрыс көрсету стереотиптерді жоюға ғана емес, сонымен қатар құрылымдық өзгерістердің қажеттілігі туралы қоғамдық диалогты бастауға көмектеседі. Осылайша, Қазақстандағы этникалық басылымдардың жарияланымдары инклюзивтілікті дамытуға және толерантты қоғамды қалыптастыруға елеулі үлес қоса алады.

2-бөлім бойынша қорытынды

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттану үдерісін екі негізгі бағытта дамытты: біріншісі – қазақ халқының тарихи-мәдени ерекшеліктері мен болмысын зерттеу, екіншісі – ел аумағында өмір сүретін этностардың мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін зерделеу. Бұл үдеріс ұлттық идеяны қалыптастыру және насихаттау арқылы жүзеге асып, қазақ халқының тарихи мұрасын жандандыру, ұлттық мәдениетті дамыту және өркендету міндеттерін қамтыды.

Тәуелсіздік жылдарында ұлттық бірегейлік пен өзін-өзі тану мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Бұл ретте ұлттық идеяны дамыту, қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарын сақтау мен батыстық мәдениеттен алған элементтерді үйлестіру маңызды рөл атқарды. Ұлт пен этнос ұғымдарының ара-жігін ажырату, ұлттық бірегейлікті нығайту мен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету де басты назарда болды.

Қазақ баспасөзі де ұлттану үдерісін ақпараттық тұрғыдан қолдап, оған ерекше мән берді. Мәселен, «*Ақиқат*» журналы «Ұлттану» айдарын ашып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін дәріптесе, «*Егемен Қазақстан*» газеті тәуелсіздікке дейін және одан кейін де ұлттық идеяны насихаттау мен этносаралық келісімді нығайтуда маңызды рөл атқарды. Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық қарым-қатынастарды үйлестіруде және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда ерекше институт ретінде танылды. Конституция барлық этностардың теңдігін қамтамасыз етіп, ұлтаралық келісімді бұзуға жол бермейтіні заңмен бекітілді. Осылайша, ұлттану үдерісі Қазақстан қоғамының тұрақтылығын қамтамасыз ететін стратегиялық бағыт ретінде айқындалды.

Ұлттану үдерісіне ақпараттық қолдау көрсеткен тағы бір басылым – «*Жас Алаш*» газеті. 1921 жылы Ташкентте жарық көрген бұл басылым алғашында жастарға бағытталғанымен, уақыт өте келе мазмұнын кеңейтіп, жалпыұлттық газетке айналды. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң, «*Жас Алаш*» атауын қайта иемденіп, еркін әрі демократиялық бағытта түрлі өзекті мәселелерді жариялай бастады. Басылымда көтерілген этнокөсемсөз ұлттық мәселелерді талдауда ұлттық көзқарасты басшылыққа алатын стильмен ерекшеленді.

Қандай да бір ұлт тарихи даму барысында өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырады. Ортақ тіл, ата-мекен, мәдениет және тарих негізінде ұлттық қауымдастық түзіледі. Ұлттық идея – халықты жаңғыртуға бағытталған маңызды фактор. Елді жаңғырту мен ұлттық мемлекет құру үшін белгілі бір ортақ құндылықтар – мәдениет, тіл, құқықтық жүйе, әскери қауіпсіздік пен азаматтық бірегейлік қажет. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық идея – ұлтшылдыққа бастайтын жол.

Философ Эрнест Геллнердің пікірінше, «ұлт ұлтшылдықты тудырмайды, керісінше, ұлтшылдық ұлтты қалыптастырады». Бұл оймен келіспеуге болады, себебі отарлық езгіден өткен халықтар тарихи әділетсіздіктің орнын толтыру үшін ұлттық идеяны жүйелі ұлтшылдық идеологиясына айналдырады.

Ұлттану саласында ұлттық ерекшеліктерді мойындамайтын «конструктивизм» ілімін енгізу идеясы да өзіндік мәнге ие. Кеңес билігі кезінде таралған бұл концепция ұлттық ерекшеліктерді жоққа шығарып, халықтардың өзін-өзі тануына мүмкіндік бермеді. Кеңес кезеңіндегі конструктивизм – біркелкі, қатаң жоспарланған, ұлттық сипаттан айырылған құрылымдарды қалыптастыруға бағытталған идеология. Бұл саясат арқылы Кеңес үкіметі халықтарды біркелкі жүйеге салып, өз мәдениеттерін сақтап қалу мүмкіндігін шектеді.

Қорыта келгенде, айтарымыз – біз бұл бөлімде «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Жас алаш», «Ана тілі» газеттерінде жарияланған ұлттану, ұлтаралық татулық мәселеріне назар аудардық. Осындай мақалалары арқылы Қазақстанда тұрып жатқан этностар (ұлттар) төңірегінде өздерін сөйлету арқылы аталмыш басылымдар еліміздегі ұлттану үдерісіне өз үлесін қосады. Мұндай стиль бейтараптық бағыт ұстанған қазақ баспасөзінің өзіндік ерекшелігін көрсетсе керек.

Сонымен этностың белгілі аумақта тарихи тұрғыда қалыптасып, өрбіген, тыныс-тіршілігі кеңінен жайылған, тілінде, мәдениетінде, психикалық жетілуінде, сана-сезімінде тұрақты ерекшеліктерін танып-білу, зерттеп, зерделеу – ұлттану үдерісіне жатады. Осы орайда, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзінде ұлттану үдерісі – ұлттық және этностық тұрғыдан дамып, оларды зерделеп насихаттауда әртүрлі деңгейде көрініс тапқанына куә боламыз. Бұл әрбір басылымның ұстанған саясаты мен тұғырлы ұстанымына сәйкес жүзеге асқаны анық.

1991-2016 жылдардағы Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас баспасөзде өте көп жазылды. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін елдегі ұлтаралық татулық пен этносаралық келісім мәселесі мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін республиканың этникалық құрамы әртүрлі болғандықтан, тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау маңызды міндетке айналды. Осы жылдар ішінде Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынастың негізі ретінде этностар арасындағы ынтымақтастық, тең құқықтылық және ортақ азаматтық бірегейлікті қалыптастыру принциптері алынды.

1991-2016 жылдар аралығындағы негізгі кезеңдер былай бөлініп көрсетілді:

1991-1995 жж. – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елдің ішкі тұрақтылығын сақтау үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды (1995 ж.), Конституция қабылданып, ұлтаралық теңдік заң жүзінде бекітілді.

1996-2000 жж. – Елдегі этностардың құқықтары кеңейіп, ұлттық мәдени орталықтар ашылды. Мемлекеттік саясаттың басты бағыты – этносаралық татулықты сақтау болды.

2001-2010 жж. – Қазақстанда этносаралық келісімнің жаңа үлгісі қалыптасты. БҰҰ, ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар елдегі этносаралық қатынастар моделін жоғары бағалады.

2011-2016 жж. – Қазақстанда халық бірлігі доктринасы қабылданып, мемлекеттік саясат азаматтық қоғамды нығайтуға бағытталды.

Қазақстандағы ұлттық баспасөз ұлтаралық татулық мәселелерін кеңінен көтеріп, этносаралық диалогты нығайтуға үлес қосты. Газеттерде жарық көрген мақалалар Қазақстандағы этностардың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері және олардың мемлекет дамуына қосқан үлесі туралы жазылды.

«Егемен Қазақстан» – этносаралық келісім, ел бірлігі, Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі туралы мақалалар жариялады.

«Ана тілі» – мемлекеттік тілдің мәртебесі мен этносаралық қатынастағы рөліне ерекше мән берді.

«Казахстанская правда» – елдегі түрлі этностардың тыныс-тіршілігі, мәдени шаралары және олардың ел дамуына қосқан үлесі туралы жазды.

«Мысль», «Ақиқат» – ғылыми-талдамалық материалдарда этносаралық қатынастардың саяси және әлеуметтік аспектілері қарастырылды.

Аймақтық және этникалық басылымдар – «Достық», «Жетісу», «Оңтүстік Қазақстан», «Время», «Литер» газеттері этносаралық келісім мен ынтымақтастықты нығайтуға арналған материалдарды жиі жариялады.

Қазақстандық баспасөз ұлтаралық қарым-қатынасты тұрақтандыруда, бейбітшілік пен келісімнің маңыздылығын насихаттауда маңызды рөл атқарды. 1991-2016 жылдар аралығында жарияланған материалдар елдегі этностық топтардың өзара түсіністігін арттырып, Қазақстанды көпұлтты қоғамдағы тұрақтылықтың үлгісі ретінде танытуға ықпал етті.

Қазақстанда ұлтаралық қарым-қатынасты реттейтін және этносаралық келісімді қамтамасыз ететін бірнеше маңызды құжаттар қабылданды. Олар заңнамалық, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар болып бөлінеді.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 ж.)

Конституцияның 1-бабы – Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жариялады, оның ең басты құндылықтары – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Конституцияның 14-бабы – Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына,

нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе өзге де жағдаяттар бойынша ешкімді кемсітуге болмайды.

Конституцияның 39-бабы – Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

2. «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заң (2008 ж.)

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы құрылған, бірақ оның құқықтық негізі 2008 жылы бекітілді.

Бұл заң Ассамблеяның этносаралық қатынастарды нығайтудағы рөлін, оның құқықтары мен міндеттерін анықтады.

Ассамблея мүшелеріне Парламент Мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығы берілді.

3. «Тіл туралы» заң (1997 ж.)

Мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып белгіленді.

Орыс тілі – ресми түрде қазақ тілімен қатар қолданылатын тіл ретінде танылды. Барлық этностардың тілдерін дамытуға кепілдік берілді.

4. «Қазақстан Республикасының ұлттық бірлік доктринасы» (2010 ж.)

Бұл құжат елдегі этносаралық қатынастардың даму бағытын айқындады.

Ұлттық бірліктің үш негізгі принципі анықталды:

Барша қазақстандықтардың тең құқылығы
ұлттық-мәдени әртүрлілікті сақтау және дамыту

Мемлекеттік тілдің біріктіруші ретіндегі рөлі

5. «Қазақстан-2050» стратегиясы (2012 ж.)

Ұлтаралық келісім ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы ретінде көрсетілді.

«Біртұтас ұлт» идеясы көтерілді.

Мемлекеттік саясаттың мақсаты – барлық этностардың тең құқықты өмір сүруін қамтамасыз ету.

6. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы (2017 ж.)

Ұлттық сананы жаңғырту және этностардың мәдени мұрасын дамыту басты мақсат ретінде қойылды.

«Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласы аясында Қазақстандағы этностардың тарихи рөлі мен мәдени ерекшеліктері зерттеле бастады.

Қазақстанда ұлтаралық қарым-қатынасты реттейтін негізгі құжаттар елдегі этносаралық татулық пен бірлікті сақтау, барлық этностардың құқықтары мен мүмкіндіктерін тең қорғау қағидаттарына негізделген. Бұл құжаттар Қазақстанды ұлтаралық келісім мен тұрақтылықтың бірегей моделіне айналдыруға ықпал етті.

Қазақстан журналистикасында инклюзия, яғни мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары мен олардың қоғамдағы орны туралы тақырып соңғы жылдары кеңінен көтеріле бастады. Бұл тақырып физиологиялық және әлеуметтік даму, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың білімге, еңбекке және қоғамдық өмірге тең қолжетімділігі мәселелерін қамтиды.

Инклюзивті журналистика және БАҚ-тағы тақырыптық бағыттар

Қазақстандық БАҚ-та инклюзивті қоғам құру, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары мен әлеуметтік жағдайларын жақсарту мәселелері келесі негізгі бағыттар бойынша жазылады:

Білім беру мен инклюзивті мектептер:

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алу мүмкіндіктері.

Инклюзивті мектептер мен арнайы білім беру мекемелерінің дамуы.

Оқытушылардың арнайы даярлығы және әдістемелік мәселелер.

Еңбек нарығы және әлеуметтік интеграция:

Ерекше қажеттіліктері бар жандардың жұмысқа орналасу проблемалары.

Мемлекеттік бағдарламалар мен қолдау шаралары.

Арнайы инклюзивті кәсіпорындар мен жобалар.

Денсаулық сақтау және оңалту:

Физиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты медициналық қызметтер.

Арнайы оңалту орталықтарының жұмысы.

Психологиялық көмек пен қоғамның мүгедектігі бар жандарға деген көзқарасы.

Қоғамдық өмір мен мәдениет:

Инклюзивті театрлар, спорттық іс-шаралар мен мәдени жобалар.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың шығармашылық жетістіктері.

Медиадағы мүмкіндігі шектеулі жандардың образдары мен олардың стереотиптермен күресі.

Қазақстандық БАҚ-та инклюзивті қоғам мәселелерін көтеретін негізгі ақпарат көздері:

Газеттер мен журналдар:

«*Egemen Qazaqstan*», «*Казахстанская правда*», «*Ана тілі*» – мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары, мемлекеттік бағдарламалар туралы мақалалар жариялайды.

«*Жас Алаш*», «*Айқын*» – әлеуметтік даму мәселелеріне назар аударады.

Телевизиялық бағдарламалар:

«*Хабар*», «*Қазақстан*» арналарында инклюзия, әлеуметтік даму тақырыбы қамтылады.

«*Дара жол*», «*Айтуға оңай*» сияқты бағдарламалар мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірі туралы баяндайды.

Интернет-БАҚ пен блогтар:

Baribar.kz, *Massaget.kz*, *Baq.kz* – инклюзивті білім беру, әлеуметтік даму туралы мақалалар жариялайды.

Белсенді журналистер мен блогерлер әлеуметтік желілерде мүмкіндігі шектеулі жандардың мәселелерін көтереді.

Инклюзивті журналистикадағы проблемалар

Қазақстанда инклюзия мәселелері БАҚ-та кеңінен көтерілгенімен, бірқатар қиындықтар бар: Тақырыптың әлі де жеткілікті деңгейде

жазылмауы; Стереотиптік көзқарастардың сақталуы (мүгедектікті тек қайырымдылық тұрғысынан қарау). Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өздері журналистикаға сирек араласуы.

Инклюзивті журналистиканы дамыту үшін журналистер ерекше қажеттіліктері бар адамдармен көбірек сұхбат жүргізіп, олардың пікірлерін кеңінен жариялауы қажет. Мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық өзгерістер БАҚ арқылы кеңінен насихатталуы тиіс.

БАҚ-та мүмкіндігі шектеулі жандардың жетістіктері туралы позитивті материалдар жиі жазылуы керек.

Қорытындылай келе, инклюзия мәселесі Қазақстан журналистикасында маңызды тақырыптардың біріне айналып келеді. Бұл тақырыптың одан әрі дамуы қоғамның әлеуметтік теңдігін қамтамасыз етуге және ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың өмір сапасын арттыруға ықпал етеді.

3.1 Ұлттық бірегейлік пен этномәдениеттің жаһандануы

Кезінде «жаһандану», «ғаламдану» ұғымдарын Қазақстан қоғам алғаш естіген уақытта үрке қарағаны анық. Әлемді жаулаған ұғым аясында өзіндік ділі мен қолтаңбасы бар қазақ халқы оған жұтылып кетпеудің жолдарын іздестіре бастады. Ғылымның нәтижесінде жаһандануға жаңғыру санатында кіру жолын ұстанды [130].

Жаһандану немесе ғаламдануға ғылым салалары әртүрлі анықтама береді. Мәселен, уики энциклопедия интернет «Жаһандану» (немесе глобализация) терминіне анықтаманы (ағылшын тілінде *Global* – «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») – «жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі» деген мағына береді. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт болатын [144].

Жаһандану ұғымы, жалпы алғанда, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық өлшемге ие болуы деп түсіндіріледі. Ал ақпараттық төңкеріс идеялары бұл проблемалардың жаһандық өлшемге ие болуына ықпал етті. Зерттеушілер пайымынша, жаһандану – әртекті болған әлемнің біртұтастыққа айналу логикасымен біріктірілетін өзгерістердің жиынтығы. Ол әлеуметтік феномен ретінде көп қырлы және көптеген құрамдас бөліктерді қамтиды.

Ғаламдану үдерісі көптеген өзіне тән бөліктерден: «Менталдық» немесе синтезделген рухани-мәдени жаһандану, экономикалық жаһандану, мемлекетаралық құрылымдар сабақтасқан аумақтық жаһандану, ықпалдаса жақындасқан ақпараттық-коммуникациялық жаһандану, жер шары халқының өсуінен және этностық топтардың ассимиляциялануынан туындайтын этностық жаһанданудан тұрады.

Тәуелсіздігі ширек ғасырдан енді ғана асқан Қазақстан секілді дамушы мемлекеттерге жаһанданудың тигізетін ықпалы өте зор болғанымен қоймай оған қауіп-қатердің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, планеталық өркениетте ұлттық менталитетке, рух пен санаға прессинг жасалатыны анық. Себебі, жаһандану бағытындағы негізі идея – болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжамға барып тіреледі. Оған қарсы иммунитетті арттырудың бірден-бір жолы – рухани жаңғыра отырып, ғаламдық даму үрдістерінен қалмау, бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

Қазақстан – тілегі мен тілеуі бір елдермен одақтаса тізе қосып, әлемдік кеңістіктің бір мүшесіне айналуды басты мақсат етіп қойған мемлекет. «Алдымен – экономика, содан кейін – саясат» қағидатын дүниеге әкеліп, әлемдік мүдделер қайшылығында экономикалық мүмкіндіктерге кедергі келтірмеу мәселесін алға қойды. Жаһандану мәселесі ҚР Президентінің Жолдауларында тек басты арнада қаралуы да оның аса маңызды екенін

білдіреді [145]..

2009 жылы жарық көрген «Әлемдік қоғамдастықты түбегейлі жаңарту стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» атты кітап туралы пікір білдірген «Егемен Қазақстан» Елбасының саяси болжамдары жөнінде ой толғаған «Президент және ХХІ ғасыр» мақаласында «Жаһандық экономикалық жүйе әлі де болса әлсіз. Әлем дағдарыстан кейінгі даму үшін жаңа үлгі-модельді іздеу үстінде. Сондықтан дәл қазір ортақ ойын ережелерін тұжырымдап, жаһандық деңгейдегі экономикалық өркендеудің негізгі қағидаттарын түзу маңызды». деген ой айтады [146].

Демек, Қазақстан жаһандану үрдістерін толықтай түсіне отырып, соған байланысты әрекет жасай алды деген сөз.

«Жаһандану және күрделене түскен әлемдік бәсекелестік жағдайында қазақстандықтардың күш-қуаттық және санаткерлік қабілеттері біздің жоспарларымыздың табысты болуына, ел экономикасының бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігіне және бүгінгі жағдайда өмір сүре алуына тұғырлы фактор болып табылады.

Қазақстандықтар әлемдік бәсекелестіктің күрделі және ауыр процесінде табысқа жету үшін халқымызға тән күшті рухын, денсаулығы мен білімін әлемге көрсетуге қабілетті ме?» деген тағдыршешті сұрақ әр қазақстандықтың көкейінде жауап күтуде [147].

1991 жылдың 16 желтоқсанында тарихи сахнаға тәуелсіз және егеменді мемлекет ретінде шыққан Қазақстан, күрделі геосаяси және геοэкономикалық ортаға тап келді. Бұл Қазақстанның өз даму жолын таңдауда біраз қиындықтар туғызғаны белгілі. Жаһандану феноменін керекті дәрежеде түсінбейінше, геосаяси және тарихи бағалы субъект ретінде бірде-бір қадам жасауға болмайды. Жаһандану бір жағынан экономика мен қоғамды жаңғыртуға мүмкіндік берсе, екінші жағынан мәдениеттер мен өркениеттердің диалогын мадақтайды, кеңістіктерді кеңейтеді [148].

Қазақстан жаһанданудың алдын алу үшін интеграцияның қажет екенін айтып қана қоймай, оған мұрындық болып жүр. 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда 11 тәуелсіз мемлекет Алматы декларациясын қабылдап, соның нәтижесінде әлі күнге дейін өміршеңдігін танытып келе жатқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құрғаны белгілі. ТМД ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы байланыстарды одан әрі тереңдете түсу мақсатында және соңғы кездері күшейіп кеткен қауіп-қатерлерді мүмкіндігінше сейілту үшін Қазақстан мен Ресей мемлекет басшыларының бастамасы бойынша 1992 жылы 15-мамырда Ташкентте Ұжымдық Қауіпсіздік туралы Шарты ұйымы (ҰҚШҰ) құрылды. Негізгі мақсат – бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, ұжымдық негізде мүше мемлекеттердің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау. Сондай-ақ «Еуразиялық Одақ» концепциясын көптеген сарапшылар жаһандану мәселесіне қатысты оңды шешім ретінде бағалайды. Оның астарында мәдени, өркениет және тарихи байланыстармен қатар, экономикалық параметрлері айшықты, әлеуметтік

жүйесі ұқсас халықтар және мемлекеттермен шектелген кеңістіктегі жаһандану жатыр. Бұл туралы «Егемен Қазақстан» газеті 2012 жылдың 15 желтоқсанында жариялаған сараптамалық мақаласында «Қазақстан өз Тәуелсіздігінің 21 жылы ішінде халықаралық ұйымдарға қатысушы мүше ғана емес, осы уақытта халықаралық ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ, АӨСШК секілді ұйымдардың төрағасы ретінде танылды. Бұл егемен еліміздің дамуындағы жалпыұлттық стратегиялық жобалар болғандықтан, барша қазақстандықтардың үлкен қуанышы, мәртебесі. Жас мемлекетіміз маусым айының аяғында жаңа атаумен Қазақстан төрағалығы бастау алған Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының тұтқасын ұстап, табысты төрағалық жасады» деп сараптап, әлемдік жаһандану үдерісіндегі Қазақстанның рөлін әр қырынан зерделейді [149].

Саратамалық мақалада мемлекет басшысы Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізген «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты дәрісінде ғаламдық деңгейдегі орны бар идеясын жан-жақты түсіндіріп бергені айтылады.

Қызылорда «Болашақ» университетінің кафедра меңгерушісі Мұрат Насимов: «Еуразиялық идеясы – құрлық тарихы ерекшеліктеріне негізделген философиялық-саяси тұжырымдама... Саяси интеграцияға бағытталған түсінік Мемлекет басшысының «Еуразиялық одақ» ұғымын қалыптастыруға септігін тигізді. Іс жүзіндегі аталмыш идея үлкен кеңістік үшін нақты тұғырнаманың іргетасы. Ол нақты қадамдарға ұласатын маңызды шара» деп өз бағасын береді.

2000 жылдың 10 қазанында Белоруссия, Қазақстан, Ресей, Тәжікстан мен Қырғызстан мемлекет басшылары Астана қаласындағы кездесуінде Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру жөніндегі келісімге қол қойды. Бұл шартта Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік жөніндегі келісімдерде айқындалған өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастық жолындағы мақсаттар мен міндеттерге жету тұжырымдамасының негіздері қаланды. Қол жеткізген келісімдерді жүзеге асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық құралдары, қабылданған шешімдер мен тараптар жауапкершілігін бақылау жүйесі қалыптасты. Осы жылдар арасында ұйымның халықаралық дәрежедегі орны мен рөлі жоғарылады. Үш жылдың өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін иеленді.

2005 жылы Санкт-Петербург қаласында өткен Орталық Азия ынтымақтастық ұйымының саммитінде аталған одақтың бірігуі орын алды. Ұйым хатшылығы алаңында Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастырудың ұйымдастырушылық құрылымы жасақталды. 2005 жылдың қыркүйегінде қоғамдастыққа мүше елдер үкімет басшылары Душанбе қаласында елдердің отын-энергетика балансын қалыптастыру базалық құжатына қол қойып, бидай тапсырысын реттеу жөніндегі келісім жобасын талқылады.

2010 жылдың желтоқсанында Кеден одағының құрылуынан кейін Мәскеу қаласында өткен ұйым саммитінде Біртұтас экономикалық кеңістік базасы шеңберінде Белоруссия, Қазақстан мен Ресей Еуразиялық одақ құру туралы келісімге қол жеткізді. ЕурАзЭҚ негізгі міндеттеріне мына мәселелер енеді: 1) еркін сауда тәртібі көлемін ресімдеуді аяқтау, жалпы, кедендік тариф қалыптастыру және реттеу; 2) капитал қозғалысы еркіндігін қамтамасыз ету; 3) жалпы қаржылық нарық қалыптастыру; 4) ұйым шеңберінде ортақ валютаға өту принциптері мен шарттары бойынша мәмілеге келу; 5) кедендік реттеудің бірыңғайланған жүйесін құру; 6) мемлекетаралық арнаулы бағдарламалар дайындау және жүзеге асыру; 7) жалпы энергетикалық нарық қалыптастыру; 8) қауымдастық мемлекеттері азаматтарына оның барлық территориясында білім алу мен медициналық көмекте теңдей құқық беру; 9) ұлттық заңнамаларды жақындастыру мен үндестіру және т.б.

Жалпы, ЕурАзЭҚ пен БЭК мақсаттары мен міндеттері өзара байланысты: ол – жалпы рынок пен біртұтас экономикалық кеңістік құру. Негізінен, Біртұтас экономикалық кеңістік – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үш мемлекеті – Қазақстан, Ресей және Белоруссияның экономикалық ықпалдастық жөніндегі ортақ жобасы. Бұл ұйымды құру жөніндегі бастамалар 2003 жылдың 23 ақпанында қалыптаса бастаса, 19 қыркүйекте келісімге қол қойылды. Бүгінде бұл идея нақты жүзеге асып, Еуразиялық одақ ретінде қайта өзгертіліп, оған Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Армения елдері мүше екені белгілі.

Автор жоғарыдағы мақалада «Еуропа аймақтарымен қатар, Азияның стратегиялық жоспарлары да басым көрінеді. Тәуелсіздік жылдары ішінде Азия аймағындағы біршама саяси-экономикалық идеялар іс жүзіне асты. Мәселен, 1996 жылдың 6 ақпанында Алматы қаласында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК) шеңберіндегі 15 мемлекет өкілдерінің кездесуі өтті. Бүгінде бұл кеңес Азия құрлығындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық форум болып табылады. БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ұсынылған бұл кеңеске 22 мемлекет мүше. БҰҰ, ЕҚЫҰ мен Араб мемлекеттерінің лигасы және 8 бақылаушы мемлекеттер арқылы қызмет атқаратын бұл ұйымның беделі халықаралық деңгейде жоғары» деп сонымен қатар, тағы бір әлемдік деңгейдегі ықпалдастық туралы сөз етеді. Бұл шара Біріккен ұлттар ұйымынан да «үлкен жетістік» деген бағасын алғаны ақиқат [150].

Бұл бастамалар жаһандық деңгейдегі түрені жарқ-жүрқ еткен тың идеялар болғаны анық. Оның барлығы «Егемен Қазақстан» газетінде үнемі жарияланып, басылымның «сараптамалық-талдамалық дүрбісінен» ешқашан тыс қалған емес.

Сонымен қатар жаһандану талаптарында Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ) қатысуын ерекше атап өткен жөн. Бүгінгі таңда ШЫҰ мемлекетаралық ынтымақтастықтың саяси және экономикалық салаларында негізгі тірек ретінде қарастыруға болады. ШЫҰ

мемлекеттерінің құрамы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, бұл ұйымның күшеюі үшін мүмкіндіктерінің зор екенін байқауға болады. 1996 жылы құрылған «Шанхай бестігі» 2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы болып қайта өзгергеннен кейін, құрылған бірлестік мүше мемлекеттердің мүдделерін қорғауда өз өсуінің маңыздылығы мен ықпал ету бағыттарын айтарлықтай күшейтті. Сондай-ақ мүше-мемлекеттер құрамын арттыру, яғни, Үндістан, Пәкістан және т.б. мемлекеттердің ұйым құрамына кіруі Шанхай ынтымақтастық ұйымының болашақта жаһандық шеңбердегі бірлестікке айналатынына көз жеткізуге болады.

ШЫҰ Хартиясына және Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру жөніндегі Декларацияға сәйкес, ұйымның негізгі мақсаттары мынадай:

- мүше-мемлекеттер арасында өзара сенім, достық, татулық қарым-қатынастарды нығайту;
- саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, білім беру, қуат көзі, көлік, экологиялық және өзге де салаларда тиімді әріптестік шараларын дамыту;
- ортақ күш жұмсап аймақтық бейбіт өмірді, қауіпсіздікті және тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, әділ және ұтымды саяси, экономикалық халықаралық тәртіп орнатуға жағдай жасау.

ШЫҰ келесідей негізгі қағидаттарды ұстанады: БҰҰ-ның мақсаттары мен принциптерін ұстану; тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты сақтау, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, өзара күш қолданбау және қолданамын деп қоқанлоқы кәрсетпеу; барлық мүшелердің тең құқықтығы; барлық мәселелерді өзара кеңесу арқылы шешу; басқа мемлекеттерге немесе ұйымдарға қарсы бағытталған одақтарға бірікпеу; басқа мемлекеттермен және аймақтық ұйымдармен әртүрлі диалогқа, пікір алмасуға жүгіну, әріптестікке ашықтық және даярлық. ШЫҰ қарулы күштерді қысқартуға, қауіпсіздікке әріптестік жолымен қол жеткізуге, діңгегі одақтастық емес, әріптестік болып табылатын жаңа сипаттағы мемлекетаралық қатынастарға, аймақтық әріптестіктің жаңа үлгісіне негізделген қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын толық қолдайды. Бүгінгі таңда ШЫҰ шеңберіндегі әріптестік қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларын (қауіпсіздік, көлік, мәдениет, төтенше жағдайлардың алдын алу, салдарын жою; құқық қорғау қызметі және т.б.) қамтиды. Қауіпсіздік пен экономика саласындағы әріптестік басым бағыт ретінде қаралады [151].

Бұл жаһандық деңгейдегі тақырыптар – «Егемен Қазақстан» газетінің басты нысаны. Оған басылым беттеріндегі соны тақырыптарға жазылған сан түрлі мақалалар нақты мысал. Олардың әрқайсысын талдап отыруға диссертация көлемі көтермейтіні белгілі. Дегенмен, бірен-саранына тоқталсақ. Мәселен, «Егемен Қазақстан» 2010 жылы 5 қарашадағы «Еуразиялық идеяның Отаны – Қазақстан, авторы – Назарбаев» атты ақпараттық-талдамалық мақалада жалпы осы әлемдік жаһандану ықпалындағы бастамаларға жан-жақты тоқталады. Қазақстанның ТМД кеңістігіндегі ЕҚЫҰ-ға төраға болған тұңғыш ел екенін айта келіп автор

Жылқыбай Жағыпарұлы «Бүгінде Еуразия кеңістігіндегі интеграцияның үш өлшемі туралы – экономикалық, әскери-саяси және мәдени-гуманитарлық интеграция туралы батыл айтуға болады. ЕурАзЭҚ аясында жүзеге асырылып жатқан нақты экономикалық интеграция шаралары жөнінде жоғарыда атап өттік. Әскери-саяси өлшем тұрғысынан келетін болсақ, ҰҚШҰ, ШЫҰ және АӨСШК құрылымдарын ерекше атап өткен жөн. Осы ретте АӨСШК-нің Азиядағы қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру мақсатында сенімді алғышарт қалыптастырғанын баса айту керек. Кеңеске мүше елдер АӨСШК-ні әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерді ұстанатын мемлекеттер арасында мәдениеттер мен өркениеттердің өзара түсіністік жолындағы үнқатысуын дамытатын Азиядағы баламасыз форум ретінде бағалап отыр. Еуразия кеңістігі әлемдік кейбір ірі өркениеттер бесігі ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар жаһанның әр бөлігіндегі өркениеттерді байланыстырған алтын көпір болып отырғаны ақиқат. Қазір бұл халықаралық ұйымның Азия құрлығында өркениетті өзара ынтымақтастық пен байланыстың бастауы болғандығын бүкіл әлем саясаткерлері бірауыздан мойындады» дейді [152].

Жаһандану жағдайына Қазақстанның саналы тұрғыда басымдық бергенін білдіріп «1999 жылы Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай мемлекеттерінің Әскери салада өзара сенімді нығайту жөніндегі келісім негізінде құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы бүгінде тек қауіпсіздік мақсатындағы іс-қимыл алаңы ғана емес, сонымен бірге, білім беру, мәдениет және әлеуметтік салалардағы өзара тиімді жобаларды үйлестіретін трансшекаралық байланыс орталығына айналды. Бүгінде Қазақстан төрағалық етіп отырған халықаралық мәртебелі Ұйым – ЕҚЫҰ-ның да басты қағидаттары экономикалық интеграция, ынтымақтастық пен қауіпсіздік болса, еліміз ең алғаш тәуелсіздік алған күннен бастап, Еуразия құрлығы елдерін осы көкейкесті мақсатқа жұмылдырған алтын көпір болып келеді» деп жоғары бағасын береді [152].

Бұл әлемдегі «ақымақтар уақытты өзіне қалыптастырғысы келеді, ал ақылдылар уақытқа қалыптасады» деген қағидатқа сәйкес, еліміздің уақыт өлшемдеріне жаһандану жағдайында кірігіп кеткенін танытады. Оны жаһанға жар салуда «Егемен Қазақстан» секілді басылымдар да өз үлесін қосқаны анық.

Қазақстан – дүние жүзі көлемінде көптеген экономикалық және саяси бағыттары бойынша жаһандану үдерістеріне орайласқан халықаралық құқық деңгейлерінің басты-басты қағидаларын алға қойған мемлекет. Жекелеген елдермен сыртқы қарым-қатынасында халықаралық құқықтың көпшілік таныған нормаларын сақтай отырып байланыс жасайды. Еліміз БҰҰ, ЕҚЫҰ, Халықаралық Еуропалық даму және қайта құру банктері, Халықаралық валюта қоры, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО т.б. сияқты ірі-ірі халықаралық ұйымдарға мүше. Бұл Ұлы Дала елінің жаһандық бәсекелестіктегі орнын көрсетсе керек.

Қазақстан жаһандану үдерісінде Қазақ мемлекеттілігінің көпғасырлық дәстүрін жалғастыра отырып, тарихи өлшем бойынша қысқа мерзімде

жаһандық өзгерістің орасан зор жолын жүріп өтті. Сан тарапты транзиттік жағдай барысында халықаралық қоғамдастыққа танылған, бел ортасында заңды түрде Қазақстан халқы Ассамблеясы тұрған бейбітшілік пен келісімнің бірегей моделі құрылды. Бүгінде Қазақстан Республикасы қуатты нарықтық экономикасы, дамыған азаматтық қоғамы бар, 130-дан астам этнос өкілдері бірлік пен келісімде өмір сүріп жатқан қалыптасқан демократиялық мемлекетке айналды.

1991 жылы 29 тамыз күні Қазақстан ядролық қарудан бас тартып, Семей полигоны жабылды. Әлем үшін бұл күн тарихи мәні өте зор, бейбітшілік үндейтін үлгі болған күн ретінде тарихта қалды. Қазақстанның ұсынысы бойынша 2009 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен дәл осы күн Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп аталып, дүниежүзілік деңгейде қолдау тапты.

29 тамыз жаһандық көлемде адамзаттың игілігі үшін, Қазақстан халқының мүддесі үшін өте елеулі. Семей ядролық сынағын жабу арқылы әлемдік адам капиталына, табиғатқа залалын тигізген қасіретке тоқтау салынды. Қазақстанның дамуына, қоғамның біртұтастығына, замананың тыныштығына үлкен әсер етті.

2009 жылы Азиялық саяси партиялардың халықаралық конференциясының 5-ші Бас Ассамблеясына қатысушылар Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына тамыздың 29-ын «Бүкіләлемдік ядролық қарудан бас тарту күні» деп атау жөніндегі ұсынысын қолдап, 2010 жылдан бастап бұл датаның ресми түрде халықаралық деңгейде атап өтілуінен кейін ядролық қаруға қарсы іс-қимылды күшейту керектігі жөніндегі мәселелерге жер шары елдері де үн қоса бастады. Бұл халықаралық кеңістіктегі Қазақстанның беделін танытса керек.

1991 жылы Қазақстан кеңестік кезеңнен мұра болып қалған әлемдегі 4-ядролық әлеуеттен өз еркімен бас тарта отырып, бейбітшілікті қолдайтындығын ашық жеткізуі еді. Бүгінде Қазақстанның бұл дана шешімі – елімізді бейбітшілікті насихаттайтын жер планетасындағы лидерге айналдырды. Осы ретте 2016 жылы Мемлекет басшысы Корнеги қорының штаб-пәтерінде ұлттардың соғыстар мен қақтығыстардың алдын алу жөніндегі келісілген іс-қимылды айқындайтын «Әлем. ХХІ ғасыр» атты Манифеске қол қойып, Қазақстанды күллі адамзатты бейбіт өмірге бастайтын маңызды жобаны жүзе асыратын ел ретінде танытқанын ерекше атап өткім келеді. Бейбіт әлем құру – қарусыздану мен келісімге ұмтылған кісіліктен екенін Қазақстан тағы да дәлелдеді. Ол туралы «Егемен Қазақстан» «Қазақстан. Ядролық қарусыз әлем» атты мақаласында сүйінші хабар таратып еліміздің мәртебесін арттырды [153]. Онда «Өткен жылдың наурыз айында Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігі БҰҰ-ның басшылығын, тұтастай Нью-Йорктегі дипломатиялық қауымдастыққа жаңа құжат-парадигманы таныстырды. БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунға, сондай-ақ әлемдік ұйым жанындағы барлық мүше мемлекеттердің Тұрақты Өкілдеріне тиісті хат жіберілді. ҚР Тұрақты

Өкілдігінің Бас хатшысына үндеуінен кейін «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі БҰҰ Бас Ассамблеясының және Қауіпсіздік кеңесінің ресми құжаты мәртебесін алды. «Әлем. ХХІ ғасыр» манифесі дамыған және дамушы елдердің нақты істерінің тиімді басшылығына айналуы тиіс» делінген [153].

Жазудың пайда болуы, баспа кітаптың дүниеге келуі, электр қуатының өндірілуі секілді үш ақпараттық революцияны бастан өткерген жаһандық қоғамдастық дәл қазір ХХ ғасырдың 70 жылдары басталған, яғни дербес компьютер, компьютерлік желілер, мәліметтерді жіберудің спутниктік жүйелері, ақпараттық телекоммуникациялар пайда болған төртінші ақпараттық төңкерістің бел ортасында жүр. Ақпараттық технологиялар әлем алдына сәт сайын жаңа қауіптерді туындатып қана қоймай, дамуы дөңгеленген, лезде басқаша әрі заманауи ойлауға итермелеген жаңалықтарды әкеліп жатыр. Жаңаша ойлау туралы білімді ұсыну мен өңдеу – қоғамда құрық салдырмай бара жатқаны анық. Сондықтан, уақытқа қалыптасуды алға тартатын ақпараттық технологияның жүріс-тұрысын алдағы күндердің жаңа қадамдарын алдын-ала болжап, оған мықты тетіктерді ойластыра алатын кемеңгер стратегтер ғана игереді. Өйткені, Қазақстанның үшінші жаңғыруы – еліміздің экономикалық дамуының инновациялық өзегіне айналып, бәсекеге қабілетін арттыра түспек. Бұдан кейін мемлекет сандық технологияларға негізделген болашағы зор бағыттарға айрықша мән беретін елге айналмақ. Бұл жөнінде: «Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді. Әлемде кезекті, Төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер – әрі тарихи сын-қатер, әрі Ұлтқа берілген мүмкіндік. Бүгін мен Қазақстанды Үшінші жаңғырту жөнінде міндет қойып отырмын. Елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажет» деген ой уақыт сұранысынан туған [154].

Расында, минут сайын өзгеріп жатқан тұтас әлем Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктерге толы жаңа тарихтың бетін ашуға мүмкіндік берді. Мұның барлығы жаһанданудың тамырын тап басу үшін жасалған ықпалдастыққа даму беретін бастамалар. Олардың ең негізгі ерекшелігі – интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолында ақпараттық технологияларға негізделген инновациялық дамыған қоғам құруда жатыр. «Егемен Қазақстан» газеті – осыны насихаттауда елдегі қазақ баспасөзінің басында тұрған газет.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің барлығы – білім арқылы жасалған. Білім алу сипаты алуан түрлі екенін ескерсек, заманауи білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті, жан-жақты, көп тіл білетін маман дайындау. «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде

дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты [154]. Осыған орай, Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеу және қабылдау тапсырылды. Ал мемлекет басшысының тапсырмасымен 2017 жылдың 12 желтоқсанында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бекітіліп, ел игілігі үшін іске қосылды. Іле-шала ҚР Президентінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы жасалып, онда Елбасы «Көл-көсір мұнайдың» дәуірі аяқталып келеді. Елімізге дамудың жаңа сапасы қажет. Жаһандық трендтер көрсетіп отырғандай, ол бірінші кезекте, Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін кеңінен енгізуге негізделуі тиіс. Мұның өзіндік сын-қатерлері де, мүмкіндіктері де бар. Жаңа әлем көшбасшыларының қатарына қосылу үшін Қазақстанда қажетті нәрсенің бәрі бар екеніне сенімдімін» деді [155]. Бұл дегеніміз Қазақстанның жаһандануға деген өзінің нақты жауабы екені анық.

«Ендігі міндет – ел абыройы үшін бәрімізге жұмылған жұдырықтай аянбай еңбек ету ғана керек». Сол уақытта «Егемен Қазақстан» газетінің үндеуі осы болды. Ол тұтас халыққа жаһандану жағдайында тізе қоса жұмыс істеп, ынтымақтаса ілгерілеуге ықпалдаса қажеттігін түсіндірді.

Жаһанданудан ұлттық құндылықтарымызды қорғау мәселесін көтерген басылымдар да көп болды. Солардың бірі – «Жас Алаш» газеті. Кез келген нәрсенің астарынан саяси сипат іздейтін басылым «Жаһандануға бірден-бір қарсы тұратын иммунитет – ұлт руханияты» екенін ашық жазды, оны түсіндіруде де түрлі бағыттарды ұстанды. Мәселен, Евгений Жовтистің «Бостандық кеңістігі тарылды» атты баяндамасында жаһандану туралы «технологияның жылдам даму жылдары, жаһандану үдерісінің тереңдей енуінің уақыты – әлемдегі кедейлік деңгейі 40 пайыздан 10 пайызға дейін күрт төмендетіп, әлемдегі теңсіздікті едәуір кемітсе де, елдер арасындағы, әсіресе, өтпелі экономика елдері мен дамыған мемлекеттердің өзара теңсіздігін ұлғайтты» деген ойын береді. Бірақ ғаламдануды талдаған автордың мына ойлары ешкімді бей-жай қалдырмаса керек: «Және бұл жаһандану мен технологиялық прогреспен тығыз байланысты және бұл үдерістерден бірінші кезекте халықтың ең бай және білімді бөлігі ұтты... Егер жақсы біліміңіз болса, әлемдік нарықта жұмыс істесеңіз, онда жаһандану сізге біліміңіз пен білігіңізді пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша сіз үлкен табысқа кенелесіз, ал жаһандану шығындарыңызды азайтады. Сол себепті де дамыған елдерде табысы жоғары жұмыс орындарының көбі бірінші кезекте білім пирамидасының ең жоғарғы бөлігінде пайда болды. Одан бөлек, әзірге автоматтандыруға келмейтін, аутсорсингке беруге болмайтын медбике, күтуші, үй жинаушы секілді үлкен біліктілікті талап етпейтін ең төменгі деңгейде де жұмыс орындары ашылды. Ал дамыған елдердегі орта тап жаңа жұмыс орындарын да, өскен жалақыны да көрмеді. Бұл бірінші кезекте көптеген жұмыс орындарының автоматтандырылғанымен, импорттың өсуімен және өзге елдерге аутсорсингке берілуімен байланысты. Сол себепті осы жүйені сынаушылар

көбейді, популист саясаткерлерге деген сұраныс пайда болды, осыған байланысты Батыс елдерінде, оның ішінде Дональд Трамптың келуімен АҚШ-та өзгерістер туындауда» [156].

Бұдан бөлек жаһанданудан жұтылып кетпеу жағын айтқан көсемсөздік затындар көбейді. Айталық, газет 2011 жылы 8 қарашада «Құнды кітап» деген аңғарат жариялады. Онда белгілі жазушы Смағұл Елубайдың «Қайым-қиямет ғасыры» кітабының тұсаукесері жайлы айтып, автор жазушының 70 жыл бойғы қызыл империяның жасаған рухани озбырлығы, одан кейінгі еліктеу мен солықтаудан туған қоғамның ғаламдық трендтерге ұмтылысын бедерлеп: «Бұлар жаһандану құрбандары ма? Жоқ! Бұлар өз тамырын жоғалтқан кешегі құдайсыз қоғам жаңғырықтары. Өз топырағын жоғалтқан бұл ұрпақ жаһандануды құшақ жая қарсы алды. Өз топырағын жоғалтқан бұл ұрпаққа жаһандану жәннаттай көрінді. Өйткені жаһандануда тамыр жоқ. Топырақ жоқ. Өзіндік бет жоқ. Өзіндік мәдениет жоқ. Қазіргі батыс өркениеті тудырған жабайы жаһандану – барлық ұлттық ерекшеліктердің қас жауы. Ол бізге елірткіш саз, елірткіш ішімдік, елірткіш би, есірген жастар болып елестейді. Ұлт болашағы бұлар болмауға тиіс. Ұлт болашағы би алаңдары, казино, мейрамханаларда емес, ұлт болашағы кабинет, кітапханаларда, мектеп, балабақшаларда жасалуы керек. Бүгін біз ұрпағымызға ие болсақ, ертең ұлт болашағына ие боламыз» деген тәмсілін мысалға келтіреді [156]. Жаһанданудан жалтара алмағанымызбен сақтана алатындығымызды ескертеді.

Сонымен қатар «Жас Алаш» 2012 жылы 19 қаңтарда «Ұлттық білім беру жүйесі жаһандық жаңа үлгіге жұтылып кетпес пе екен?» деген ғалым Гүлнәр Пірімжанованың сараптамалық мақаласын береді. Онда автор «...әлемдік жаһандану үрдісін үлгі тұтып, ғылым мен білім саласының жалпыға ортақ жүйесін қалыптастыру қағидасын қатаң орындаймыз деп ұлттық тұғырымыздан тайқып, өзімізді-өзіміз жоғалтып алмаймыз ба» деген қауіп туады» деп осы сауалға жауап іздейді [157].

Осы секілді басылым 7 ақпанда аталған мәселеге қайта оралып, «Табалдырықтан биік тау жоқ» деген атпен мақала жариялады. Ақпараттық жанрда жазылған мақала Қазақстан тарихшыларының қауымдастығының бас болуымен қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Табалдырық» атты бағдарлама-манифест кітабы жарық көргенінен ақпараттандырып, кітапта жарияланған Мағжан ақынның идеялары жаһандану заманымен сай келіп, әлі күнге дейін маңызы жоғалмай тұрғанын айтады. «Біз қазір «жаһандану бәрін жұтып қояды» деп жүрміз. Жоқ, жаһандануға қарсы күресуге болады екен. Жаһандануға біз ұлттық әдебиетіміз бен ұлттық мәдениетімізді қарсы қоюымыз керек. Сонда ғана жаһандануға жұтылып кетпейміз. Мағжанның ұстанымы һәм аманаты осы» деп ойын әдемі тұжырымдайды [158].

Осы тектес көсемсөздік затындарды «Жас Алаш» газеті үзбей беріп тұрады. Олардың басты идеясы – жаһанданудан бас тартпаймыз, оған біздің қарсы нақты ұсынысымыз бар деген қағидат. Мәселен, 2015 жылдың 17

карашасында Бақыт Сарбалаұлының «Алаш жырының алтын ордасы» атты талдамалық мақаласы осы ойымызды дәлелдей түседі. Көлемді мақаласында автор «...біз кеше бодан болып, қызыл кеңес империясында құрсаулы отаршылдық қамытын кисек, бүгін еліміз тәуелсіздік алып, соқа басымыз бостан болғанмен, біз жойқын жаһандану шабуылына ұшырап отырмыз. Кеше қол-аяғымыз ғана емес, санамыз да қыспақта, құл екенімізді білетінбіз; ал қазір қол-аяғымыз бос, тәніміз тәуелсіз, не істесек те еркінбіз; бірақ іс жүзінде жанымыз азат па, біздерге қарсы санамызды билеу үшін күні-түні идеологиялық басқыншылық бір сәт те тоқтамай, ақпараттық сұрапыл соғыс жүріп жатқан жоқ па?!» деген ұлт үшін қастерлі пікірді айта келе қазақтың ежелгі дәуір әдебиетінен бастап бүгінгі күнге дейінгі поэзиясы туралы сыр шертіп, тарихы қалың 14 ғасырды қамтыған «Жыр маржаны» атты «Мереке» баспасынан жарық көрген 10 томдық туралы сараптайды [159]. Әр томға жеке-жеке тоқталып, бабаларымыз бен қазіргі заман одаларынан терең-терең мысалдар келтіріп, тұмса ойларға жетелейді. Аузын кере қарыс ашқан жаһанданудың сұрапылына жұтылмас үшін бірден-бір қарсы тұратын иммунитет – ұлттық руханият екеніне оқырманның көзін жеткізе біледі.

Жаһандану үдерісінде көші-қон мәселесі де өте өзекті болып табылады. Осы орайда, «Жас Алаш» көптеген көсемсөздік затындар жариялаған. Солардың ішінде 2017 жылдың 31 тамызда белгілі саясаткер Әміржан Қосановтың «Ел боламын десең, есігіңді түзе» деген сараптамалық мақаласын жариялаған. Сараптама әлемдік деңгейдегі ақпараттарды мысалға ала отыра, оның ішіндегі Қазақстанның үлес-салмағын зерделейді. Көші-қон сынды құбылыстың бір-біріне қарама-қарсы қос қыры бар: иммиграция, яғни елге келу және эмиграция, яғни елден кету. Америкалық Boston Globe басылымы жақында иммиграция үшін ең оңтайлы әрі ыңғайлы елдердің тізімін жасақтаған екен, онда Қазақстан 46-орынды иеленіпті. Зерттеу 80 елді қамтып, онда экономикалық тұрақтылық, табыстар теңдігі, еңбек нарығы мен бизнес-лидерлері және элита өкілдерінің елдегі жағдайы туралы ой-пікірлері негізге алыныпты. Осыған орайлас тағы бір ақпарат: Ranking.kz агенттігінің мәліметінше, 2017 жылдың бірінші жартысында Қазақстаннан шетелге 15 мың адам қоныс аударып, бізге 9 мың азамат көшіп келген. Осы статистиканың ұлттық сипатына келсек, елден кеткендердің ішінде орыс, неміс және украиндар көп. Сонымен бірге 5,2 мың қазақ атажұртқа оралған. Ал 613 қазақ Қазақстаннан басқа елге қоныс аударған. «Әрине, кез келген рейтингке құлай сенуге болмайды» деген саясаткер оның астарын өзінше саралайды: «Бірақ осы орынға қатысты екі ой бар. Біріншіден, біздің экономика мен қоғамдық өмірдің шынайы жағдайы мен шетелде жүргізіліп жатқан мемлекеттік пиардың арасы жер мен көктей. Оның үстіне біздің билік түрлі халықаралық саммиттер мен ЭКСПО сияқты имидждік жобалар жасауда біраз машықтанып алған. Оған қыруар қаржы жұмсалып, шетелдің аты дардай, қаламақысы зордай лоббистік компаниялары жалдануда. Екіншіден, сол иммиграция бізге керек пе?! Шетел кадрларына біз соншалықты зәруміз бе? Оның есесіне о баста биліктегі баз біреулер

«оралман» деп кемсітіп қойған, қандас, отандастарымыздың Қазақ еліне оралуы туралы ойлануымыз қажет емес пе?» [160]. «Өз басым кез келген ұлт өкілінің өз атажұртына оралуын табиғи әрі қисынды ғаламдық процестің бір бөлігі деп білемін. Мұндай тенденция басқа да елдерде бар. Ал Қазақстан жалпыадамзаттық үрдістен тыс қала алмайды» («Жас Алаш». 31 тамыз, 2017ж.) деген Әміржан Қосанов жаһандық сапырылыстан оның мүшесі болып табылатын Қазақстанның шет қалмайтынын ескертеді. Керісінше, шетелге кетіп жатқан мықты кадрлар мен майталман мамандардың «ағу» үдерісіне алаңдауымыз қажеттігін айтады.

«Туған жерге ту тіккенге не жетсін» деген автор «Бірақ қазіргі жаһандану, экономикалық және рухани интеграция жағдайында «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалдың да жайы бөлек боп қала ма дейсің. Оны біз ашық мойындауымыз керек. Өз елінде басын тасқа соғып, дегеніне жете алмаған азамат шетелде өз мүмкіндігін жүзеге асыра алса, «жеріңнен бездің» деп оны қалай айыптай аламыз?! Бұл өзі жаһандану сияқты үрдістің кез келген тәуелсіз елге қояр жаңа шарты мен талабы» деп заманауи түсінік қалыптастырады. Сараптаманы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөзін түрлендіре пайдаланған саясаткер әрі журналист Әміржан Қосанов «Ел болам десең, есігіңді түзе! Есігің «кетем» деген басқа ұлт өкілдеріне, «келем» деген әрбір қандасыңа айқара ашық болуы тиіс» деп жаһандану үдерісіне сай үн қатады [160].

Жаһандану үдерісі өмірдің барлық салаларын қамтитыны анық. Оны «Жас Алаш» жақсы түсініп отыр. Тек одан мемлекетке аса қажет қадамдармен қорғана білудің жолдарын жеткізеді. Сонымен, ұққанымыздай «жаһандану» ұғымы еш қатер төндіретін дүние емес екен. Оны белгілі дипломат, бірінші санаттағы Қазақстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі Ақмарал Арыстанбекова былай түсіндіреді: «Бүгінде, әлемдік қоғамдастық өмірінің барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынастардың үстем факторына айналып келеді. Жаһандану қай кезде басталды, оның табиғаты қандай екендігі жайында ғалымдар мен саясаткерлердің әрқилы пікірлеріне қарамастан, қазіргі заманғы тарихта бұл процесті ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай 1960 жылдардың басымен байланыстырады» [161].

«Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын. Осы ұғым арқылы ол «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың жаңа нышандағы іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады. Оның пікірінше, жаһандану және технологиялар халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторға айналды. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелкілікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш» деп бағалады. Мұның арқасында жаңа коммерциялық шындық дүниеге келіп, барынша бірқалыпқа түскен өнімдер үшін жаһандық нарықтар пайда болады.

Олардың көлемі мен ауқымын бұған дейін көзге елестету де мүмкін болмаған. «Жаһандану» ұғымының одан кейінгі дамуы белгілі жапон зерттеушісі және басқару стратегиясы саласындағы маман, осы сөздің барынша кең таралуына себепкер болған Кеничи Омаэнің еңбектерінен көрініс тапты. Өзінің «Триада билігі» («Triad Power») деген 1985 жылы жарық көрген кітабында, ол «Триада» деп ойша жасалған үшбұрышты, яғни АҚШ, Жапония және Батыс Еуропаның өздеріне жататын жағырафиялық аймақ бойынша құрылып, 600 млн. тұтынушысы бар, әлемдік технология өнімінің 3/4 астамын тұтынатын нарықты атады. Аталған еңбегінде ол Триада елдерінде қалыптасқан жаңа нышанды қатаң бәсекелестік жағдайында өмір сүру үшін көпұлтты корпорациялар жаһандық көрегендікке ие болып, жаһандық өлшемде әрекет етуі тиіс деп көрсетті.

Экономистердің көзқарасы тұрғысынан, жаһандану «жаһанданған» экономиканың пайда болуы, онда ұлттық экономикалар алдымен бір-бірінен ажырайды, сосын тікелей халықаралық деңгейде келісімдер мен процестер жүйесінде қайтадан бірігеді. Бұндай жаһанданған экономикада ұлттық экономикалардың шекаралары айтарлықтай маңызға ие болмайды, және «бұл экономика өз логикасына бағынып, тәуелсіз ұлттық объектілер арасындағы экономикалық қатынастар логикасынан ерекшеленеді. Көпұлтты кәсіпорындар жергілікті тізгіннен босап, қаржының қозғалысы ұлттық санаттың шегінен шығады, және мемлекеттер өз валютасына билігінен айырылады».

Саятсатшылардың пікірі бойынша, жаһандануды жаңа «көпорталықты» әлемнің өзінің бар қуатымен қазіргі уақытта мемлекеттер билік құрып отырған әлеммен бетпе-бет келуі деп қарастыруға болады. Бұл жаңа әлем мемлекеттік емес, трансұлтты қатынастарға негізделген. Ақырында, жағырафиялық тұрғыдан қарағанда, жаһандануды адамзаттың әртүрлі бөліктері арасындағы өзара таралу, алмасу, коммуникацияның жемісі болып табылатын кеңістіктің халықаралық деңгейде қалыптасу процесі деп түсінуге болады [162].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) жаһандану процесінде үш кезеңді атайды: Интернациялану (XIX ғасырдың ортасынан бастап), экспорттық ағындардың дамуына сәйкес келеді; Транснационализациялану (әсіресе, 1945 жылдың басынан бері), тіке инвестициялар ағынының күрт өсуі және олардың шет елдерде орналасуымен байланысты; Жаһандану (1980 жылдардан бастап) өндірістің, қаржыландырудың және ақпараттың жаһандық торабының қалыптасуынан көрінеді.

Расында, ол үшін – жаңара жаңғыру қажет еді. Жаңғыру дегеніміз – қоғамның саяси жүйесі үздіксіз кемелденіп отыратын, жаңғыру тенденциясы басым жүйе. Ол жеткілікті түрде белсенді жаңғыруларды қабылдайды, уақыттың саяси талаптарына сай жаңаруға талпынады. Жаңғыру мен даму режимі саяси жүйенің тек жай ғана қайта құрылуын емес, оның жаңғыру мен даму элементтерін ендіре отырып қайта құрылуын білдіреді. Нәтижесінде

қоғамның саяси мәдениетінің өсуі, саяси қажеттіліктерге оның пара-парлығы, әрекеттердің тиімділігі көтеріледі [163].

Рухани жаңғыру – этнокөсемсөзде де іргелі мақалалар мен пікірлердің дүниеге келуіне үлкен мұрындыққа айналды. Тіпті, рухани жаңғырудағы Елбасы қойған талаптар мен жаһанданудағы жаңару идеясына беделді шетелдік ірі басылымдар да көзқарастарын білдірді. Осыған орай, «Егемен Қазақстан» газеті 13 сәуір күні «Басқа басылымдардан» айдарымен «Қазақстан латын әліпбиіне көшеді» деген тақырыпта шолу берді. Онда Ержан Әбдіраман «Елбасы мақаласы туралы шетел басылымдары не деді?» деген сауалға сараптамалық-талдау жасап, шетелдік басылымдардың ең маңызды тақырып ретінде Президенттің қазақ тілін латын графикасына көшіру туралы ойларын алған. Кеңірек тоқтала кетсек, «Назарбаев Қазақстанды латын әліпбиіне көшуге дайындай бастады» атты мақалада BBC былай деп жазады: «Өзінің «Егемен Қазақстан» газетіндегі авторлық мақаласында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев үкіметке қазақ әліпбиін латиницаға көшіруге дайындықты бастау туралы тапсырма берді» [164].

Бұдан әрі басылым «Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек. 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек» деп жазады Президент дей келе, мақаладан бірнеше үзінді келтіреді.

Сонымен қатар BBC Russian Н.Назарбаевтың бұған дейін қазақ тілі әліпбиінің саяси себептермен ауыстырылғаны туралы сөзіне тоқталады. Басылым қазақ әліпбиінің латын нұсқасын Түркиядағы және бірқатар батыс елдеріндегі қазақ диаспорасы қолданатынын, бірақ оның ресми мәртебесі жоқ екенін айтады. «Мұнымен қатар қазақ тілінің арабша әліпбиі бар, оны да көбіне шетелдік қазақтар қолданады. Ал Қазақстанда 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиі «Яна Алиф» немесе «Жаңа түркі әліпбиі» деп аталды. Латиницаға көшу туралы бастаманы 2007 жылы Президент көтеріп, содан бері талқыланып келеді» деп жазады BBC. Елбасы мақаласында көтерілген мәселе туралы ресейлік бірнеше басылым хабарлады. «Коммерсант» газетінің сайты «Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев үкіметке осы жылдың аяғына дейін қазақ әліпбиін латиницаға көшіру кестесін жасауды ұсынды» деп жазды. Басылым Мемлекет басшысының 2025 жылға қарай барлық іс қағаздары, мерзімді басылымдар мен кітаптарды латынмен шығаруды тапсырғанын айтады. Сонымен қатар «Коммерсант» Нұрсұлтан Назарбаевтың латиницаға көшу «қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деген пікірін, сонымен қатар Қазақстан мектептерінде ағылшын тілі арқылы латын әріптері оқытылып жатқаны, сондықтан жас буынға латиницаға көшудің еш қиындығын болмайтыны туралы сөзін келтіреді. «Назарбаев қазақ әліпбиін латиницаға

көшіруге тапсырма берді» деген тақырыппен Ресейдегі танымал интернет-басылымдардың бірі Lenta.ru ақпарат берді. «Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев үкіметке қазақ әліпбиін латиницаға көшіру кестесін жасауды тапсырды. Бұл туралы Мемлекет басшысының «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында айтылады» дейді басылым. Lenta.ru бұрынғы КСРО республикаларында тұратын қазақтардың бүгінде кириллицаны, ал латынды шетелдік қазақтар диаспорасы қолданатынын айтады. Сонымен қатар Президенттің латиницаға көшу мәселесі туралы бұған дейінгі пікірлеріне тоқталады. «Латиницаға ауысу туралы Назарбаев алғаш 2012 жылғы желтоқсанда айтқан болатын. «Бұл қазақ тілін дамытып қана қоймай, оны заманауи ақпараттың тіліне айналдырады» деген-ді ол кезде. Президент елде мемлекеттік тілді дамыту шаралары біртіндеп жүретінін, бірақ ешкімді тіліне немесе этникасына байланысты кемсіту болмайтынын айтқан болатын» дейді материал авторы.

Н. Назарбаевтың латынға көшу тапсырмасы туралы басқа да көптеген ресейлік БАҚ хабар берді. Оның ішінде «Известия» (2025 жылға қарай Қазақстан кирилл әріптерінен толығымен бас тартпақ»), «Независимая газета» («Назарбаев қазақ әліпбиін латиницаға көшіруді тапсырды») газеттері, «Интерфакс», «РИА Новости» ақпарат агенттіктері бар. Қазақстан басшысының бүгінгі тапсырмасы әзербайжан басылымдарының да назарын аударды. Report.az ақпарат агенттігі бұл мәселе туралы «Қазақстанның латын әрпіне көшетін уақыты белгілі болды» деген тақырыппен ақпарат берді. «2018 жылдан бастап Қазақстан мектептерінде латын әріптерімен жаңа оқулықтар дайындалуы керек. Бұл туралы Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақаласында айтылды. «Біз латын әріптеріне көшуді бастаймыз. Үкімет осы мақсатта жұмыстарға кірісуі керек. Ғалымдар және осы сала мамандарымен ақылдасқаннан кейін 2017 жылдың соңына қарай латын әрпіне көшудің бағдарламасы дайын болады» деді Президент. «Мемлекет басшысының пікірінше, алғашқы кезде латын әліпбиі де, кирилл әріптері де қатар жүреді. Қазақстан 1929-1940 жылдар аралығында Қазақстанда латын әліпбиі қолданылды. 1940 жылдың 13 қарашасында кирилл әріптеріне көшірді. Бұл сол кездегі саяси қадам еді. Естеріңізге сала кетейік, латын әріптеріне көшуді Мемлекет басшысы 2007 жылы көтерген еді» деп жазады әзірбайжандық басылым [164].

«Егемен Қазақстан» газеті 13-14 сәуірдегі кезекті сандарында билік сатысындағы лауазымы ең биік шенеуніктер мен елге аса танымал тұлғалардың пікірлерін жариялап, рухани және ғылыми әрі қарапайым қоғам мүшелерінің ойларын ортаға салады. Рухани жаңғыру мәселесін толықтай қолдаған затындар оны түрлі бағыттар мен салалар төңірегінде саралап, тармақтарын бүге-шігесіне дейін зерделеп, айқындап берген. Мәселен, 13 сәуірдегі нөмірінде «Рухани жаңғыру» айдарымен арнайы 6-бетіне Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Рухани жаңғыру: озығын алып, тозығын тастау», ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің «Елбасы ұсынған рухани жаңғыру – мемлекеттің тірегі, халықтың жігері», академик

Әбдуәли Қайдардың «Зор толғаныстан туған игілікті шешім», академик Әлия Бейсенованың «Ел иесіз, жер киесіз болмайды», жазушы Смағұл Елубайдың «Біз күткен бетбұрыс» секілді көлемді-көлемді талдауларын беріп, бағдарламалық мақаладағы айтылған ойларға қолдау білдіру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясының үндеуін, «Рухани жаңғыру – ұлт негізі» атаумен Қазақстан жазушыларының үндеуін жариялаған [164]. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы төрағасының орынбасары Мұхтар Құл-Мұхамед бастаған талқылаулар мен жер-жердегі сан-алуан орталардың «Рухани жаңғыруға» байланысты өткізген шаралары туралы жан-жақты ақпараттық-сараптамалық затындар берілген. Ал 14 сәуірдегі санында «Рухани жаңғыру» бірінші беттен бастап «Нақты нәтиже мен ілкімді іс керек» деген тақырыппен Алматы қаласындағы «Достық» үйінде бас қосқан зиялы қауым өкілдері мен өнер қайраткерлерінің талқылауынан репортаж ұйымдастырып, газеттің тұтас бес бетін академик, ғалым, саясаткерлердің пікірлерімен толтырған. Бір айта кетерлігі, басылым осы нөмірінде «Бұл – біздің көптен күткен жаңалық» деген атаумен бауырлас түркі елдерінің ірі БАҚ беттеріне шолу жасайды. «Латын әліпбиіне көшу мәселесін Әзірбайжан қуана қабылдады» деп *Azerbaijan, Trend.az, Lent.Az, Modern.Az, Metbuat.Az, Telegraf.Az* секілді бауырлас елдің беделді жергілікті басылымдары мен *BBC Azeri, Radio Liberty* сынды шетелдік басылымдарда да Президент мақаласының күннің басты жаңалығы ретінде жарияланғанын айтып, мысалдар келтіреді [165]. Жоғарыдағы затындарда жаһандану әлеміндегі Қазақстанға қажетті бетбұрыс жасалғаны жөнінде кеңінен насихатталған. Этносаралық әрі мәдениаралық қатынастарда да оның рөлін кеңінен сомдап берген. Осыдан кейін «Егемен Қазақстан» бетінде ғана емес тұрақты «Рухани жаңғыру» айдары қалыптасты. Аға басылымнан басталған осы үрдіс барлық қазақ баспасөзінің беттерінде пайда болғанын айта кеткеніміз абзал.

Елімізде 2014 жылдан бері қазақстандықтардың жоғары руханилығы мен мәдени ментальдығының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асырылуда. Мәдениет руханияттың іргесі ажырағысыз құрылымы екені аян. Ал кейінгі жылдары мәдениеттің ең негізгі өзегі рухани салада түбірлі жаңғырулар жүргізілген жоқ. Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі, ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Оның мақсаты күшті әрі жауапты адамдардың Біртұтас ұлтын құру болып табылады» дегенді алға тартып, бағдарламалық мақаланың кіріспеден, «ХХ ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тараудан және қорытындыдан тұратынын, оның әрқайсысы қоғамдағы өте өзекті мәселелерді негізге алатынын жеткізеді. «Мемлекет басшысының жоғары рухани дамуға қатысты сөзі дүниетанымдық саладағы жаңғыру бойынша қолданылған жаңаша ұғым» деген баға береді [166].

«Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың 6 бағытын: «Бәсекеге қабілеттілік»; «Прагматизм»; «Ұлттық бірегейлікті сақтау»; «Білімнің салтанат құруы»; «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы»; «Сананың ашықтығы» секілді басым құндылықтарын кескіндейді. Бұл бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді.

Мемлекеттік хатшы солардың ішінен Екінші және Үшінші жаңғырулар – «Прагматизм» және «Ұлттық бірегейлікті сақтауға» назар аударады. «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты екінші бағытқа қатысты тоқталсақ, ...бұл тұжырым қазіргі заманғы дәуірдегі ұлт құрылысында аса маңызды болып табылады. Ортақ тіл, мәдениет, тарих – бұлар барлық заманда да қуатты мемлекеттің іргетасы екеніне ешкім дау туғызбаса керек. Бұл бағытта ең әуелі ұлттық рухты атап көрсеткіміз келеді» [166]. «Генезистің және біздің ұлттық рухымыздың қалыптасуы мен дамуына екпін берген осындай ортақ құрамдастар бар. Айтылғандарды түйіндейтін болсақ, Мемлекет басшысының ұлттық рух туралы ұсынған тезисі Ұлы Дала елін дамытудың басты қозғаушы күшіне айналады» деген автор латын графикасына көшуге байланысты да толғамды пікірін білдіреді. Рухани жаңғыруды «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаттарына қол жеткізудің және әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кірудің бірден-бір мүмкіндіктері деп таныған ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықова мақаласын жалынды пафоспен қорытындылайды: «Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің әрбір азаматы бүкіл қоғам, саяси партиялар мен қозғалыстар, барша мемлекеттік органдар ағымдағы жағдайға талдау жасап, біздің қай жерде тұрғанымызды анықтап, әрбіріміздің не істеу керектігімізді жете ұғынуы керек. Біз біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Біздің жолымыз айқын: Жаңару арқылы жарқын болашаққа жетейік!» [166].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын «Ана тілі» газеті өзінің бағытына сәйкес, қазақ әліпбиінің латын графикасына көшу туралы Елбасының ұсынысын «орнынан тік тұрып» қолдап, оның қыр-сырын қанықтыра насихаттайды. Өйткені латын графикасына көшу мәселесі еліміз тәуелсіздік алмай тұрып-ақ «Ана тілінің» беттерінде басталған болатын.

Бұл тақырыптағы алғашқы мақала «Латын әліпбиінің болашағы зор» деген атпен 1991 жылғы 24 қаңтар күні осы басылымда жарияланды. Онда мақала авторы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Әбдуәли Қайдар қазақ тілді кирил жазуын латын әрпімен алмастырудың ғылыми негіздерін алғаш рет дәйектеді. Кейіннен бұл тақырып Ә. Қайдардың Н. Назарбаевтың атына жазылған «Кемел елге, кемел әліпби керек» атты ашық хат түріндегі мақаласына ұласып, қазақ-латын әліпбиінің ілкі жобасы алғаш рет жұртшылық назарына ұсынылды [167].

Бұл жоба 1993 жылғы наурыздың 8-10-ы аралығында және тамыз айында Анкарада өткен алты мемлекеттің (Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан) түрк тілдеріне қолайлы да ортақ бола алатын латын әліпбиін талқылауға қатысты бас қосуларда қабылданған

34 әріптің негізінде жасалған еді. Түркияда өткен сол жиындардың нәтижесінде, әр елден қатысқан көрнекті ғалымдар: «34 әріптен тұратын бұл әліпби түрк халықтарының бәріне ортақ, оны әр ұлт өзінің тілдік ерекшеліктеріне орай қажетінше өзгерте алады» деген келісімге уағдаласып, оған Қазақстан атынан академик Ә. Қайдардың өзі қол қойған-ды. Академиктің Елбасының атына жазған сол мақала-хатының соңында берілген 27 әріптен тұратын әліпби де бар түрке ортақ әріптер негізінде қазақ тіліндегі барлық ерекшеліктер ескеріле отырып жүйеленген таңбаларға саятын [167] Апталық «Ана тілі» газеті «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласын сол күні көшіріп басқаннан кейін бағдарламалық құжатқа байланысты Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлының «Ұлттық идеология негізі» атауымен пікірін қоса жариялады. Ұлт газетінің басты нысаны – қазақ әліпбиінің латын графикасына көшіру мәселесіне жан-жақты тоқталады: «Аталған еңбектегі назар аудартатын тұс – қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жайы. Бұл мәселенің «Қазақ тілі» қоғамына қатысы бар...» [168].

«Ұлт, халық болғаннан кейін алдына мақсат қойғаны абзал. ...Ұлттық рухымыздың бойымызда әбден сіңуі керектігі де – әрқайсымыз үшін парыз» деп латын графикасына оралуды бұрыннан айтып жүрген академик «Рухани жаңғыру» идеясын «бұл болашақ ұрпақ үшін жасалып отырған жарқын іс» деп бағалайды [169].

Газет 2017 жылдың 20 сәуіріндегі санында осы тақырыпты халыққа толыққанды түсіндіруге тырысады. «Санадағы серпіліс» репортажында «Рухани жаңғыруға» байланысты Алматы әкімдігінде өткен қала активінің отырысынан «Достық» үйінде зиялы қауым өкілдерінің басқосуынан ақпараттар береді [170]. Бағдарламалық мақаланың тармақтарына жеке-жеке тоқталып, пікірлерін айтқан танымал тұлғалардың ойларын бөліседі. Екі шараны да бір тақырыппен жапсарлас беріп, ондағы алуан пікірлердің сүбелі тұстарын ортаға тастайды. «Әрдайым Елбасының жанынан табылатын ғылым мен мәдениет өкілдері руханиятымызды түгендеп, бабалар мұрасын мәңгілік етуді көздейтін бұл құжатты қуана қарсы алды» деп жазған журналист Дина Имамбаева «Мәдениеті өскен елдер үлкен елдердің қатарына қосылады. Мұнда мәдениет, әдебиеттің рөлі өте үлкен», - деген КСРО және Қазақстанның халық әртісі А.Әшімовтің; «Бұл мәңгілік ел үшін тарихи қажеттілік. Ол үшін сана-сезімізге рухани өзгеріс қажет», - деген Қазақстан жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалиннің; «Білім саласының дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді дегеннің дәлелі», - деген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәмша Беркімбаеваның; «Код дегеніміз – ұлтты біріктіріп, ұстап тұратын іргетас. Оған тіл, дін, діл жатады. Діл дегеніміз – қанымызға сіңген әдет-ғұрыпты сақтай отырып, өзіміздің қоғамымыздың кейбір қасиеттерін, кейбір әдеттерін өзгертіп, заманға сай өмір сүру. Руханиятқа, білімге, ғылымға мән беруі – үлкен көрегендіктің белгісі» деген ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының президенті

М.Жұрыновтың пікірлерін санаға селт еткізіп ұялайтындай етіп беріп, мақаладағы орындалуға тиіс тапсырмаларды оқырман талқысына салады [171]. Ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен ана тілімізді ардақтау, қазақтың рухани жаңғыруы, жастарымызды отансүйгіштікке тәрбиелеу, асыл дінімізді қадірлей білу тәрізді мәселелермен қатар қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің өзекті тұстарын жіліктеп жіктейді. Бұл орайда мамандар көршілес елдердің тәжірбиесін зерттеудің қажеттілігін алға тартып, жаңа әліпбиге көшпес бұрын қазақ тілінің заңдылықтарын ескеру, нақты істерді қолға алу, тиімді әдістемелерге мән беру, түркі әлемімен тұтас болудың алғашқы қадамын жасау жайына назар аударады. Сайып келгенде, «Ана тілі» тіл мәселесіндегі атқарылатын шараларды бастысы ұлттық мүдде тұрғысынан дұрыс шешілуі тиістігін тілге тиек етеді. Бұл басылымның өзінің басты миссиясынан ешқашан айнымайтынын аңғартса керек.

Көсемсөздік затындарда жеке-дара азаматтардың пікірін беруді басылым ұмытпайды. Осы нөмірінде «Баршаға ой салды» тақырыбымен жазушы Смағұл Елубайдың пікірін жариялады. Онда жазушы елді елең еткізер проблемаларды көтере кеткен. Мәселен, автордың «Кешегі келеңсіз саясаттың нәтижесінде миллиондаған қала қазақтары мәңгүрттенді, тілінен айрылды. Біз бұл дерттен қашан құтыламыз деп келе жатқан жайымыз бар. Әліпбидің өзгеруі солардың санасын жаңғырта ала ма, біз оларға қалай әсер ете аламыз, осы тұрғыдан ойласуымыз керек. Осы жағдайды қалыпқа түсіру үшін не істеу керек? Меніңше, балабақшадан бастап, қазақ, орыс демей, бүкіл орта мектеп бір бағдарламамен, бір жүйемен оқытылуы керек. Яғни балабақшадан бастап мемлекеттік тіл жүргізілуі керек. Қазақстанда тұратын Қазақстан азаматтарының, яғни қазақ та, орыс та, кәріс те, неміс те, барлығының балалары балабақшада, бастауыш сыныптарда мемлекеттік тілде білім алуы қажет. Қазақ, орыс мектебі деп бөлінбеген дұрыс. Ал 5-6 сыныптарда кейбір пән орыс және ағылшын тілдерінде жүру керек. Бір бағдарламамен үш тілде оқып, 11 сыныпты бітірген кезде мемлекеттік тілде сайрап тұруы керек. Міне, осыны біз жаңғыру деп айтамыз. Сонда елдің бірлігі қамтамасыз етіледі. Қазақ тілін білетін балалар қазақтың мәдениетін, әдебиетін, тарихын, елін, тілін сыйлайды. Бойында патриотизм пайда болады» деген ойымен қалай келіспессіз. Яғни, «Ана тілі» газеті «рухани жаңғыруды» насихаттап қана қоймай, оны қалай жүзеге асыру жөнінде жол көрсетеді, танымал тұлғалар аузымен бағыт сілтейді. Өйткені, мақалаға қолдау білдіру бір бөлек те, ондағы ойды ұлттық мүдде тұрғысынан іске асыру бір бөлек екені даусыз. Газеттің тілдік құндылықтарды жүзеге асырудағы шараларды зерделеп, сараптап барып қимыл жасауымыз керек деген ойымен бәрі келісетін сөзсіз.

Сондай-ақ, осындай ізбенен осы санында ұлт басылымы «Берік байлам жасалды» деген «Abai.kz» ақпараттық порталының бас редакторы Дәурен Қуаттың пікірін басып, оның «Елімізде өмір сүріп жатқан диаспора өкілдерінің дәстүрін, тілін, әлеуметтік тұрмысын толық қамтамасыз ете отырып, жаңа замандағы ұлттық мәдениет бәрінің басын қосып, бір арнаға

тоғыстыратын болады. Бұл, әрине, «ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елдің» мәдени мұрасы басымдыққа алынатынын білдіретіні айқын» деген ойын береді. Журналист ол жерде этносаралық татулық қана емес, жас буынның білімін, оқуын арттыру бағытындағы пікірлерімен бөліседі [171].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда тамыршыдай қоғамның бүкіл желісін тап басатын қаламгерлердің орыны орасан. Заманның бет алысын жылдам таразылайтын ақын-жазушылар рухани дүниеден ешқашан тыс қалмақ емес. Осыған орай, 28 сәуірдегі шығарылымында «Ана тілі» «Елбасы мақаласы – қаламгерлер назарында» деген ақпараттық жанрда затын берді. Қазақстан Жазушылар одағында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын талқылауға арналған жиын ұлттық кодты сақтау, соған сай әрекет ету, жүз кітап, жүз тұлғаға қатысты ойлар, осындай дүниелермен сабақтас «Мәдениет туралы» заң жобасы, ондағы қаламақы мәселесі, аударма туралы ойларды сын-тезінен өткізеді.

Бағдарламалық құжаттағы айтылған байламдармен келіскен қаламгерлер оның қыр-сырын ақтарып, астарына үңіледі. Рухани жаңғырудың басты идеясы – ата-бабамыздың мәдени мұрасына қайта оралу екенін айтқан «Жұлдыз» журналының бас редакторы, ақын Ұ.Есдәулеттің, өркениеттің ортасынан орын алып, күн сайын өзгеріп жатқан жаһандық үрдістерден қалмау үшін барлық саланы жаңғырту керектігін жеткізген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Ана тілі» баспасының директоры Ж.Дәуренбековтің, еліміздегі шығармашылық ұйымдар үшін өздерін қоғамға таныта алатындай мүмкіндік туғанын саралаған «Простор» журналы бас редакторының орынбасары Л.Шашкованың, туған жер мәселесін тебіреніспен жүрекке ұялатқан ұйғыр жазушысы А.Аширидің пікірлерін басқан басылым өзге де өзекті күрделіліктерге тоқталады.

Айталық, жазушы С.Ақтаев латын тіліне көшу, «100 кітап», «Туған жер» тақырыптарын барынша талдаған жиынға қатысушылардың назарын аударма мәселесін көтеріп, орыс тілді басылымдардың қазақ әдебиетінің насихатшысы болуы тиіс екендігін айтқан көкейге қонымды. Жаңғыру құр байбалам салу емес, рухани дүниені тегіс екшеу екені анық. Сондықтан, басылымның осындай күрделіліктерге баруы – рухани жаңғыруды науқаншылдықпен шатастырып алмау қажет деген қағидаты демеске шара жоқ. Бір сөзбен айтқанда, басылымның «кемелдікке, келешекке бастайтын рухани жаңғыру – үлкен жаңалықтардың бастауына айналмақ» деген үміті басым.

«Ана тілі» газеті рухани жаңғыру тақырыбында басқа да жанрларда жариаланымдар ұйымдастырып тұрады. Мәселен, 28 сәуірдегі санында «Мәдениет – рухани мәйек» атты тақырыпта ҚР ҰҒА академигі Әбдімәлік Нысанбаевпен сұхбат жарық көрді. Онда автор Болатбек Төлепберген ұлт пен мемлекет алдына үлкен міндеттер қойған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған күрмеуі күрделі мәселелерді шешуде философия, яғни даналық ғылымына жүгінеді, мақалада жазылған терең дүниелерді,

ғылыми-танымдық тұрғыдан зерделейді: «Елбасы бұл мақаласымен біздің алдағы мәдени-рухани жаңғыруымыз мәселесін айқындап берді деп ойлаймын. Ол үшін тұтас ұлт қалай дамуы қажет, қандай тегершіктер іске қосылуы керек деген өзекті жайттар атап көрсетілді. Меніңше, біз ендігі даму үрдісімізді темірқазық етіп алуымыз керек. Мақалада мәдениеттің түп негізі ұлттық болып келетіндігі айтылған. Ұлтсыз мәдениет жоқ, мәдениеттің субъектісі – ұлт. Ол соның иесі, соның жасаушысы, дамытушысы. Айталық, қазақ мәдениеті дейміз. Оның субъектісі – қазақ халқы. Философия – сол мәдениеттің «тірі жанры». Ғұламалар айтып кеткендей, философиясыз халық жоқ. Яғни философия ұлттық мәдениеттің өзегі болып есептеледі. Қазақ мәдениетінің «тірі жанры» – қазақ философиясы» деген академиктің ақыл-ойынан журналист рухани жаңғыру бағытындағы қазақ халқының қандай болу қажеттігін іздестіріп, соған лайық түп негізі шығыстық дүниетаным болып табылатын, бертін келе батысқа бет бұрған – екі көзқарас тұрғысын ортасында ұлттық философиялық тұғырнаманың нендей болу керектігін ұғуға ұмтылады.

Рас, қазақ халқының этникалық шығу тегін ашып зерттеу үлкен мәселе. Ұлттың қалай, неден, неліктен пайда болғандығы жөнінде сан түрлі болжам бар. Ал осыларға зерделі көзбен қарасақ, халқымыздың ойы да, бойы да биік тұрғанын байқаймыз. Оны бай мәдениетінен, тарихынан, қоғамдық ойынан көруге әбден болады. Дәл бүгін тарих алдында қайталанбас үлкен құндылықтар жасау міндеті тұр. Соның бірегей санатында ұлттық құндылықтар тұғырнамасын қалыптастыру ісі жоталанады. Осыған орай, «Ұлттық философиялық тұғырнамамызды жасай алдық деп айтуға болады. Бірақ жаңаша жаңғырып қалыптаса қойған жоқ. Бұл алдағы атқарылмақ жауапкершілігі зор, салмақты шаруа. Бір ғана мысал. Қорқыт бабамыз өлімді қобыз сарынымен қайтару идеясын ұсынған. Дәл осындай философиялық терең тұжырым шығыс тұрмақ, батыста болып көрмеген. Ендеше, бізде сүйегі сомдалған мықты негіз бар. Бірақ соның бәрінің басын біріктіріп, ұялмай ұсына алатындай бірізділік керек» дейді философия ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Нысанбаев.

Журналистің «Қазіргі халықаралық қауымдастыққа кірігіп жатқан тұста аларымыз қайсы, қосарымыз қайсы?» деген сауалына Әбдімәлік Нысанбаев былай жауап береді: «Егемендік алғалы бері бұл тұрғыда көп жұмыс атқарылды. Осы орайда қосарымыздан аларымыз басым ба деймін. Данышпан Абай айтып кеткендей білімге, өнерге, ғылымға, мәдениетке енді, міне, кәсіпкерлікке, тағы басқа таңсық дүниелерге бой ұру – алда тұрған міндет. Соған іштей ұлт болып бірігу жетіспейді. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, ол бірақ қайтып келіп ойнап күлмес...» деп Абай адамның адамдығын айтқан. Абылай хан, Бұқар жырау, Төле, Әйтеке, Қазыбек билер неге өледі? Өлмейтіндігі сол, артында керемет сөз, ой қалды ғой.

Демек, рухани жаңғырудың тетігін біз бай тарихымыз бен мәдениетімізден іздеп қана қоймай, оны күнделікті қолданысқа енгізуіміз қажет. Оны жаһандық трендтерде тұздыққа айналдыруға күш салғанымыз

абзал. Оқшаулану мен қоғамдық ойымызда томаға-тұйықтық құбылыстан аулақ болып, әлемдік айдынға иек артқанымыз жөн. Академиктің танытуға ұмтылған айтпақ дүниесінен оқырман осыны сезінеді.

Сұхбаттың өн бойында оқырман санасына сыналап енетін үлкен идея жатыр. Ол – рухани жаңғыруда алдымен азат ой тұрғысынан өткенімізді ұлттық сана өресінен тану, қайта саралау, тоқу, түйсіну. Бұл бүгінгі қоғамға аса қажет дүние осы.

Еуроцентризм ауруға шалдыққан, батыстық шеңберге сыймайтын қазақ мәдениеті мен философиясын, болмыс-бітімі мен табиғатын, жалпы қазақтың қоғамдық ойын әлемдік тұрғыдан қарастыру керек. Өйткені, философия, ең алдымен, дүниетаным, өмірлік ұстаным, көзқарас, іс-әрекет, өзіндік ұлттық сананың дәрежесі. Мұнсыз рухани жаңғыру болмақ емес. Осы тектес ойларды ортаға тастаған Әбдімәлік Нысанбаевтың мына ойымен қалай келіспессіз: – Қазақ әлі өзін танып білген жоқ. Ұлттық рухы, ұяты, намысы бар халық екеніміз әлемге аян. Бізді Америка халқымен шатастыруға болмайды. Қазақстанда екі этнос бар. Бірі – өзіміз, атамекеннің қожалары. Екіншісі – XVII–XVIII ғасырлардан бастап әртүрлі мақсатпен келген өзге ұлт өкілдері. Табиғи жолмен-ақ, халықты тілі мен дінінен айырып, оп-оңай отарламақ болған. Мен айтар едім, ендігі уақытта мемлекет болмағымыз этностың ізгілік арақатынасында. Келген адамдар табиғи жолмен қайта кетеді. Қазақ елі екі нәрсені: жерін, жесірін даулаған ғой. Бір ұлт, бір халық болу үшін «мен – қазақпын» деген сезім әрбір адамның санасында салтанат құруға тиіс. Ендігі кезде рулықтан ұлттық санатқа көтерілсек етті. Әлі қазақтың ұлттық бірлігін күшейту көп жұмыс.

Міне, «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында осындай игі істер жатыр. Осы ұлылықты барынша түсінуіміз керек. Ал оны ашып түсіндіру басқа басылымдардан бөлек ойлайтын «Ана тілі» секілді ұлттық газеттердің үлесінде. Бұл «Ана тілінің» жаһандану мен оған жауап берудегі рухани жаңғыру тетіктерін үйлестіруі екені хақ.

2017 жылдың күзінде ана тіліміздің латын графикасымен жазудағы әліпбиі қоғамдық тұрғыда кеңінен талқыланған болатын. Ол талқылау Парламент мінберіне дейін барды. «Тіл, тіл» деп жүрген «Ана тілі» газеті сол ҚР Парламентінің Мәжілісінде өткен мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы парламенттік тыңдауды бастан-аяқ бақылауға алғаны белгілі. Өз оқырманына жан-жақты жеткізуде репортаж ұйымдастырып, 2017 жылдың 17 қыркүйегінде «Латын әліпбиі – қазақ тілінің жаңа көкжиегі» атты сараптамалық мақала берді. Бұл затында Парламенттік тыңдауда сөз сөйлеген, оның талқылауына қатысқан Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин, Премьер-Министрдің орынбасары Ерболат Досаев, Сенат және Мәжіліс депутаттары, түрлі мемлекеттік органдардың өкілдері мен әліпби жобасын әзірлеуші А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының, Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының басшылары, БАҚ басшылары, жоғары

оқу орындарының ректорлары мен ғалымдар, сарапшылар қауымы қатысқан шара туралы барынша ашылып айтылады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссиясының ұсыныстары жиын өзегіне айналып, талқылаудың газетке ең өзекті әрі маңызды деп танылған пікірлері толықтай берілген. Дәуіржан Төлебаев, Дина Имамбаева, Ғазиз Есембаев секілді үш тілші дайындаған өте көлемді тыңдау затындары бүгінгі күні тасқа басылып, тарих қойнауына кетті. Бұл – «Ана тілі» газетінің мемлекеттік тіл мәселесін насихаттауда өзге БАҚ өкілдеріне үлгі екенін айғақтайды.

Бұдан кейін ұлт газеті аталған тыңдауда талқыланып, қоғам назарына ұсынылған әліпби жобасына қатысты пікірлер қорын да қалыптастыруға атсалысты. Республикамызды аралаған комиссияның көшпелі отырыстарының жұмыстарын да хабарлар беріп отырды. Жаңа жобаға байланысты пікір білдіргендермен қатар, жаңа жоба ұсынғандар да болды. Оларға да газет бетінен орын табылды. Жіберілген қателіктер туралы да айтқандар болды. Яғни, жазылған жайдың жаңырығын жалғастырып, оны қоғам назарына ұсынып отырды. Осы бағытта *М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің ректоры Махметғали Сарыбековтің* «Латын әліпбиіне көшу – әлемдік өркениетке ілесу», Республикалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Өмірзақ Озғанбайдың «Түркітілдес елдер тәжірибесі сабақ болуы тиіс», зейнеткер Амангелді Әбілғапаровтың «Үркуге негіз жоқ», ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Абдрахман Асылбектің «Менің ұсынысым – бір таңба – бір дыбыс», ұстаз Аллаберген Қонарбаевтың «Мектеп ұжымы қолдайды», қазақ тілінің маманы Аюбай Кәкімбектің «Жетілдіретін тұстары бар», филология ғылымының докторы, профессор Сәмен Құлбарақтың «Емле ережесін ескергеніміз жөн» пікірлері соның дәлелі [172]. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашевтың рухани жаңғыруды Алаш зиялыларының идеяларымен байланыстырып, жаңа әліпби жобасына қатысты пікірін «Тарихи шешім» деген атаумен басты. Мұндай мысалдар өте көп [173].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы латын графикасына көшу туралы идеяны «Жас Алаш» газеті де қызу қолдады. Қолдағанда да талқылауларды кеңірек ұйымдастырған басылым «Латын графикасына қалай көшуіміз керек? Ұлт болуда нені ұмытпауымыз керек?» деген секілді тақырыптар төңірегінде көптеген проблемалық мақалалар берді. Мәселен, 2017 жылдың 26-қазанында «Жас Алаш» «Жазу реформасы – ұлттық жаңғырудың бастауы» деген мақалада осы сұрақтарға жауап іздестіріліп, ой тасталды.

Әліпби мәселесінде тарихтан сыр шертіп, десоветизациядан басталған проблемалық мақала латын графикасындағы ойласатын тұстар туралы күрделіліктерді оқырман талқысына салады. Мақала авторы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері Бабақұмар Хинаят «...Әлемдік үрдістің көшіне ілесу үшін

мемлекет басшысы ұстанған экономикалық реформалардан соң, кезекті бір сатысы – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ұлттық стратегиялық қадам екендігі даусыз әрі тарихи үлкен міндет жүктейтін іс. Сол ұлы үлкен мұраттың басты әрі бірегей міндеті – қазір Қазақстан қоғамының қызу талқысына айналып отырған жазуды алмастыру мәселесі. Тарихқа көз жүгіртсек, орта ғасырларда мемлекеттіліктің жаңа сапалық деңгейіне ұмтылған елдер дін және календарь реформасына мән берсе, жаңа кезеңдегі елдердің рухани құндылыққа, дәлірегі жазу мен тіл реформасына, барынша ден қоятындығын байқаймыз. Демек, жазу мен тіл реформасы мемлекет дамуының эволюциясынан туындаған, пісіп-жетілген, көкейкесті, өскелең қоғамның сұранысы екендігінде дау жоқ. Ол әрі өркениетке жақындау, ең бастысы – XX ғасыр ортасында зорлықпен таңылған советтік қитұрқы саясаттың зардабынан арылу, яғни десоветизация шарасының бірі. Шынтуайтында, бұл үрдісті деколонизация деуге лайық» деп рухани жаңғыру, ондағы латын графикасына көшу тақырыбына барынша қолдау көрсетіп, кезіндегі отаршыл саясаттың қазақ жазуына, руханиятына келтірген нұқсанына тоқталады. Латынға өту тарихтан бас тарту емес екендігін айтқан автор қазіргі ақпараттық технологияның дамыған уақытында кирил қарпімен басылған кітаптар оқылмай қалады деп қорқудың қажеті жоқтығын түсіндіреді. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыр» бағдарламасында көтерілген мәселенің өзектілігін жеткізіп «Латын жазуы әлемнің 112 елінде, бес құрлығында жаппай қолданыста, тіпті иероглифтер пен араб жазуы қолданыстағы елдердің өзінде ресми екінші жазу ретінде мойындалған. Ал славян жазуы бар болғаны шығыс славяндар мен бұрынғы Югославия құрамындағы бірнеше елде және Моңғолияда ғана қолданылады» дейді.

«Пернетақта әлегі немесе техникалық мамандардың уәжі», «Қазақы жолмен шешу немесе «шымшық сойса да, қасапшыға» жүктеген абзал», «Диграф пен апострофтың әлегі мен салдары» деген тақырыпшаларға бөліп, мәселенің мәнісін байыппен саралаған автор жазу реформасында қандай ұстанымдарға иелік ету керектігін, руханиятымыздың кері кетіп қалмасы үшін не істеу қажеттігін ортаға салады. Әлемнің түрлі әліпбиіндегі ерекшеліктер мен алуға мүмкін өзгешеліктерды сымға тізгендей сараптайды. Техникалық талаптарды да ғылыми уәждермен зерделеген ғалым мынадай көкейге қонымды пікірді жеткізеді: «Тағы бір ескерілетін мәселе, Қазақстанның халықаралық қауымдастықта өзі бастамашы болған істерден туындаған міндеттерін ескерген жөн. Бұл орайда, 1990 жылдардағы түркітілдестердің ортақ қарекетінің нәтижесі есептелінетін – 34 таңбадан тұратын ортақ түркі әліпбиін ұмытпауымыз керек. Еуразияның орталық белдеуіндегі апайтөс өңірдің иесі, көшпелілер өркениетінің мұрагері, ісі түркінің «қарашаңырағы» деп мақтанатын тарихи-мәдени миссияны тәрк етпеуді ойластырған жөн сыңайлы».

Түркітануда әлем көп салада (этимологиядан басқасында) қазақ тіл зерттеушілерінің уәжімен санасады. Себебі 10 томдық түсіндірме сөздік, кейінгі 15 томдық әдеби тілінің сөздіктері тек қазақ тілінде ғана бар. Олар

тағы да 20, тіпті 25 томды жоспарлап отырғандығы, қазақ тілінің корпусына қатысты өте ауқымды ғылыми-зерттеуді қолға алмақ екендігі туралы әңгімелер айтылып жатыр. Жазу алмастыру, сапалық деңгейін жақсарту дүкендердегі витрина алмастыра салатындай «таңба алмастыру емес» екендігі аян. Оның артында толып жатқан ұзаққа созылатын (Еуропа елдерінде тіл жаңарту үрдісі ондаған жылдарға созылған) тіл реформасы тұр. Емле, терминология, орфография, тіл әуезділігі, транскрипция, лексикография (үлкен ағылшынша-қазақша сөздіктің жоқ екендігін айтудың өзі ұят) және т.б. салаларға ауыр жүк артылмақ. Тіпті атау сөздерді орыс-славяндық нұсқадан өзгеше нұсқаға икемдеудің өзі бір машақат туындатары сөзсіз. Мәселен, ономастикада үлкен өзгерістер күтіледі, жер-су, адам аттарын түпнұсқада жазуға көшеміз. Ал халықаралық терминдерді жазу ережесі мүлдем өзгереді. Осындай көптеген мысалдарды тілге тиек еткен мақала жазу реформасында шалт қимылдып, артынан опық жеп жүрмеу мәселесін жан-жақты көтереді. «Жас Алаш» осындай өрескел қателіктерді жібермеу керек екендігі өткір айтқан басылым.

Ал «Айқын» газеті жаңғырудың жаһандану жағдайында ұлт пен мемлекетке тірек болатынын жазып, оған дүдәмал болмас деректерді алға тартып отырады. Өйткені басылым «Рухани жаңғыру» бағдарламалық құжаты жариялана салысымен елге белгілі танымал тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінен сауалнама алып, тұтас дерлік газетті осы мәселеге арнайды. «Ұлттық дамудың ұлағатты үлгісі» атты пікірлер сараптамасында академик, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ Айтбайұлы, академик Оразалы Сәбден, жазушы Смағұл Елубаев, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры болған академик Серік Пірәлиев, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Төрағасының орынбасары Сұлтанәлі Балғабаев, ҚХА мүшесі, қоғам қайраткері Асылы Осман, «Президент және Халық» газетінің бас редакторы Марат Тоқашбаев, жазушы-драматург Рахымжан Отарбаев, Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл сынды білгілі азаматтар өз ойларын ортаға салып, «Рухани жаңғыру» тақырыбын түсіндіріп, оның қандай бағытта жүруге тиіс екенін бағыт-бағдарлап береді [174].

Ал республикалық басылым «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыруда» айтылған латын графикасына көшуді – «Жаһандану жобасы» деп атайды. Осы аттас мақалада «Латын қарпіне көшу – уақыт талабы. Жалпы алғанда, әлемдегі елдердің 70 пайызы латын қарпін қолданады. Бүгінде латын қарпі – техника мен ақпараттық технологиялардың тілі. Әзірбайжан, Өзбекстан, Түркіменстан, Молдова, Түркия секілді елдер латынға әлдеқашан көшіп кетті. Бұл жоба еліміздің әлемдік коммуникациялық кеңістікке қосылуына мүмкіндік береді. Өйткені қолданыстағы әліпби қазақ тілінің ақпараттық технологиялармен интеграциялануына кедергі жасайды. Латын қарпі болса, қазақтілді аудиторияға арнайы бағдарламаларға жүгінбестен, интернетте еркін қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді» [175] дейді. Мақала авторы Жанар Таласпаева «Латынға көшу шетелдіктерге біздің әліпбиіміз бен тілімізді үйренуді оңайлатады. Мұның бәрі еліміздің әлемде танымалдығын

арттырып, қазақстандық брендтерді ілгері жылжытуға көмектеседі. Латын қарпін енгізу Қазақстанға түркітілдес елдермен жақындасуға жәрдем бермек» деп латынша жазуға көшудің жаһандық трендтерге ұмтылудағы ірі бастама болатынын алға тартады: «Осылайша, латынның пайдасы бірнеше маңызды факторлармен айшықталады: қазақстандық контенттің әлемдік ақпараттық кеңістікке интеграциялануы; еліміздің бәсекелестікке қабілеттілігінің артуы; қазақ халқының ұлттық біртұтастығын және түркітілдес елдермен серіктестік қатынасты нығайту, үштілді, әсіресе, ағылшын тілін үйренуді оңайлату. Яғни латын әліпбиі қазақ тілін ғана емес, халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде ағылшын тілін үйренуге түрткі болады. Латын қарпіне көшу – жаһандану жобасы. Қазақстан үшін бұл кезең – жаңғыру, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың қадамы».

Сонымен қатар латын жазуына көшуге байланысты талқылау ұйымдастырған газет «Жаһандануға жол ашады» деген үлкен тақырыппен пікірлер жиынтығын береді» [176]. Ондағы айтылған деректер мен дәйектер, дүние жүзі жазу үрдісіндегі ескеруге тиіс дәлелдер кез келген адамды бей-жай қалдырмасы анық. Жазу реформасына түрлі бағытта баға берген азаматтар, мәселен Президент жанындағы ҚСЗИ-дың бөлім жетекшісі Алуа Жолдыбалина оны «Әлемдік тренд» десе, Мәжіліс депутаты Геннадий Шиповских «Өркениет жолын таңдау», Алматы қалалық «Нұр Отан» партиясы төрғасының бірінші орынбасары Жұлдыз Омарбекова «Ұлттың бірігуіне жетелейді», Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары Үлес Нысанбек «Қоғам үшін қолайлы» дейді. Ал А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері Ақтоты Қожахметова «Төл заңдылықтарымыз бұзылмауы тиіс» деген ұстанымын жеткізсе, латынша жазуға Көкшетау қалалық «Жас Отан» Жастар қанатының жетекшісі Аян Хафиз «Латын қарпі – алтын көпір», Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің профессоры Сәбит Жәмбек «Зор мүмкіндік туғызады» деген ойларын ортаға салады.

Орасан реформаға баға берудегі түрлі талқылауды бір жерге жинақтаған «Айқын» газеті «Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз – қорқақ, қол – батыр» деп дана халқымыз айтқандай, енді екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басудың уақыты келгенін айтып, жаһанданудағы реформаға сәттілік тілейді.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық деп тайға басылған таңбадай айқын жазылған» [177].

Осыған сәйкес, «Жаһандану дәуіріндегі ұлттық код» атты ақпараттық жанрда жазылған затында «Айқын» барынша тоқталып, «Әлемдік

ықпалдастықта ұлттық кодымыз қандай болу керек?» деген сауалға жауап іздейді [178]. Назарбаев университетінде өткен «Жаһандану дәуіріндегі ұлттық код пен бірегейлік» атты Қазақстан халқы ассамблеясының Орталық Азия ғылыми-сарапшылық кеңесінде ҚХА Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Дархан Мыңбай, Парламент Мәжілісінің депутаттары, ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ Тәжікстан, Өзбекстан, Беларусь елдерінен келген сарапшылар қатысып, Елбасы айтқан «ұлттық код» жөнінде ой өрбітеді.

Мұнда қоғамдық сананы жаңғырту процесінде мәдени мұраны пайдаланудың халықаралық тәжірибесіне талдау жасау және жинақтау, қазақстандықтардың ұлттық кодының негізгі құрауыштарын анықтау, заманауи мемлекеттің орнықтылығын сақтаудағы азаматтық бірегейліктің рөлін бағалау, кросс-мәдени диалогты дамытудың негізгі трендтерін зерделеу, жаһандық әлем жағдайындағы заманауи қазақстандық мәдениеттің басқа елдер мәдениетімен өзара қатынасының мүмкіндіктерін бағалау турасында пікірлер ортаға салынады.

«Бүгінде еліміздің бірнеше халықаралық жобалары бар. Аталған ғылыми-сараптамалық кеңес те соның бірегейі деуге болады» деген мақала авторы Нұрсұлу Мырзахмет бұл «Ғылыми-сарапшылық кеңестің мақсаты – Қазақстанның бастамаларын Орта Азияға тарату және Орта Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықты бекемдеу» дегенді алға тартып, жаһанданудан қашпайтын Қазақстанның түрлі бастамаларда лидер болуға ұмтылатынын жеткізеді [179].

Көрші мемлекеттердің назарын аударған тағы бір нәрсе, ол – ұлттық кодты сақтап қалу. Себебі, Әлемдік қауымдастықта әрбір ұлт өзінің ұлттық дәстүрін, негіздерін жоймаған кезде ғана алға жылжитынын айтқан автор «... Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында айтылған мәселелерге қызығушылығы туып, соны болашақ өмірімізде пайдалану, насихаттау жөнінде сөз болды. Ғалымдар мен сарапшылардың мұнда айтқан ойлары біздің болашақ жұмысымызға бағыт-бағдар болмақ. Жалпы бұл шараның Назарбаев университеті қабырғасында өтуінің де өзінің символдық мәні бар. Себебі бұл жер әлемдік ғылымға, үрдістерге қосылудың үлкен қақпасы іспетті» деген ғалымдардың пікірімен ойын қорытындылайды [180].

Жаһандану жағдайындағы рухани жаңғырудың тағы бір тармағы – цифрландыру. Бұл туралы Елбасының Жолдауында айтылып, соның нәтижесінде 2017 жылдың 12 желтоқсанында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы дүние келгені белгілі. Бұл құжат Қазақстанның халықаралық қауымдастық деңгейіне кірігуі мен ықпалдасуын қамтамасыз ететіні анық. «Айқын» газеті осыны анық сезіне отырып, биылғы жылдың 13 ақпанында «Кәсіпорындарды цифрландыру тиімді ме?» деген сараптамалық мақала жариялады. «Тілдік қолданысымызға «цифрлану» деген сөздің енгеніне онша көп бола қойған жоқ. Тікелей аударсақ, барлық саланың – «сандануы». Тереңірек түйсініп аударсақ, тіршіліктің «жандануы». Қоғамның

жұлын-жүйесінің бір арнаға тоғысып, қызметтер қолжетімділігінің бұрынғыдан да арта түсуі деген ойға саяды» деп ойға орамды, тілге тиімді әрі жатық бастаған автор Абай Аймағамбет сандық реформаның кез келген салаға енуі жаһандану талабы екенін баяндайды. Цифрлану – білімге құлаш ұрған инновациялық қоғам, дамудың дөңгеленген дүниесі. Өйткені, ендігі дамудың тетігі цифрландыруда жатыр.

Экономикамызды модернизациялауға белсене атсалысып, дамудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру үшін қоғам өмірін жаңа заманауи технологияларға бейімдеу керек. Елбасы айтқандай, цифрландыру – үшінші жаңғыруымыздың өзегі болса, бұл процесс ерекше қарқынмен қолға алынып, жүзеге аса бастады. Рас, экономиканы жаппай цифрландыру – өнеркәсіп пен адамдардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, білім-білігін шыңдайды. Тек соны рет-ретімен үйлестіре білу өте өзекті болып тұр.

Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында бұл тақырып басты назарда қаралғанын айта кетуіміз керек. Онда технологияның трансфертін ынталандыру үшін «бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорнын цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырып, бұл тәжірибені кеңінен тарату керектігі айтылған» [181].

Сондай-ақ 2018 жыл – «Цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуді бастау қажеттігі қарастырылған. Жалпы цифрландыру – ақпараттық мол ағынға тап болған мемлекеттік органдар мен жеке сектордың біршама түйткілін тарқатады. Автор осыған қатысты ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы Айжан Мұқышбаева мына пікірін алға тартады: – Сауатты құрылым мен басқару – үлкен деректердің бағалы ақпаратқа жол ашуын қамтамасыз етіп, өнімнің өзіндік құнын төмендетеді. Өндіріс көлемін арттырады. Цифрлық реформаның тағы бір қозғаушы күші ретінде – халықтың урбанизациялануын айтуға болады. Қала халқының күн санап артуы шаһар инфрақұрылымына салмақ түсіруде. Сөзсіз, бізге қала шығынын оптимизациялау керек. Бұл ретте «Смарт сити» тұжырымдамасының мәні зор. Цифрландыру саясаты Қазақстанның үлкен пайдаға кенелуіне әсер етіп, бизнес үрдістерін оңтайландырады.

«Жоспар бойынша 2025 жылға қарай Жалпы ішкі өнімнің 30 пайызы – цифрландыру жобаларынан құралуы тиіс. Сәйкесінше, сол жылы осы бағдарламаға қазір салынған қаражат бірнеше есеге көбейіп, өзімізге инвестиция есебінде қайтып оралуы тиіс. Жалпы, еліміз цифрландыру жүйесіне ертерек ыңғайланды, мемлекеттік қызмет жүйесін де біршама бейімдеп үлгерді. ТМД елдерінің ішінен тұңғыш болып электронды цифрлы қолтаңбаны қолданысқа енгізуіміз, Электрондық үкімет порталында электрондық қызметтерді ұсынуымыз, цифрлы трансформация бойынша кешенді бағдарламалар құра бастауымыз – сөзіміздің дәлелі» деген журналист Қазақстанның жаһандану үдерісін ерте бастан сараптап, оған

жаңғыру арқылы жауаптасуға дайын болғанын білдіреді. Бұл – еліміздің жаһандану мен рухани жаңғыру саясатын бірге қарастырып, болашаққа нық қадаммен қанат қағуға ұмтылғанын нақтылайтыны сөзсіз.

Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында былай дейді: - «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» [182].

Демек, бұл бағдарламалық құжаттың ел дамуы мен жаһандық деңгейге ықпалдасуға деген Қазақстанның жаңғыруында басты рөл атқаратыны анық. Оны Н.Ә. Назарбаев биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына жасаған Жолдауында тағы да баса айтты. Онда: «Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» делінген [183]. Ал оның өзегі «Қазақстан – 2050» Даму Стратегиясында жатыр.

Негізінде, жаһандану және рухани жаңғыру жеке-жеке жұмыстарға жүк болатын өте ауқымды тақырыптар. Өйткені сезінген адамға онда көтерілген әртүрлі бағыттағы өте маңызды мәселелер көп. Оның барлығын Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары әр жағынан насихаттап, күрделіліктерін күн тәртібіне шығарып келеді. Оның ішінде, қазақ баспасөзінің орны өте сүбелі. Бұл «халықтың құлағы, көзі һәм тіліне» айналған БАҚ-тың қоғам алдындағы ұлы миссиясынан танытса керек. Оған жоғарыдағы мысалдар нақты дәлел бола алады.

Қазіргі жаһандану жағдайында әлем елдері үшін түрлі мемлекеттер арасындағы ұлттық ерекшеліктер мен мәдени байланыстардың артуы ғылыми ортада этникалық бірдейлікті сақтап қалудың жолдарын қарастыруға ықпал етуде.

Этникалық бірдейлік қоғамдық-саяси, тарихи-әлеуметтік, тілдік фактор мен географиялық жағдайлардан туындайтын кез келген халықтың мәдени мұрасының артықшылықтарын көрсететін белгілі бір топтың болмысы арқылы көрініс табады. Осы ретте жер бетінде өмір сүретін ұлттар мен

ұлыстардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары, табиғи құндылықтармен сәйкес келетін ұқсастықтары болуы заңды құбылыс. Ақиқатына жүгінсек, жалпы аз ұлттар мен диаспоралар өзге мәдени ортаға толық ассимиляцияға түсуден өздерін аулақ ұстап, оның орнына мәдени ерекшеліктерін құрайтын құндылықтар мен ғұрыптарды, салт-дәстүрлер мен заңдарды сақтап қалуға тырысады.

Бірдейлік ұғым-түсінігін қалыптастырудың бірден бір жолы бұқаралық ақпарат құралдары десек, оның бір тармағы болып саналатын этностар арасындағы қарым-қатынасты жандандыра түсетін этникалық БАҚ-тың рөлі айрықша екендігі даусыз. Қоғамдағы этникалық БАҚ-тың мол тәжірибесі болуымен қатар оған қатысты бірқатар күрделі мәселелер де кездеседі. Атап айтқанда, оған әлемдік мәдениетті «бұқараландыру» және сәйкестендіру жағдайында тұтас бір халықтың ұлттық және мәдени ерекшеліктерінің жоғалып кетуі, жеке тұлғаларды бейтаныс мәдени ортаға біріктірудегі сәтсіздіктер, әртүрлі этникалық топтар арасында диалогтың болмауы, ұлттық және конфессиялық көзқарастар салдарынан қақтығыстардың орын алуы және тағы да басқа көптеген жағдайларды айта аламыз. Соған қарамастан еліміздегі барлық ұлттар мен диаспоралардың бұқаралық ақпарат құралдары мәдени сантүрлілікті сақтай отырып, отандық журналистиканың және замансөздің – бұрынғыша айтсақ – публицистиканың ажырамас бір бөлігіне айналды.

Қазіргі БАҚ бұқаралық талқылау форумы, ақпараттандыру көзі ғана емес, сонымен қатар насихаттау, қарсы тұру немесе біріктіру, тіпті қорғаныс құралына айналды деуге болады. Яғни медиақауымдастық бұқаралық ортаға да, әлеуметтік коммуникацияға да айтарлықтай ықпал ете алады. Осы тұрғыдан келгенде бұқаралық ақпарат құралдары этносаралық қарым-қатынастың негізі болып табылатын бірдейліктің қалыптасуына тікелей әсер етеді. Ақпараттық алаң арқылы біз өзіміздің этникалық, діни, идеологиялық, әлеуметтік және азаматтық міндеттерімізді айқындай аламыз.

Жаһандану үдерісі де БАҚ-тың ақпараттық ағын толқынында көрініс табатыны сөзсіз. Сондықтан, мұндай шындықта медиа жалпы қоғамдық пікірді қалыптастыруға бағытталады. Мұндай ортада, ең бірінші кезекте, этноконвергенция жүйесі орнайды. Адамдардың белгілі бір топтары әлеуметтік этномәдени бірегейлікті сақтау, әрі этникааралық қатынастарды қолдау мақсатында бір жағынан оларды біріктіретін, ал екінші жағынан ақпараттық агрессиядан қорғайтын жеке коммуникативтік және ақпараттық алаңды қажетсінеді.

Біз бұл бөлімде ұлттар мен ұлыстардың жаһандану жағдайында өзіндік болмысын сақтап қалуға ұмтылысын қолдайтын рухани жаңғыру идеясының жүзеге асуына қатысты және ұлттық бірегейлікке байланысты этнокөсемсөздік жариаланымдарға назар аудардық. Әлбетте, БҰҰ ұйымы жүргізіп келе жатқан «жаһандық азамат» идеясының әлем халықтарының бәріне ортақ екендігі сөзсіз. Жаһандық азамат болу дегеніміз ұлттар мен ұлыстардың бірінің біріне рухани кірігіп кетіп, өзін өзі жоғалтуы емес,

керісінше, өзіндік бітім-болмысын сақтап қалу үшін адамзатқа ортақ затындық -техникалық игіліктерді игеруде бірлесуді, бірігуді көздейді. Мұның өзі – этнокөсемсөз аясында арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып.

3.2 Этнокөсемсөздердің жаңа сипатта жариялануы мен цифрландырылуы

Қоғамдағы сөз атаулының бәрі түгелдей цифрландырылып жатыр. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасауға бағытталды. .

Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

«Қазіргі экономиканы цифрландыру» – нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту.

«Болашақтың цифрлық индустриясын құру» – адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу мақсаты болды.

2018-2022 жж. кезеңінде іске асырылатын Бағдарлама еліміздің флагмандық салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды.

Бағдарламаны іске асырудың бес негізгі бағыты:

1. «Экономика салаларын цифрландыру» – еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты.

2. «Цифрлық мемлекетке көшу» – қажеттіліктерін күні бұрын біліп халық пен бизнеске қызмет көрсету инфрақұрылымы ретінде мемлекеттің функцияларын түрлендіру бағыты.

3. «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» – ішкі контур үшін де, Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін іске асыру үшін деректерді берудің, сақтаудың және өңдеудің жылдамдығы жоғары және қорғалған инфрақұрылымын дамыту бағыты.

4. «Адами капиталды дамыту» – жаңа жағдайға – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті қоғам құруды қамтитын түрлендіру бағыты.

5. «Инновациялық экожүйені құру» – бизнес, ғылыми сала және мемлекет арасындағы орнықты көлденең байланыстармен технологиялық кәсіпкерлік пен инновацияны дамыту үшін жағдай жасау бағыты. Мемлекет инновацияларды өндіріске шығаруға, бейімдеуге және енгізуге қабілетті экожүйе катализаторы ретінде әрекет етеді.

Көрсетілген бес бағыттың шеңберінде 17 бастама мен 100-ден астам іс-шара қалыптастырылды, оларды іске асырудан түсетін қайтарылымды алдағы жылдардың ішінде айқын көруге болады,

Әр сала өз бетінше өз материалдарын түрлі бағытта цифрландырып жатты. Осыған сәйкес журналистика саласы да өз материалдарын цифрландыруды қолға алды. Журналистиканың барлық салалары цифрландырылып жатқанда, мерзімді баспасөз материалдары да цифрландырылып жатты. Мерзімді баспасөз материалдарының pdf нұсқалары сайттарында жарияланып жатты.

Этнокөсемсөз тек газет бетінде ғана емес, басқа да ақпарат құралдарында жарияланады. Ол ұлттық құндылықтарды, этномәдени мәселелерді, салт-дәстүрді, тарихи сананы насихаттайтын публицистикалық жанр болғандықтан, оның таралу арналары кең.

Этнокөсемсөз жарияланатын негізгі платформаларға мыналар жатады:

1) Газет-журналдар. Оларға республикалық және аймақтық басылымдарда жиі жарияланады. Мысалы, «*Egemen Qazaqstan*», «*Ана тілі*», «*Қазақ әдебиеті*», «*Түркістан*», «*Жас Алаш*» газеттері. Сондай-ақ тарихи-танымдық журналдарда («*Мысль*», «*Қазақстан тарихы*», «*Руханият*») жарияланады.

2) Онлайн БАҚ және интернет-журналдар. Этномәдени порталдар (*Etnokosemsoz.kz*, *Abai.kz*, *Massaget.kz*, *Baribark.kz*). Жаңалық сайттары ұлттық құндылықтарға арналған мақалаларды жариялайды. Ғылыми платформаларда этнотақырыптар қамтылады (*e-history.kz*).

3) Әлеуметтік желілер мен блогтар. Танымал этнографтар, тарихшылар, публицистер өз еңбектерін *Facebook*, *Instagram*, *Telegram* желілерінде жарияланады. Видеоформаттағы этнокөсемсөздер *YouTube* платформасында кездеседі.

4) Радио және подкастар. Этнографиялық, тарихи-публицистикалық материалдар *Қазақ радиосында*, «*National Geographic Qazaqstan*», «*Ділмар*» сияқты платформаларда беріледі. Кейбір ғалымдар мен журналистер *Spotify*, *Apple Podcasts* секілді сервистерде этномәдени тақырыптарға арналған подкасттар жүргізеді.

5) Ғылыми еңбектер мен кітаптар. Этнокөсемсөз кейбір зерттеу кітаптарында, монографияларда да кездеседі. Мысалы, *Ақселеу Сейдімбектің этнографиялық еңбектері*, *Өзбекәлі Жәнібековтің зерттеулері*, *Шоқан Уәлихановтың жазбалары* этнокөсемсөздік сипатқа ие.

Этнокөсемсөз тек газет бетінде ғана емес, басқа да түрлі медиаплатформаларда жарық көреді. Бүгінде оның таралу арналары онлайн және мультимедиа кеңістігіне қарай кеңейіп келеді. Сондықтан, бұл жанрды газетке ғана тән дәстүрлі публицистикалық стиль деп қарастыру шектеулі көзқарас болар еді.

Бағдарламаны іске асыру бенефициарлары Қазақстан Республикасының барлық халқы. Мемлекеттің әрбір азаматы мен тұрғынының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған.

Қазақстан журналистикасы сапалы дамуға серпіліс жасады, нәтижесінде газет-журналдар да цифрландырылып, бүгінгі күні жеке платформа, сайт деңгейінде жұмыс жасап жатыр.

Этнокөсемсөздерді белгілі бір ұлттың, этностың мәдениеті, дәстүрі, тарихы мен қоғамдық мәселелерін қозғайтын публицистикалық шығармалар деп танысақ, мұндай материалдар, негізінен, ұлттық бағыттағы, қоғамдық-саяси және тарихи-танымдық шығарылымдарда жарияланады.

Этнокөсемсөздер 1) ұлттық және мемлекеттік деңгейдегі республикалық басылымдарда жиі жарияланады. *Egemen Qazaqstan* – қазақ халқының тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері жайлы мақалалар жиі жарық көреді. *Қазақ әдебиеті* – әдеби, тарихи және этнографиялық бағыттағы көсемсөздер жарияланады. *Ана тілі* – тіл, ұлт мәселесі, ұлттық құндылықтар туралы этнокөсемсөздер басылады.

2) Аймақтық және өңірлік газеттерде *Оңтүстік Қазақстан*, *Жетісу*, *Ақтөбе*, *Сарыарқа* самалы сияқты облыстық газеттерде жергілікті этномәдени мәселелер көтеріледі.

3) Тарихи-танымдық және ғылыми басылымдар: *Мысль*, *Қазақстан тарихы*, *Руханият* сияқты журналдарда этнотарихи зерттеулер мен көсемсөздер жарияланады.

4) Этномәдени және көпұлтты газеттер: Қазақстанда түрлі этностардың тілінде шығатын *"Достық"* (ұлтаралық қатынас мәселелері), *"Казахи и мир"*, *"Українські новини"*, *"Корейская газета"* сияқты этникалық басылымдарда көсемсөздер көп кездеседі.

5) Электронды БАҚ және онлайн платформалар:

- *Etnokosemsoz.kz* порталы – этнокөсемсөз жанрына арналған арнайы платформа.

- *Baribar.kz*, *Abai.kz*, *Massaget.kz* секілді онлайн басылымдарда да этномәдени тақырыптар көтеріледі.

Этнокөсемсөздер ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, мәдени мұраны насихаттау, тарихи сананы жаңғырту мақсатында жазылады және олардың негізгі оқырмандары – ұлттық құндылықтарға қызығушылық танытатын көпшілік.

Электронды газеттер – цифрлық технологиялар дамуының нәтижесінде пайда болған, интернет арқылы оқуға мүмкіндік беретін ақпарат құралдары. Олар дәстүрлі баспа басылымдарының сандық нұсқасы ретінде немесе толықтай онлайн форматта шығатын тәуелсіз ақпараттық платформалар ретінде қалыптасты.

Электронды газеттердің пайда болу себептері:

1. Интернеттің дамуы – ақпараттың қолжетімділігі артты, жаңалықтарды тарату жылдамдығы өсті.
2. Баспа шығындарын азайту қажеттілігі – қағаз, баспа және тарату шығындары қысқарды.
3. Оқырмандардың онлайн форматқа көшуі – адамдар ақпаратты смартфон, планшет, компьютер арқылы жылдам алуға бейімделді.
4. Экологиялық факторлар – қағазды үнемдеу, табиғи ресурстарды сақтау қажеттілігі.
5. Мультимедиялық мүмкіндіктер – электронды газеттерде бейне, аудио, интерактивті элементтер қосуға мүмкіндік бар.

Электронды газеттердің артықшылықтары:

Жеделдік – жаңалықтар оқырманға бірден жетеді.

Қолжетімділік – кез келген уақытта, кез келген жерде оқуға болады.

Іздеу мүмкіндігі – қажетті ақпаратты жылдам табуға болады.

Мультимедиялық контент – фотосуреттер, бейнематериалдар, инфографика қосуға болады.

Интерактивтілік – оқырмандар пікір қалдырып, жаңалықтарға реакция білдіре алады.

Электронды газеттердің түрлері:

Толық цифрлық басылымдар – тек онлайн форматта жұмыс істейді (мысалы, BBC, The Huffington Post).

Гибридті газеттер – баспа және электронды нұсқасы қатар шығады (мысалы, The New York Times, Egemen Qazaqstan).

Электронды PDF нұсқалар – дәстүрлі газеттің сканерленген немесе арнайы дайындалған сандық нұсқасы.

Қазіргі таңда электронды газеттер ақпарат алудың негізгі құралдарының біріне айналды. Олар уақытпен бірге жаңарып, жасанды интеллект, деректерді талдау, жеке ұсыныстар жасау сияқты жаңа технологияларды енгізуде.

Газет материалдарының цифрландырылуы – баспа түрінде шыққан мақалалар мен басқа да ақпараттарды сандық форматқа көшіру процесі. Бұл үрдіс ақпараттың қолжетімділігін арттырып, оны ұзақ мерзімге сақтауға, іздеуді жеңілдетуге және кең аудиторияға таратуға мүмкіндік береді.

Цифрландырудың негізгі себептері:

1. Ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету – қағаз бетінде шыққан материалдар уақыт өте келе тозып, жоғалып кетуі мүмкін.
2. Қолжетімділікті арттыру – кез келген адам интернет арқылы ескі газет материалдарын оқи алады.

3. Іздеу мен жүйелеуді жеңілдету – цифрлық мұрағаттар арқылы белгілі бір мақаланы, авторды немесе тақырыпты тез табуға болады.

4. Ақпаратты қайта өңдеу және талдау – цифрлық мәтіндерден деректерді жинау, аналитикалық зерттеулер жүргізу оңайырақ.

5. Экологиялық факторлар – қағаз шығынын азайту арқылы табиғи ресурстарды үнемдеу.

Газет материалдарын цифрландырудың негізгі әдістері:

Сканерлеу – газет беттерін сурет немесе PDF форматында сандық нұсқаға айналдыру. OCR (Optical Character Recognition) технологиясы – сканерленген суреттердегі мәтінді тану арқылы өңделетін сандық мәтінге айналдыру.

Сайттарға жүктеу – газеттер өздерінің ресми сайттарына мақалаларын орналастырады.

Электронды мұрағаттар құру – ескі газеттердің сандық базасын қалыптастыру (мысалы, ұлттық кітапханалардың цифрлық қорлары).

Мультимедиялық форматқа бейімдеу – мәтіндерді аудио, видео немесе инфографика түрінде қайта өңдеу.

Этнокөсемсөздердің жиі жарияланатын жанрлары:

1. Мақала – белгілі бір этномәдени, тарихи немесе ұлттық мәселені талдап, ғылыми немесе публицистикалық тұрғыдан қарастыратын жанр. *Мысалы:* «Қазақтың қонақжайлылығы: ұлттық дәстүр мен қазіргі заман».

2. Очерк – тарихи тұлғалар, ұлттық дәстүрлер немесе белгілі бір оқиғалар жайлы баяндап, сипаттап жазылатын жанр. *Мысалы:* «Ұлы дала абыздары: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би тағылымы».

3. Сұхбат – белгілі этнографтар, тарихшылар, мәдениеттанушылармен ұлттық құндылықтар мен этномәдени мәселелер жөніндегі пікір алмасу. *Мысалы:* «Қазақтың рулық жүйесі туралы этнографпен сұхбат».

4. Репортаж – этнографиялық экспедициялар, ұлттық мейрамдар, мәдени іс-шаралар туралы деректі баяндау. *Мысалы:* «Наурыз мейрамының көне дәстүрлері Түркістан өңірінде қалай сақталған?».

5. Проблемалық мақала – ұлттық құндылықтар мен этносаралық мәселелерге қатысты өзекті сұрақтарды көтеретін жанр. *Мысалы:* «Қазақ тілінің этномәдени рөлі: қолданыс пен болашақ».

6. Портреттік эссе – белгілі бір тарихи тұлғаның ұлттық мәдениетке қосқан үлесін сипаттайтын жанр. *Мысалы:* «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы».

7. Сатиралық немесе сын мақалалар – этномәдени құндылықтарға теріс әсер ететін мәселелерді сынға алу. *Мысалы:* «Дәстүрді жаңғырту ма, әлде шоуға айналдыру ма?».

8. Шолу мақалалар – ұлттық мәдениет, салт-дәстүрлер, этнография тақырыбында жазылған еңбектерді талдау. *Мысалы:* «Қазақтың дәстүрлі отбасы құндылықтары жайлы жаңа зерттеулер».

Этнокөсемсөздер көбінесе публицистикалық, ғылыми-танымдық, тарихи және аналитикалық бағыттарда жазылады. Бұл жанрлардың барлығы этностық сана-сезімді қалыптастыруға, ұлттық мұраны сақтау мен жаңғыртуға қызмет етеді.

Этнокөсемсөзді жазатын авторлар туралы

Этнокөсемсөз – ұлттық құндылықтарды, мәдени мұраны, тарихи сананы насихаттайтын публицистикалық жанр. Бұл жанрда көбінесе тарихшылар, этнографтар, әдебиеттанушылар, журналистер, қоғам қайраткерлері және ұлттық мұраны зерттеуші ғалымдар жазады.

Мынадай тарихшылар этнокөсемсөз авторлары болған. Олардың мынадай мақалаларын атап өтсек болады.

Сонымен қатар этнографтар Ақселеу Сейдімбектің, Әбдуәли Қайдардың, Серікбол Қондыбайдың газет бетіне шыққан материалдарын айтуымызға болады. Сонымен қатар Зира Наурызбаева, Жарқын Сәленұлы т.б. зерттеуші, таратушыларды атап өтуімізге болады.

1. Тарихшылар мен этнографтар

Ұлттық тарих, мәдениет, салт-дәстүрлер, ру-тайпалық жүйе, киелі жерлер мен көне мұраларды зерттейді. *Мысалы:*

- Ақселеу Сейдімбек – қазақ этнографиясы мен дәстүрлі мәдениеті туралы көптеген еңбектер жазған.
- Өзбекәлі Жәнібеков – ұлттық мәдениетті жаңғыртуға үлес қосқан белгілі этнограф.
- Қойшығара Салғараұлы – қазақтың арғы тегі мен тарихи болмысын зерттеген.

2. Жазушылар мен публицистер

Ұлттық руханият пен мәдени құндылықтарды көркемдік және публицистикалық тұрғыдан талдап жазады. *Мысалы:*

- Мұхтар Әуезов – «Абай жолы» эпопеясында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, дәстүрлерін кеңінен сипаттаған.
- Шерхан Мұртаза – қазақ қоғамының мәселелерін көтерген публицистикалық мақалалар мен шығармалар жазды.
- Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев – ұлттық сананы оятқан көсемсөз үлгілерін жазған.

3. Журналистер мен қоғам қайраткерлері

Қазіргі этномәдени, тілдік, ұлттық мәселелерді БАҚ-та көтеріп, публицистикалық еңбектер жазады. *Мысалы:*

- Сұлтан Оразалин – қазақ руханияты туралы мақалалар жазған.
- Нүртілеу Иманғалиұлы – ұлттық мәселелерді көтерген тележурналист.
- Қайнар Олжай – көсемсөз жанрында ұлттық тақырыптарды талдаған.

4. Ғалымдар мен зерттеушілер

Қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, фольклоры, этномәдени байланыстары туралы ғылыми еңбектер жазады. *Мысалы:*

- Болат Көмеков – түркі халықтарының тарихы туралы зерттеулер жүргізген.
- Ғарифолла Есім – ұлттық философия мен рухани құндылықтар туралы еңбектер жазған.
- Зира Наурызбаева – қазақтың мифологиясы мен ұлттық сенімдері туралы зерттеулер жасаған.

Этнокөсемсөз авторларының негізгі тақырыптары:

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары

Ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтар

Тарихи тұлғалар мен олардың мұрасы

Этнография, фольклор, мифология

Тіл және ұлттық сана мәселелері

Қазіргі таңда газет-журналдарда, ғылыми еңбектерде, интернет порталдарда этнокөсемсөз жазатын авторлар саны артып келеді. Олардың еңбектері ұлттық мұраны сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуге үлкен үлес қосуда.

Газеттер мен журналдардың мақалалары цифрландырылып, желіде жариялана бастады. Сонымен қатар этнокөсемсөздер пост түрінде де желілерде жарияланатын болды. Пост түрінде жарияланған соң, оқырмандар пікірі комментарий түрінде жарияланатын болды. Бұл гипермәтінділік, интерактивтілік сияқты жаңа қасиеттерді қосты. Осылайша постан алынған цитаталар жеке рилс болып шығатындай дәрежеге жетті. Бұған қоса, этнокөсемсөздердің ютуб арнасындағы нөмірлерінен де тейзерлер алынып, таралымы жиіленді.

Этнокөсемсөзге арналған контент жасау құралдары көбейе бастады.

Этнокөсемсөздердің жаңа медиамүмкіндіктері ашылып, жаңа дәуірге аяқ басты. А.О. Дуранчеваның «Дәстүрлі БАҚ-тың цифрландыру кезеңдері (Тамбов облысы мысалында)» атты мақаласында осы мәселелер қозғалған [95].

А.О. Дуранчеваның пікірінше, тек журналистер ғана емес, «Аудитория өзі контент жасауға мүмкіндік алды, бірақ дезинформация да көбейді». Себебі олардың, яғни аудиторияның бәрі бірдей маман емес.

2000 ж. кейін интернеттегі БАҚ өзара бәсекеге түсе бастады. Сонымен қатар, аудитория жаңалықтарды өз бетінше жасап, тарату мүмкіндігіне ие болды. Осы кезеңде блогтар пайда болды. Мультимедиа элементтері (видео, фото, инфографика) мен интерактивтілік қосылғаннан кейін, дәстүрлі баспасөз жаңа мүмкіндіктерге ие болды:

Оқырмандар саны артты.

Ақпарат тарату жылдамдығы артты.

Жаңа байланыс арналары пайда болды.

2010 ж. БАҚ-тың ақпарат тарату арналары кеңейді. Газеттер электрондық сайттардан бөлек, мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде белсенді бола бастады.

1) Журналистік материалдардың ықшамдалуы – қысқа, нұсқа контентке сұраныс артты.

2) Роботтандыру және технологиялық даму – жасанды интеллект және автоматтандырылған жүйелер қолданыла бастады.

3) Әлеуметтік-мәдени контентті жасау және басқару – ақпарат енді тек журналистермен ғана емес, аудиторияның қатысуымен де қалыптасады.

4) Мәтіннің релеванттылығы – оқырман қажеттіліктеріне сай ақпарат беру маңызды бола түсті.

5) Мультиплатформалылық – БАҚ бір ғана сайтпен шектелмей, Telegram, Instagram, YouTube сияқты түрлі платформаларға бейімделді.

Осыдан 10 жыл бұрын, яғни 2015 жылдары адамдар жаңалықтарды сайтқа кірмей-ақ, тікелей мессенджерден немесе әлеуметтік желіден оқуды жөн көреді.

Бұл – ақпаратқа қолжетімділікті жеңілдеткенімен, БАҚ-тың жаңа форматтарға бейімделуін талап етеді.

А.А. Лисенка бұл кезеңде ақпараттың тек сарапшылар тарапынан модерациялануы ғана емес, сонымен қатар семантикалық интернеттің пайда болуы маңызды екенін атап өтеді [96].

В.А. Шачкова әзірге концепция деңгейінде, бірақ оның элементтері қазірдің өзінде медиа кеңістікте белсенді түрде қолданылып жатқанын айтады [97].

Зерттеушілердің ортақ пікірі бойынша, дәстүрлі жаңа кезеңге көшу кезеңінде тұр. Ол жасанды интеллект-журналист дәуірі деуге болады.

Профессор Е.Л. Вартанова пікірінше, «Digital бағыт БАҚ-ты толығымен қамтып, дәстүрлі баспасөздің болашағын анықтайды» [98].

Цифрландыру процесі ұзақ және көп деңгейлі.

Ол контент өндірісі, тарату, редакциялық саясат және журналист жұмысының өзгерісін қамтиды.

В.В. Гатовтың айтуынша, брендке айналған баспасөз басылымдары жаңа медианы қабылдау барысында үлкен қиындықтарға тап болуда [99].

Газеттер мен журналдар дәстүрлі өндірістік циклге тәуелді болғандықтан, жылдам медиатүтынуға толық бейімделе алмайды.

Қорытындылай келе, дәстүрлі БАҚ цифрлық жүйеге бейімделуде, бірақ технология күн сайын қарқынды дамып жатқан соң, толық көшу деген ұғым шартты болып қалады. Себебі күн сайынғы жаңаруға ілесе алуы шарт. Сондықтан БАҚ әлі де біраз өзгерістерден өтуі керек. Этнокөсемсөздер де соған сәйкес жарияланып, түрлі формада көрініс табады.

Әлеуметтік желілер арқылы цифрландыру

Алғашқы кезеңде этногазеттер сайт ашқанға дейін әлеуметтік желілерде парақшалар құрды («В Контакте», «Одноклассники», Facebook, Instagram). Бұл қаржылық шығындардың болмауымен байланысты болды – сайт жасау үшін қаражат қажет болса, әлеуметтік желілерде парақша жүргізу тегін еді.

Тек кейінірек жеке сайттар пайда болды. Сайттардың пайда болуы нәтижесінде 1) жүйелі жұмыс жолға қойылды; 2) БАҚ-қа субсидиялар беріле бастады, бірақ тек электронды нұсқалары бар редакциялар ғана қаржылық қолдау алды; 3) газет басшылығы цифрландыруды қолға алды. Этнокөсемсөздер жарияланатын басылымдардың болуы мемлекетіміздің ішкі саясатына да тікелей байланысты болды. Бұл Бүгінгі күні де Ассамблеяның 30 жылдығы қарсаңында да өзектілігін арттыра түсуде.

Бұл өзгерістер газеттердің аудиториясын кеңейтті, өйткені жаңа онлайн платформалар оқырмандардың санын арттыруға мүмкіндік берді.

Газеттердің жаңа форматы. Цифрландыру процесі дәстүрлі газеттердің медиа тұжырымдамасына өзгерістер енгізді:

Контентті әртүрлі платформаларға бейімдеу – БАҚ ақпаратты сайт, әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы таратуды үйренді.

Басылымның фирмалық стилін сақтау – газет сайттарының дизайны баспа нұсқасына ұқсас етіп жасалды (бет орналасуы, бағандар, шрифтер, түстер).

Газет материалдарының шектеулерден босатылуы – сайттарда мақалалар саны мен форматына шектеу қойылмайды, бұл журналистерге көбірек еркіндік береді.

Жаңалықтардың жедел таралуы – енді оқырмандар газеттің баспа нұсқасын күтпей-ақ, ақпаратты бірден ала алады.

Гибридті медианың қалыптасуы. Цифрлық медианың кері бағыты: онлайннан баспаға көшу процесі орын алды

Мультимедиа журналистиканы қайта жасақтауға әкелді. Осылайша журналистикада аралас жанрлар немесе былай айтқанда «гибридті жанрлар» пайда болды. Телевизиялық журналистика – визуалды түрде, радиожурналистика – ақпаратты аудио түрінде таратады, ал газет толыққанды мәлімет бере алады. Ал интернет желісінде мүлде бөлек жағдай. Журналистік материал сан алуан болып қана қоймай, сонымен қатар барша жаңалықтарды, мағлұматтарды қамтиды. Ол дыбыс пен бейненің, сурет пен слайдтардың, гиперсілтемелі мәтіндер мен инфографиканың байланысқан түрі. Бұл мүлде басқа жаңаша өнім. Ол интерактивті комментарий, дауыс беру сияқты мүмкіндіктер бере алады.

Дәстүрлі БАҚ-тан ерекшелігі – қолжетімді, интерактивті, оперативті. Интернет жаңа медианы орналастыру үшін ең қолайлы орта болып қалды.

Кинохроника мен теледидар жүз жыл бойы жаңалықтарды мәтін, дыбыс, статикалық бейнелер, бейнежазбалар мен анықтамалық графиктердің көмегімен таратып келді. Бүгінде «мультимедиа» термині сандық сторнингтің кез келген түрі үшін қолданылады.

Егер бастапқыда газеттердің сайттары тек қағаз нұсқасының көшірмесі болса, қазір олар дербес ақпараттық платформаға айналды:

Тек газетте жарияланатын материалдар бар.

Тек сайтта жарияланатын эксклюзивті контент бар.

Әлеуметтік желілерде қосымша жаңалықтар мен видеоматериалдар таратылады.

Айта кететін маңызды нәрсе – газеттердің әлеуметтік желілердегі контенті әлі де бір-біріне ұқсас. Мысалы, «ВКонтакте», «Одноклассники», Telegram-да бірдей материалдар жарияланады. Бірақ цифрландыру дәуірінде жаңа мультимедиялық элементтер қосылды:

Фотолармен бірге видеороликтер де жариялана бастады.

Интерактивтілік артты – оқырмандар пікір қалдырып, жаңалықтармен бөлісе алады.

Цифрландыру кезеңдері:

1) Бастапқы кезең (PDF форматындағы электронды нұсқа)

- Газеттің қарапайым электронды көшірмесі PDF форматында жасалады.
- Оқырмандар оны ақылы түрде немесе жазылым арқылы сатып алады.
- Бұл цифрландырудың ең қарапайым нұсқасы, бірақ газеттің интернетте болуы оны «цифрлық БАҚ» қатарына енгізеді.

2) Әлеуметтік желілерге шығу

- Газеттер «ВКонтакте», «Одноклассники», Facebook, Instagram сияқты әлеуметтік желілерде парақшалар ашады.
- Бұл қадам арзан әрі қолжетімді, сондай-ақ мультимедиа контентін (фото, видео) қолдануға мүмкіндік береді.

3) Жеке веб-сайттардың пайда болуы

- Әрбір аудандық газетке дербес веб-сайт ашылды.
- Дәстүрлі газет пен оның интернет-нұсқасы бір БАҚ емес, екі бөлек медиа құралы ретінде қалыптасты.

4) Мессенджерлерге көшу

- 2022 жылдан бастап аудандық газеттер Telegram-да арналар ашып, ақпарат тарата бастады.

Цифрлық медианың кері бағыты: онлайннан баспаға көшу процесі орын алды. Кейбір БАҚ тек интернетте жұмыс істеп, кейін қағаз нұсқасына қайта оралуда. Мысалы, Ресейде «Маркер» интернет-газеті «Известия» басылымымен бірге баспа нұсқасын шығара бастады.

Тамбов облысында «РИА ТОП 68» цифрлық медиа ретінде құрылғанымен, кейін қағаз газет ретінде де тарала бастады.

«ТОП 68» газеті Digital-First концепциясын қолданады:


- Журналистер алдымен сайт пен әлеуметтік желілерге жаңалықтар жариялайды.
- Содан кейін мазмұны қағаз газетке бейімделеді.

Бұл стратегия пайда табу мақсатында жүзеге асқанымен, медиа конвергенцияның жаңа бағыттарын көрсетеді. БАҚ цифрлық

трансформациядан өтумен қатар, кейбір интернет-басылымдар дәстүрлі қағаз форматқа қайта оралуды да тәжірибеден өткізуде.

3.3 «Этнокөсемсөз» платформасы: дәстүр сабақтастығы және жаңашылдық

«Этнокөсемсөз» порталы — Қазақстандағы этнобасылымдарға арналған ақпараттық ресурс. Бұл платформада әртүрлі этностардың мәдениеті мен дәстүрлерін насихаттайтын басылымдар, ғылыми мақалалар, аудиокітаптар және мультимедиялық материалдар ұсынылған. Порталдың мақсаты — Қазақстандағы этникалық басылымдарды бір арнаға тоғыстырып, олардың кең аудиторияға қолжетімділігін арттыру.




Сурет -1 – Платформаның логотипі

«Этнокөсемсөз» порталының эмблемасы көсемсөз эмблемасында баспаның ішінен қазақша ою шығарылған. Бұл дегеніміз – этнокөсемсөздің негізгі өзегі – Қазақстан халқы екендігін білдіреді.


Порталдың жоғарғы жағында жүгіртпе жол беріледі. Жүгіртпежолда ҚР Ассамблеясына 30 жыл толуына орай қатысты мәліметтер беріліп тұрады.

Сол жағында әлеуметтік желілердегі парақшалары тіркелген.



Сурет – 2 – Платформаның әлеуметтік желі парақшалары

Ал беттің оң жағында сайтқа тіркеліп, кіру белгілері қойылған. Осы арқылы порталға тіркеліп, жаңалықтарды оқып тұруға болады. Бұл порталдың бүгінгі талапқа сай цифрландырылғандығын көрсетеді [<https://etnokosemsoz.kz/?p=418>].




Сурет – 3 – Платформаға тіркелу, кіру жолы

Сонымен қатар бұл портал түрлі халықтардың жекелеген баспа этнокөсемсөзінің басын бір арнаға жинайтын, бір түймешімен басқарылатын цифрлық нұсқасы деуге толық негіз бар.

Одан төмен түссек, порталда «Авторлар», «Этнобасылымдар», «Ғылыми мақалалар», «Аудиокітаптар» және «Мультимедиа», «Байланыс» секілді бөлімдер бар. «Авторлар» бөлімінде этникалық тақырыпта жазатын қаламгерлердің еңбектері жинақталған. «Этнобасылымдар» бөлімінде әртүрлі этностардың газеттері мен журналдары туралы ақпарат берілген. «Ғылыми мақалалар» бөлімінде этносаралық қатынастар, мәдениет және дәстүрлер туралы зерттеулер жарияланады. «Аудиокітаптар» бөлімінде этникалық әдебиеттердің аудионұсқалары ұсынылған. «Мультимедиа» бөлімінде бейнематериалдар мен фотогалереялар орналастырылған.

«Авторлар» айдарында порталды құрушы ретінде өз этнокөсемсөзіміз жарияланған [<https://etnokosemsoz.kz/?p=418>].



Сурет – 4 – Этнокөсемсөз жайлы көсемсөз.

«Этнос — халық, көсемсөз — сол халықтың тілі,- дер едім. Яғни, халықтың, қоғамның, ортаның тілі.

Армысыз, оқырман!

Этнокөсемсөз. Алғашқылардың бірі болып «этнос» ұғымына анықтама берген М. Вебер: «Этнос — сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық, не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ» деген екен. Бұдан кейін де көптеген зерттеушілер этносқа аумақ, тіл, дін ортақтығының негізінде әртүрлі анықтама беруге тырысты. Этникалық ұйысудың басты тетігі салт-дәстүр, әдет-ғұрып. Мұраға қалатыны — медениет. Демек, этнос ең алдымен, меденитілдік қауымдастық. Ал, көсемсөз — осы қауымдастың алдында тұрған, ол өмір сүрген дәуірдің саясатымен, философиялық көзқарастарымен байланыстыра отырып, халықтың рухын көтеретін, уытты да ұшқыр, деректі тілмен жазылған, өткір маселелерін қозғайтын саласы. Бәрімізді игі істерге шақыра отырып, бір мақсатқа жұмылдыратын замансөз жанры. Уақыт өте келе алғашқы этникалық белгілер жаңа ортаға бейімделіп жаңарады, ескілері ұмытылып, санадан біртіндеп, біржола өшеді. Демографиялық және экологиялық дағдарыстар кезінде этностар «бөтен» дәстүрлерге бейімделе бастайды. Жиырманшы ғасырдың орта шегінде әдет-ғұрыптарымыз қоғам дамуына орай, ұмытыла бастағанмен, көптеген дәстүрлеріміз көрегенді әжелеріміз бен аталарымыздың арқасында халықтың жадында сақталып келді. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап қана сол дәстүрлеріміз жайлы қорықпай айта алатын, ұрпағымыздың құлағына емін-еркін сіңіре алатын халге жеттік. Аңыз-әнгімелер мен ертегілер, ұлағатты да ғибратты сөздер, салттар мен ғұрыптар, әдеттер мен әдептер тіршілігіміз бен күнделікті тұрмыста да қайта жаңғырып, келешек ұрпақ игілігіне жол тартып отыр.


Ендеше, осы портал арқылы Біз Сіздермен өлгені тіріліп, өшкені қайта жанған дәстүрлеріміздің түрлерімен және ұлттар мен ұлыстардың этно басылымдарында жарық көрген қызықты жарияланымдармен жиі қауыштыратын боламыз» делінген [100].

«Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген А. Байтұрсынұлының сөзін маңдайалды сөз ретінде келтірілген. Бұның себебі – сөзді, көсемсөзді мемлекеттік тілде жазу керек деген идеядан туындаса, екінші бір ой – Қазақстанда тұрған әрбір этнос та өздерінің тілін ұмытпай, заманамен бірге жасай берсін деген тілектен туындаған.

Порталдың келесі ерекшелігі аптаның жаңалықтары жүгіртпежолдармен беріліп тұратындығында. Мәселен, осы портал туралы жазу кезіндегі этнокөсемсөздегі негізгі басымдылық «Ақберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» шығармасына негізделіп түсірілген фильмнің Қазақстанның барлық кинотеатрларында тұсаукесері өтіп жатқан болатын. Сондықтан, халық аузында жүрген «Болмаған балалық шақ» шығармасының мәтіні берілген.

Одан кейін этнокөсемсөз жарияланатын түрлі басылымдар мен ондағы мақалалар берілген. Сонымен қатар күнделікті көпэтносты Қазақстандағы жаңалықтар легі де берілген.

«Этнобасылымдар» ұяшығында Қазақстан республикасында жарық көретін этностық республикалық, аймақтық басылымдар енгізілген [100].



Сурет – 3 – Этнобасылымдар

«Ғылыми мақалалар» ұяшығында тақырыпқа қатысты бірнеше ғылыми мақалаларымыз жарияланды. Болашақта өзге де этнокөсемсөз жайлы ғылыми мақалаларды жүктеп, бұл ұяшықтың мән-маңызын арттыру ойымызда бар.

«Аудиокітаптар» ұяшығында студенттер дыбыстаған онға жуық шығарма оқуға, тыңдауға ұсынылған. Осы жерде Қазақстан халқының көпэтносты болуына әсер еткен қоғамдық, саяси, әлеуметтік жағдайлар

туралы туындыларды да енгізу ойымызда бар. Мәселен, соғыс кезіндегі оқиғаларды суреттейтін, тың игеру тақырыбына қатысты туындыларды енгізу ойда бар. Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары», т.б.

«Мультимедиа» айдарында баспасөз беттеріндегі жаңалықтар, ақпараттар беріледі. Бұл ұяшықта мемлекеттік сипаттағы идеология да көрініс табады.

Порталдың оң жағында қоғамда болып жатқан соңғы жаңалықтар көрсетілген. Кез келгенін үстін басып, оқи алуға болады. Жаңалықтарының бәрі Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналып өтіп жатқан түрлі мәдени шаралар туралы материалдар берілген. «Ұлттар достығының 30 жылы» атты мәдени шара, «Ақсақалдар тағылымы – адал қоғамның кепілі» атты салтанатты мәдени шара, этнокөсемсөз туралы ғылыми мақалалар берілген.

Одан төменірек түрлі санаттар мен тіркелу санаты берілген.

«Этнокөсемсөз» порталы әзірге 3 беттен тұрады.

«Этнокөсемсөз» порталы Қазақстандағы этникалық әралуандылықты дәріптеп, түрлі ұлт өкілдерінің мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға үлес қосады.

3-бөлім бойынша қорытынды

Бұл тарауда ұлттық бірегейлік ұғымы және оның маңызы сөз болады. Ұлттық бірегейлік – белгілі бір халықтың мәдени, тілдік, тарихи және әлеуметтік құндылықтары негізінде қалыптасқан ерекше болмысы. Ол ұлттың өзін-өзі тануы, мәдени мұрасын сақтау және қоғамдық сананың қалыптасуы сияқты факторларға тікелей байланысты. Ұлттық бірегейлік тарихи жады, ортақ дәстүрлер, ұлттық тіл мен дін, мәдени символдар және мемлекеттік институттар арқылы беріледі.

Жаһандану дәуірінде ұлттық бірегейлік көптеген сыртқы ықпалдарға ұшырайды. Ғаламдық ақпараттық кеңістік, мәдени алмасу, экономикалық интеграция және технологиялық даму ұлттық мәдениеттердің өзгеруіне әсер етуде. Бұл процесте бір жағынан ұлттық ерекшеліктер әлсіреуі мүмкін болса, екінші жағынан оларды сақтап қалудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуда. **Сонымен қатар көпэтносты мемлекетте этномәдениеттің жаһандануы да кездеседі. Оның ұлтқұраушы халыққа да немесе керісінше қазақтардың өзге этностарға әсері болатыны белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде тек мәдени емес, тілдік субстраттық және адстраттық өзгерістерге ұшырайды.**

Жаһандану – әлем елдерінің экономикалық, саяси және мәдени ықпалдастығының күшеюі, бұл процесс этностардың мәдениеті мен ұлттық ерекшеліктеріне белгілі бір дәрежеде әсер етеді. Жаһанданудың мынадай жағымды жақтары бар: әртүрлі мәдениеттер арасындағы өзара байланыс күшейеді; ұлттық мәдени құндылықтар халықаралық деңгейде танымал болады; жаңа технологиялар арқылы этникалық мұралар сақталады (мультимедиа, интернет, сандық мұрағаттар).

Ал енді мынадай кері әсерлерін де атап өтуімізге болады: ұлттық дәстүрлер мен тілдің әлсіреуі, жаһандық мәдениеттің басымдыққа ие болуы; батыстық мәдени үлгілердің басым болуымен ұлттық мәдени ерекшеліктердің өзгеруі; дәстүрлі құндылықтардың өзгеруі мен этникалық бірегейліктің әлсіреуі.

Батыстық мәдениет пен тұтынушылық өмір салтының таралуы кейбір ұлттық дәстүрлердің ұмытылуына ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты көптеген елдер өздерінің этномәдени ерекшеліктерін сақтау және нығайту үшін мемлекеттік саясат жүргізуде.

Қазақ халқы өзін ұлт ретінде бірегейлікті сақтау жолдарымен ғана жаһандану кезінде қорғана алатыны жасырын емес. Ұлттық бірегейлікті жаһандану жағдайында сақтау үшін келесі шаралар маңызды:

- 1) Мемлекеттік тіл мен мәдени саясатты нығайту
 - Ұлттық тілдің қолданылу аясын кеңейту, оны білім беру мен мемлекеттік басқаруда басым ету.
 - Ұлттық мәдениет пен өнерді қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру.
- 2) Білім беру мен ұлттық тәрбие
 - Жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеу.
 - Этнография, ұлттық тарих пен әдебиетті мектеп және университет бағдарламасына енгізу.
- 3) Ақпараттық кеңістікте ұлттық мазмұнды күшейту
 - Ұлттық БАҚ пен әлеуметтік желілерде ұлттық бірегейлік тақырыбын насихаттау.
 - Қазақ тіліндегі сапалы контенттің дамуына қолдау көрсету.
- 4) Мәдени мұраны цифрландыру және халықаралық деңгейде таныту
 - Ұлттық мұраларды сандық форматқа көшіру.
 - Қазақ мәдениетін әлемдік қауымдастыққа таныту үшін халықаралық жобаларға қатысу.

Соңғы жылдары ақпараттарды цифрландыру маңызы арта түсті. Диссертация аясында этноскөсемсөздерді цифрландыру мақсатында «Этноскөсемсөз» порталы ашылып, өз жұмысын бастады. Порталда этноскөсемсөз жарияланатын негізгі басылымдар, этноскөсемсөз туралы жазылған зерттеулер, кінәтносты Қазақстан туралы материалдар, ақпараттар, аудиокітаптар жарияланған.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлік пен этномәдениетті сақтау – әр халық үшін маңызды міндет. Бұл процесте мемлекеттік саясат, білім беру,

ақпараттық кеңістік және мәдени жобалар басты рөл атқарады. Жаһандық өзгерістерге бейімделе отырып, ұлттық құндылықтарды сақтау – Қазақстан сияқты көпэтносты елдің тұрақты дамуы мен ұлттық сананың нығаюының негізі болып қала береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерде этнокөсемсөз ұғым-түсінігін жеке сала ретінде қарастырып, оның ғылыми негіздемесі және практикалық мәні ашылмағандығын аңғардық. Осындай мәселелердің шешімін табу мақсатында диссертациялық жұмыстың тақырыбын «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 ж.ж.)» деп таңдауды қажет деп шештік.

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында заманалы этнокөсемсөз кеңістігін зерттеудің ғылыми-теориялық тұжырымдары қарастырылады. Бірінші тараудың бірінші бөлімінде этнокөсемсөз туралы ұғымның тарихи тамыры мен табиғаты зерттеледі. Осы тараушада этномәдениет пен өзара ықпалдастық туралы зерттеулер жасаған ғалымдар С.А.Арутюнов және Н.Н.Чебоксаровтардың түрлі халықтар арасындағы дәстүрлер мен мәдени ерекшеліктерді жаңғыртып түрлендіру үшін БАҚ-тың ақпараттық маңызын ашудағы ғылыми-тұжырымдары ұсынылады [1, 94 б.].

Бұл тұжырымдардан этностар арқылы дүниенің тұтас картинасы мен құндылықтары, ұғымдар мен таңбалар жүйесі қалыптасатындығын аңғара аламыз. Демек, ақпараттық қысым мен шиеленіс әрбір этникалық топтың ұлттық кодын айшықтауға көмегін тигізеді. Бұдан «әлеуметтік нормаларды реттеу» қызметін атқаратын этникалық журналистиканың рөлі арта бастайды.

Орыс зерттеушісі И.Н.Блохин «этникалық журналистика» дегенде бұқаралық ақпарат құралдарында сол мемлекеттің тілінде, не өз ана тілінде шығатын диаспоралардың журналистикасы деп ұғатынымызды тілге тиек етеді. Бұл жағдайда өзге мәдениеттердің көптүрлілігін ақпараттандыру мен «ұлттардың бірігуі, олардың ұлтаралық байланыстардың жүйесіне енуі, ұлттық мәдениеттің сақталуы мен дамуы» деп қарастырған жөн [2, 305 б.]. Бірақ осы екі бағытта да бұқаралық ақпарат құралдары ұлттық-мәдениет тақырыбынан алшақтап кетпейді.

Ғалым О.А.Богатова «этникалық басылымды этникалық мәселелерді жариялап отыратын немесе этникалық топтардың этномәдени қажеттіліктерін жүзеге асыру басты міндеті болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары» деп санайды [3, 149 б.]. Зерттеуші А.Н.Кондакова болса ресейлік этникалық баспасөзге орыс ұлтынан басқа этностардың тілдерінде шығатын барлық басылымдарды кіргізеді.

И.Н.Блохин этникалық журналистика және этножурналистика ұғымдарын айырықшалап түсіндіруге тырысады. Оның пікірінше: «Этникалық журналистика – халықтың өз этникалық болмысын тану, этностың бірігуі мен нығаюы, мәдени ерекшеліктерін сақтау мен дамыту міндеттерін орындайтын журналистика» [2, 302-303 бб.]. Ғалымның осы пікірлерін орынды деп санай отырып, этникалық журналистиканың оқырманы, ең алдымен, жеке этнос өкілі болып табылатынын көреміз. Сол себептен, БАҚ жарияланымдары этнос тілінде таратылады. Масс-медианың бұл түрі көп ұлттар мен ұлыстардан тұратын аймақтарда, өз тілінде сөйлейтін

елді-мекендер мен діни-қауымдастықтар, оқушылар білім алатын этностық мектептерге жеткізіледі.

Диссертацияда «этникалық журналистика», «этникалық БАҚ», «этномәдени журналистика» және «этномәдени БАҚ» терминдеріне талдаулар жасай отырып, бұған дейін оның ортақ ғылыми анықтамасының жоқтығын байқадық. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында нақты ғылыми тұжырымдарды сараптау арқылы өз тарапымыздан зерттеулер жасауға тырыстық. Замансөз (публицистика) түсінігінің бүгінгі қоғамда атқаратын рөлін талдап, оның мемлекет мүддесі, ұлт тағдырын сипаттайтын, қоғамдық пікір қалыптастырушы күш екендігін жеткізуге тырыстық. Осы ретте отандық зерттеушілеріміз А.Байтұрсыновтың, Т.С.Амандосовтың, Т.Қ.Қожакеевтің, М.К.Барманкұловтың, Б.Ө.Жақыптың, К.Қамзин, Қ. Сақ, С.Медеубекұлының және тағы басқа ғалымдардың еңбектерін басты негізге алдық. Сонымен қатар шетелдік М.Черепановтың, О.А.Богатова, М.О. Гасанова, В.Горохов, Л.Е. Кройчик, А.А.Тертычныйдың, И.Н.Блохиннің, П.Н.Киричек, П.Ф.Потапова, А.Н. Кондакова А.С.Смолярованың және этностардың тілі мен мәдениеті жайында зерттеген И. Гердер, Э. Лант, Л. Вайсбергер, С.. Уорф, Э. Кассирер т.б. ғалымдардың біз таңдаан тақырыпқа қатысы бар ой-тұжырымдары этнокөсемсөз жанрын танып түсінуге және этникалық мерзімді басылымдардың типологиялық түрлерін ажыратуға көмегін тигізді.

Замансөзді зерттеуге қатысты осындай ғылыми тұжырымдардан этникалық басылымдардағы көсемсөз жанрының даму жолдарын айқындауға арналған диссертациялық жұмысымыздың тақырыбының өзектілігі айқындала түседі. Қазақ журналистикасының тарихы мен теориясын одан әрі ғылыми-теориялық тұрғыда жетілдіру мақсатында этникалық баспасөздегі көсемсөз жанрының мазмұны мен сипатын, эволюциялық даму жолдарын, болашағын, тұжырымдамалық болмысын зерттеп, зерделеудің ғылыми құндылығы жоғары деп білеміз.

Сонымен қатар жалпы «этнокөсемсөз» саласының ұғым-түсінігі, жанрлық табиғаты, мақсаты мен міндеттері қарастырылып, оның арнайы мәселелері болашақта іргелі зерттеу еңбегіне арқау боларлық, ғылыми жаңалығы бар, тың, өзекті проблема объектісі ретінде бағаланды. Осыған орай қазіргі жаһандану заманында ұлттық мүдде мен ұлттық құндылықтарға қайшы келетін тұстарға назар аударылып, оның этнокөсемсөз саласына ықпалы зерделенді. Сондай-ақ этнокөсемсөздің тарихи-мәдени, саяси-экономикалық байланыстарды жүзеге асыру кезеңінде қоғамдық сананы ақпаратпен қамтамасыз етудегі дәстүрлік сипаты айқындалып, өз тарапымыздан ғылыми талдаулар жасалды.

Диссертацияның бірінші тарауын орындау кезеңінде бірнеше міндеттерден туындаған ғылыми-тұжырымдарға қол жеткіздік. Этнокөсемсөз ұғымы мен түсінігіне ғылыми-теориялық таным биігінен баға беріліп оның анықтамасы ұсынылды. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы этнокөсемсөздің мазмұндық-пішіндік түрлері айқындалып, оған отандық және шетелдік

ғалымдардың ғылыми-тұжырымдары арқылы баға беруге тырыстық. Этнокөсемсөзді зерттеудің бүгінгі таңда өзекті екенін қазіргі ғылымның талап-талғамы тұрғысынан бағалап, дәлелдеп шықтық. Қазақстанның қазіргі жағдайында этнокөсемсөздің ұлттық саясатты жүзеге асыру бағытындағы мүмкіндіктері мен артықшылықтарын көрсетуге бағыт алдық.

Этнокөсемсөзді жеке сала ретінде қарастыру ұлттық журналистиканың жанрлары мен теориясын байытуға, этникалық басылымдардағы азат ой, еркін пікірлерді бүгінгі күн биігінен бағамдап, заманалы теориялық талаптар тұрғысынан зерттеуге жол ашады. Диссертациялық жұмыстың хронологиялық нысаны Қазақстанның тәуелсіздік алған кезеңінен бастап ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында жарыққа шыққан этникалық басылымдар болып саналады. Оның ішінде «Ахыска» газеті, «Давар» газеті, «Наири» газеті, «Коре ильбо» газеті, «Українські новини» газеті, «Уйғур авази» газеті, «Жамият ва маърифат» атты отандық этникалық баспасөз толық қамтылады. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзіндегі ұлтаралық татулық үдерісін насихаттаған республикалық «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Айқын», «Жас алаш», «Казахстанская правда», «Экспресс К» сияқты газеттер зерттеу нысаны ретінде қолданыс тапты.

Диссертациялық жұмыстың «Этнокөсемсөздегі ұлтаралық татулық және рухани жаңғыру идеясы» атты екінші тарауында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттану жүйесіне тереңірек зерттеу жасалады. Оның біріншісі – қазақ ұлтының тереңнен тамыр тартқан ұлттық ділін зерттесе, екіншісі қазақ территориясында мекен еткен этностардың тыныс-тіршілігі мен салт-санасын зерделеуге бет бұрды. Этникалық басылымдарда жарияланған мүмкіндігі шектеулі адамдардың тақырыбына арналған жарияланымдар мен инклюзия мәселесі сарапталады. Зерттеу нәтижелері зияткерлік кемістігі бар адамдарға жүйелі әлеуметтік қолдауды қажет ететінін атап көрсетеді, оны бұқаралық ақпарат құралдарында сауатты жариялау арқылы күшейтуге болады. Мысалы, ақыл-ой кемістігі бар әйелдер гендерлік спецификалық тәсілдерді қажет ететін білім беру үлгілерін түсінудің жоғары деңгейін көрсетеді. Ақыл-ой кемістігі бар адамдармен жүйелі жұмыс олардың интуитивті және бейімді әдістер арқылы танымдық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл құрылымдық оқыту бағдарламаларын және олардың білім беру және әлеуметтік процестерге интеграциялануын жеңілдететін инклюзивті оқыту әдістерін қажет етеді. Бұл тұжырымдар инклюзивті білім беру тек білімді беру тәсілі ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық дамуында ауытқулары бар оқушылардың өздері үшін де, толерантты әрі ашық бола түсетін жалпы қоғам үшін де өмір сапасын жақсарту құралы екенін атап көрсетеді. Бұл тұжырымдар, әсіресе, ақыл-ойы бұзылған адамдар туралы қоғамдық пікірді қалыптастырудағы БАҚ рөлін зерттеу үшін өте өзекті. Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік инклюзияның маңызды құралы ретінде зияткерлік қабілеті шектеулі адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін орасан зор

әлеуетке ие. Оларды дұрыс көрсету стереотиптерді жоюға ғана емес, сонымен қатар құрылымдық өзгерістердің қажеттілігі туралы қоғамдық диалогты бастауға көмектеседі. Осылайша, Қазақстандағы этникалық басылымдардың басылымдары инклюзивтілікті дамытуға және толерантты қоғамды қалыптастыруға елеулі үлес қоса алады.

Сондай-ақ, ұлттану үдерісі қазақ ұлтының танымы мен түсінігі айқындалып, оны ұлттық сәйкестік немесе ұлттың өзін-өзі танып-білуіне жол ашты. Ол үшін қазақы ұлттану үдерісіне негіз болған ұлттық идеяны насихаттау басым түсті. Кешегі отаршылдық пен тоталитаризмнің ықпалымен жүзеге асқан мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениет қайта өркендей бастады. Мемлекеттік деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын құндылықтар қайта жанданып, осы уақытқа дейін зерттеуге тиым салынып келген мәдени-рухани мол мұраны игеру қайта қолға алынды. Сонымен қатар қазіргі модернизациялану жағдайында қоғамды рухани жағынан жетілдіру, адамгершілік ұстанымдарды арттыру, идеологиялық жағынан тұрақты байланыс қызметтерін іздестіру қажеттілігі туды. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы «Егемен Қазақстан» газетінде 2017 жылдың 12 сәуірінде жарияланды. Жаңғыруға үлкен серпін берген бағдарламалық мақала қоғамда үлкен резонанс тудырды. Рухани жаңғыру – этнокөсемсөзде де іргелі мақалалар мен пікірлердің ошағына айналды.

Қазақстандық көпұлтты қоғамның қазіргі даму жағдайындағы өзіне тән ерекшеліктердің бірі – әртүрлі құндылықтар негізінде қалыптасқан сан-алуан әлеуметтік-мәдени құрылымдарды жетілдірудің уақыты келіп жетті. Сонымен қатар ескірген концепциялар қайта жаңартылып, тарихта ұмытылған немесе тоталитарлық кезеңде тыйым салынған құбылыстарды қайта жаңғырту үрдісі қолға алынды. Басылымдардың ішінде «Ақиқат» журналы арнайы «Ұлттану» айдарын ашып, оған қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімін бейнелейтін материалдарды беріп отырды. Онда елімізде тұрып жатқан өзге диаспоралардың қазақы менталитетпен (ділдік) сәйкес келетін, оның табиғи болмыс-бітімімен «қоңсы қонатын» бірегейлік сипатында зерделенген публицистикалық туындылар жарияланды.

Мәселен, демография, этнология, этнография ұғымдары көрініс тапқан этнокөсемсөздер жалпыадамзаттық психологияға тән құндылықтар тұрғысында насихатталады. Мұнда ұлттану үдерісі мемлекеттік саясатпен астаса байланысып, Ел бірлігі мен Қазақстан халқының ынтымағын жария етеді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан халқы Ассамблеясы республикамызда тұратын ұлттар мен ұлыстардың ұлтаралық татулық пен қарым-қатынасын жақсартуға тікелей ықпал етті.

Этнологиялық тұрғыда сипаттасақ, бұл ірі бастама әлемдік қауымдастық алдында ынтымағы мен ұлтаралық татулығы жеке дара бренд ретінде қалыптасқан, республикамыздың «қазақстандық үлгісі» болып дүние жүзін мойындатқаны шындық. Қазақстан Халқы Ассамблеясы еліміздегі ұлтаралық бірлікті нығайту мақсатында конституциялық мәртебеге ие болып,

елдің ұлттар арасындағы ынтымақ пен бірлікті, ішкі саясатты жақсартуда үлкен рөл атқарды. Ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам жағдайында ҚР Ата Заңы еліміздегі кез келген этностық топтарға қысым көрсетуге тиым салып, оған ерекше құқық береді, заңмен қорғайды.

Диссертацияда саяси сипаты басым мақалалардың да ерекше тұстары зерттеледі. Ондағы басты идея ұлтараздықты қоздырмауға келіп саяды. Мысалы, «Шелектегі басбұзарлық...» туралы мақаладан түсінгеніміз АҚШ елі үшін көпмәдениеттілік қазір проблема болудан қалған. Керісінше, бұл олар үшін артықшылық екен. Себебі әлемде жетекші ел болуға әсер еткен де осы көпмәдениеттілік болып саналады. Ал Қазақстан болса мемлекетінің темірқазығы қазақ халқы екенін жақсы түсінеді. Бүгінгі билік еліміздегі түрлі мәдениет өкілдерін сол темірқазықтың айналасына шоғырландырып, ортақ мақсатқа жұмылдыра білуі тиіс. Журналист еліміздегі ұлтаралық қақтығыстарды болдырмау үшін АҚШ сияқты көпмәдениеттілікті сақтай білген жөн дегенді меңзейді.

«Жас Алаш» – ұлттану үдерісінде өзіндік көсемсөздік стиль қалыптастырған басылымдардың бірі. Газет «оппозициялық бағыт» ұстанса да мемлекет үшін ұлтаралық бірліктің саяси мәселелерін астарлап жеткізуге тырысады. Саяси тақырыпта жазған мақалаларға назар аударсақ, «Қазақияның үндісі...» [72, 15 шілде, 2008 ж.], «Қытайда «қазақстандық шпион» [73, 20 қаңтар, 2009 ж.], «Орыс диаспорасының тойып секіруі» [74, 5 қараша, 2009 ж.] т.б. түрлі жарияланымдарын атауға болады.

Диссертациялық жұмыстың екінші тарауының екінші тармақшасында этнокөсемсөз ұлтаралық татулық жаршысы ретінде қаралады. Осы ретте «Егеменді Қазақстан» газеті ұлтаралық татулықты да ұмытпау керек екенін оқырманға жеткізуге тырысатын аға басылымдардың бірі. Мәселен, жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің «Елдестіркемек – елшіден» [57, «Егемен Қазақстан». 6 қаңтар, 1993 ж.] атты талдамалық жанрдағы танымдық-зерттеу мақаласынан ұлтаралық татулықты сақтап қалу қажеттігін аңғарамыз. Онда «Бірлесу» газетінің 1992 жылғы 29, 30, 31 нөмірлерінде басылған ұйғыр тарихшылары М.Қабиров пен М.Алиеваның «Права уйгуров в Семиречье должны быть защищены законом» атты мақаласындағы қисынсыз дүниелерге жауап жазуға бет бұрады. Өз ойларын түйіндей келіп: «Ақыры «мен жастайымнан ұйғырларды біліп, араласып өстім; қазірге дейін ұйғыр достарым да, таныстарым да, жазушылар мен журналшылар арасында сыйластарым да баршылық, соларды ойладым: «Олар да бұл авторларды құптаса, екі халықтың арасына кірбің түседі-ау!» деп мазасыздандым. Ақырында, ағайын арасындағы түсіністікке ашық әңгімеден артық ем болмас-ау деген тәуекелге келдім» [57, «Егемен Қазақстан». 6 қаңтар, 1993 ж.], - дейді. Мақалада Алматы облысындағы Ұйғыр ауданының қайдан шыққаны, ол жердің ұйғыр ұлтының жері емес екені, «ұйғыр» атауының қайдан шыққаны, оның тарихы жайлы баяндай келіп, түркі дүниесі туралы сыр шертеді. Ондағы мақсат

ұлтаралық алауыздық тудырмау, іріткі салмау қажеттігі турасында болады. Бұл мақаладан Қазақстандағы «ұйғыр» этносының тарихы туралы көп шындық туралы мәліметтер ала аламыз.

Диссертацияның осы тарауында «Айқын» газетінің ұлтаралық татулық пен бірлікті кеңінен насихаттайтын басылым екендігі дәлелденеді. Оған мысал, 2009 жылы 19 шілдеде басылым «Қазақ сары шал» деген танымдық мақаласын жариялайды. Онда журналист Төреғали Төшен Алматыдағы «Әуезов үйінде» өткен «Снегин оқулары» жайында талдамалы мақала ұсынады. Бұл жөнінде автор: «Екі өзге ұлт өкілінің адал достық қарым-қатынасы жайы сөз болғанда Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийдің, Абай мен Михаэлстің, М.Әуезов пен Леонид Соболевтің арасындағы рухани-шығармашылық достық еріксіз еске түседі», – дейді. Осы тұста атақты Бауыржан Момышұлы мен Снегиннің достығын қосуға болатындығын журналист айтып өтеді. Замандастары оны қазақ сары шал деп атап кеткен екен [75, Жас алаш, 19 шілде, 2008 ж.].

Қазақ пен орыс жазушыларының арасындағы достық турасында қазақ әдебиетінің тарланы Әзілхан Нұршайықов: «Қазақ халқының ең адал достары деп мен өзім жақсы білетін үш орыс жазушысын айтар едім. Олар Александр Бек, Александр Кривицкий және Дмитрий Снегин. Бек Баукеңді әлемге танытты. Кривицкий өзінің кітабында Баукең туралы небір тамаша пікірлер айтты. Снегин болса орыс емес, қазақ деп қабылдауға әбден болатын, ерекше мейірімді, таза жанды адам, тамаша жазушы» деген ойын жеткізеді [61, Жас алаш, 19 шілде, 2008 ж.]. Бұл материалдар оқырманға достықта шекараның жоқтығын, тіпті достықта ұлттың жоқтығын аңғартып тұрғандай әсер береді. Мұндай көсемсөздік шығармалардың ұлттану мен ұлтаралық татулықты сақтауда қазақ халқы үшін орны бөлек екендігін көре аламыз. Диссертацияның екінші тарауында тәуелсіздік жылдарындағы қазақ баспасөзі мен этникалық басылымдарды салыстырмалы талдау арқылы ұлттану үдерісі, жаһандану және рухани жаңғыру идеясының мән-мазмұны тереңінен ашылып, оның қоғамдық маңызы айшықталды. Осы ретте ғылыми жұмыста «Ана тілі» ұлт газетінің тәуелсіздік жылдары ұлтаралық татулықтың жаршысы бола білгендігі талдамалы материалдар арқылы дәйектеледі. Оның басты міндетін диссертант мемлекеттік тілді ұлтаралық татулықтың негізгі қозғаушы күші ретінде дамыту деп санайды. Газеттің ұлтаралық қатынасты нығайтуға арналған айдарлары есеп, баяндама, хабарлама, ғылыми зерттеу, проблемалық мақалалар мен хаттар түрінде жарияланады. Осы ұстанымды басылым мемлекеттік тілге деген жанашырлық көзқарастар арқылы көрсетуге тырысады,

Мәселен, тіліміздің бай әрі көркем екендігін мойындап, өз беттерімен қазақ тілін үйренгісі келетін өзге ұлт өкілдері басылым бетінде көп насихатталып отырады. Бұл орайда «Ана тілінің» «Қазақ емес, қазақтан былай емес» айдары шығып тұрады. Бұл айдарда қазақ тілінде сөйлеп жүрген өзге ұлт өкілдерінен сұхбат алынып, мемлекеттік тілді үйренуді қиынсынып жүргендерге оларды үлгі етеді. Мәңгірттіктен алыстауға шақырады. 2007

жылғы 31 мамырда басылым осы айдар туралы: «Ана тіліміздің өрісі өзге ұлт өкілдерінің арасында кеңейіп келе жатқанын көру сүйсінерлік жәйт. Әсіресе, қазақ тіліне енжар қарайтын кейбір бауырлардың жанында көркем сөзден кесте тігіп, қазақша судырап тұрған жандарға іштей ризашылығыңызды білдіресіз. Жаңа айдарымыз қазақ тілін құрметтеп, сүйіп әрі осы тілде тілдесіп жүрген ұлты басқа кейіпкерлерге арналады» [114, Ана тілі, №22, 31 мамыр, 2007], - деп жазады. Әрине, мұны естіген кез келген жан өз ұлтының ана тілін қастерлей білу қажеттігін түсінетін болады.

Диссертацияның осы тарауында Қазақстан халқының «Ел бірлігі» доктринасы жан-жақты талқылаудан өтеді. Шынында да біздің халық тәуелсіздік алғалы бері «бірлік болмай, тірлік болмайтынына» әбден көзі жеткен. Тіпті «Ырыс алды – ынтымақ» екенін, «бөлінгенді бөрі жейтінін» біздің халық ежелден білген. Оған дәлел біздің ата-бабаларымыздың салт-дәстүр сабақтастығынан тамыр тартады.

Қазіргі таңда Қазақстан тынышсыз әлемдегі тұрақтылық пен татулықтың өнегелі аралына ұқсайды. Осы тұрғыда біздің сан алуан жетістіктерімізді әлемдік қауымдастық түгел мойындады десек болады. Оған дәлел еліміз Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық ете отырып, іс жүзіндегі айнадай ұйыған бірлік-берекенің озық үлгісін паш етті. Жыл сайын елімізде Әлемдік дінбасыларының жиыны өтіп тұрады. Қазақстан Батыс пен Шығыс өркениеті арасына алтын көпір болып жалғасын тауып жатыр. Осыдан Қазақстанның ұлтаралық татулық пен бірлікті өз жерінде сақтап қалу үшін бар күшін салатынын айқын аңғара аламыз. БҰҰ 2010 жылды Қазақстанның ұсынысымен «Мәдениеттерді жақындастыру жылы» деп жариялаған болатын. Бұл әлемге татулықты өнеге етудегі еліміздің өзіндік үлгісі болмақ.

Диссертацияның екінші тарауының үшінші тармақшасында этномәдениеттің жаһандану және рухани жаңғыру идеясын қалыптастыру бағыттары зерттеледі. Қазақстан секілді дамушы мемлекеттер үшін жаһанданудың тигізетін ықпалы өте зор болғанымен қауіп-қатердің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Себебі жаһанданудың басты идеясы – ұлттық мемлекеттерге немесе басқа да аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжамға барып тіреледі. Оған қарсы тұрып, ұлт ретінде жұтылып кетпеудің бірден-бір амалы – рухани жаңғыра отырып, ғаламдық даму үрдістерінен қалмау, бәсекеге қабілеттілікті арттыру.

1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматыда 11 тәуелсіз мемлекетті біріктірген Алматы декларациясы қабылданып, соның нәтижесінде бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоймаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Негізгі мақсат – бейбітшілікті нығайтып, ұжымдық негізде мүше мемлекеттердің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау.

Диссертацияның осы тарауында осыған қатысты «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылдың 15 желтоқсан күнгі санында сараптамалық мақалаға ерекше назар аударылады. Сонымен қатар «Қазақстан өз Тәуелсіздігінің 21

жылы ішінде халықаралық ұйымдарға қатысушы мүше ғана емес, халықаралық ЕҚЫҰ, ИЫҰ, ШЫҰ, ТМД, ЕурАзЭҚ, АӨСШК секілді ұйымдардың төрағасы ретінде танылғандығы атап өтіледі.

«Егемен Қазақстан» газеті осындай саяси маңызы зор мақалаларды үнемі жариялап, басылымның «сараптамалық-талдамалық» үрдісін жалғастырып отырды.

Диссертацияға арқау болған материалдар негізінде «Этнокөсемсөз» платформасы дайындалды. Платформада этнокөсемсөз жарияланатын жекелеген этностардың газет-журналдары, ондағы мақалалар, этнокөсемсөз жайлы зерттеулер мен өз зерттеуіміздің нәтижесінде жарияланған мақалалар, Қазақстанда этносаралық татулық жайлы ақпараттар, ҚР Ассамблеясының 30 жылдығына арналған іс-шаралар туралы мәліметтер жүктелген. Бұл осы зерттеу негізінде жасалған ірі істеріміздің бірі деп санаймыз.

Зерттеуіміздің басында қойылған міндеттерді түгел орындай отырып, біз мынандай қорытындыға келдік.

Яғни қазіргі таңда біздің қоғамымыздың алдында елімізде тұрып жатқан барлық азаматтардың ұлттық бірлігінің жетістіктері мен әртүрлі халықтардың этномәдени ерекшеліктерін сақтау арасындағы теңгерімді табумен байланысты күрделі мәселе тұр. Басқаша айтқанда сөз ұлттық және этникалық бірегейліктің үйлесімділігі туралы болмақ. Дәл осы міндет бүгінде этникалық БАҚ-қа, әсіресе баспасөз саласындағы этнокөсемсөздік мақалаларға жүктеліп отыр. Этникалық басылымдардың басты міндеті – ұлттық бірлікті, азаматтық қоғамды назарда ұстау және этностардың дәстүрлері мен салттарын, құндылықтарын қорғау болып табылады.

Әрине, бүгінге дейінгі әртүрлі басылымдар бұл міндетті әрқалай жүзеге асырып келеді. Кейбір басылымдар еліміздегі түрлі тарихи себептерге байланысты өмір сүріп жатқан этностардың жергілікті бейімделуін және басқа этностармен бейбіт, тату-тәтті тіршілік ету үшін жайлы жағдайлар жасауды өзінің басты миссиясы санайтындықтарына дәлелдер бар. Сонымен қатар этникалық басылымдардың мазмұнын саралай келе, этникалық медианың өзінің мазмұнын өзгерткендігін байқадық. Енді бұрынғыдай белгілі бір елдің мәдени ерекшеліктерін насихаттап отыратын қарапайым газеттермен қоса идеологиялық, тіпті саяси бағыты айқын көрінген басылымдарды да кездестіруге болады.

Жоғарыда аталған этникалық басылымдар белгілі бір этностың ел тарихы мен қазірге дейінгі жеткен жетістіктеріне үлесін айқын көрсете отырып, ұлттық бірегейлікті таратушы ролінде болса, екінші жағынан қазақстандық этностардың этникалық бірегейлігінің өзектілігін арттырады, әрі олардың тарихи отанының сән-салтанаты, мейрамдары, тұлғалары, тарихи оқиғалары, мәдени ерекшеліктері туралы айта отырып, араларына берік көпір салады.

Жан-жақты жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Жалпы көсемсөз саласы осыған дейін зерттелді. Алайда, одан тарайтын этнокөсемсөз – журналистика саласы бойынша ғылыми айналымға алғаш рет түсіп отырғандығымен құнды. Осыған орай, ғылыми зерттеуде этнокөсемсөздің жанр ретінде қалыптасқан ғылыми-теориялық тұғырлары айқындалды.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы этнокөсемсөздің мазмұндық-пішіндік сипаттары синтезделіп, оның теориялық-тәжірибелік сипаты ашылды. Жалпы оның сипаттамасын беруге талпыныс жасалды.

3. Жалпы ұлттың ұлт болып сақталуы жолындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар туралы жарық көрген ұлттық басылымдар мен этникалық баспасөзді салыстыра отырып, қазақ халқының рухани байлығының қандай дәрежеде болғандығын, сол игі дәстүрді ары қарай жалғастыру үшін қазіргі жаһандану заманында қалай жүзеге асып жатыр деген сауалдарға жауап іздестіріліп, оның нәтижесі көрсетілді.

4. Диссертацияда ұлттық және этникалық бірегейлікті сақтауда этникалық БАҚ-тың міндеттері мен оған қосатын айырықша үлесі айқындалды. Ол үшін 1991-2016 жылдар аралығында жарық көрген этногазеттердегі публицистикалық мақалаларға ерекше назар аударылды.

5. Зерттеудің негізгі ғылыми-тұжырымдамалық ережелерін басшылыққа ала отырып, жасалған талдаулар мен дәлелдер айқындалып сипатталды. Олар өз кезегінде зерттеудің алдына қойған міндеттерін шешудің тиімділігін арттырды.

Диссертация тақырыбына байланысты жүргізілген зерттеу нәтижелері Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті мен аймақтардағы журналист кадрларын даярлайтын жоғары оқу орындарының «Журналистика», «Халықаралық журналистика», «Этножурналистика» «Медиакоммуникация» мамандықтарының, сондай-ақ «Этникалық журналистика», «Этнопублицистика», «Публицистің шығармашылық шеберлігі» пәндерінің білім беру бағдарламалық кешеніне енгізіліп, журналистика курсының оқу пәндері ретінде қолданыс табады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбын ғылыми-теориялық жағынан терең қарастыру арқылы жасалған қорытындылар бойынша келесі ұсыныстар әзірленді:

1. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ көсемсөзін және этникалық басылымдардағы көсемсөз жанрын тақырыптық және проблемалық ізденістерге сай бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерттеуді арттыру;

2. Тәуелсіздік жылдарындағы этнокөсемсөздің даму бағыттарын кеңестік кезеңдегі этнопублицистикамен салыстыра отырып қайта қарастыру;

3. Жоғары оқу орындарының оқу үдерісіне «Этножурналистика», «Этнокөсемсөз» білім беру бағдарламасын енгізу.

4. «Ұлттық және этникалық басылымдардағы көсемсөз жанры» тақырыбында оқу құралын немесе монографиялық еңбек әзірлеп, жарыққа шығару;

5. Рухани жаңғыру және қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуды ақпараттық қолдау аясында жас мамандар мен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған семинар сабақтар мен ғылыми-тәжірибелік конференцияларды ұйымдастыру.

Қалай болғанда да, Қазақстандағы этникалық басылымдардың Отанымыздың бүгіні мен болашағына, әлемдік өркениетке лайық, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтауда, ұлтымыздың мерейін асқақтатуда атқаруға тиіс міндеттерін жүзеге асырып отыр. Мұндай медиа арқылы диаспора өкілдері де өздерін еркін, қорғалған, маңыздылығы мен білімі, мәдениеті жоғары дамыған елдер қатарында сезінеді. Этникалық басылым барлық этностарға қазақстандық қоғамның ажырамас бөлігі ретінде сезіне отырып, өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтауға қолайлы мүмкіндік жасайды. Бұл этникалық аралық байланыстардың реттелуіне, ұлттың бірлігін нығайтуға, шынайы төзімділік ауанын қалыптастыруға және үйлесімді мультимәдени ортаның пайда болуына септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, «Этнокөсемсөз: дәстүр және жаңашылдық (1991-2016 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында этнокөсемсөздің бұрын-соңды зерттелмеген қалыптасу, даму жолдарын ғылыми тұрғыдан алғаш рет жүйелеуге талпыныс жасалды.

Ғылыми жұмыста қарастырылған публицистика тарихы, жанрлары, тәжірибелері, әсіресе этнокөсемсөз ұғымы, жанрлық сипаты, көркемдік құрылымы жайындағы пікірлер мен пайымдаулар журналистика, публицистика, баспасөз саласындағы мәселелерді ғылыми сарапқа салу үшін басты бағдаршам бола алады деп есептейміз.

Этнокөсемсөздің нысаны – қоғамдық өмір, қоғамда болып жатқан барлық құбылыстар мен қарым-қатынастар деуге толық негіз бар. Этнокөсемсөздің өз алдына дербес ғылыми нысан ретінде зерттеліп зерделенуі – бүгінгі күннің басты талабы болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Арутюнов С.А. Народы и культуры : развитие и взаимодействие.М., 1989.; Чебоксаров Н., Чебоксарова И.А.. Народы. Расы. Культуры. М.,1985.
2. Блохин И.Н. Этнологическая культура журналиста//Вестник Санкт-Петербургского университета. Сер. 9. 2008. Вып.2,ч.2.С.305.
3. Богатова О.А. «Конструирование этничности» и этническая пресса//Информационная политика в регионе: между прошлым и будущим:материалы Всерос.науч-практ.конф. в МГУ им.Н.П.Огарева. 19 дек. 2002г./МГУ им. Н.П.Огарева; Под ред. П.Н.Киричека.Саранск, 2003.С.149.
4. Кондакова А.Н. Разноязычная пресса России // Пресса и этническая толерантность.М., 2000.С.16-17.
5. Августевич С.И. Этническая журналистика и идентификация читателя //Медиа. Информация. Коммуникация. Вып.3.2012.// [Электронный ресурс]// URL:<http://mic.org.ru/3-nomer-2012/126-etnicheskaya-zhurnalistika-i-identifikatsiya-chitatelnya> (04.06.2017).
6. Медеубекұлы С. Замансөз, шешенсөз және көсемсөз// Қазақ әдебиеті газеті.№3(3481)7- бет. 22.01.2016.
7. Жұқып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері//Оқулық.-Алматы: Қазақ университеті, 2007.-486 б.
8. Даль В. Толковый словарь. Т.III. - М.:Гос.изд.иностранных в национальных словарей, 1956.- С.535.
9. Сабирова В.К. Филологические науки. Вопросы теории и практики. №8(38) 2014,1-бөлім. 184 с.
10. Бахтин М.Человек в мире слова/сост., предисл., прим.О.Е.Осовского.М.:Изд-вл Рос.откр.ун-та, 1995. 140с.
11. Қамзин К. Публицистика жанрларының эволюциясы:оқу құралы//.-Алматы: Қазақ университеті.-2015.-425б.
12. Қоянбекова С. Публицистикалық стиль мәселелері// Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. №11.2005 жыл. 47-51беттер.
13. Литвинов В.М. Мир глазами публициста//М.:Знание, 1967.с.273.
14. Ленский И. Л. Проблемы формирования культуры межнациональных отношений в педагогической публицистике 1991—1997 гг. Диссертация на соискание ученой степени кандидат педагогических наук. — М., Российская академия образования, 1998
15. Блохин И.Н. «Этнологическая культура журналиста»// Вестник С-Петерб.ун-та. Сер.9.2008,вып.2, ч.2.
16. Куценко И.В. Уроки этнопублицистики// Москва, 2012.
17. Барсукова А.В. Этническая журналистика Приволжского федерального округа: опыт системного анализа//Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского, 2017, № 6, с. 148—151

18. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003.-208 б
19. Абдрахманов С. «Астана» радиосындағы сұхбат. [Электронды ресурс] www.parlam/kz/abdrahmanovs/Details.
20. Овсепян Р. П. История новейшей отечественной журналистики [Электронный ресурс]. URL: evartist.narod.ru/text/60.htm (дата обращения: 24.05.2017).
21. Богатова О.А. Конструирование этничности и этническая пресса // Информационная политика в регионе: между прошлым и будущим. Саранск: Красный Октябрь, 2003. С. 148–153.
22. Малькова В.К. Этнические аспекты журналистики: из опыта анализа российской прессы. М.: Информполиграф, 2004. 278 с.
23. Блохин И.Н. Этнологическая культура журналиста // Вестн. С.-Петербургск. ун-та. Сер. 9: Филология. Востоковедение. Журналистика. 2008. № 2–2. С. 302–307.
24. Гарифуллин В.З. История татарской журналистики начала XX века: учебно-методическое пособие /Казань: Издательство Казанского университета, 2023. - 168 с.
25. Кузбеков Ф.Т. Становление средств массовой информации Башкортостана и развитие этнической культуры башкир, XIX в. - 1930-е гг.//тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 10.01.10, доктор филологических наук Кузбеков, Фаниль Тимерьянович// 2001 г.-339 стр.
26. Лепилькина О.И. Место и роль художественной литературы в провинциальной прессе России второй половины XIX – начала XX век//Литературоведение, 2019
27. Данаева Н.Т. Авторлық құқық және этнокөсемсөз//ҚазҰУ Хабаршысы (журналистика сериясы), Қазақ университеті, 2017 ж., №43, 215-219 бб.
28. Данаева Н.Т., Дилек И. Қазақстандағы этнокөсемсөз: ұйғыр халқының қазіргі баспа беттерінде көрініс тапқан әдет-ғұрыптарының саралануы//ҚазҰУ Хабаршысы (журналистика сериясы). Қазақ университеті, 2018 ж., №4 (50). 67-76 бб.
29. DAZ (www.deutsche-allgemeine-zeitung.de) Роль этнических СМИ в Казахстане. қаңтар 11, 2016, kazgazeta.kz/?p=40061.
30. Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVIII сессиясында сөйлеген сөзі//Егемен Қазақстан» газеті. 31 қаңтар 2018ж. №21 (29252).
31. Тертычный А.А. Жанры периодической печати.-М.:Аспект Пресс, 2006.
32. Қ.Аллаберген. Ж.Нұсқабайұлы. Ф.Оразаев. Қазақ журналистикасының тарихы. 291бет.

33. Бобков А.К. Газетные жанры: учеб. пособие. –Иркутск:Иркут ун-т, 2005-64с.
34. Гуревич С. Репортаж в газете. М., 1963. 33 с.
35. Кройчик Л.Е. Система журналистских жанров./ Л.Е.Кройчик.// Основы творческой деятельности журналиста/ ред.-сост. С.Г. Корконосенко..СПб.:2000-С.153-156 [Электронный ресурс].-Режим доступа:<http://evartist.narod.ru/text5/64.htm>.-Дата доступа:22.11.2015.
36. Серікбай Оспанұлы. Ы.Алтынсарин хаттарын қайта оқығанда //Егемен Қазақстан»газеті. 11 наурыз 2016ж. Ыбырай Алтынсариннің Ильминскийге жазған хаты. <https://adebiportal.kz>blogs>view>
37. «Ахыска», «Украинськи новины» , «Давар» , «Уйғур авази», «Коре Ильбо» газеттерінің материалдары . 2006-2011-2015жж.тігіндісі
38. «Давар» газеті, желтоқсан, 2006 ж.
39. Черепанов М.С. Проблемы теории публицистики.-М.:1973.-С.272.
40. Амандосов Т.С. Публицистика-дәуір үні. Қазіргі қазақ публицистикасы және оның жанр ерекшеліктері.Алматы, «Қазақстан».1974.120 бет.
41. «Ахыска» № 6. 31 шілде, 2005 ж.
42. Уйғур авази газеті, Уйғурчә йер-су намлири һәққиндә. №16 (7872) 19-апрель, пейшәнбә 2018-жил.
43. Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі.www.akorda.kz/kzspeeches/internal_political_affairs/
44. Данаева Н. Бесіктен бақиға дейін немесе этнокөсемсөз.//«Тұрақты даму мақсатындағы халықаралық журналистиканы оқыту модельдері (МТИУ)» атты II Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция//Қазақ университеті, 07.04.2017 ж.
45. Али Ырза Арслан. Қазақстан Орта Азида гауһар секілді жарқырауда. «Ахыска» 2005 жылғы 30 маусымдағы №6.
46. <http://e-history.kz/kz/contents/view/1206>
47. Данаева Н.Т. Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген этнобасылымдар.//«Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция//Қазақ университеті, 2018 ж., 228-232 б.;
48. <http://e-history.kz/kz/contents/view/1206>
49. [49, <http://e-history.kz/kz/contents/view/1206>].
50. ҚР Конституциясы, 14-бап, 2-тармағы
51. ҚР Конституциясы, 39-бап, 2-тармағы
52. <http://www.akorda.kz>
53. «Егеменді Қазақстан». 7-қараша, 1991ж.
54. «Егеменді Қазақстан». 26-қараша, 1991ж.
55. «Егеменді Қазақстан». 29-қараша, 1991ж.
56. «Егемен Қазақстан». 5-қаңтар, 1993ж
57. «Егемен Қазақстан». 6-қаңтар, 1993ж

58. «Егемен Қазақстан». 1-қаңтар, 1993ж
59. «Егемен Қазақстан». 6-қаңтар, 1993ж
60. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
61. «Егемен Қазақстан». 13-қаңтар, 1994ж
62. «Егемен Қазақстан». 22-ақпан, 1994ж
63. «Егемен Қазақстан». 16-ақпан, 1995ж
64. «Жас Алаш» 1991 жылы 21 желтоқсан
65. «Жас Алаш, 24 желтоқсан, 1991 ж. №245
66. Жұмабаев М. Шығармалар. Үш томдық. 2-3 том. Алматы: Білім, - 1996, - 290 б.
67. «Жас Алаш», 27 қараша, 2004 ж
68. <http://www.aktobegazeti.kz/?p=25207>
69. Жас алаш, 21 сәуір, 2005 ж
70. Жас алаш, 9 қаңтар, 2007 ж
71. Жас алаш, 12 қаңтар, 2007 ж
72. Жас алаш, 15 шілде, 2008ж
73. Жас алаш, 20 қаңтар, 2009 ж.
74. Жас алаш, 5 қараша, 2009ж
75. Жас алаш, 19 шілде, 2008ж
76. Айқын, 22 қараша, 2008ж.
77. Айқын, 1 мамыр, 2008ж
78. Данаева Н.Т. «Ана тілі" газетіндегі этнокөсемсөз мәселелері//International Scientific Conference «Topical issues of Science and education»//Warszawa, Poland, July 17, 2017,);
79. «Ана тілі», 23 мамыр, 1991ж
80. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=853>
81. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=853>
82. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8/
83. «Ана тілі», 15 қаңтар, 1998ж
84. «Ана тілі», 29-шілде, 1999ж.
85. Артыкбаев Ж.О.. Этнология. Алматы. Қазақ университеті. 2006, 6-бет
86. Садохин А.П. Этнология. Учебный словарь. Москва, Гардарики, 2002
87. Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. Алматы. Жеті жарғы, 2008ж
88. http://www.akorda.kz/kz/national_projects/kazakhstan-halky-assambleyasy
89. <http://assembly.kz/kk/kyzmeti-0>
90. http://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakhstan-halky-assambleya-synyn-xxvi-sessiyasynda-soilegen-sozi
91. «Егемен Қазақстан» 16-наурыз, 2010ж

92. «Егемен Қазақстан» 17-наурыз, 2010ж
93. «Егемен Қазақстан», 12-маусым, 2010ж
94. «Егемен Қазақстан», 22-маусым, 2010ж
95. «Егемен Қазақстан», 12-қазан, 2010ж
96. «Егемен Қазақстан», 21-қазан, 2010ж
97. «Жас Алаш». 2-наурыз, 2000ж
98. «Жас Алаш». 6-сәуір, 2000ж
99. «Жас Алаш». 8-наурыз, 2000ж
100. «Жас Алаш». 24-қаңтар, 2002ж
101. «Жас Алаш». 10-сәуір, 2002ж
102. «Жас Алаш». 25-маусым, 2002ж
103. «Жас Алаш». 20-шілде, 2002ж
104. «Жас Алаш». 6-сәуір, 2002ж
105. «Жас Алаш». 6-тамыз, 2002ж
106. «Жас Алаш». 24-желтоқсан, 2009ж
107. «Жас Алаш». 24-желтоқсан, 2009ж
108. «Жас Алаш». 5-мамыр, 2010ж
109. «Жас Алаш». 22-қыркүйек, 2011ж
110. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
111. «Жас Алаш». 6-наурыз, 2012ж
112. «Жас Алаш». 4-шілде, 2017ж
113. «Жас Алаш». 26-қазан, 2017ж
114. Ана тілі, №22, 31 мамыр, - 2007
115. «Ана тілі». №1(1102), -2012ж
116. «Ана тілі». №33(1134), -2012ж
117. «Ана тілі». №3(1140), -2012ж
118. «Ана тілі». №41(982), -2009ж
119. «Ана тілі». 27 қаңтар, -2011ж
120. Данаева Н.Т. Тәуелсіздік жылдарында жарық көрген этнобасылымдар.//«Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция//Қазақ университеті, 2018 ж., 228-232 б
121. <http://www.akorda.kz/kz/events/beibitshilik-zhene-kelisim-saraiynda-memleket-basshysy-nursultan-nazarbaevty-n-toragalygymen-kazakstan-halky-assa-mbleyasynyn-14-shi-sessiyasy/>.
122. «Айқын». 10-желтоқсан, 2009ж
123. «Айқын». 27-мамыр, 2010ж
124. «Айқын». 23-шілде, 2009ж
125. «Айқын». 7-қыркүйек, 2010ж
126. «Айқын». 5-қазан, 2011ж
127. «Айқын». 5-қаңтар, 2012ж
128. «Айқын». 28-сәуір, 2012ж
129. «Айқын». 28 сәуір, 2012 ж.

130. Закон Республики Казахстан "О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан". URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30008935&utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 18.01.2025).
131. Конвенция ООН о правах инвалидов (ратифицирована Казахстаном 20 февраля 2015 года). URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288?utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 18.01.2025).
132. Закон Республики Казахстан "О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав инвалидов". URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35218049&utm_source=chatgpt.com (дата обращения: 18.01.2025).
133. «Инклюзивті оқыту – өзекті мәселе». Егемен Қазақстан, 19.08.2015 ж.
134. Kurmanbayeva, A., Noda L., Danayeva N., Nogaibayeva Z., Kabylgazina K. Social issues of people with special needs in modern mass media//Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment, Lifescience Global, Canada E-ISSN:2292-2598, Vol 7, No 1 (2019), pp.27-30.
135. Ахыска №11 (57), 30 ноября 2005 г. «16 ноября – международный день толерантности». URL: <https://disk.yandex.kz/i/AH7F6GNdMeo> (дата обращения: 18.01.2025).
136. Мүгедектерге арналған такси. Egemen Kazakhstan, 30 октября 2010 года. URL: <https://egemen.kz/article/6027-mugedekterge-arnalghan-taksi> (дата обращения: 18.01.2025).
137. Тағдырдың тауқыметін көп көрген қызылжарлық мүгедек аналарға қайсарлық, төзімділік қасиеттері тән // Egemen Qazaqstan. – 2010. – 27 қазан. URL: <https://egemen.kz/article/5951-taghdyrdynh-tauqymetin-kop-korgen-qyzyldgarlyq-mugedek-analargha-qaysarlyq-tozim> (дата обращения: 18.01.2025).
138. Бала – елдің ертеңі. Ана тілі. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/9041>
139. Мүгедектер масыл болмайды // Egemen Qazaqstan. – 2015. – 13 қаңтар. URL: <https://egemen.kz/article/36408-mugedekter-masyil-bolmaydy> (дата обращения: 18.01.2025).
140. Твори добро. Коре Илбо, 20 марта 2015 года, №11 (1449). URL: <https://disk.yandex.kz/i/Gj8Gm5P3ndMeo> (дата обращения: 18.01.2025).
141. Мир не без добрых людей. Коре Илбо, 1 мая 2015 года, №17, с.11. URL: <https://disk.yandex.kz/i/AIFijF-fndLzJ> (дата обращения: 18.01.2025).
142. Инклюзивті оқыту – өзекті мәселе. Егемен Қазақстан. URL: <https://egemen.kz/article/41476-inklyuzivti-oqytu-%E2%80%93-ozekti-masele> (дата обращения: 18.01.2025).
143. Петропавлда инклюзивті білім жобасы қанат қақты. Егемен Қазақстан. URL:

<https://egemen.kz/article/103527-petropavlda-inklyuzivti-bilim-dgobasy-qanat-qaq> ty (дата обращения: 18.01.2025).

144. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
145. Н.Назарбаев. «Сындарлы он жыл». «Атамұра» баспасы. Алматы, -2003ж. 10-бет
146. «Егемен Қазақстан». 15 желтоқсан, 2012ж
147. ҚР Президентінің халдыққа Жолдауы. 19-наурыз, 2004ж
148. Намазбеков М.Н. Жаһандану жағдайында Қазақстан республикасының әлемдік экономикаға интеграциялануы. «Қоғам және Дәуір» журналы. №3 саны, 2005 ж
149. «Егемен Қазақстан». 15 желтоқсан, 2012ж
150. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>.
151. «Егемен Қазақстан». 5 қараша, 2010ж
152. «Егемен Қазақстан». 9 қазан, 2017ж
153. ҚР Президентінің халыққа Жолдауы. 31 қаңтар, 2017ж.
154. ҚР Президентінің халыққа Жолдауы. 10-қаңтар, 2018ж
155. «Жас Алаш». 14 ақпан, 2017ж
156. «Жас Алаш». 8 қараша, 2011ж.
157. «Жас Алаш». 19 қаңтар, 2012ж
158. «Жас Алаш». 7 ақпан, 2012ж.
159. «Жас Алаш». 17 қараша, 2015ж
160. «Жас Алаш». 31 тамыз, 2017ж
161. Арыстанбекова А. Жаһандану – объективті процесс. «Қоғам және Дәуір» журналы. №3, 2004ж
162. Данаева Н.Т., Мергенғали Ж. Қазақстандағы этнопублицистиканың тарихи даму негіздері: көпэтносты қоғам және этномәдени ерекшеліктер//ЕҰУ Хабаршы (Журналистика сериясы), 2 (147) 2024 ж, 169-183 бб.
163. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
164. «Егемен Қазақстан». 13 сәуір, 2017 ж.
165. «Егемен Қазақстан». 14 сәуір, 2017 ж.
166. «Егемен Қазақстан». 17 сәуір, 2017 ж
167. «Ана тілі». 30 желтоқсан, 1993 ж
168. https://www.inform.kz/kz/zharylkap-beysenbayuly-elimizdegi-algashky-latynsha-sayt-kalay-ashyldy_a3270483].
169. «Ана тілі». 13 сәуір, 2017 ж.
170. «Ана тілі». 13 сәуір, 2017 ж. Санадағы серпіліс
171. «Ана тілі». 13 сәуір, 2017 ж.
172. «Ана тілі». 5 қазан, 2017 ж.
173. «Ана тілі». 2 қараша, 2017 ж.]
174. «Айқын». 13 сәуір, 2017 ж.
175. «Айқын». 5 қазан, 2017 ж.
176. «Айқын». 17 қазан, 2017 ж.
177. «Егемен Қазақстан». 12 сәуір, 2017 ж.

178. «Айқын». 30 қазан, 2017 ж.]
179. «Айқын». 30 қазан, 2017 ж.
180. «Айқын». 30 қазан, 2017 ж.
181. ҚР Президентінің Жолдауы. 10 қаңтар, 2018 ж.
182. «Егемен Қазақстан». 12 сәуір, 2017 ж.
183. ҚР Президентінің Жолдауы. 10 қаңтар, 2018 ж.

Қосымша пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алдажуманов К.С. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс-Казахстан, 1998, 428 с.
2. Н.Назарбаев. Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы, 1993; Тәуелсіздіктің бес жылы. - Алматы, 1996; Тарих тағылымдары және қазіргі заман. — Алматы, 1997; Қазақстан — 2030. Алматы, 1998; Сындарлы он жыл. — Алматы, 2003.
3. Қазақстанның Ата Заңы. - Алматы, 1998.
4. Қазақстан Республикасының Баспасөз туралы Заңы. — Алматы, 1991.
5. Көшербаев Қ.Е., Құттыбаева Р.С. Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселелері. Алматы, 1996
6. Buran A., Berna Yüksel Çak. Türkiye'de diller ve etnik gruplar. Akçağ, Ankara, 2017
7. Мектептегі А.Қ. Көсемсөздің көсемі//Алматы: Қазақ университеті, 2015.-384 б. + 22 бет.
8. Аллаберген Қ., Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразаев. «Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008)». А: Рауан 1996, А: Білім, 2010
9. Жаңабаева Д.М. Жаһандану кеңмәтініндегі дәстүр мен жаңашылдық динамикасы. Д2014/174
10. Қуанышбаева Ж.Ж. ҚР Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар.УДК 323.1(574)// Д2015/326
11. Исакова Г.З. Түркі қағанатының этно-тарихи географиясы VI-X ғ. УДК 94(574):9В.1// Д2015/225
12. Сағынадин Г.С. Түркі халықтары фольклорындағы ауыздық проза (жанрлар және кейіпкерлер жүйесі)//Д2015/241
13. Сахиева Ф.Ә. Шетелде тұратын қазақтардың құндылыққа бағдарлануының этнопсихикалық ерекшеліктері.// УДК 159.922.4// Д2015/289
14. Айтымбетов Н.И. Ұлттық бірегейлік Қазақстандық саяси мәдениеттің қалыптасу факторы.//УДК 323.1.01)574// Д2015/214
15. Султаниярова А.Ж. Оңтүстік Қазақстандағы қазіргі этномәдени үдерістері.//УДК 94(574.5)"1991/2014":39:31// Д2015/232
16. Жандосова Ш.М. Діни экстремизмге қарсы Қазақстан республикасының саясаты. Д2014/195
17. Сейфуллина М.М. Жасөспірімдерге қазақ халық балалар әдебиетінің негізінде этномәдени білім берудің психологиялық педагогикалық шарттары. Д2013/85
18. Karaman F. Doğanşar ilçesinde Etnik Yapı.//Türk dünyası Tarih Dergisi//5(53)1991, 48-49 ss.
19. Dobraca'da Türk Etnik unsurlar//Ankara:Türk Dil kurumu, 1942

20. Devlet N. Bağımsız Türk cumhuriyetlerinin sınırlarının tarihi, coğrafi ve etnik sorunları//Ankara, 1999
21. Türkdogan O. Entik sosyoloji.//Istanbul-Timaş Yayınları,1997
22. Ергубекова Ж.С. Қазақ батырлар жырларындағы этномәдени және ономастикалық концептілер. Д2014/225
23. Амандосов Т. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. - Алматы: Мектеп, 1978. - 126 б.
24. Введение в теорию журналистики. Сост. Е.П. Прохоров. - М.: МГУ, 1999.-С.126.
25. Сәрсенбаев А. Қазақстанның демократиялық ақпарат кеңістігін қалыптастыру // Ақиқат. - 1999. - №3. -15 б.
26. Федотов М. Пришествие свободы печати в России пока откладывается // Международная жизнь. - 1994. - №11. - С. 17.
27. Журналист. Социологические и социопсихологические исследования/ Под ред. Л.Г.Свитич и др. - М: МГУ, 1994. - С. 63.
28. В.В. Ворошилов. «Журналистика: Учебник.4-е издание.-Спб.: Изд-во Михайлова В.А., 2002.-656 с.
29. Ыдырысов Ә. Көсемсөз өнері. Ана тілі. 07.04.2008, 11бет
30. Жанбатыр А. Көсемсөз шебері. «Ақиқат», №1, 84-85 бб
31. Омашев Н. «Көсемсөзді күмістеген Құдекең». Қазақ әдебиеті. 21.05.1999, 5-12 бб.
32. Шыңғысова Г., Садыков С. Өңірлік мерзімді баспасөз және ұлттық идея. -Алматы, қазақ университеті, 2015 жыл
33. М. Әуезов. Әдеби мұра және оны зерттеу. - Алматы, 1961.
34. С. Мұқанов. Халық мұрасы. - Алматы, 1964.
35. Алеюгоров А.Е.Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах. — Казань, 1990.
36. Авшаратов М.Т Русская периодическая печать в Туркестане (1870-1917). -Ташкент, 1960.
37. Фетисов М.Н.Зарождение казахской публицистики. - А., 1961.
38. Имашев С.Н.Зарождение коммунистической печати в Казахстане. - А., 1961.
39. Б.Кенжебаев. Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер. — А., 1956.
40. Қ.Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. - А., 1964.
41. Қ.Бекхожин. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. - А., 1981.
42. Сұбханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. — А., 1963.
43. Сұбханбердина Ү. “Айқап” бетіндегі мақалалар мен хат хабарлар. - А., 1961.
44. Сұбханбердина Ү. Қазақ. Сарыарқа. Алаш. -А., 1993.
45. Ү.Сұбханбердина Ү. Дала уәлаятының газеті. - А., 1988, 1991,1994, 1996.
46. Сұбханбердина Ү. Айқап. -А.; 1995.

47. Сұбханбердина Ү. Қазақ. — А., 1998.
48. Бекхожин Х, С.Қозыбаев, С.Матвиенко. Очерки истории журналистики Казахстана. — А., 1988.
49. Омашев Н.. Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы. — А., 1992.
50. Ж. Нұсқабайұлы, Қ.Алдаберген. Алты алаштың ардақтылары.- А., 1994.
51. Қ.Аллаберген, Ж.Нұсқабайұлы, Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. — А., 1996.
52. Ж. Нұсқабайұлы, Қ. Аллаберген. Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер. — А., 1997.
53. Қ.Аллабергенов. Әлем баспасөзі тарихынан. — А., 1998.
54. Ө.Әбдіманов. “Қазақ” газеті. — А., 1998.
55. С.Байменшин. Төртінші билік тағлымы. — А, 1996.
56. Б.Жақып. Мұхтар Әуезов — публицист. - А., 1998.
57. Ш.Елеукенов. Кітаптану негіздері. — А., 1998.
58. М.Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. - А., 1995.
59. Қ.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. - А., 1995.
60. Л.Ахметова. Қарлығаш қаламдастар. - А., 1993.
61. Петросян А.А. История народа и его эпос. Москва, 1993
62. Найденева А.С. роль газеты «Дружба» и в углублении интеграционных процессов между НРБ и ССР. Москва, 1986//Д1951-876 ч.612.4(45л)713.р
63. Снетков В.Н. СМИ как фактор реализации свободы слова и права на информацию (политико-правовой аспект), Москва
64. Шкляр В.И. Публицистика и художественная литература. Киев, 1989
65. Шудря Н.Н.Эстетические особенности публицистического творчества. Киев, 1985
66. Халилов А.А. Ценности советского образа жизни как объект публицистики и их пропаганда средствами телевидения//Д7959/87
67. Хамраев Ф.М. Идеино-художественные особенности уйгурских народных пословиц и поговорок. Ташкент, 1989
68. Қазақстандағы түркі этностардың этнографиясын оқытудағы кейбір ерекшеліктер // Материалы международной научно-методической конференции «IX Оразбаевские чтения» по теме «Современные методы и подходы в изучении историко- культурного наследия казахстана и сопредельных стран», приуроченной к 95 летию А.М. Оразбаева 2017 г. 2 444- 446 стр. 3 - стр.
69. Қазақстан халқы Ассамблеясы: алғашқы қадамдар (1995-1997) Құжаттармен материалдар жинағы. Астана, 2015
70. Ганс В. Гиссен. МЕДИА адекватные публицирование. Содержание, концепция публикаций и презентаций. Гуманитарный центр Харьков, 2012

71. Мирошниченко А. Когда умрут газеты. Москва, Книжный мир, 2011
72. Тұрсын Қ., Нұсқабайұлы Ж. Тележурналист анықтамалығы. Теледидар сөздігі. Алматы: Білім, 2001
73. Курдюкова Л.А. Выпуск газеты: технология издания. Учебное пособие. -Балашиха, ИСЭПиМ, 2010,252 стр.
74. Леонов Л. М. Публицистика. Собр.соч.: в 10-ти т. Т.10. М.:Худож.лит., 1984
75. Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. 1 том. Алматы: ҚазАқпарат, 2009 -640 б.
76. Қазақ телевизиясы. Энциклопедия. 2 том. Алматы: Digital Media Asia, 2011 -640 б
77. Амандосов Т.С. Идея дружбы народов в Казахской советской прозе (1945-1955). Автореферат/диссертации, представленной на соискание ученой степени к.ф.н. Алматы, 1955 г.
78. Алтынбекова О.Б. Этноязыковые процессы в Казахстане//Монография. -Алматы, Экономика, 2006, - 416 стр.
79. Гамалей Т.В., Магомедов Г.А. Проблемы и перспективы развития этножурналистики в Дагестане./ Современные проблемы мировой журналистики.Т.В.Гамалей, Г.А.Магомедов.-Махачкала,-2011.-137 б.
80. Скороходова Е.Ю.Некоторые особенности жанровых трансформаций в современной публицистике// Филологические науки. Вопросы теории и практики.Тамбов: Грамота ,2008 №1.1-бөлім 155-159 бб.
81. Литвинов В.М. Мир глазами публициста.М.,1967.с.273.
82. Т.Қожакеев.Таңд.шығ.жинағы-7-том.- Алматы: Қазақпарат. 2007
83. Бобков А.К.Газетные жанры: учеб.пособие.Иркутск, 2005.
84. Гуревич С.Репортаж в газете.М., 1963.
85. Кройчик Л.Е.Система журналистских жанров.// Основы творческой деятельности журналиста.Спб.,2000.
86. Серікбай Оспанұлы. Ы.Алтынсарин хаттарын қайта оқығанда //Егемен Қазақстан»газеті. 11 наурыз 2016 ж.
87. Төлебаев Д. Құмық тілі. Ана тілі, 2013, 1 б.
88. Аманжолов Р. Түркі халықтарының тарихы. Алматы: Білім, 2005.
89. Бизақов С. Түбі бір түркілер. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000 ж.
90. Увайсов М. Дагестанцы в Казахстане. Алматы: Дәуір-Кітап, 2015, стр. 144
91. Бугай Н.Ф. К вопросу о депортации народов СССР в 30-40-х годах // История СССР. –1986. – №6. – С: 135- 144.
92. 30-е годы. О депортации иранцев из Азербайджана в Казахстан: Публикация документов / Подготовка к печати и предисловие Н.Ф. Бугая // Восток: афро-азиатские общества: история и современность. – 1994. – №6. – С. 146- 154.

93. История Казахстана: народы и культуры: учеб. пособие / Масанов Н.Э. и др. – Алматы, 2001. – 608 с.
94. Игенсартова Ә.Ғ. Тәуелсіз Қазақстан баспасөзі: ізденістер мен іркілістер (1991-1995). Фил. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. -Алматы, 1997.
95. А.О. Дуранчева Дәстүрлі БАҚ-тың цифрландыру кезеңдері (Тамбов облысы мысалында) // https://tsutmb.ru/nauka/internet-konferencii/2022/zhurnalistika_v_epohu_cifrovyyh_transformacij/1/Durancheva.pdf.
96. Лисенка А. А., Новые медиа: от Web 1.0 к семантической паутине Web 4.0 // Вестник Московского государственного университета культуры и искусств. 2018 URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/novye-media-ot-web-1-0-k-semanticheskoy-pautine-web-4-0> (дата обращения: 06.11.2022).
97. Шачкова В. А. Возможности системы WEB 3 в современном медиапространстве: проблемы и перспективы. // Вестник Нижегородского Университета им. Н.И. Лобачевского. 2013 № 4-2. 2013 С. 250-253.
98. Вартанова Е. Л. Гибридизация прессы: объединяя традиции и инновации // Медиаальманах. 2016 № 5 С. 9.
99. Гатов В. Будущее журналистики // Как новые медиа изменили журналистику. 2012-2016 / Под науч. ред. С. Балмаевой, М. Лукиной. 70 Екатеринбург: Гуманитарный университет, 2016 С. 229.
100. <https://etnokosemsoz.kz/?p=418>

№1 ҚОСЫМША.

1991-2016 жылдар аралығында Қазақстанда тіркелген этникалық басылымдар тізімі

р/н	Басылым атауы	Шыққан жылы	Басылым тілі	Таралымы	Жанры	Редакторы
1	«Ұйғыр авазы».	1957 жылдан бастап республикааралық «Коммунизм туги» («Коммунизм туы») басылымының бірінші саны жарық көреді. Осы басылым КСРО құлаған соң «Ұйғыр авазы» («Ұйғыр дауысы») деп аталады. 1970 жылы «Коммунизм туги» газетінің «Йени хаят» («Жаңа өмір») атты қосымшасы араб қарпімен теріліп оқырманға жеткізіледі. Бірақ 1990 жылы шығуын тоқтатады. Қайта құру жылдарында ұйғыр тілінде «Парваз» («Ұшу») деген тұңғыш журнал шығып, бірден халық арасында танымалдыққа ие болады. 1990 жылы ұйғыр халқының белгілі ақыны Долкуна Ясеновтың қолтаңбасымен «Йени заман» газеті шығарылады. «Ұйғыр авазы» газеті бірнеше рет республикалық шығармашылық сайыстардан жүлделер алып, арнайы марапаттауға ие болды. 2001 жылы газет халықтар достығы мен қазақстандық патриотизмді жан-жақты таныта білген үшін Қазақстан Журналистер Одағы Қ. Тоқаев атындағы сыйлықтың лауреаттығын жеңіп алды. Сонымен қатар Қазақстан Халқы Ассамблеясының ұйымдастыруымен өткізілген байқауда «Алтын Жұлдыз» сыйлығына ие болды. Қазақстанда жарық көретін ұйғыр мерзімді басылымдарының ішінде Қазақстан ұйғырлары Ұлттық қауымдастығымен бірігіп жарық көретін «Ахбарат» журналы бар.	Ұйғырша	12600	Этнос аралық қатынастар	«Ұйғыр авазы» газетінің Бас редакторлары болып М. Азизов (1957 - 1960), А. Маметов (1960-1971), А. Машуров (1971-1979), Т. Назаров (1979-1987), Ю. Азаматов (1987-2012), М. Жұматов (2012-2014) сияқты зиялы азаматтар қажырлы еңбек етті. Басылымды 2014 жылдан бастап Асмагов Ершат Моллахунович басқарады.

		Одан бөлек «Ихсан», «Гунча» әйелдерге арналған «Интизар» журналдары «Мир» баспасымен бірлесіп шығарылады.				
2	«Давар»	Қазақстандағы еврейлер қауымдастығының ақпараттық хабаршысы болып табылатын «Давар» газеті еврей тілінен аударғанда «Сөз» деген мағынаны білдіреді. Республикамыздағы еврейлердің «Мицва» ұлттық ұйымдарының қолдауымен 1999 жылдың мамыр айынан бері жарық көріп келеді. Он алты беттен тұратын басылым ел аумағына тегін таралады.	Еврей және орыс тілінде шығады.	4000	Этнос аралық қатынастар. Негізгі айдарлары: «Қауымның тыныс-тіршілігі», «Біздің дәстүрлеріміз бен мұрамыз», «Біздің қауымның адамдары», «Жастарға арналған қосымша», «Тарихпен тағдырлар», «Біз –	Алғашқы бас редакторы – Юрий Каштелюк. Одан кейінгі кезеңдерде газетке Виктор Гольдмахер, Наталья Пеньковская, Людмила Енисеева-Варшавская басшылық жасаған. 2006 жылдан бастап «Давардың» бас редакторы – Исаак Яковлевич Дворкин. Газеттің басты ұраны – Бүкіл еврей бір-бірі үшін жауапты. – «Все евреи ответственны друг за друга!».

					қазақс танды қтарм ыз», «Жақ ында әрі алыст а». «Дава р» сонда й-ақ Қазақ станда іске асыры латын халық аралы қ жобал ар жайы нда, атап айтсақ , балала р мен жаста р шығар машы лығын а арналғ ан «Freile he kinder » халық	
--	--	--	--	--	---	--

					аралық фестивалі, «Тарих. Жады. Адамдар» халық аралық тарихи конференциясы және т.б жариялап отырады.	
3	«Türkel» газеті	Орталық Азия өңірі мемлекеттерінің, Әзербайжан, Түркия, Ресей және т.б. елдердің ірі компанияларына, отельдеріне, сауда орталықтарына, Түрік әуе желісінің борттарына, сондай-ақ мемлекеттік мекемелерге, жоғары оқу орындарына таратылады. Газет беттерінде республика өмірі туралы, ел Президентінің ішкі және сыртқы саясаты, ұлттық салт-дәстүрлер, өмір сүру салттары, тарихы, тілі, мәдениеті туралы, сондай-ақ Қазақстан мен басқа елдердің көрікті жерлері туралы танымдық материалдар жарияланады. Түрлі ұлттардан шыққан атақты адамдар туралы мақалалар да жиі жарияланып тұрады. Қоғамдық-саяси, экономикалық өмір, республикада болып жатқан оқиғалар туралы	Газет орыс, түрік, ағылшын және басқа да тілдерде жарық көреді.	Жалпы таралымы – 14 000 дана, айына екі рет шығады. Көлемі – 24 бет, формат – А3	Этнос аралық қатынастар. Бұл басылымның мақсаты мен міндеттері – тек Қазақстан мен Орталық Азия	«Türkel» газеті Орталық Азия республикаларының аумағында, атап айтқанда Әзербайжан, Түркия, Ресей және басқа елдердің аумағында таралады.,

		материалдар молынан беріліп келеді.			дағы ғана емес, бүкіл әлемде өмір сүріп жатқан түрлі ұлттар арасындағы достықты нығайту.	
4	«Интизар» журналы.	2002 жылғы қазан айынан бастап, екі айда бір рет шығады. Журналдың негізгі көтеретін тақырыбы отбасының әлеуметтік ауқаттылығы. Республикалық әйелдер журналы «Интизар» бала тәрбиесі мен өзін-өзі дамыту құралы ретінде шығарылады. Журнал атауының сөзбе-сөз аудармасы «Күту» дегенді білдіреді.	Ұйғыр тілінде шығады.	1000	Этнос аралық қатынастар	Журналдың құрылтайшысы «Мир» баспа үйі, президенті Алишер Халилов. Бас редакторы Пайзолла Ахметов. Редакторы Азнат Талипов.
5	«Наири» газеті.	Газет алғаш рет 2006 жылы шыққан. Одан кейін арада үзілістер болып, тек 2014 жылы ғана Р.П.Микаелянның басшылығымен «Наири» газеті қайтадан жарық көре бастады. Қазақстан Республикасындағы	Армян тілінде шығады.	3000	Этнос аралық қатынастар	Газеттің демеушісі А.М.Карапетян, директоры Р.П. Микаелян.

		армян мәдени орталықтары қауымдастығының айына 1 рет шығаратын газеті. Газет Н.Назарбаевтың саясатын белсенді түрде қолдаған. Қазақстан халқы Ассамблеясы мен «Жарасым» ұйымының іс-шаралары жазылып, жарияланады. Сол сияқты Қазақстан армяндарының барлық 11 филиалының және Қазақстандағы армян жастары қауымдастығының қызметтері туралы ақпарат беріледі. Қазақ және армян тілдерін үйрету сабақтары жарияланады. Газеттің «Тұлғалар», «Тарих», «Ұлттық тағамдар», «Ұлттық саз аспаптары» дейтін негізгі айдарлары көптің көңілінен шығады.				
6	«Vətən» газеті.	2007 жылдан бастап шығады. Газетте республика өмірі, елдің ішкі және сыртқы саясаты, ҚХА туралы жаңалықтар, Қазақстан мен Әзербайжан халықтарының ұлттық салттары мен дәстүрлері, тілі, мәдениеті туралы, сондай-ақ екі елдің көрікті жерлері туралы материалдар жарияланады. Ресурстық база: "Ватан" газеті әзірбайжан тілінде шығады. Курстар мен сабақтар мемлекеттік және ана тілдерін, әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді, музыка мен билерді үйренуге арналған. «Әзірбайжандар қауымдастығы» РҚБ-да Рита Асланованың жетекшілігімен «Бахар» би ансамблі жұмыс істейді. Халық аспаптық және фольклорлық топтар бар. Алматы, Павлодар облыстарында жексенбілік мектептер құрылды, оларда әзірбайжан этникалық тобының ана және мемлекеттік тілдерін, әдебиетін, тарихын, әдет-ғұрпын,	Қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерін де жарық көрді.	2000	Этносаралық қатынастар. Басылым достық және ақпараттық сипатта, елдің мемлекеттік және ұлттық саясатын қолдауды көздейді.	

		салт-дәстүрін және өнерін оқытады. Барлық құқықтар қорғалған. ASSEMBLY.KZ белсенді сілтемені пайдаланыңыз https://assembly.kz/struktury-ank/etn-okulturnye-obedineniya/t-ran-zirbayz-handar-kongresi/			Қазақстан аумағында тұратын әртүрлі этностардың арасына достық дәнін себуді мақсат тұтады.	
7	«Жаршы Ассамблея – Вестник Ассамблеи» газеті.	2009 жылдың тамыз айында жарық көрді. Таралымы 500 дана. «Жаршы Ассамблея – Вестник Ассамблеи» газеті. «Ассамблея Жаршысы – Вестник Ассамблеи» газеті Шығыс Қазақстан облысы ҚХА мен облыстық Достық үйі - Қоғамдық келісім орталығының бірлескен жобасы. Өз беттерінде түрлі тақырыптарды, түрлі этностарды көтеріп, тілдер мен дәстүрлерді біріктіруге тырысады. Басылым бұдан әрі де достықты орнықтырушы, әрі шежірешісі болуға ұмтылады.	қазақ және орыс тілдерін де шығады.		Этносаралық қатынастар	
8	«Жамият ва маърифат» газеті.	«Жамият ва маърифат» газеті аптасына сайын Өңіріміздегі әлеуметтік, экономикалық ақпараттар газетінің негізгі тақырыбы. «Жамият ва маърифат» басылымы арқылы өзбек тілінде жазатын көптеген қаламгерлер өсіп шықты. «Жамият ва маърифат» жасы кіші оқырмандардың мерзімді баспасөз оқу мәдениетін қалыптастыруда	Қазақ, орыс және өзбек тілдерін де шығады.	2000	Этносаралық қатынастар	«Жамият ва маърифат» жобасының негізін қалаушы және жетекшісі Абдумалик Сарманов. Құрылтайш

		маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік және мәдени даму мәселелерін уақтылы және жан-жақты талқылап, жариялап отырады. Зерттеу барысында «Жамият ва маърифаттың» 2003 жылы жарық көрген №25, 4 шілде, №27, 18 шілде, №29, 8 тамыз, №30, 15 тамыз, №31, 22 тамыз, №32, 29 тамыз айларындағы алты саны қолымызға тиді. Газет таза өзбек тілінде шыққан. Газеттің алғашқы беті әртүрлі саладағы бизнес өкілдерінің жарнамасына орын берген. Соның ішінде «Жаһан жаңалықтары» айдарымен интернет көзінен алынған ақпарат, поэзия мен қысқа әңгімелер, сканвордтар ұсынылған.				ының және басылым оқырмандарының қаражаты есебінен қаржыландырылады.
9	«Достық-Дружба» журналы.	Журналдың негізгі миссиясы – қазақ тілін оқыту және дамыту, халықтың көші-қоны, шетелдерде жүрген қандастардың атамекенге оралуы туралы мәселелерді көтеру, халықтың бойында патриотизм сезімін орнықтыру, тарихи тегіміз туралы жиі айтып, оны дер кезінде жариялау болды. «Достық-Дружба» журналы. Бұл журнал Қазақстан халқы Ассамблеясына тиесілі болғандықтан, онда атқарылған алуан түрлі қызметтердің нәтижесі оқырмандарға осы журнал арқылы жеткізіліп отырды. Негізгі айдарлары – «Бір ел – бір тағдыр», «Дәстүрлерді сақтаушы», «Қазақстандықтар», «Алуан сырлы әлем». 2006 жылы аталмыш журнал Редакцияның 2011 жылы ЕҚЫҰ саммитіне дайындаған «Қазақстан және Әлем» кітабы – ТМД-ға қатысушы елдердің «Кітап өнері» халықаралық конкурсының «Содружество» дипломына ие болды. Осы уақытқа дейін бұл редакция Қазақстан Халқы Ассамблеясының қызметі туралы	2003	3000 таралыммен 2 айда 1 рет шығарылды.	Этнос аралық қатынастар. «Этносаралық және конфессияаралық келісім» тақырыбын ең жақсы жазып, көрсеткен басылым ретінд	Зейнегуль Сейсенова

		10 шақты кітап пен фотоальбомдар шығарды.			е «Алты н жұлды з» жүлде сін алды. Өзінің 10 жылд ығынд а журна л «dosty kmag. kz» сайты н ашты, ондағ ы матер иалда р қазақ, орыс және ағылш ын тілдер інде орнал астыр ылды.	
10	«Altin köprü» еуразиялық журналы	«Altin köprü» еуразиялық журналы медианарықта он жылдан бері 124 беттік «Altin köprü» журналы тоқсан сайын шығады, иллюстрация жасалған. Бұл басылымдарда ақпараттық материалдар, түрлі оқиғалар туралы репортаждар, мемлекет	Түрік тілінде шығады.	Жалпы таралымы 7000 дана.	Этнос аралық қатын астар	

		қайраткерлері берген сұхбаттар, әлем халықтарының дәстүрлері мен ұлттық салттары туралы әңгімелер жарияланады. Сондай-ақ танымдық сипатта ірі компаниялар мен фирмалар туралы ақпараттар мен мақалалар басылады. Негізгі ұстанымдары, мақсаттары мен міндеттері – халықтардың мүдделерін білдіру, ұлттар арасындағы достықты нығайтып, бекіту болып табылады. Елімізде жарық көре бастаған осындай басылымдардың болуы, ұлттық, этникалық мәселенаманың өзектілігін, оны ғылыми тұрғыда ұғынуға, зерттеуге деген талапты арттыра түсті.				
11	«Коре ильбо» Республ икалық корей газеті	1923 жылдан шығады	Орыс, корей тілдерінде	Жалпы таралымы 10000 данадан асады.	Этнос аралық қатынастар. театр қойылымдарына шолулар мен рецензиялар, өнертану мақалалары мен репортаждарға, оқырман хаттарына көп орын	Әр жылдары корей газеттерін Нам Ха Рен (1954-1998), Ян Вон Сик (1998-2008), Михаил Пак (2008-2010) басқарған. Ал 2010 жылдан бастап редакцияға талантты журналист Ким Константи́н Станиславович басшылық жасайды.

					берілді. Газет тәрбие леп шығар ған корей зиялы ларын ың арасы нда Де Мен Хи, Де Ги Чен, Анатолий Хан, Ким Ги Чер, Ким Се Ир, Кан Тай Су, Ен Сен Нең, Цай Ен, Тхай Дян Чун, Ким Кван Хен, У Де Гук, Хан Дин,	
--	--	--	--	--	---	--

					Ли Ген Дин, Ян Вон Сик, Анато лий Ким, Сон Лавре нтий сияқт ы белгіл і адамд ар бар. Басқа басыл ым болма ғанды қтан ұлтты қ газет осы шығар машы лық адамд арыны ң басты мінбе ріне айнал ды. Сонд ықтан газет өзінің	
--	--	--	--	--	---	--

					алғашқы күнде рінен бастап -ақ арнайы әдеби бет шығарып тұрды. Бұл дәстүр қазіргі күнге дейін жалғасын тауып келеді.	
12	«Українські новини» газеті	1994 жылдың 19 қаңтардағы Қаулысына сәйкес «Українські Новини» газеті Баспасөз және бұқаралық ақпарат құралдары Министрлігіне тіркелді. Алайда газетті шығару үшін оның бас редакторы болып тағайындалған «Тілдер туралы» заңның авторларының бірі, танымал лингвист Гаркавец Александр Николаевичке газет ісінің мамандарын табу және шығармашылық ұжымның жұмысына тиісті жағдай жасау үшін де біраз тер төгіп, күш жұмсауға тура келді. «Українські новини» газеті біраз қиыншылықтарды бастан өткерді. Газетті жыл сайын жариялау қиынға соқты. Бір жағынан қаржыландыру азайды, екінші жағынан полиграфия қызметтеріне тарифтер өсті.	Орыс, украин тіліндегі газет. 2000 жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі газеттерді ұлттық және мәден	6000	Этносаралық қатынастар	Олександр Гаркавець.

			и бірлес тіктер ді сенімд і басқар уға беру бойын ша өткізге н тендер ден кейін ғана іс оңғар ыла бастад ы. Украи ндық «Ватр а» бірлес тігі «Укра инськ и новин и» газеті н әрі қарай шығар у үшін украи ндық «Ватр а» бірлес тігі басқар ушы ұйым болып белгіл енді			
--	--	--	---	--	--	--

			және «Қазақ стан украи ндары » Қауым дастығ ының көмегі мен газет Астан ада шыға баста ды. Оның бас редакт орлығ ына Украи ндық «Ватр а» бірлес тігінің төраға сы Тарас Андре евич Черне га тағай ындал ды. Осыла йша респу блика лық мәрте бесі бар газетт ер арасы нда			
--	--	--	---	--	--	--

			«Украинськ и новини» газеті Астанаға көшіп келген мемлекеттік («Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газетінен кейін) деңгейдегі үшінші басылым болды.			
13	«Сайрам садоси» өзбек газеті	1932 жылдан бастап шыға бастаған. Қазақстанда 2007 жылдан бастап аптасына 1 рет шығады.	Өзбек және қазақ тілдерінде.	4000		Умаров Абдусаттор Абдукаримович
14	DAZ «Deutsche allgemeine zeitung» республикалық неміс	2001 жылдан бастап газет «Жаңғыру» деп аталатын Қазақстан немістері қоғамдық бірлестіктер Қауымдастығының меншігіне айналды. 12 беттік газет екі тілде, аптасына бір рет шығарылады. «Deutsche Allgemeine Zeitung». (DAZ) республикалық газеті қазіргі кезде тек Қазақстанда ғана емес,	Орыс және неміс тілдерінде	2200	Этносаралық қатынастар	Директоры Герлиц Роберт Эрикович, Бас редакторы Клименко Олеся Сергеевна

	газеті	бүкіл Орталық Азия аумағында неміс тілінде шығатын жалғыз газет.				
15	«Адабиёт т Ва Санъат» республикалық өзбек газеті	2004 жылдан бастап шығады.	Қазақ, Өзбек, орыс тілдерінде	1000	Этнос аралы қ қатын астар	Махамедов Абдуғаффор Абдусабитович
16	«Экспресс К» (Бұрынғы Ленинская смена газеті, 1920)	1991жылдан бастап шығады.	Орысша	25050		Сергей Лесковский
17	«Ахыска»	2000 жылдың 19 қазан айында газеттің пилоттық саны жарық көрді. Басылым еліміздегі түрік этностық мәдени орталығының газеті ретінде Республикалық Түрік Қауымдастығы мен оның филиалдарының қызметін жариялап отыруға тырысты.	түрік, қазақ және орыс тілдерінде	5000		Газеттің бірінші бас редакторы К.А.Наурыз баев болды. Алғашқы редакциялық алқаның құрамында Тамаз Аскаров, Мейрибан Алиева, жауапты редактор Станислав Набоков, координаторы Ансар Эюбов, орыс бөлімінің редакторы

						Надежда Фоминская, иллюстрация бөлімінің бастығы Муса Пашаоглы болды. Қоғамдық бөлімнің редакторы, білім бөлімі бойынша Алибек Каримов, мәдениет бөлімі бойынша Қазақбай Қасымов жауапты болған. «Ахысканың» бүгінгі кездегі бас редакторы – Ровшан Мамедоглы.
18	«Жанубий қозоғистон» өзбек газеті	Ай сайын				Абубакиров Мурат Абдинабиевич
19	«Жийан а курд» республикалық күрд газеті	1991 ж. бастап шығады. Қазақстан және Қырғызстан елдеріндегі күрд этностарына таратылады.	Қазақ, күрд, орысша, ағылшынша	2500	Этнос аралық қатынастар	Шамилов Мурад
20	«Жаркент өңірі» ұйғыр газеті	Ай сайын	Ұйғыр тілінде			Айтмұкаева Бағдат Бейсенқызы

№2 ҚОСЫМША
Этнокөсемсөз электронды порталы

<https://etnokosemsoz.kz/>